



КАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ КАЗАҚСТАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ

Коғам және әуір

ФЫЛЫМИ - САРАПТАМАЛЫҚ ЖУРНАЛ



3/2009

СЫРТҚЫ САЯСАТ
ЖӘНЕ
ҚАУПСІЗДІК

ІШКІ САЯСАТ

ЭКОНОМИКА

КОҒАМ
ТАРИХ
МӘДЕНИЕТ

Астана





«Қоғам және Дәуір» ғылыми-сараптамалық журналы
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің
диссертациялардың негізгі ғылыми нәтижелерін
жариялайтын ғылыми басылымдар тізіміне төмендегі
мамандықтар бойынша енгізілген:

07.00.00 – ТАРИХ ҒЫЛЫМДАРЫ

08.00.00 – ЭКОНОМИКА ҒЫЛЫМДАРЫ

09.00.00 – ФИЛОСОФИЯ ҒЫЛЫМДАРЫ

23.00.00 – СӘЯСИ ҒЫЛЫМДАРЫ



Қоғам Дауір

ғылыми-сараптамалық журнал

КИСИ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕЗИДЕНТИНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚСТАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ
ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ

2004 жылдан бастап
өр тоқсан сайын жарық көреді

Бас редактор
Болат СҮЛТАНОВ,
ҚР Президентінің жанындағы
ҚСИ директоры

Жауапты редактор
Нұрлан СЕЙДИН

Шығаруға жауапты:
А.Арзыкулов

Дизайн және беттеу
Г.Хаткулиева, А.Садвакасов

Редакция мекен-жайы:
Қазақстан Республикасы,
050010, Алматы қаласы,
Достық даңызылы, 87-б
ҚР Президентінің жанындағы ҚСИ

Телефон (727) 264-34-04
Факс (727) 264-49-95
E-mail: office@kisi.kz
www.kisi.kz

Журнал Қазақстан Республикасының
Медениет, ақпарат және қоғамдық
көлім министрлігінде 2003 ж.
19 желтоқсанда тіркеліп, тіркеу туралы
№ 4526-Ж қуалік берілген.

Индекс 74007

Журналда жарияланған материалдарды
көшіріп басқан, микрофильмдерген
жагдайда журналаға сілтеме жасалыны
міндетті. Жарияланған мақала
авторларының пікірі редакция
көзқарасын билдірмейі мүмкін.

ЖК «Волкова Е.В.» баспаханасында
басылып шығарылды,
050010, Алматы қаласы,
Райымбек дан., 212/1.

Таралымы 500 дана.



ҚР ПРЕЗИДЕНТІ Н. НАЗАРБАЕВТЫН
ЖОЛДАУЫ ЖОЛДАРЫНАН

Тимур Козырев

Қазақстан Республикасының Президенті
Н.Ә. Назарбаевтың Жолдауы аясында өлемдік
дағдарыс жағдайындағы толтасу мен келісім.. 4

**СЫРТҚЫ САЯСАТ ЖӘНЕ
ҚАУІПСІЗДІК**

Динара Нұран

Халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің
теориялық-әдістемелік аспектілері 8

Әліби Әріпов

Азия Тынық Мұхиты аймағындағы
қауіпсіздіктің сақтауға байланысты жапон-қытай
қатынастары..... 13

ІШКІ САЯСАТ

Зулфухар Гаипов

Жаһандық үрдістердің қазақстандықтардың
бұқаралық санасына әсері 17

Ләззат Матақбаева

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік
президенттік-парламенттік басқарудың
билік легитимділігін арттырудығы мәні..... 21

Әбдіғаппар Жақсызбеков

Білім беру сапасын қамтамасыз ету
мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарының
бірі ретінде 28

Ардақ Масәлімов

ҚР президентінің Қазақстан халқына
Жолдауы шеңберіндегі әлеуметтік
саясаттың негізгі бағыттары..... 34

Гүлжан Қамырова

Мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру:
атқарушы билік басыларын сайлау мәселесі .. 38

МАЗМУНЫ

Айсұлу Хайрулдаева

Ұлттық қауіпсіздік аясындағы ұлттық бірегейлену мәселесі 42

ЭКОНОМИКА

Айнагүл Изекенова

Қазақстан Республикасының сыртқы-экономикалық қызметінің талдауы 48

Жанат Ерниязова

Кен өндіру саласындағы кәсіпорындардың қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету: ашықтық Бастамасын жүзеге асырудың шетелдік тәжірибесі 55

ҚОҒАМ, ТАРИХ, МӘДЕНИЕТ

Қабыл Халықов

XX ғасырдың эстетикалық теориялары және философиялық дискурстың өнердегі айшықтары 65

Балташ Қаріпов

Консерватизмді зерттеудің теориялық-әдістемелік аспектілері 71

Нұрбек Шаяхметов

Қазақ қоғамындағы рулық жер иелену мен пайдаланудың ерекшеліктері 82

Гүлнәр Адаева

Ақын-жыраулар шығармашылығындағы адам мәселесі: гендерлік қырлары 91

Самат Өтениязов

Ә.Х. Марғұлан зерттеулеріндегі хундардың қала мәдениеті 97

Айбек Бейсебаев

Діндегі саясат немесе саяси ислам 103

Гүлжанат Ниязханқызы

XX ғ. соңындағы Қазақстандағы көші-қон үрдістерінің ерекшеліктері 108

Түйінде

..... 114

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

Болат СҰЛТАНОВ

— редакциялық кеңестің төрағасы, КР Президентінің жаңындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының (КСЗИ) директоры, тарих ғылымдарының докторы

Нұрлан СЕЙДІН

— жауапты редактор, КР Президентінің жаңындағы КСЗИ-дың акпараттандыру және редакциялық-баспа қызметі болімінің мемгершісі, тарих ғылымдарының кандидаты

Нұржамал АЛДАБЕК

— әл-Фараби атын. ҚазҰУ-дың шығыстану факультетінің деканы, тарих ғылымдарының докторы, профессор

Рахман АЛШАНОВ

— «Тұран» білім корпорациясының президенті, КР жоғарғы оку орындары қауымдастырының президенті, экономика ғылымдарының докторы, профессор

Мәулен ӘШІМБАЕВ

— КР Президенті Әкімшілігі Басшысының орынбасары, саяси ғылымдарының кандидаты

Камал БУРХАНОВ

— КР Парламенті Мәжілісінің депутаты, саяси ғылымдарының докторы, профессор

Куанышбек ҚАРАЖАН

— әл-Фараби атын. ҚазҰУ-дың Қазақстанның жана және кәзіргі заман тарихы кафедрасының менгершісі, тарих ғылымдарының докторы, профессор

Ләйлә МҰЗАПАРОВА

— КР Президентінің жаңындағы КСЗИ директорының бірінші орынбасары, экономика ғылымдарының кандидаты

Әбдімәлік НЫСАНБАЕВ

— КР БФМ философия және саясаттану институтының директоры, КР YFA академигі, философия ғылымдарының докторы, профессор

Марат ТӘЖИН

— КР Президентінің көмекшісі – Кауіпсіздік Кеңесінің хатшысы, әлеуметтану ғылымдарының докторы, профессор

Айгүл ТҮЛЕМБАЕВА

— әл-Фараби атын. ҚазҰУ-дың маркетинг кафедрасының менгершісі, экономика ғылымдарының докторы, профессор

РЕДАКЦИОННЫЙ СОВЕТ

Болат СҰЛТАНОВ

— председатель редакционного совета, директор Казахстанского института стратегических исследований (КИСИ) при Президенте РК, доктор исторических наук

Нұрлан СЕЙДІН

— ответственный редактор, заведующий отделом информационного обеспечения и редакционно-издательской деятельности КИСИ при Президенте РК, кандидат исторических наук

Нұржамал АЛДАБЕК

— декан факультета востоковедения КазНУ им. аль-Фараби, доктор исторических наук, профессор

Рахман АЛШАНОВ

— президент образовательной корпорации «Туран», президент Ассоциации высших учебных заведений РК, доктор экономических наук, профессор

Маулен АШІМБАЕВ

— заместитель Руководителя Администрации Президента РК, кандидат политических наук

Камал БУРХАНОВ

— депутат Мажилиса Парламента РК, доктор политических наук, профессор

Куанышбек ҚАРАЖАН

— заведующий кафедрой новой и новейшей истории Казахстана КазНУ им. аль-Фараби, доктор исторических наук, профессор

Лейла МҰЗАПАРОВА

— первый заместитель директора КИСИ при Президенте РК, кандидат экономических наук

Әбдүмалик НЫСАНБАЕВ

— директор Института философии и политологии МОН РК, академик НАН РК, доктор философских наук, профессор

Марат ТӘЖИН

— помощник Президента РК – Секретарь Совета Безопасности РК, доктор социологических наук, профессор

Айгүль ТҮЛЕМБАЕВА

— заведующая кафедрой маркетинга КазНУ им. аль-Фараби, доктор экономических наук, профессор

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Жолдауы аясында әлемдік дағдарыс жағдайындағы топтасу мен келісім

Тимур КОЗЫРЕВ,
ҚР Президентінің жанындағы ҚСЗИ-дың аға ғылыми
қызметкери

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Жолдауында айтылғанындей, әлемдік дағдарыска, казіргі кезеңнің барлық киыншылықтарына қарамастан, біз тек бұларды шешүмен ғана айналысып кете алмаймыз. Еліміздің халқы мен басшылығы өз алдына 21 ғасырда кандай да киындық пен бөгеттерге қарамастан жүзеге асыруымыз тиіс болып отырған бірқатар ауқымды да келелі міндеттер қойған.

«Алдымызда бізді үлкен белес күтіп түр. Ол – Қазақстан тәуелсіздігінің жиырма жылдығы. Дүние дамуымен есептегендеге жиырма жыл деген көп те емес шығар. Бірақ біз үшін үлкен кезең *тұмас бір дәуірмен барабар*» [1]. Зымырап өтіп бара жатқан казіргі дәуірде бұрынғы замандағы ғасырлар бойғы әлеуметтік эволюцияны қажет ететін өзгерістер онжылдықтар ішінде орын алса, жақындаған өткен 20 ғасырда онжылдықтар алатын трансформациялар бүгіндегі санаулы-ақ жылдар ішінде жүзеге асып отыр. Дәл осы себептен тәуелсіздіктің әрбір жылы біздер үшін ерекше мән мен маңызға толы. Осы орайда тәуелсіздік ұғымын барлық қырынан қарастырып өткен жөн.

Мамандардың – тарихшы, әлеуметтанушы, этнологтардың – пікірінше, 18–19 ғасырларда Батыс Еуропада басталып, басқа тубектің барлығында «шынжырлық реакция» туғызған терен әлеуметтік-экономикалық және дүниетанымдық трансформациялардың нәтижесінде казіргі заманғы әлемде кез келген *этнос* өзін-өзі сактау үшін мемлекеттілікке катты мұқтаж. Казіргі дәуірде *этностик* қасиет (яғни, ен алдымен, *тіл* мен *мәдениет*) әруақытта *саясат* факторы, *білік* құралы және *азаматтық сананың* бөлінбес бір белгісі болып табылады. Казіргі заманғы мемлекеттік капитализм мен индустрIALIZациядан бұрынғы кезеңдердегі мемлекеттерден аса маңызды айырмашылықтарының бірі – казіргі мемлекет барлық азаматтарына түсінікті ортак тілге және бәрінсі ортак мәдени стандартқа – яғни, басқаша айтканда, этностик қасиетке мұқтаж болады, онсыз ешбір мемлекеттің өмір сүруі мүмкін емес. Және көрініште, жоғарыда айтылғандай, этностин да казіргі жаһандану әлемінде өзін-өзі сактап қалып, тарих сахнасынан жоғалып кетпеу үшін мемлекеттілікке мұқтаждығы бар.

Мұның тарихи себептеріне егжей-тегжейлі токталып өтуіміз қажет. Жоғарыда айтылған жағдайдың әлеуметтік-экономикалық себептері де, жалпы дүниетанымдық себептері де болған:

Бір жағынан, 18 ғасырдағы Еуропада технологиялардың дамуы бүкіл халықтың, ең кем дегенде, сауатты болуын – яғни, нақты, белгілі бір *тілде* (!) оқып жаза алуын талап етеді. Нарықтық экономиканың дамуы бір мемлекет тұрғындарының арасында өзара еркін түсінісу қажеттілігін арттыра, коғамдағы таптар арасындағы ескі феодалдық коғамға тән кедергілердің құлауы мен адамдардың әлеуметтік мобиЛЬділігінің артуы тіл мен мәдениеттің *бірыңғайлануын* одан әрі қүшайтеді.

Екінші жағынан, капитализмге дейінгі дәуірмен салыстырғанда, 18–19 ғасырларда билік табиғаты туралы түсінікте өзгеріп бастаған еді. Капитализм мен индустрIALIZациядан бұрынғы дәуірде биліктің билеушігे (және оның ұрпағына – әзүлетке) Құдай тарапынан берілген қасиетті дүние екеніне сенім күшті болса*, 18–19-шы ғасырларда Еуропадағы оқығандар ортасында діндарлық азайып, атеистік қозқарастардың кеңінен таралуы билік табиғатына деген жаңа қозқарастың пайда болып таралуына себеп болды. Осы жаңа қозқарас бойынша билік занылышының қайнар көзі – адамзаттан жоғары тұрған Құдірет емес, халықтың өзі болып табылады. Занды болып есептелу үшін билік басындағы адам немесе топтың халық тарапынан сайланған болуы, халықтың мұдделеріне қызмет етүі, я болмаса, ең кем дегенде өз әрекеттерін «халық мұддесіне қызмет» деп көрсете алуы шарт; жақындағы тарихқа үнілсек, 20-шы ғасырдағы барлық диктаторлардың (А. Гитлер мен И. Сталин сиякты ірілерінен бастап А. Пиночет пен Ким Чен Ир сиякты «кішілеріне» дейін) не істесе де бар істегендерін «халқым» деп кана, халық атынан ғана істеп, ешуақытта өз атынан әрекет етпегенін көреміз.

Ақырында, тіл мен мәдениеттің саяси рөлінің артуы «халық» дегеннің іс жүзінде *этноса тәцелуіне***, ал мемлекет институтының ешқандай ерекше киелілігі жок дүние, «халық қызметшісі» ғана болып есептеле бастауына себеп болды. Осыдан кейін барып табиғи түрде «Әр халыққа – өз мемлекет!» деген ұран туындаиды. Баршамызға танымал ұлттардың өз тәгдышын белгілеу құқы деген принцип – дәл осы. «Өзіміз сайлаған билік кана занды болады» деген түсініктен әрі қарай бір-ак адым жасап, «өзіміз» дегенді «өз ұлтымыз» деп түсіне бастағаннан кейін осы принципке келеміз.

Оз мемлекеті жок этнос, ұлт пет ұлыстар 21-ші ғасырда тарих сахнасынан жоғалып кетуге – я болмаса, сакталып қалғанда артта қалғандық пен тұбықталу (изоляция) бағасына сакталуға (Амазония ормандарындағы жабайы тайпалар сиякты), айттырылған ба деген күдік бар. Ал, болашакта, бір жағынан, өздерінің ұлттық ерекшелігін жоғалтпай, екінші жағынан, өркениеттің де артта қалмайтын ұлттар – тек өз мемлекеттілігіне ие ұлттар ғана бола алатыны сөзсіз. Бүгіндегі әлемде бірнеше мың этнос өмір сүріп жатыр, осылардың бәріне 200 шакты-ақ мемлекет бар. Өткен 20-шы ғасырда жүзделген тіл мен мәдениет жер бетінен

* Осыған байланысты, мысалы, Еуропадағы патшалар мен корольдерді такка отырғызу ресімі шіркеуде (басқа жерде емес!) өткізіліп, өздеріне «Құдайдың койғаны» («помазанник Божий») атағы берілетін, Ислам әлемінде Осман империясының сұлтандары да мемлекет басшысы болумен катар Пайғамбардың халифасы титулына да ие болған, Қытай императорлары өздерін-өздері «Қоқтін Ұлы» деп атаған, ал Жапонияның императоры Хирохито 1945-жылы II Дүниежүзілік соғыста жеңіліске ұшыраганнан кейін ғана өзінің Аматэрасу атты (әйел жынысты) құдайдың ұрпағы емес екенін ресми түрде мойындағы.

** Басқаша айтканда, «халық» деген ұғым, жаңа дәуір түсінігі бойынша, «бір патшаның бодандары» емес, «түбебейлі мәдени және саяси құндылықтары ортак болған адамдар қауымдастыры» деген мағынаға ие болады.

жоғалып кеткені билай тұрсын, бұл – өкінішке орай, әлемде өрістеп бара жаткан тоқтаусыз әрі аяусыз үрдістің басы ғана.

21-ші ғасырға өз тәуелсіз мемлекеттің шанырак көтеріп кірген ұлттардың ғана жаһандану дәуірінде сакталынып, өз алдына дербес болашакқа ие болуы мүмкін деп айтсақ үлкен кәте болмас. Бұл, өз кезегінде, қазак халқының 20 ғасыр сонында қолы жетіп, әлі күнге шейін бірсыныра азаматтарымыз тиісінше бағалай алмай жүрген тәуелсіздіктің кандай тарихи сәт екенін, бұл сәттіліктің дәуірлік маңызы мен ауқымы жайлы ойландырып отыр. Кетіп бара жаткан пойыздың соңғы вагонына секіріп мініп, бірнеше мын ішінен таңдаулы «200 клубына» кіріп калу бізге нәсіп болды. Осыған орай, қолымызға ұстактан таптырмайтын мүмкіншіліктерді қолдан жібермеу – біздің қазіргі таңдағы тарихи міндептіміз, келешек ұрпактар алдындағы касиетті парызымыз болып табылады.

Алайда, жоғарыда айтылғандардың барлығы – казак халқы 21 ғасырда этноцентризмге ұрынып, этномәдени автаркия құруға құқы бар деген сөз емес. Осындағы ұстанымда болу – өз-өзіне кол салғанмен, ел болашағына карсы киянатпен бірдей болар еді, себебі, бұл – әлемдік даму тенденцияларына да, Қазакстан қоғамының ішкі шындықтарына да қайшы келетін нәрсе. Өкінішке орай, *этнос*, ұлт (нация), ұлттық мемлекет, азаматтық қоғам дегендегей ұғымдар саласында 20-шы ғасырда қоғамызыздың бойына жүқкан, сіңіп кеткен сауатсыздық бүгінде көптеген жағдайда түсінбестікке апарып соқтырып, Қазакстандағы ұлт құрылышына бөгет болып отырғаны құпия емес.

Кенестік кезеңдегі ресми үгіт-насихат «ұлтшылдық» деген сөзді әншейін «бок сөз» деңгейіне түсіріп, бұл ұғымды «басқа ұлттарды жек көру» немесе «өз ұлтын басқа ұлттардан жоғары кою» деп түсіндіріп келген*. Қазіргі заманғы әлеуметтануғының осындағы құбылыстар «шектен аскан ұлтшылдық» немесе «ультра-национализм» деп аталса, жалпы алғанда ұлтшылдық (национализм) – ешкандай жағымсыз мағынасы жок, өте-мөте кен ұғым болып табылады; біздерге үйреншікті ұғымдар ішінен оған ең жакыны – «ұлттық сана» ұғымы болса керек. Ал ғылыми тұрғыдан дәлдеп айтқанда, ұлтшылдық – *этностиқ сананың саясилануы* деген сөз. Дұрыс мәнісіндегі ұлтшылдық, ұлттық сана-сезім – қазіргі заманғы қоғамдардың кез келгенінің ішкі ұйымдастыруының түпкі принципі, іргетасы болып табылады**.

Бұған, Тәуелсіздігіміздің жиырма жылдығының карсанында, бұкіл Қазакстанда бұл мерейлі датаны тиісінше карсы алуымызды қамтамасыз етегін кен ауқымды дайындық жұмыстарына сыбанып кіріспіт, дайындық іс-шара өрістейі тиіс. «Бұл біздің ұрпағымыз үшін, біздің халқымыз үшін ұмытылмас жылдар. Қазак ұлттының және бұкіл Қазакстанның тарихында мұндай кезең болған емес» [1]. Өзінін

* Кайта құру жылдары мен КСРО ыдырағаннан кейінгі алғашқы жылдарда «министі плюске ауыстырып», ұлтшылдық дегенді «өз ұлтын сүйіп, басқа ұлттарды құрметтей білетін» дұрыс ұлтшылдық пен шектен аскан «жаман ұлтшылдық» деп екіге бөліп, жалпы алғанда ұлтшылдыкты ұлтжандылыққа, отансұйғаштікке тенеп, оны негізгі құндылықтарымыз катарына косатын болдык. Алайда, осындағы көзкарас та, кенестік кезеңдегі есکі көзкарас сиякты, ұлтшылдық туралы ғылыми түсініктен ұзак болып, ұлтшылдық ұғымының шын мәнісін ашып көрсете алмайды.

** Сол сиякты, ұлттық сана мен демократия да – бір тынының екі жағы, бір ағаштың екі бұтағы деп айтсақ кәте болмас. Демократия жоқ жерде ұлттық сана дамымайды, ұлттық санасы жоқ қоғам да ешуакытта демократияға кол жеткізе алмайды.

Қазакстан халқына арнаған Жолдауында Президент Н.Ә. Назарбаев Қазакстан халқы Ассамблеясына, еліміздегі басқа да саяси құштерге үндеу салды. Елбасы бұкіл қоғамды планетамыздың тарихында ең қатты дағдарысты жеңі үшін бірігіп, топтасуға шакырыды. Бұл киын-қыстау кезеңде ең басты міндет – елдегі бейбітшілік пен келісімді сактап, адамдарға жақсы сөзben де, накты іспен де кол үшін беру. Мемлекет дәл осы бағытта жұмыс атқаруда.

Осыдан басқа, Елбасы бұкаралық аппарат құралдарының, сондай-ак, ғалым және шығармашылық интеллигенцияның рөлін, олардың қоғам алдындағы ерекше жауапкершілігін, белсенді азаматтық позицияға ие болып, өз отандастарына қазіргі киын кезеңде кеңесші әрі ақылшы болуға міндетті екендігін баса айтқаны да ете орынды. Президент БАҚ-тардың қоғамға өзіне сенімділік, жеке белсенділік, сабырлылық, отансұйғаштік, әралуан және сонымен катар біртұтас қоғамдықты қоғамызыға деген күрмет сынды құндылықтарды жоғары көтеретін, осыларға баулитын материалдарды молырак беруі керек екенін де айтты өтті.

Ресейдің алдынғы катарлы әлеуметтанушыларының бірі В. Тищковтың пікірінше [2, с. 3], мемлекеттің кирауына объективті себеп болмағанының өзінде келешектің пессимистік, жағымсыз бейнесі қоғам санасын билеп алған жағдайда мұның өзі өз алдына зор киратушы құшке айналуы әбден ықтимал. Бұл пікірдің көрегендікпен айтылғаны анық. Дәл осы себептен қазіргі таңдағы міндеттеріміздің бірі – қоғамызыздың санасында *келешектің жағымды бейнесін* қалыптастырып бекіту болып табылады.

Елбасы өз Жолдауында бұкіл әлемді қамтыған экономикалық және әлеуметтік сілкіністер заманында мемлекетті құруши қазак ұлтының өз болашағының алдындағы, сондай-ак, бұкіл Қазакстаның да азаматтық қауымдастығының алдындағы ерекше жауапкершілігін басып айтты. Тарихта бұрын да талай рет болғаныңдай, қазак халқы өзінің бар қүшін жинап, өзгелерді де өз тонірегінде топтастыруға міндетті. Дағдарыстың шабуылшына бәріміз бірге түрмасақ ған тойтарыс бере алуымыз мүмкін емес. Ал, осындағы ауыр сынды бастан откеріп жаткан кезеңде ең ауыр жауапкерліктің үйдің қожасына түсетіні де занды емес не.

Бұған тағы бір косарымыз, тарихтың киын-қыстау кезеңдерінде бірігіп бар қүшін жинау кабілеті мен зор мейірімділік, сондай-ак, омірге деген дана сүйіспеншілік імен катар, қазак халқында 21-ші ғасырда шешуші ролі ойнайтын тағы бір касиет бар: ол қазактың бойына тұа біткен жаңашылдық пен жылдам өзгеретін ортаға тез үйрену кабілеті. Иә, өткен ғасырда нак осы кабілет қазакты толық ассилиацияға ұшыратып, құртып кете жаңдағаны да рас. Алайда, қазіргі каркынды даму кезеңінде дәуірде бұл асыл касиет ұлттар мен мемлекеттердің келешек тағдыры үшін басты, шешуші факторлардың бірі болмак.

Біз қазақстандықтар басымызға түсken және алда да күтіп тұрған синниң бәріне де дайынбыз. Дер кезінде кабылданған шешімдер мен жағдайға сай, батыл іс-әрекеттер арқасында Қазакстан киыншылықтардың бәрін женіп, дағдарыстан бұрынғыдан да мықты, өркенді әрі абыройлы сл, әлемде құрметтеслестін мемлекет болып шығады деп біз берік сенеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Дағдарыстан жаңару мен дамуға. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың халыққа жолдауы // www.akorda.kz
2. Тищков В.А. Кризис понимания России. – М., 2006.

Халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің теориялық-әдістемелік аспектілері

Динара НҰРАН,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың
саясаттану кафедрасының магистранты

Kазіргі таңда халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз ету кез-келген мемлекет кызметінің және ғылыми зерттеулердің бірден-бір маңызды мәселесі болып табылады. Халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз ету адамзат баласы тарихымен катар келе жаткан мәселелердің бірі. Ол тек XX ғасырдың басында дүние жүзілік соғыс туындауының накты қауіп-көтеріне байланысты осындағы ерекше атауға ие болды. Осы кезден бастап халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз ету соғысты болдырмау түсінігімен бар-бар келеді. Бірінші дүние жүзілік соғыстан кейін осы мәселені жүзеге асыру максатында Ұлттар Лигасы құрылды. Дегенмен соғысты болдырмау бағытында жасалған мұндай іс-тәжірибелік кадам мәселені шеше алған жок. Екінші дүние жүзілік соғыс, одан кейін «қырғи қабак соғыс» көрініс танты. Енді осы кезден бастап казіргі жағдайда халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз ету соғысты болдырмау және карусыздандыру түсінігімен кеңейтілген түрде колданылып келеді.

Мемлекеттің қауіпсіздік мәселесі өзінің откені мен бүгіні, кызметі мен заңдылығы бар тұракты дамудағы біртұтас процесс болып табылады. Мемлекет сонау өзінін пайда болуынан бастап егеменділігін, яғни біріншіден сыртқы қысымды болдырмаумен түсіндірілетін ұлттық қауіпсіздігін сактап қалудың камын ойлаған. Казіргі таңда бұл ұғым ішкі тұраксыздық қауіпімен байланысты мәселелерді қарастырады.

Сондай-ак қоғамдық-саяси жағдайлардың өзгеруіне байланысты мемлекет бұрынғыдағыдай ішкі және сыртқы аумағындағы кызметін ғана қамтамасыз етіп коймай, аймактық және халықаралық қауіпсіздік мәселесіне де зор мән беруін уақыт талабы көрсетіп отыр. Бұрын іштей тұракты мемлекет халықаралық аренада сенімді позицияны исленген болса, көзір, бір жағынан, халықаралық фактор кез келген сыртқы қысымдылықты көрсетпесе де, іштей тұракты мемлекетке түбекейлі асер ете алады. Бір жағынан, халықаралық сала мемлекеттің қандай да бір басқа амалдардың себептерімен жете алмай жүрген ішкі қауіпсіздігінің күшті факторы болуы да мүмкін. Ресей зерттеушісі Т.В. Юрьев корсеткендей, «мемлекеттердің ұлттық мұдделерінің келісу жолдарының корінісі – аймактық, халықаралық, жаһандық қауіпсіздік тұжырымдамаларының мәні, дегенмен тек мемлекеттердің ұлттық мұдделерінің келісуімен бұл мәселелер шешіліп коймайды.

Мемлекеттердің ұлттық мұдделерінің сәйкес келуі тағы да келісу жолдары туралы белгілі тұжырымдамалармен баскарылатын және өздерінің топтық мұдделерін өзара, сонымен катар үшінші мемлекеттермен де талап ететін әр түрлі аймактық және халықаралық одактарды тудырады» [1].

Халықаралық қауіпсіздік сөзінің мәнін ашу үшін «соғыс» және «бейбітшілік» терминдері колданылып келген. «Қауіпсіздік» терминінің соғысты болдырмау – халықаралық мәнге ие болуы Ұлттар Лигасының құжаттарында колданылған. Мұнда қауіпсіздікті қамтамасыз ету – бейбітшілік немесе соғыстың болмауы сияқты дәстүрлі түсініктермен қарастырылған. Бұл міндет Екінші дүние жүзілік соғыстан кейін барынша маңызды мәнге ие бола бастады. Жалпы казіргі халықаралық қауіпсіздік түсінігі БҰҰ-ның құрылуымен қалыптасты. Бұл ұйымның Жарғысының бірінші бабында онын ең басты міндеті нактыланған: «Халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті ұстап тұру және осы мақсатпен әлемге қауіптерді болдырмау мен жок қылу үшін тиімді ұжымдық шараларды колдану және қысым актілерін немесе әлемді бұзатын басқада іс-әрекеттерді басу, әлемді бұзуға алып келетін халықаралық талас пен жағдайларды шешу немесе реттеу, әлілдік пен халықаралық құқық принциптеріне сәйкес бейбітшілік амалдарды жүргізу» [2].

Қазақстандық саяси энциклопедияда халықаралық қауіпсіздік ұғымы былай түсіндіреледі: «Халықаралық қауіпсіздік дегеніміз – бұл дүниежүзі елдерінің халықаралық құқықтың жалпымен мойындалған принциптері мен ережелерін, сонымен катар олар арасындағы көліспеушілікті күш көмегімен немесе күш көтерімен шешуді, жалпы әлемді бұзуға және оған қауіптер тудыруды жақтамайтын БҰҰ-ның Жарғысын сактайтын әлемдегі тұжырымдама, халықаралық катынастар жүйесінің жағдайы».

Халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің шынайы мүмкіндігі әлемді үдемелі өзгертуін, бәрінін бұрын фашизмін күйретуінің нәтижесінен туындаған. Ұлкен мәнге бейбітшілік пен халықаралық қауіпсіздікті ұстап тұру мақсатында құрылған, нығайтылған және кеңейтілген БҰҰ ие болды. БҰҰ-ның Қауіпсіздік Кеңесі халықаралық әлемді және қауіпсіздікті ұстап тұруға жауапты ең басты орган болып табылады. Ол (қандай да бір субъектіге заңсыз саяси күш көрсететін) қысым көрсетушілерге әр түрлі әдістермен есеп ететін санкцияға (құқыққа) ие [3].

Халықаралық қауіпсіздік соғысты болдырмау түсінігімен шектеліп қана коймай, әлемді қырын-жоюдың бірден-бір катал түрі «қырғи қабак соғыстың» жалғас табуы – бұл мәселені ары қарай киыннатып жіберді. «Қырғи қабак соғыстың» салдары халықаралық катынастар жүйесіне айтарлықтар өзгерістер тудыруды. Сонымен катар мемлекетшілік және аймактық дау-жанжал, қылмыс пен ланкестік транснационализациясы, мемлекеттер арасындағы бұрын соңды болмаған экономикалық байланыстардың есүі, миграция ағымының едауір есүі – мемлекеттер арасындағы стратегиялық әскери тепе-тендікті ұстауды білдірестін дәстүрлі «халықаралық қауіпсіздік» тұжырымдамасын қайта қарасты талап етті.

«Халықаралық қауіпсіздік» термині тікелей мәғынада қауіпсіздік немесе катердің жок болуын, ең бастысы, физикалық қырып-жоюға алып келетін ұлттар, мемлекеттер арасындағы әскери сипаттын болмауын білдіреді. Ресей зерттеушісі Н.А. Косолапов көрсеткендей, «қырғи қабак соғыс кезінде халықаралық қауіпсіздік олардың толық егеменділігін, саяси және экономикалық тәуелсіздігін, саяси-әскери басып алу мен қысым көрсетуге тойтарыс беру мүмкіндіктерін, олардың басқа мемлекеттермен тен құқықты карым-катынастарын қамтамасыз

етуде мемлекеттің өмір сүруіне және жұмыс істеуіне қажетті жағдайлар жасайтын халықаралық катынастар жағдайымен» бара-бар келген [4].

Жақында шықкан сөздіктердің бірінде халықаралық қауіпсіздік «мемлекеттердің тіршілік әрекетін, ынтымақтастығын, өзара әсер етуін, олардың одактарын, бірлестіктерін және әлемдік қауымдастықтарды тұтастай әр түрлі қауіптерден олардың өмірлік қажетті мұдделерін кепілді корғау жағдайында қамтамасыз ететін халықаралық катынастардың жағдайы. Сонымен қатар халықаралық қауіпсіздік абайсыз және қасақана жасалған экологиялық апаттардан, сондай-ақ ланкестік актілерден сактап қалудың шаралар жүйесін қамтиды» деп қарастырылған [5].

Сонымен бірге, «халықаралық қауіпсіздік» терминінің казіргі мазмұны мемлекетаралық әрекеттестік шенберінен шығып, әскеримен бірдей қоғамдық жана аспектілерді қамтиды. Халықаралық катынастар теориясында «халықаралық қауіпсіздік», «ұжымдық қауіпсіздік», сонымен қатар «жалпы», «дүниежүзілік», «жаһандық» және «жалпы қөлемдік» қауіпсіздік тұжырымдамаларымен қаланып келген. Халықаралық қауіпсіздіктің әскери, саяси, экономикалық, әлеуметтік, экологиялық, акпараттық және индивидтік сиякты әр түрлі аспектілері қоғамдық жылыми зерттеулердің талдау объектілеріне айналып отыр.

Халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз ету халықаралық акторлардың белгілі іс-әрекеттерін, немесе саяси процесс ретінде катысын, «бейбітшіліктің тиімді кепілдігін құруға әсер ететін саясат» ретінде сипатталуын білдіреді [4, 6].

Халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саясаты «халықаралық катынастар» шенберінде қоғамдық әрекеттестік пен территориялық құрылымдар шенберінде кірмейтін қоғамдық қарым-қатынастардың ерекше түрін» білдіреді.

Сәйкесінше, мұндай қарым-қатынастардың негізгі катысуышылары ретінде халықаралық катынас және қауіпсіздік жағдайына манызды әсер етуге қабілетті мемлекет, халықаралық үкіметтік, үкіметтік емес және трансұлттық ұйымдар, жеке аймактар, сонымен қатар кейбір қоғамдық-саяси партиялар мен ұйымдар катыса алады.

Халықаралық қауіпсіздік зерттеуінің жеткілікті ұзак тарихына қарамастан халықаралық катынастар теориясында не қауіпсіздік анықтамасына, не оны қамтамасыз ету амалдарына бірынғай әдіс өндөлмеген. Халықаралық катынастар ғылыминың әр түрлі теориялық бағыттары мен мектептері бұл құбылыстың баламалық, сондай-ақ қарама-карсылық түсіндірмесін ұсынады.

Халықаралық қауіпсіздік теориясының ақиқаттығын айқындау – бұл тек ғылыми міндеттің шешімі емес. Мемлекеттердің, мемлекеттік емес қатысуышылардың қоғамдық және қоғамы сонда болып жатқан үрдістерді қауіпсіздік саласын қалай қабылдаса, соған байланысты осы салада да өзіндік іс-әрекетін көрсетеді. Сол сиякты халықаралық қауіпсіздік саласын әр түрлі қырынан қарастыратын бірнеше негізгі теориялық мектептер бар. Олар: «Шынайы саясатшылар (реалполитики)», «либералды саясатшылар (либералполитики)» және «демократиялық әлем» теориясының мектептері.

«Шынайы саясатшылар (реалполитики)» мектебінің өкілдері Фукиидид, Н. Макиавелли, Т. Гоббс енбектері негізінде, сонымен қатар Ратцель, Маккиндер, Спайкман, Г. Моргентау, К. Уолтц және т.б. болып табылады. Бұл мектептің түсіндіруінше, халықаралық қауіпсіздік формуласы «Қолыннан келсе, бәрін басқару» ережесімен сипатталады. «Шынайы саясатшылар» халықаралық катынастардың негізі «жоғары саясаттың» саласы болып күш, ен алдымен әскери

категорияны білдіретін мемлекет мұддесі, соғыс пен бейбітшілік мәселесі табылады деп көрсетеді. Принцип бойынша бұл «нөлдік нәтиже ойынын» – бір жақтың жеңісі басқа жақтың жеңілісіне тәң екендігін білдіреді [2, 21].

«Либералды саясатшылар (либералполитики)» мектебі. Бұл мектептің мәні жаһандану процесінде әлемдік әрекеттестіктің өсуі халықаралық қауіпсіздік саласының логикасын да ауыстыруға алып келгендігінде жатыр. Ен алдымен бұл мектеп Джозеф Най мен Роберт Кохэннің енбектерімен сипатталады. Сонымен қатар мемлекеттестілік институттар желісі – үкіметаралық және қоғамдық халықаралық ұйымдар, тәртіптер дамуда. Бұған трансұлттық өндірістер, саудасаттық, қаржы, технологиялық, миграциялық ағымдардың идентификациясының нәтижесінде тез экономикалық өзара әрекеттестіктің күшінде ойынша жағандық әріптестікте ядролық қарудың өсуіне сәйкес халықаралық қауіпсіздік саласында дәстүрлі дау шектеледі [2, 24].

Әлем әрекеттестігі және жаһандық үрдіс мүмкіндігінің жоғарылауы ұлттық шекара арқылы қандай да бір елдің немесе аймактың ішінде ертеден қалыптасқан жаһандық қауіптің таратылмауын жеңілдету арқылы шындығына жету. Бірақ сонымен қатар жаһандық қауіптің деңгейінің өсуі олармен құресу үшін мемлекеттердің бірігуіне алып келеді. Бұл мектептің жактастарының ойынша жаһандық әріптестікте ядролық қарудың өсуіне сәйкес халықаралық қауіпсіздік саласында дәстүрлі дау шектеледі [2, 24].

Соңғы мектеп бұл «демократиялық әлем» теориясының мектебі. Бұл мектептің негізгі қалаушылары болып И. Кант, Д. Бабет, М. Дойл, Б. Рассел және т.б. зерттеушілер табылады. Бұл мектеп өкілдерінің ойынша демократиялық көшбасшылар бір-бірімен ортак құндылыктарының, жүйелерінің болуна байланысты соғыспайды екен. Мұның себебін шешім қабылдау процедурасының ашықтылығынан деп түсіндіреді. Дегенмен демократия дегеніміз пацифизм деңгейі білдірмейді. Олар тек автократиямен соғысады, бірақ ешуакытта бір-бірімен емес. Коалициялық соғыстарға олар автократиялыктармен уақытша өдектастықпен шығуы мүмкін, бірақ әрқашан соғыска катысуышы басқа демократиялыктармен бір жакта болады. Демократиялықтар арасында бір-бірімен соғыс максатына немесе басқа автократиялық режимдерге катысты үлкен келіспешіліктер әбден болуы мүмкін, бірақ олар өз демократиялыктары арасында қарулық кактығыстар жүргізбейді. Жаһандық демократизацияның «үшінші толқынына» көтерілуде демократиялық мемлекеттер саны бойынша авторитарлық режимдер үстінен, экономикалық потенциалдың, адам өмірінің сапа, техникалық деңгей, әскери мүмкіншіліктердің салалы жоғарылауына жеткендігін «демократиялық әлем» теориясының жактастары айтады [2, 23].

Халықаралық қауіпсіздік саласына теориялық соңғы үлес косқандардың қатарына Самуэл Хантингтонның «Әркениеттер кактығысы» тұжырымдамасын жатқызуға болады. Мұның мәні қыскаша айтқанда мынада жатыр: мемлекет-ұлт арасындағы дау-жанжалдардың орнына дін, ортак тарих, этникалық, моральды құндылыктар, өмір сүру тәсілі сиякты туыстық мәдени сипаттамаларға ие мемлекеттер мен халық топтарын анықтайтын әркениеттер арасындағы дау-жанжалдар келеді. Хантингтон казіргі әркениеттің жеті немесе сезіз түрін созылады. Олар: батыстық, конфуциандық, жапондық, исламдық, үнділік, славян-прославтық, латын американдық және «мүмкін африкандық» әркениеттер. Конгеген ғалымдар әркениеттік ерекшеліктер мемлекеттердің және мемлекет-

тер тобының халыкаралық мінез-құлыктарына әсер етеді, бірақ олар ен басты анықтаушылар болып табылмайды деп санайды [6].

Осылай кай мектеп бағытын алып қарастырасқа та, халыкаралық қауіпсіздікті камтамасыз ету әрбір акторға тиесілі екенін көруге болады. Кез-келген мемлекеттің халыкаралық қауіпсіздікті камтамасыз етудегі үлесі зор. Барлық акторлар халыкаралық қауіпсіздіктің негізгі принциптерін сактап, яғни құштер немесе құш катерлерін колданбау, халыкаралық келіспеушіліктерді бейбіт амалдармен шешу, елдер арасында әріптестік қарым-қатынастарды және халыкаралық ынтымактастықты дамыту, халыктардың тепе-тендігі мен таңдауларын сыйлау, қысым актілерін шектеу мен оларды болдырмауга ұжымдық шараларды колдана отырып, ұжымдық қауіпсіздікті камтамасыз ете аламыз. Менің ойымша, ұжымдық қауіпсіз өмір әрбір мемлекеттің бейбітшілігі мен гүлденуінің бірден-бір кепілі болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Лебедева М.М. Мировая политика: Учебник для вузов/ М.М. Лебедева. – М.: Аспект Пресс, 2004. – С. 164.
2. Кулагин В.М. Международная безопасность: Учебное пособие для студентов вузов. – М.: Аспект Пресс, 2006. – С. 13.
3. Казахстанская политологическая энциклопедия. – Алматы: Казахстан даму институты, КазГУ, 1998. – С. 34.
4. Косолапов Н. А., Сила, насилие, безопасность: современная диалектика взаимосвязей // Мировая экономика и международные отношения, – 1992. – №11. – С. 6.
5. Война и мир в терминах и определениях /Под ред. Рогозина Д. О. – М., 2004. – С. 21.
6. Человек и общество: Основы современной цивилизации. – М.: Геликон, 1992. – С. 92.

Азия Тынық Мұхиты аймағындағы қауіпсіздікті сақтауға байланысты жапон-қытай қатынастары

Әліби ӘРІПОВ,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың халықаралық қатынастар факультетінің оқытушысы

Жапонияның сыртқы саясатында Қытайға ерекше орын берілген. Себебі бұл елдерді географиялық, тарихи және мәдени жақындықтары мен ортақ мұдделері байланыстырады. Соңғы онжылдықта екі жакты байланыстар барлық салалар бойынша даму үстінде. Сауда-экономикалық саладағы ынтымактастық гуманитарлық өзара көмекке ұласып, саяси диалогтармен жалғасты. Екі ел арасындағы сыртқы саяси байланыстар тұракты болмай, тежеліп түр. Мемлекеттер арасында түсініспеушіліктер мен біраз мәселелер туындаған, өзара сенімсіздік пайда болды.

Сауда-экономикалық ынтымактастық жапон-қытай қарым-қатынастар жүйесінде маңызды орын алады. Жиырма жылға жуық уақыт бойы Жапония Қытайдың жетекші сауда әріптес позициясын ұсталап отыр. Ол Жапониямен арадағы сыртқы сауда айналымында АҚШ-тан кейін екінші орынды исленеді. Қорші елмен арадағы байланыстарың жандануына Қытайдағы экономикалық реформалардың жүзеге асуы бұл байланыстардың көлемі және мазмұны жағынан терендеуіне әсер етті. Соңғы онжылдықтарда екі жакты сауда түбірінен өзгерді. Соңғы жылдарды Қытайдан Жапонияға импортталатын тауарлар катарында отын материалдары бірінші орыннан соңғы орынға түсті. Қытайдан алынатын мұнай токтады, себебі оның өзі импорттан алатын халге түсті. Жапонияның машина жасау ондірісінің дамуы Қытайға жапон капиталының кеңінен енүіне жол ашты.

Алайда екі жакты тауар айналымы күрьылымында Жапонияға тиімсіз дисбаланс пайда болды. 2000 жылы жапон-қытай тауар айналымы 85, 78 млрд. долл., күрап алдынғы жылмен салыстырғанда 29,5 пайызға артты. Жапония экспорты 30,4 пайызға артып, импорт 24,1 пайызға жетті.

Жапония Қытайдың ірі каржылық донары ретінде көсіпкерлік капиталдың күнода негізгі инвесторға айналып отыр. 1999 жылы Қытайға жапондық тікелей ақшалай каржы беру көлемі 33, 5 млрд. долл. жетті. Қытайдағы инвестициялық ахуалдың нашарлауына байланысты, соңғы онжылдықта жапон каржысының өнеркәсіп инфрақұрылымы, транспорт, байланыс саласына күйилуы төмөндеді. Бұл жапонның іскерлік топ өкілдерін аландатып, 2000 жылғы казандағы жапон-қытай басшылары кездесуінде талқыланды. Бұл кездесуде әсіресе қытай жағы экономикалық ынтымактастықтың одан әрі терендеуіне мұдделі екендігін

білдірді. Қытай Халық Республикасынын Мемлекеттік Кенесінің Хатшысы Чжу Жунцзи басымдық бағыттар ретінде: Қытай Халық Республикасының батыс аудандарындағы дамудың көлемді жобаларын дамыту; технологиялар мен инвестициялар саласында ынтымактастықты ұлғацу; Шығыс Азияда аймактық экономикалық ықпалдастықтың жаңа бағыттарын игеруді атаң көрсетті.

Жапон жағының өзіндік басымдықтары бар. Сонын бірі, бірлескен экологиялық жобаға катысу. Жапондыктардың есебі бойынша XX ғ. 90-шы жылдарынан бастап Қытай әлемде атмосфераны күкірт қышқылымен улауда АҚШ пен бұрынғы Кенестер Одағынан кейін үшінші орында тұрды. Экономиканы реформалағанин кейін жағдай тіптен киындалп кетті. 1998 жылы Қытайдағы күкірт қышқылының атмосфераны улауы 23 млн тоннаға жетті. Бұл Жапонияға қарағанда 30 ессе артық. Бұл экологиялық зардал өсіп келе жаткан Қытай экономикасының дамуымен де тікелей байланысты. Жапон аралдарының үстінен жауған қышқыл жанбырлар Қытайдың территориясының үштен бір бөлігі мен Жапонияның Хонсю аралының батыс бөлігіндегі ормандарға, ауылшаруашылық жайылымдарына, жапон теңізі, Кюсю аралдарының Шығыс Қытай тенізімен шектесетін аймактарға әсер етіп отыр.

Сонғы жылдары Қытай мен Жапония коршаған органды коргау жөнінде бірлескен шаралар колдануда. Бірақ Қытай жағы жапондықтардан көмек алғанды дұрыс көреді. Ал Жапонияның каржы коры, казіргі технологияламен жабдықталуы жеткілікті дамыған. 1999 жылы жапондықтар қытайлықтардың көмірмен жұмыс істейтін 1000 электростанцияларын кайтадан калыпка келтірудің ұзак жылдарға арналған бағдарламасы жөнінде шаралар қарастырыды. Негізгі мақсаты атмосферага түсsetін сульфаттардың көлемін азайту. Жапондықтардың есептеуі бойынша, бір станцияны калыпка келтіру үшін 10 млн долл. каржы керек екен. Ал барлығын калыпка келтіру үшін 10 млрд. долл. керек. Қытайға көрсетілетін каржылай кредиттердің көбі экологиялық жобаларды каржыландыруға бөлінуде. Үнтымактастықтың дамығандығының бір белгісі Қытай территориясында ірі қытай-жапон «Гухуа-Эбара инвайромент» компаниясының құрылғандығынан көреміз. Ол Қытай территориясында атмосфераны сульфаттармен улауды төмөндөту, суды тазалау, калдықтарды қайта өндіреуде колданатын алдыңғы катарлы экологиялық технологиялар мен жабдықтарды өндіріске ендіруді өз міндеттіне алды.

Қытайдағы инвестициялық жағдайды ретке келтіру үшін Жапония Қытайдың алым-салық жүйесін реформалауға, экономикалық зандаулықтарды жетілдіру үшін көмек беруге дайын екендігін білдірді.

Кенейген сауда-экономикалық алмасу жедел карқын алғып жаткан жағдайда гуманитарлық, мәдени, ғылыми, туристік байланыстар дамып отыр. Саяси диалогтар өткізу де үрдіске айналды. Эксперттер, кенесшілер кеңестері екі жақты министрліктер деңгейінде жүйелі түрде өткізілп отыр.

1998 жылғы Жапония және Қытай ел басшыларының бірлескен декларациясына сәйкес XXI ғасырдың басында «достық пен ынтымактастық» негізінде әріптестік жағым-катынастар жасауға кең жол ашылды. Алайда осы уақытқа дейін жапон-қытай саяси диалогында накты табыстарға кол жетті деп айтудың күнін. Мемлекетаралық катынастар 1972 жылдан бастап калыпта келсе де, кейбір мәселелер елі шешімін таппай отыр. Солардың бірі – Сэнкаку (Дяоюйдао) аралы на байланысты территориялық талас. XX ғ. 90-шы жылдарынан бастап ауданда

мұнай коры бар деген желеумен, оған жете көніл бөліне бастады. Мәселенің шиеленісінде 1996 жылы Токионың Жапонияның экономикалық аймағында 200 мильдік территорияга байланысты шешім кабылдауы себеп болды. Осы аймакта балықшылар да кейде келісімге келе алмай жатады. Жапон-қытай қатынастарында Тайвань мәселесі де өзінің өзектілігін жоймай отыр. Мұны бір жағынан, Пекиннің Тайваньды өз ықпалына карау үшін, Токиодан дипломатиялық қолдау табуга ұмтылуы, бір жағынан АҚШ альянсы жағдайында Жапонияның оған таяу аймактарда төтенше әскери кимылдар жасауға байланысты міндеттемесінің кеңеюі себеп болып отыр. Бұл міндетемені Тайвань шығанағында қолдану Қытай мемлекеті басшылығын келенсіз реакция танытуға итермелеп отыр.

Қытай АҚШ-тың Азия-Тынық мұхит аймағындағы үстемдігін мойындаиды. Қытайлықтарды алаңдатып отырғаны АҚШ-тың әскери күштерінің артуына байланысты емес, жапондықтардың оларды белсенді түрде қолдауы. АҚШ жаңа басшылықтың өзін қолдап отырған принциптеріне сүйене отырып, Жапония басшылығын коллады. Сондыктan Қытай мемлекеті Америкамен арадағы катынасты реттеуге тырысады. Қытай мемлекеті кәсіпкерлік, ресми даму саласында Жапониямен тығыз карым-катынас орната отырып, АҚШ-пен арада тен саясат ұстауға тырысып отыр.

Жапон-қытай катынастарында әскери салада қайшылық такырыбы елі күн тәртібінен түскен жок. Олар бір-бірін айыппат, сенімсіздік танытуда. Қытай жағы бірнеше рет Қытайдың жапон агрессиясынан шеккен материалдық және моральдық зардаптарының шығынын төлеуді мәселе етіп көтеріп отыр. Жапондықтар екі жақты жағым-катынастар ретке келген кезде ғана мәселенің шешілтіндігін айтады. Қытай басшылығы Токионың XX ғ. 30-40 жж. жасаған агрессиясын көпшіліктің алдында ресми мойындағанын дұрыс санайды. Бұл әрине Жапонияның қоғамдық-саяси тобының алдаушылығы реакциясын тудырады. Сонғы жылдары Жапонияның бұкарат құралдарында Қытайдың саясаты, есіресе оның әскери күштерінің артуына байланысты сынни макалалар көптеп жариялануда. Жапондық, американлық мамандар Қытайлық орта қашықтықтағы баллистикалық зымырандардың Жапонияның кез-келген территориясына жетуі мүмкін деген баға берілуде. Кейбір макалада Қытай зымырандарының негізгі болігін Жапонияға көздел отыр деп атап көрсеткен. Екі жақты елі шешімін таппай отырған мәсселелер тегін емес, әрі оны онай шешүге де болады. Бірақ Токио сыртқы саясатында АҚШ-ка тәуелді болып отырғандыктан да саясатын Қытайға карсы бағыттап отыр екен деген түсінік дұрыс емес. Пекиннің де жасап отырған саясаты дұрыс емес. Сонғы жылдары Жапония халқының арасында қытайлықтарға карсы келенсіздіктер білінуде.

Сауда-экономика саласындағы жапон-қытай катынастары ынтымактастықтан көрі Азия-Тынық мұхит аймағындағы бақталастыққа айналуда. Сыртқы саясатта Токио Вашингтонға тәуелді болып отырғандыктан, ол өзінің саясатын Қытайға карсы бағыттап отырған жок дегенге ешкім сенбейді. Сондыктan Қытай сыртқы саясатында Жапониямен арада белгілі бір ара қашықтықты сактауға мәжбур. Жапонияның «Иомиури» газеті жүргізген зерттеулер бойынша Қытай мен Жапония халқытары арасындағы келенсіздіктер күннен-күнге күшеюде. 1999 жылы жүргізілген әлеуметтік сауал бойынша, жапондықтардың 45,9 пайзы Қытайға дұрыс көзкараспен карамайтындығын білдірсе, 47,7 пайзы дұрыс

колдайтындығын білдірген. Ал қытайлық респонденттердің ішінде жапондыктарға қарсы пиғылды 50,4 пайызы көрсеткен. Бұл көрсеткіш 1995 жүргізілген әлеуметтік сауалдарға караганда әлдекайда артқандығын байқатады.

Әзірge екі әріптестер арасында сауда-экономикалық ынтымактастықта саяси жакындық байкалмайды. Алдағы уақытта жапон-қытай катынастары құрделеніп, ынтымактастық бақталастықка ұласуы мүмкін. Мұның әрине Азия-Тынық мұхит аймағына каяіп төндірері сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Цыганков П.А. Теория Международных отношений. М., 1992
2. Богатуров А.Д. Великие державы на Тихом океане. М., 1996
3. Фунабаси Е. Деприсивная дипломатия Токио. Japan today. November 2004
4. Семин А. Внешнеполитические ориентиры Японии и Китай. Владивосток, 2003
5. Япония в современном мире. Факторы стабильного развития и безопасности. М., «Макс Пресс», 2000; Арин О.А. Азиатско-Тихоокеанский регион: мифы, иллюзии и реальность. Восточная Азия: экономика, политика. Безопасность.
6. Алиев Р. Ш. Внешняя политика Японии в 70-х – начале 80-х годов (Теория и практика). М.: Главная редакция восточной литературы, 1986
7. Тихоокеанское сообщество: планы и перспективы / Под ред. Н.И. Коваленко. М: 1987
8. Алиев Ш.А. Внешняя политика Японии. М: 1996
9. Японско-Американский Союз: итоги трех десятилетий В.Г.Лешке. «Наука», Москва 1983

Жаһандық үрдістердің қазақстандықтардың бұқаралық санаына әсері

Зулфухар ГАИПОВ,

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың саясаттану кафедрасының доценті, саяси ғылымдарының кандидаты

Ж

аһандану заманында әлем күннен күнге саяси-мәдени түрғыдан алғанда бірtektilenіп барады. Қазақстанды осы ғаламдық қауымдастықтың бір субъектісі деп алсақ, онда елдін саяси дамуында, бұқаралық санаында көптеген сапалы өзгерістер болып жатыр. Бұрынғыдай шектеулі дәстүрлі қауымдастықтан енді қоғам сол жаһандық үрлідістің үдайы ықпал етуші белсенді «өз алдына дербес агенттіне» айналды [1].

Бұқаралық сана деп – белгілі бір кезде әртүрлі және «классикалық» топтардың басым көншілігінін санаының негізгі және маңызды компоненттерінің бір ариға тоғысуын айтамыз. Бұқаралық сана – жеке индивидтердің санаына мазмұнына толық енгендеге ғана өмір сүреді және қызмет атқарады. Бұқаралық санада индивидтердің өзара араласуы нәтижесінде қалыптаскан білімі, ұстанымы, құндылықтары мен әлеуметтік акпаратты қабылдау үрдісі жатыр. Бұқаралық санаының өзіндік ерекшелігі де сонда, ол біріншіден жалпы әлеуеттік, тек жеке топтық бірегейлілік емес, екіншіден, қалың бұқаралық сана бұқаралық жаппай әлеуеттік түрғыдан мойындауы. Тек осы мағана сана ғана бұқаралық санаының мазмұны жеке тұлғалық және топтан тыс бола алады, бірақ түрпаты жағынан ол жеке санада ғана қызмет атқарады. Дегенмен, бұқаралық сана жеке индивидтердің санаында өмір сүріп, жүзеге асыуына карамастан ол мазмұны жағынан әркайсысымен жеке сәйкес бола алмайды, яғни жеке санамен.

Жаһандану жағдайында бұқаралық саяси сана мәселесін зерттеу өзекті мәнге айналды, өйткені қазіргі таңда ғалымдар алдында қоғамдағы әлеуметтік жағдайды анықтаушы үш әлеуметтік-мәдени кайшылықтар: батыс – шығыс, зайырлы – діни, ұлттық – космополиттік ұғымдарын айқындал алу мәселесі түр. Бұқаралық санаы зерттеу мәселесі осы кайшылықтарды аныктап шешіп алмайынша өз мағана сана аша алмайды.

Қазіргі таңда казақстандықтардың саяси санаына, басқалар сиякты жаһандық әлемдегі болып жаткан әртүрлі бұқаралық діни сана да өз әсерін тигізбей отырған жок. Нактырак айттар болсақ, Үндістаннан келген Саиб Баба, Хари Кришна және араб, түрік елдерінен келген әр бағыттағы исламдық қозғалыстар. Әр деңгейдегі Қазақстан қоғамындағы қалыптасқан мұндай бұқаралық санаының түрін New Age, яғни қоғамда толық емес, үйімдаспаған, стихиялы түрпат деп айтуға болады. Бұл бұқара санаында кармаға, табиғат пен адам арасындағы үйлесімділікке (медитация, йога), дәстүрлі медицинадан көрі қытай және тибет халық медицинасына, сонымен қатар әртүрлі сериялдарға (Түрік, Оңтүстік Корея,

Бразилия) деген қызығушылық тудыруда. Ол өз кезегінде қоғамда белгілі бір жаңа мәдени әртүрлілікке алып келе жатыр.

Жаһандану заманында әлеуметтік өмір ритімі сананың бейімделуінен жылдамырак болады. Бұкарапттың көңіл-күй адамдарды тез және женил біріктіреді, олардың санасында калыптасып үлгерген белгілі бір құндылылықтар карсылас топтарды «біз» және «олар» деген ұғымға тез бейімдей кояды. Бұкарапттың сана проблемасымен айналысып жүрген ресейлік ғалым Д. Ольшанский саясаттағы бұкарапттың көңіл-күйді байлайша анықтайды: әлеуметтік-саяси өлшемі түркесінан алғанда бұкарапттың сана ол – «біркелкі көшпіліккің субъективті реакциясы, олардың үш жағдайда ерекше толғаныстары мен күйзелістерінің біріктіруші, біріншіден, бұкараның жалпы әлеметтік-саяси өмірінің қанағаттануы мен қанағатсыздануы, екіншіден олардың сол әлеуметтік-саяси жағынан өз мүмкіндіктерін жүзеге асыру мүмкіндігіне деген субъективті таланттары, үшіншіден сол өз талаптарын жүзеге асыру, өзгерту мүмкіндігіне үмтүлүші» [2].

Саясаттағы бұқаралық көніл-күй мынадай екі фактордың арқасында ерекшелене түседі. Бірінші адамдардың жалпы манызды бұқаралық казығушылығы мен қажеттіліктерінің талаптарына байланысты, екінші жағынан, олардың өмір шындығымен тікелей байланысты [3].

Посткенестік кеңістіктегі қалыптасқан стереотиптік бұкаралық сананы, сонын ішінде Казакстандағы бұкаралық сана түрі жағынан этатистік-патерналистік комплекске жатады. Тарихи тұрғыдан алғанда солай болған, казактардың әлеуметтік болмысы хандық билік айналасына және қунделікті тұрмыста билердің тікелей билік шешімдеріне шоғырланған. Кенестік заманда «әділет» ұғымы «мемлекет», «партия» ұғымдарымен астасып жатты. Кең таралған ұғымдар болып «әлеуметтік және саяси патернализм, мемлекеттік билік «туған» және «әкелік» деп қарастырылды. Тіпті керек болған жағдайда ол авторитарлы, қонбекен жағдайда күштеп мойыннатушы, қөпшілік жұмысшы тобының коргауышы ретінде қабылданды [4]. Патреналистік философияның тікелей нәтежесі немесе жемісі деп формалды биліктің үстемдігін айтуға болады, ал ол өз кезеңінде тікелей деспотизмге алып келетін жол. Маркстік идеологияның да үстем болуына әсер еткен осы – жекеден гөрі қоғамдық, локальдылықтан көрі глобалдық сананың басымдылық орнатуы еді және де бұл бұкаралық сананың негізгі белгісіне айналды. Индивидуализмнің кез-келген формасы ол қоғамнан аластау деп қарастырылды және тотолитарлық қоғамның басты идеологиясына айналды. Сондыктан да болар, француз ғалымы Жак Деррида посткенестік саяси сананың ерекшелігіне токтала келе оған былайша деп баға береді «казіргі замандағы кез-келген елдердің санасы аз дәрежеде ерікті, көбірек үрейлі және қанаулы болар еді дегенге күмәнмен қарар едім» [5].

Казакстандағы саяси жүйенін трансформациясы субъекткалықтастыруышы топтардың саяси санасында үйреншікті социоцентризм және этатизм ұстанымдарынан ауытқу процесі арқылы жүзеге асты, ол адамның бұқаралық санасының маргиналдануымен тікелей байланысты болды. Коғамдық күрылымның бойындағы терен сына алеуметтік шындықтың көптеген жасырын жаткан пластарын жаланаштады және де биліктін калтарыс тұстарын, мұдделер баланысын, унификацияланған стереотипті ойлаудың және саясаттағы ұжымдық бейсаналылықтың калыптасу механизмдерін көпшіліктін назарына ашып берді. Сондыктан да бұқаралық сананың социоцентризмнен антропоцентризмге ауысуы – ол өтпелі кезеңнің басты ерекшелігі.

Бұкаралық саяси сана казіргі саяси ғылымдарды болған фактінің алдына койды, коғамда әртүрлі классикалық топтар бар, олардың әркайсысының өзіне сай қоғамдық санасты бар, сонымен қатар кейбір топтар әлі күнге дейін өз ұстанымдарын, яғни қоғамдық санасты аныктап үлгермегендер де бар, әсіресе жеке индивидтер арасында көп кездеседі. XX ғасырдың басында посткенестік кеңістікте, маргиналдар проблемасы өзекті мәнгө ие болды. Бұрынғы социалистік саяси жүйе кирап, коғамда жаңадан әлеуметтік страттар пайда болды, құнделікті өмірде әлеуметтік-мәдени және саяси шиеленістер қаптады, бұл өз кезегінде қоғамның едауір бөлігін маргинализациялануға әкеліп сокты. Ал маргиналдану процесі құнделіктің тұрмыстағы әртүрлі дағдарыстардың әсерінен қоғам өміріндегі әлеуметтік жағынан ұтқырлану жағдайына алып келеді. Маргиналданудың мәнін жеке индивидтің немесе топтың қоғам өміріндегі әлеуметтік статусын жоғалту процесімен түсіндіруге болады. Реформалардың нәтижесінде бұрынғы әлеуметтік-экономикалық тұрактылық пен рухани құрылымдар киратылды немесе трансформацияланды, ал қоғамның негізін құраушы құрылымдар – институттар, әлеуметтік топтар мен жеке индивидтер өтпелі жағдайда калып койды, нәтижесінде Қазақстан қоғамында маргиналдану процесі айқын көрініс тапты. Осы арада қоғамның бұрыннан келе ұстанып келе жатқан құндылықтары түбебейлі өзгеріске түсіп, жаңадан калыптасып үлгерген саяси шындыққа бірегейлі жауап береді алмады.

Ішкі және сыртқы өзара байланыстардың маргиналдану себебінен бұкаралық санада құндылықтарды кайта електен өткізу процесsei басталды. Бұрынғы саяси өмірдегі негізгі ұстанымдарға деген сенім түбекейлі жойылды. Бұкаралық санада алаңдаушылық пен ертенгі күнге сенімсіздік және күдік пайда болды. Мұндай саяси сана XX ғасырдың 90-шы жылдарына тән құбылыс еді. Қазакстан коғамын алсак, айтылған жайт бізді де айналып өтиеді. Қоғамда жаппай пессимистік қоңіл-күй, әсіресе әлеуметтік салада күшіне түске болатын. Бұл проблеманың етек алғаны соңша ол қоғам өмірінің барлық саласын қамтып, «мәселе катострофиялық масштабка көтерілді, елдің басынан кешріп отырған әлеуметтік өзгерістер деңгейімен пара-пар келді» [6]. Қоғамның жаппай маргинализациялануы барлық саланы, тіпті кемелденген азаматтық коғам құру ісін де тежеді [7]. Әлеуметтік-кәсіби категорияға жататын халықтың белсенді «жана маргиналдық топтары» пайда болды. Қалыптасқан жағдайға байланысты өз статусын өзгертуге мәжбүрленіп, шын мәнінде әлеуметтік перспективасын жоғалтты [8].

Коғам өмірінде жастар рөлін негізгі дамытушы күш десек, осы жастар көгамдық істерге тартылмады. Жастар өз алдына қалып койды. Трансформациялану кезінде жастар батыстық құндылыктарға, яғни индивидуализм, іскерлік-есепке, материалдық құндылыктарға деген қызығушылық, агрессия және батыстық нарық пен мәдениетке бет түзей бастады. Аталған жағдай коғамдағы ұрпактар арасындағы жанжал мен девианттық үрдіске жол ашты да, коғам одан да терең маргиналдана түсті. Қазақстан көгамында осы үрдісті токтату мәселесі қынға сокты. Социум екіге жарылды. Коғамда жалпы ортақ құндылыктар қалыптасып үлгермеді, құндылыктар саласында ваккум қалыптасты. Ол өз кезегінде әлеуметтік оргата психологиялық ваккум орнатты. Галымдар көгамда бұрын соңды болмаған әр түрлі керкағар ауытқулар туралы дабыл қакты, атап айтканда: ішімдікке салыну, сүйшид, нашакорлық, ұлтшылдық пен діни экстремизм.

Жаһандану жағдайында Қазакстан қоғамында трансформациялану процесси саяси жүйенің кайта карауға, сонымен қатар рухани құндылықтарды түгелдеуге итермеледі. Қоғамдағы болып жатқан олкылықтың орнын толтыру мақсатында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев 1997 жылы Қазақстан халқына «2030 жылға арналған стратегиялық даму бағдарламасы» деген Жолдау арнады. Жолдауда ел алдындағы жүзеге асыру керек деген жеті басымдылық анықталып, 2030 жылға дейінгі аралықтағы елдің әлеуметтік, мәдени, экономикалық, саяси-акпараттық жағынан даму бағыттары түгел қамтылды. Бір кезде тәуелсіздіктің алғашкы жылдарында қоғамдық ғылымдар өкілдері шуылдастып жокқа шығарған идеология кайтадан саясат сахнасына оралды. Жаңа Қазақстан қоғамында бұкарапттық санауда да үлкен өзгерістер болды. Қазақстанның полиэтникалық мемлекет екенін ескерсек, қоғамды біріктіруші фактор ретінде ұлтаралық пен татуластық, діни сыйластық ұстанылмдары бүтінде бұкарапттық санаға айналып үлгерді. Қазақ ұлты Қазақстан мемлекетінде негізгі этнос ретінде өзінің ұлттық-мәдени құндылықтарымен кайта табысып жатыр. Бұл орайда да Елбасының «Мәдени мұра» бағдарламасына байланысты саясатын ерекше атап өту керек. Халқымызда «елу жылда ел жана» деген жаксы сөз бар. Егемендік алғалы бері, уақыт өлшемі түрғысынан қарағанда әлі жас мемлекет үшін өз болашағын айқындал, қоғамды дамытуда өз құндылықтарын нық анықтап алған Қазақстан Республикасының болашағы жарқын.

Жаһанды жайлап алған экономикалық дағдарыстан шығу жолында қазақстандықтардың саяси санасында елдік пен мемлекеттілікті сактау калу идеясы берік орныкты. Қын-қыстау кезде, бұқаралық санасының беріктігіне сын түсетін сәт келді. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың 2009 жылы 06 наурызда Қазақстан халқына «Дағдарыс арқылы жаңару мен дамытуға» деген Жолдауында халқымызды елдік санамыздың айналасына топтасуға шақыратын тустаны басым.

ӘДЕБИЕТТЕР:

- Грушин Б.А. Массовое сознание. – М.1987. – 380. б.
 - Ольшанский Д.Ф. Массовое настроение переходного времени // Вопросы философии. – 1992. – №4. 6.б.
 - Человек, политика, психология // Вопросы философии. – 1995. – №4.
 - Соловьев Э.Ю. Правовой нигилизм и гуманистический смысл права // Квинтессенция. Философский альманах. – М., 1990. – 167-4.б.
 - Жак Деррида в Москве: деконструкция путешествия.- М., 1998.-49.б.
 - Амирова А.А. Маргинализация казахстанского общества (социальный аспект) // Саясат. – 2001. № 10,11. – 60-65.66.
 - Малинин Г.В., Дунаев В.Ю., Нурмуратов С.Е. Казахстанское общество и социальное прогнозирование: социологические изменения.- Алматы: Институт философии и политологии МОН РК., – 2001. – 41.б.
 - Маргинальность теоретический ракурс // Социс. –1999. № 12. – 32.б.

Қазақстан республикасындағы мемлекеттік президенттік парламенттік басқарудың билік легитимділігін арттырудағы мәні

Ләззат МАТАҚБАЕВА,
Абай атындағы ҚазҰПУ-дың доценті, саяси ғылымдарының
кандидаты

Mемлекеттік биліктің легитимділігі көбінесе басқарудың жетілдірілген формаларына байланысты болып келеді. Қазақстанда өтпелі дәүір аяқталғаннан кейін өкілетті өкіметтің ролін шын мәнінде күшейту мағынасында басқарудың президенттік формаларының өзгертуге кажеттілік пайда болды. Саяси даму барысында есکі дәстүрлі саяси институттар мен жаңа ұлгідегі саяси ағым арасындағы қактығыстың орын алмауы мүмкін емес. Жаңа ұлгідегі ағымның негізгі белгілері ретінде дәстүрлі институтты жокка шығармайтын, ал ұлттық онегені бойына терең сіңірген легитимділік пен тиімділік ретінде алға шығады. Президент Н.Ә. Назарбаев: «Саяси салада модернизация мынадай екі міндетті, яғни, азаматтық қоғам мен шынайы мемлекеттік тәуелсіздіктің жалпыұлттық институттарын қалыптастыру ісін жүзеге асыруды алға тосуда» деп атап өтті [1].

Казакстандағы саяси жүйені одан әрі модернизациялау процесі мынадай бағыттарда жүзеге асуда: біріншіден, парламент қызметі өкілеттігінің ауқымын кеңейту; екіншіден, саяси партиялардың ролі мен қызметін нығайту; үшіншіден, елдің ішкі біrlігі мен сыртқы легитимділігін сактап тұратын азаматтық коғам институттарын дамыту және саяси институттар куру.

Казакстан Республикасы Конституциясына енгізілген өзгерістер негізінде президенттік басқарудан президенттік-парламенттік басқаруга кешу процесі жүзеге асты. Мемлекет басшысының жекелеген өкілеттігін парламентке беру, бірката өкілеттіктерді қайта бөлу парламент жауапкершіліктері мен міндеттемелерінің пайдасына шешілді. Басқарудың президенттік-парламенттік формасы тұстайлалғанда жаңа сапа ретінде танылатын парламенттік және президенттік республиканың жекелеген сипаттамаларын бір арнага тоғыстырыды. Мұндай республикада президенттің ролі ұланғайыр, сонымен қатар, парламенттің де өкілеттілігі күшесін түседі. Мемлекеттіліктің бұл түрі Францияда, Португалияда, Финляндияда, Шри-Ланкада бар.

Билік бөлінісінің классикалық теориясына сәйкес билік тармактары арасында мемлекеттің өкілдік және заңдық органы ретінде парламент бірінші орынды иеленеді. «Парламент» ұғымы мемлекеттілік пен демократия мағыналық тізбегінде, (контекстінде) жүйе құруши болып табылады. Парламент пен парламентаризм

– жалпы ережелер мен талаптарға бағынып, әрбір элементі өз кызметін аткаратын тұрақты даму жүйесі. Қазіргі заманғы парламент – бұл айрықша ішкі құрылымы мен ұйымдастырушылық жүйесі және қоғтеген кызметі бар билік институты.

Парламенттің жетекшілік жағдайы парламенттің қазіргі заманғы қоғамдағы өкілестігімен шарттасады. Парламент халықтың өкілесті органы болып табылады, аткаруши билікке тепеңендік күш ретінде әрекет етеді, сот билігі мен аткаруши билік арасындағы аралық буын ролін аткарады, зан шығармашылығының бюджеттік механизмдері арқылы мемлекеттің сыртқы саясатына ықпал ете отырып, сыртқы саясат кызметін жүзеге асырады, сыртқы қарым-қатынасты жүзеге асыру міндеттін аткаратын кызметкерлерді тағайындауды, күшіне енгенмен кейін зан мәртебесіне ие болатын халықаралық келісім-шарттарды заңдастырады. Парламент өкілестілік, заңдық құзырлылықтың мейлінше жоғары деңгейі сынды сапалық сипаттамаға ие.

Қазіргі заманғы парламент арнайы әлеуметтік-саяси, құқықтық институт ретінде қоғамның әртүрлі таптараты мен топтарының мүддесін жүзеге асырады, халықтың жалпыға бірдей еркін сипаттайты. Дегенмен, біздің парламент әзірге бұл кызметті толығымен игерген жок. Әйткені, қазакстандық парламентаризм салыстырмалы түрде біздің қоғамның саяси жүйесіндегі жана институт. Жоғарғы Кенес биліктің бір палаталы өкілесті органы ретінде 1937 жылғы Қазак ССР Конституциясы, кейіннен 1978 жылғы Конституция негізінде калыптасты. 1990 жылдың наурыз айында он екінші шақырылған Қазак ССР Жоғарғы Кенесінің сайлауы болды. Бұл Республиканың жоғарғы зан органындағы әкімшілік-командалық жүйенің ықпалы сакталған алғашки демократиялық сайлау еді. 360 депутаттық мандатта сайлау алдындағы құресте екі мындан астам үміткер катысты. Бұл сайлауга тұнғыш рет саяси партиялар мен республикалық қоғамдық ұйымдардан ұсынылған кандидаттар катысты.

Он екінші шақырылған Жоғарғы Кенес тәуелсіз Қазакстанның іргетасын калаған бірката маңызды саяси-құқықтық құжаттарды қабылдай отырып Қазакстан Республикасы саяси жүйесінің даму тарихында айрықша роль аткарды. 1990 жылдың 24 сәуірінде ариаулы заңмен және Конституцияға енгізілген өзгертулер мен толықтырулар негізінде Қазак ССР Президентінің құзыры тағайындалды. 1990 жылдың 25 казанында Жоғарғы Кенес «Қазак ССР-ның мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» декларация қабылдады. Әйтсе де, Г. Сапарғалиев атап өткендей: «Ұдайы жұмыс істеп тұрған өкілесті орган және билік белгісі болмағандықтан Қазак ССР Жоғарғы Кенесі Парламент бола алған жоқ» [2]. 1991 жылдың 16 желтоқсанында «Қазакстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық зан қабылданды. Сол заның негізінде парламент пен парламентаризмді құрута маңызды қадам жасалып, мемлекеттік билікті заңдық, аткарушилық және сот тармактарына бөлу принципі жүзеге асты. Бұл зан актілері қазакстандық мемлекеттің іс жүзінде дербес іске асқанын дәйектейтін бірінші «легитимдік заңдық актіге» айналды. 1993 жылдың 28 кантарындағы он екінші шақырылған Қазакстан Республикасы Жоғарғы Кенесінің 9-шы сессиясы кеңестік дәуірден кейінгі Қазакстан Республикасының тұнғыш Конституциясы болды. Бұл конституция мынадай маңызды міндеттерді нығайтты: мемлекекті тәуелсіздігін зан жүзінде құжатқа айналдырыды; ұлттық-мемлекеттік жүйенің негізін қалады; халықаралық қауымдастықтарғы тәуелсіз мемлекет ретінде Қазакстанды легитимдендерді.

Реформаның әрі қарай ілгерілеуі үкіметпен бір бағытта кызмет ететін қосібі парламентті құру қажеттігін алға тосты. 1994 жылдың 7 наурызында жаңа сайлаулар өткізілді. Он үшінші шақырылған 1994 жылдың соуірінен 1995 жылдың

наурыз айының аяғына дейін жұмыс істеген Жоғарғы Кенес тұрақты негізле 177 халықтық өкіл кызмет еткен Қазакстанның тұнғыш кәсіби парламенті болды. Депутаттардың жалпы саны бойынша 52 пайзы өзін-өзі ұсынғандар, ал 48 пайзы саяси партиялар мен қоғамдық ұйымдардың мүшелері болды.

Әйтсе де, күрделі кезеңде кызмет еткен Қазакстанның тұнғыш кәсіби парламенті биліктің заңдық, аткарушилық тармактарына үздіксіз карсы тұруды көздел, тез шешім қабылдауға қабілетсіз болып шыкты. Бір жылға жетер-жетпес жұмыс істеген он үшінші шақырылған Жоғарғы Кенес легитимді емес деп танылды. Өкілестілікті биліктің уш тармағына бөлгөн басқарудың президенттік формасын белгілеген мемлекеттікі қалыптастыру мен саяси билік легитимділігі 1995 жылдың 30 тамызындағы референдумда екінші Қазақстан Конституциясының қабылдануынан басталды. Қазақстан Республикасы Конституациясының 49-шы бабына сәйкес «Қазақстан Республикасының парламенті республиканың заңдық функцияларды жүзеге асыратын жоғарғы өкілесті органы болып табылады» [3]. Осылайша, 1995 жылдың тамыз айында «кеңестік» ұлгідегі парламентаризмнен жаңа үлгідегі парламентаризмге ету басталды.

Қазақстан Республикасының Конституциясы бойынша парламент екі палатадан: тұрақты негізде әрекет ететін Сенат пен Мәжілістен тұрады. «Парламент» ұғымының өзі 1995 жылғы Конституцияда ресми түрде бекітілді. Қазакстандағы парламентаризм институтының әрі қарайғы дамуы басқарудың президенттік жүйесі шенберінде өтіп жатты. Республиканың президенттік ұлгісі елді кеңестік кезеңнен кейінгі экономикалық және саяси бекершіліктен алғып шыкты. Ендігі жерде, парламент кызметі күн өткен сайын заңдық нормалар шенберінде қабылданған қоғамдық катынастардың дамуымен тығыз байланысты болып отыр. М. Қасымбеков: «Президенттің заңдық, аткарушилық және сот тармактарымен өзара қарым-қатынас және өзара әрекеттестік жүйесі токрап қалған конструкция емес. Ол уақыт талабына сай бейімделген және жетілдірілген жоғары сатыдағы қабілеттілікті сипаттайты» [4].

Саяси билік легитимділігінің келесі кезеңі республиканың жоғарғы заңдық органдары өкілестігінің ауқымын кеңейту болды. 2007 жылдың 16 мамырында Республика Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Конституцияға өзгертулер мен толықтырулар енгізу жөніндегі бастамамен Қазақстан Республикасы Парламенті көс палатасының бірлескен мәжілісінде сөз сөйлемді. 2007 жылдың 18 мамырында Парламент Қазақстан Республикасының «Конституцияға өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» заңын қабылдады. Бұл өкілесті үкіметтің ролі шын мәнінде қүшегенін, Қазақстан Республикасы саяси және құқықтық жүйесінің әрі қарай модернизацияланғанын дәйектеді. Тұгастай алғанда, өзгертулер мен толықтырулар мына төрт занға катысты жүзеге асырылды: «Қазақстан Республикасы Президенті туралы», «Парламент және оның депутаттарының мәртебесі туралы», «Үкімет туралы», «Сайлау туралы».

Басқарудың президенттік-парламенттік формасына кірісу Қазақстан Республикасы саяси билігінің легитимділік деңгейін көтеру бағыттың аса ірі оқиға болды. Конституциялық өзгертулер Қазақстан Республикасы Парламентінің беделін ғана көтеріп қойған жоқ, ол сонымен катар мемлекеттің беделін халықаралық деңгейде көтерді, атап айтқанда, Қазақстан Республикасының ОБСЕ-дегі жетекшілік роліне байланысты абыронын аскактатты. Бір сөзben айтқанда, республика президенттік болып калды, ал парламент өкілестігінің ауқымы айтарлықтай кеңейді.

Конституцияның 55-ші бабына сәйкес «Сенатқа айрықша енгізілетін мәселелер мынашар: Республика Президентінің Үлттық банк төрағасын, Бас прокурор-

ды, Республиканың Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасын тағайындауға келісім беруі» [5]. Казакстан Республикасы Конституциясының 56-ші бабы бойынша Мәжіліске айрықша енгізілетін мәселелер мыналар: «Президенттің Республика Премьер-министрін тағайындауға, Мәжіліс депутаттарының жалпы санынан көпшілік дауыспен Мәжіліс депутаттарының жалпы санынан бестен бірінің бастамасымен Үкіметке сенімсіздік білдіре алады» [6]. Ал 57-ші бап мынаны мәлімдейді: «Парламент палатасының әрқайсысы өз алдына келесі палатаның катысуының Конституциялық кенестің екі мүшесін, Орталық сайлау комиссиясының екі мүшесін, Республикалық бюджеттің орындалуын кадағалау жөніндегі есеп комиссиясының мүшелерін тағайындауды» [7].

Конституцияға енгізілген өзгерістерге сәйкес Үкіметтің мемлекет басшысы алдындағы ғана емес, сондай-ақ, парламент алдындағы есеп берушілігі жолға койылады, соңғысы атқарушы биліктің қоғамдық есеп берушілігі мен олардың органдарының қызметтерінің кіршікіздігін көрсететін мемлекеттік қызмет сапасының жоғары тиімділігін қамтамасыз ету максатында үкімет мүшесі қызметінен босату туралы республика президентіне Үндеу жолдауы мүмкін.

2007 жылдың 18 тамызында Парламент Мәжілісі депутаттарының сайлауы өтті. 4-ші шақырудағы Мәжіліс 1991 жылдан бері парламенттің алтыншы құрамы. Мәжіліске келгендер депутаттар өзіндік қозқарастары калыптаскан, басқарушылық жұмыстар мол тәжірибелері бар заң шығарушылар, сондыктan асығыс дайындалған реформаға сын көзбен карайды деген ойдамыз. Парламенттік қызмет – айрықша мәртебедегі жоғары жалпы мәдениет пен арнаулы білімді талап ететін ерекше жариялыш саяси қызмет. Депутаттар мен сенаторлар, олардың көмекшілері мен кеңесшілері, жоғарғы заң шығарушылық аппарат қызметкерлері әлеуметтік зерттеулермен және қоғамдық пікірді зерттеумен айналысады мемлекеттік және жекеменшік институттар мен мекемелерден келіп түсітін акпараттардың басым болігін тұркты тұрде және мұқият кадағалауы, бағалауы және талдауы тиіс.

2007 жылдың 14 наурызда Мәжіліс қарашасында Мәжіліс каулысына сәйкес парламентте Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі жаңынандағы Қоғамдық палата, кенестік-мәжілістік орган құрылды. Бұл органның максаттары мынадай: заң жобаларының сараптамасы, қарастырылған және дайындалған заң жобалары бойынша ұсыныстар мен кепілдемелер әзірлеу, әрекет етуші заңды жетілдіру жөніндегі парламент мәжілісіне келіп түскен ұсыныстарды қарастау және бағалау. Қоғамдық палатаның құрамы – 30 адам. Атап өту керек, осындай органдарды құруға бұрын да талпының жасалған болатын. Бастапқыда ол азаматтық қоғамның әрі қарай демократиялануы мен дамуы бойынша ұсыныстарды әзірлеу жөніндегі Мәжіліс болатын, кейіннен азаматтық қоғам мен демократия жөніндегі Ұлттық комиссия, 2006 жылы Қоғамдық сарапшылардың палатасы болып құрылды. Біздінше, заң шығармашылығы процесіндегі қазіргі заманғы заң шығарушыға проблемаларды, заң шығарушылық база ахуалын, осы мәселе бойынша қоғамдық пікір шолуын, осыған ұқсас мәселелерді шешу жөніндегі әлемдік тәжірибе туралы акпараттарды, ғалымдардың пікірлерін қамтитын біртұтас деректер кешені қажет.

Әлбетте, депутаттардың мүндай акпараттарды иеленуі үшін әр алуан косалқы органдар көмекке келуі тиіс. Олар: палатаның қоғамдық сарапшылары ретіндеғі аппарат комитеттері мен комитет бөлімшелері, тәуелссіз сарапшылар мен кітапхана қызметкерлері. Мысалы, АҚШ конгресінің зерттеу қызметі, бұл – арасында әлемге әйгілі ғалымдары бар 900 қызметкері бар, әлемнің 460 тіліндегі 90 миллионға жуық кітап сакталған кітапхана. Оның жұмысының маңызды

принципі конгреске әр мәселе бойынша «колдаймын» және «карсымын» деген әділ және кисапсыз акпараттарды ұсыну болып табылады.

Бұкіл әлемдегі парламенттің өнімділігінің маңызды шарты саяси тұрқытылық болып табылады. Бұл тұрғыда биліктің заңдық тармактарының тиімділігін қабылданған заң актілерінің санымен емес, олардың сапаларымен бағалау керек. Қабылданған заң актілерінің сапасы биліктің заң актілерінің легитимділігіне ықпал етеді. Қазақстанда қабылданған заңдардың барлығы парламентте қаралғанға дейін сараптамалық бағасын алуға міндетті екені – факт. Әйтсе де, парламентке түсетін заң жобалары сапасының төмен болуының біркетар себептері бар екенін оған катысуышылардың бәрі дерлік мойындауды. Олар: үкіметтің асығыс, әрі келісілмен әрекеттері, реттеудің белгілі бір саласындағы қандай да бір жана заңды немесе заңдар топтамасын әзірлеу қажеттігін негіздеу үшін бастапқы акпараттың жетіспеуі, депутаттар мен заң шығарушылар арасында кәсіби мамандардың жетіспеуі. Қазақ мемлекеттік заң университетінің басшысы М. Нәрікбаев мына мәселелерді мойындаудының мәлімдейді: «біріншіден, біздің университет бойынша сарапталатын 55 заң жобасының орнына біз 96 заң жобасын сараптадық; екіншіден, сараптау мерзімі кейде 2–3 күн ғана болады. Бұл түсінікті де. Эрине, мемлекет даму үстінде. Заңдар ауыстырылуы керек. Бірақ, заң қабылдаудың мүндай қарқыны сараптау сапасы бойынша талапты төмendetеді» [8].

Зерттеушілер атап өткендегі: «Әділет Министрлігінің кейде заңдық құжаттардың 10 пайзының кайта өндеу үшін кайтаратынын, ал Мәжілістен Үкіметке заң жобаларының 14 пайзының кайта кайтарылады. Себептері – әлсіз концептуальдық әзірлік, заңдық техникадағы кемістік, жекелеген құқықтық нормалардың кайшылыны, құқықкабылдаушылықтағы тусініксіз перспективалар» [9].

Конституциялық өзгертулер қоғамның әрі қарай дамуының құқықтық базасын жасау үшін қажетті өкілділік жүзеге асыратын парламент өкілі ретіндеғі заңдық тармактар болып табылады. Мәссле сонда, ол осы өкілділікті қалай пайдаланады? Германияда, Италияда, Испанияда парламенттік институттар тоталитаризмді бастаң кешірген елдерде антидемократизмнің атрибуттарын жеңіп шығуға мүмкіндік берді. Қазақстанның өкілдітті органының болуы оның жинақтаған азғантай тәжірибесі қазіргі заманғы қоғамның айрықша әлеуметтік және саяси институты ретінде жетуы қажеттілігін білдіреді. Парламент ашық, демократиялық жолмен формасы мен мазмұны жағынан дебаттар мен талқылаулар болып келетін елдің еркін білдіруге және соның негізінде соған сәйкес шешімдер шығарып, заңдық жүйені қалыптастыруға қабілетті дискуссиялық форумға айналуы тиіс.

Қоғамдық өмірдің одан әрі шиеленісуі парламент қызметіндегі саяси функциялардың үкіметтің парламент алдындағы жауапкершілік принциптерінің кейір заңдық шарттылықтарынан басым түсі қажеттігін тудырады.

Казакстан Республикасы Конституциясының 57-ші бабы бойынша «Парламент палатасының депутаттары Үкімет мүшелерінің есептерін олардың қызмет мәселелері жөніндегі есептерін тындауға құқылы» [10]. Бұл бап бойынша, үкімет мүшелері заңды орындаған жағдайда депутаттар оларды қызметінен босату туралы президентке үндеу жолдауға құқылы. Парламентарий әлі күнге дейін бір рет бұл құқығын колданып көрген жок және министр қызметіне бақылау жасау жеткіліксіз. Біздінше, парламентарийдің алуан түрлі қызметтерінің ішіндегі ең бағыттың заңдық функция болып табылады. Басқарудың бұкіл жүйесінің тұрқытылығы мен легитимділігі қабылданған заң актілерінің сапасы мен сенімділігіне байланысты.

Конституциялық өзгертулер Парламент Мәжілісі депутаттарының баскаруышылық өкілеттіктерінің ауқымын және олардың жауапкершілік деңгейлерін айтартыктай кеңеңте түседі. Біздінше, баскарудың президенттік-парламенттік формасын енгізу парламентте қалыптастан бір партиялық құрамды жсніп шығу үшін сайлау заңын өзгертуді талап етеді.

Негізгі заңға енгізілетін өзгертулер Казакстанның ішкі даму логикасында, елде жүріп жаткан қоғамдық-саиси процесстерде, демократиялық институттарды дәйектеуге ұмтылған қоғамның талпыныстарында баяндалған. Олар бір мезгілде саиси жүйенін айрықша элементі ретінде Казакстан Республикасы парламентаризмін әрі қарай дамытуға арналған негізгі құрамдық бөлігі болып табылады. Казакстанда бұрын-сөндө болмаған парламентаризм дәстүрлерін қалыптастыру, тұтастай алғанда мемлекеттік билікті легитимациялау Парламентке және оның жемісті заңдық қызыметіне байланысты.

Төменгі палата конституциялық заңда бекітілген тәртіп бойынша сайланған 107 депутаттан тұратын болды. Мәжілістің 9 депутатын Қазакстан халқы Ассамблеясы сыйлады. Сенаттың 15 депутаты қоғамның барлық қабаттарының мүдделерін есепке ала отырып, жоғары палатадағы өкілеттікіті камтамасыз ету есебімен тағайындалады. Парламентарийлер саны 38 адамға артты да, депутаттар саны 154-ке жетті. 2008 жылдың жазында ОБСЕ Парламенттік Ассамблеясының 17-ші сессиясының ашылуында мемлекет басшысы екі партиядан кем емес парламент қалыптастыруға жол аштын құқықтық механизм жасау мүмкіндігін атап өтті.

Өзін-өзі басқару мен жергілікті мемлекеттік мәселелері бойынша өзгертулер енгізу принциптік тұрғыда маңызды мәселеге айналып отыр. Жергілікті мәселелерді шешу үшін тұрғылықты халық сыйлады мәслихат пен өкілеттік органдар жергілікті өзін-өзі баскарудың негізі болып табылады. Мәслихат депутаттарының өкілеттік мерзімі төрт жылдан бес жылға ұзартылды. Облыс әкімдерін әкімшілік-аймактық бөлікке сәйкес келетін мәслихаттың келісімімен Республика Президенті тағайындаиды.

2009 жылдың ақпан айында Президент «БАҚ туралы», «Қазақстан Республикасындағы сыйлау туралы», «Саиси партиялар туралы» заңдарға енгізілетін өзгертулер мен толыктыруларға кол койды [1]. «Саиси партиялар туралы» заңға енгізілетін өзгерістер саиси партияларды құру мен тіркеу шараларын қыскартуды ұсынады. «Саиси партиялар туралы» заңының 10-шы бабына енгізілетін өзгеріске орай сандық шектеме (ценз) 50 мың адамнан 40 мың адамға, соған сәйкес аймактық шектеме (ценз) 700 адамнан 600 адамға азайтылған.

Партияларды мемлекеттік тіркеуден өткізуге арналған құжаттарды ұсыну мерзімі екі айдан төрт айға ұзартылған. 7-ші баптын өзгерісінде саиси партиялар шығарған атаулар мен рөміздер әрекет етуші немесе таратылған партияларда ғана емес, сонымен катар, қоғамдық бірлестіктерде де колданылмауын карастырады.

Партияның парламенттің төменгі палатасына ету үшін 7 пайыз кедегі сол қалында калып отыр, бірақ, заң кез-келген электоральдық факторларда Мәжіліске екінші партияның етуіне кепілдік береді. Демек, егер бір саиси партия етсе, депутаттық мандаттарды бөлісуге көп дауыс жинаған келесі партиялар да өте алады. Екінші партияның Мәжілісте екеуден кем емес орын алуына кепілдік беріледі. Осылайша, саиси партиялардың заң жобаларын әзірлеудегі заңдық процесстерге катысуына мүмкіндік туып отыр.

БАҚ туралы заңға енгізілетін өзгерістердің мәні басылымдық және электрондық БАҚ-тағы әкімшілік кедегілерді жою, сонымен катар, журналистердің кәсіби мүддесі мен құқыктарын корғау болып табылады.

БАҚ туралы заңының 10-шы бабындағы өзгерісте телерадиохабарлар тарататын ұйымдар үшін сепке тұру және редакторлар мен редакциялардың мекенжайы ауысқан жағдайда есепке тұру алынып тасталған. БАҚ туралы заңының 21-шы бабында сұхбат алу кезінде дыбыс немесе бейне жазба колдану үшін рұқсат алу міндеті алынып тасталған. Бұл жоғарыда аталып өткен өзгертулердің бәрі дерлік Қазакстанның шынайы болмысын бейнелейді және Отандық БАҚ ретіндегі даму деңгейіне сәйкес келеді.

Сонымен катар, «жергілікті мемлекеттік басқару мен өзін-өзі басқару жөніндегі Қазакстан Республикасының кейір заң актілеріне өзгерістер мен толыктырулар енгізу туралы» заңына өзгерістер енгізу ұсынылған. Мынадай ережені заң жүзінде бекіту ұсынылған: жергілікті өзін-өзі басқару «облыс, аудан, кала, қаладағы аудан, ауылдық округтер, ауылдық округтердің құрамына кірмеген ауылдар мен елді мекендер» аясында жүзеге асырылады.

Облыстардағы, республикалық деңгейдегі қалалардағы, сондай-ак, аудандар мен облыс қарамағындағы қалалардағы жергілікті өзін-өзі басқару органдарының өкілдері мәслихаттар болады. Аткарушы орган – облыстардың, республикалық деңгейдегі қалалардың, астананың, облыстық деңгейдегі қалалардың, қаладағы аудандардың, аудандық деңгейдегі қалалардың ауылдық округтердің, ауылдар мен елді мекендердің әкімшіліктері.

Корыта келгенде, 2007 конституциялық өзгерістер мен 2009 жылғы толыктырулар парламенттегі партиялық фракциялардың өкілеттігін арттыруда, парламенттегі қалыптастан бір партиялық құрамды өзгертуге бағытталған сыйлау заңын жетілдіруді қөздейтінін атап айтқан жөн. Аткарушы билік президенттің ғана емес, сондай-ак, парламенттің және саиси партиялардың бакылауында болады. Атап өтілген өзгерістер тұркестылық пен легитимділікті күштейте отырып, мемлекеттің саиси жүйесін сапалық тұрғыда өзгертеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Назарбаев Н.А. «На пороге XXI века». – Алматы: «Өнер», 1996. – С124.
2. Сапаргалиев Г. Конституционное право Республики Казахстан: Академический курс. Изд. 3-е, с доп. – Алматы: «Жеті жарғы», 2007, С331.
3. Конституция Республики Казахстан. – Алматы, 1995. – С21.
4. Қасымбеков М. Институт Президентства как инструмент политической модернизации. Астана, 2002.- С 157.
5. Конституция Республики Казахстан: официальный текст с изменениями и дополнениями от 21 мая 2007. № 254 – III Закона Республики Казахстан. –Алматы: «Жеті жарғы», 2002, С.18.
6. См.там же.
7. См.там же.
8. Морзабаева Ж. Кто в ответе за законы. Заслон ведомственным интересам может поставить только качественная экспертиза// Республика, 10 ноября, 2006,
9. Дьяченко С. Учиться жить по Конституции // Казахстанская правда, 28 августа, 2005.
10. Конституция Республики Казахстан. Алматы, 1995.
11. Казахстанская правда.–2009,13 февраля.

Білім беру сапасын қамтамасыз ету мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарының бірі ретінде

Әбдіғаппар ЖАҚСЫБЕКОВ,
Респубикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік
орталығының директоры

Жоғарғы білім саласындағы мемлекеттік саясат оку бағдарламаларының сапалық деңгейін көтеруге бағытталған. Осыған байланысты откен жылдары жеке жоғарғы оку орындарын қаскарту мен мемлекеттік оку орындары жүйесін іріледіруге бағытталған шаралар жүргізілді. Сонымен катар, мемлекет жоғарғы оку орындарына қатысты квалификациялық талаптарды күшейту арқылы білім беру нарығында қажетті білім сапасын қамтамасыз ете алмайтын оку орындарының азауына кол жеткізді. Мемлекет тарапынан жоғарғы оку орындарының оку үдерісін материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз етуі, оку орынның қаржыландырылуы, гылыми-педагогикалық құрамының сапалық деңгейі мен білім берудің жана технологияларын колдану секілді салаларына қойылатын талап деңгейін жоғарлattты.

Қазакстан Республикасының білім беру жүйесі өзара әрекеттестіктегі жиынтықтан тұрады:

- Білім деңгейінің бірізділігін қамтамасыз ететін мемлекеттік білім берудің жалпыға міндепті стандарттары мен оку бағдарламалары;
- Білім беру мекемелері, олардың менишкітік формасы, түрі мен түрпательна және жүзеге асырып отырған бағдарламасы маңызды емес;
- Оку-білім беру үрдісін басқару органдары мен оған тиесілі инфрақұрылым, оның ішіне білім сапасы мониторингін жүргізетін ғылыми және оку-әдістемелік камсыздандыру органдары да кіреді.

ҚР Президентінің 2001 жылдын 5 шілдесіндегі № 648 жарлығы негізінде бірнеше университет Үлттых деген мәртебеге ие болды. Бұл шешім Қазақстанның алдынғы катарлы сегіз жоғарғы оку орындарына тікелей қатысты болды, өйткені оларға белгілі бір салалар бойынша еліміздегі білім сапасын әлемдік деңгейге көтеру мәселесі жүктелген болатын. Негізгі салалар ретінде медицина, ауыл шаруашылығы, техника мен технология, гуманитарлық ғылымдар, педагогика, өнер және науқы ғылымдар қарастырылды.

Осылайша, Қазақстандағы білім саласын әлемдік деңгейге көтерудің негізгі бағыттарының бірі ретінде білім беру сапасын арттыру маңызды бағыт болып саналады. Білім беру сапасы дегеніміз науқы жеткен оку жетістіктерінің нормативтік талаптарға, әлеуметтік және тұлғалық күткен нәтижелерге сәйкестік деңгейін көрсететін білім жүйесінің интегралдық сипаттамасы деп түсіндірледі.

Білім беру сапасын бағалаудың үлттых жүйесін күру бойынша жұмысты кең өрістету қажеттілігін шетелдік тәжірибелердің талдауы да дәлелден отыр. Негізгі тенденцияларға, білім беру сапасын бағалау саласында соңғы онжылдықта белгілі

болғандай, төмендегілерді жаткызуға болады:

– білім беру сапасы түсінігін өзгерту. Нарықтық катынас жүйесінде сапа тұтынушы талаптарына (окушылардың, олардың ата-аналарының, еңбек нарығының және т.б.) сәйкестігі тұрғысынан қарастыру кең тараған;

– білім беру сапасын бағалау, білім беру сапасын басқару және білім беру сапасын қамтамасыз ету жүйесінің негізгі (ключевых) элементтерін күру арқылы проблеманы кешендей қарастыру (білім стандартының, стандарт жетістігін тәуелсіз үйимдардың бағалауының бар болуы, білім беру мекемесінің дербестігінің қамтамасыз етілуі);

– білім жүйесіне комакты жеке және мемлекеттік қаржы болу тиімділігін бағалау негізі ретінде білім беру сапасын бағалау проблемасына қаржы және экономика құрылымдарының назарын аудару;

– ішкі және сырткы бағалау үйлесімі, бағалық кызметтін есеп беру құралы ретінде үйлесімі, оны дамытуға білім беру мекемесінің қолдау көрсету құралы ретінде білім беру сапасын бағалау жүйесінің жаңа элементтерін дамыту;

– білім беру сапасын зерттеу және нәтижесін талдау жұмыстарын жоспарлау кезінде қонденгейлік жүйелік модельдеуді пайдалану. Білім жүйесінің түрлі деңгейін сипаттайтын көрсеткіштерді атап көрсету (ұлттық, өнірлік, білім беру мекемесінің, білім алушылардың), сол сиякты білім беру ісіндегі, білім беру процесіндегі және оку жетістіктеріндегі инвестицияларды сипаттайтын көрсеткіштерді;

– оку жетістіктерін кең колемде түсіндіру. Оку жетістіктерінің келесі көрсеткіштері енгізіледі: жеке пәндер бойынша оку жетістіктері; оку жетістіктерінің серпіні; оку пәндеріне деген катынас; негізгі (ключевые) (пәннен тыс) біліктілік (тәнімдік, әлеуметтік, акпараттық және т.б.); білімдік қанағаттанушылық; білім процесіне қатысу дәрежесі (сабакта белсенді жұмыс істей, сабактан тыс жұмыстарға қатысу; сабактан калу және т.б.); одан әрі білім алу және түлектің мансабы; жеке пән бойынша сауаттылық пен біліктілік деңгейінің, білім жетістіктерінің жүйе-жүйесіне карай ерекшеленуі;

– басқару шешімдерін кабылдау үшін негіз ретінде ұлттық және халықаралық деңгейде білім беру сапасына кең колемді мониторинг зерттеулерін жүргізу.

Қазіргі кезде білім беру сапасын бағалаудың үлттық жүйесінің мынадай түсініктемесі калыптасты: жеке окушылардың оку жетістіктерін бағалауды, сондай-ақ жекеленген институттардың білімдік қызмет нәтижелерінің және олардың жиынтығының әлеуметтік және білімдік бағасын, сол сиякты білім нәтижелеріне асер ететін факторларды анықтауды қамтамасыз ететін институттар мен процедуралардың жиынтығы.

Қазақстанда білім беру сапасын бағалаудың үлттық жүйесін күру мынадай максаттарға жетуге мүмкіндік береді:

- қазақстандық білімнің бәсекеге кабілеттілігін арттыруға;
- білім беру мекемелеріне кабылдау кезінде әділдік пен адамгершілікті қамтамасыз етуге;
- әмірде маңызды (білім ауды жалғастыру немесе жұмыска орналасуы жалғастыру бойынша) шешім кабылдау үшін білім беру қызметтерін тұтынушыларға мағлұмат беру деңгейін арттыруға;
- білім беру институттарын лицензиялау және аккредитациялау жүйесін дамытуға;
- білім беру сапасын арттыру жөнінде негізделген басқару шешімдерін кабылдауға.

Білім беру сапасын бағалаудың үлттық жүйесі орындастының негізгі міндептер:

1. Оқитындардың үлгерімін корытынды аттестаттау және оқудың келесі са-

тысина ауысуға іріктеу үшін немесе одан әрі оку жетістігін болжару үшін білім алушылардың оку жетістіктерінің деңгейін бағалау.

2. Білім беру сапасын мониторингтік зерттеу шенберінде оқудың түрлі сатысындағы білім беру сапасын бағалау.

3. Түрлі тұтынушылар үшін, мұғалімдерге, ата-аналарға, мектептерге түрлі үлгіде білім беру нәтижесін шүғыл түрде бағалауға мүмкіндік беретін білім беру сапасын өлшеу жүйесін калыптастыру.

4. Жүргізілген мониторингтік зерттеулер мен аттестаттау нәтижелерінің негізінде білім беру мазмұнын және оқыту әдістерін жетілдіру бойынша нұсқаулар әзірлеу.

Осылайша, женілдетілген түсіндіруде, білім беру сапасын бағалаудың үлттық жүйесі негізгі екі элементтен тұрады: емтихандар жүйесі, мониторингтік зерттеулер жүйесі.

1999 жылы Казакстан алғаш рет оку жетістіктерінің халыкаралық мониторингіне катысты (Monitoring of Learning Achievements (MLA)), мұндай мониторингті жетпістен астам елде ЮНИСЕФ және ЮНЕСКО жүйелі түрде өткізіп келеді. Осы мониторинг шенберінде математикалық даярлық, қазак және орыс тілдері саласындағы сауаттылық, 4-ші сынып окушылары арасында өмір дағыларын игеру бағаланды. Бұл деректер іріктемесінің көртартпа тұсауқесерінің айқын еместігіне карамастан, өте қызықты болды.

Одан соң Қазакстан MLA-ға тек 2005 жылы ғана катысты. Бұл зерттеудің нәтижесі өндөлді және алғашкы тұсауқесері өтті. Төртінші сынып түлектерінің оку жетістіктерінің мемлекеттік ортактандырылған мониторинг деректерімен салыстыруда өте қызықты мәселе көрсетіледі. Осылан байланысты айта кеткен жөн, бірқатар елдерде (мысалы, Қыргызстанда) дәл MLA материалдары бастауыш мектеп корытындысы бойынша оку жетістіктерінің мемлекеттік мониторингі үшін сапа негізінде қабылданады.

2004 жылы Қазақстан 2006 жылға арналған РКА халыкаралық зерттеуге катысуга өтінім береді. Бірақ 2005 жылы бұл өтінім бекітілмейді. Қазақстан беделді білім беру сапасын зерттеудің (62 сл Р18А-2006 өздерінің катысатындарын бекітті) біріне қатыса алмады.

Осылайша, Қазақстан халыкаралық білім беру сапасын салыстырмалы зерттеулеріне катысушы ретінде белсенділер катарапына жатпайды. Бұл оның білім беру жүйесін басекеге кабілеттілік және баскалардың озық тәжірибелерін пайдалану мүмкіндіктері тұрғысынан алғанда, әлеуетті осал етеді. Одан басқа, білім беру сапасын бағалау жөніндегі мамандар ірі халыкаралық ұжымдарда қазіргі тестілеу технологиясын әзірлеуге катысу мүмкіндігінен айырылады. Емтихандар мен мониторингтік зерттеулер жүйесінің сыртқы алуан түрлілігіне карамастан, Қазақстандағы білім беру жүйесі толығымен нәтижеге – ұзак мерзімді оқыту нәтижесіне жеткілік-сіз бағдарламаның мойындау қажет. Жүйенің бұл сипаты оның үш терендетілген салдарына тірдейді: 1) оку бағдарламалары, стандарттары және педагогикалық тәжірибелері мен ұзақ мерзімді оқыту нәтижесін арасында накты және түсінікті байланыстын болмауы; 2) колданыстағы оку бағдарламаларында, стандарттарында және педагогикалық тәжірибеде кандай білім беру нәтижелері алған білімге негізделген экономика, азаматтық қоғам талап ететін болып табылатындыны туралы түсінік жеткілік-сіз көрсетілген; 3) педагогикалық кадрлар білім беру нәтижелерін (казіргі әлеуметтік-экономикалық даму кезеңінде Қазақстанға қажет жаңа дағылар мен қабілеттерді дамыту мағынасында) қамтамасыз етуге дайын емес.

Қазіргі таңда білім беру жүйесінде білім беру нәтижелерінің және өнірлік және үлттық деңгейдегі әлеуметтік нәтижелерінің жүйелі мониторингі сінді ғана үйымдастырыла бастады. Білім беру жүйесіне және онда өтіп жаткан процес-

терге (каржыландыру, кадрлардың көсіби даярлық бағдарламаларын, әдістерін, окулықтарын әзірлеу) қаржы жұмысаға бағытталған көптеген шаралар жүйе нәтижесін бағалауға негізделмеген (мысалы, дағылар мен біліктілікті игеру, деңгестік және бастамалық, қылмысты төмendetу, т.б.). Бұл білім берудің баскарма органдары өз құштерін негізінен бағдарламаларды іске асыруға дейінгі сапасын камтамасыз етуге жинактаған, ал бұл бағдарламаларды іске асырудың әлеуметтік нәтижесі мен білім беру нәтижелеріне көзіл бөлінбеген дегенді білдіреді. Осы тұрғыда, Қазақстанда және кенестік кеністегінің бірқатар елдерінде осы күнге дейін көптеген елдерде тәжірибе түрінде кабылданған білім берудің баскарудан ерекшеленеді, онда жүйенің қызмет істеу нәтижесі туралы акпараттар жинау және талдау білім берудің баскарма органдарының маңызды міндеттері болып табылады.

Қазақстанда білім беру нәтижелері туралы бар акпараттар аса фрагменттік (үзінді түрінде) және жиі субъективтік сипатта берілген. Нәтиже мониторингі маңызы ұғымының өсуіне карамастан, білім берудің баскарма органдары нәтижеге жету тұрғысында оку мекемелері жұмыстарының мықты және алсіз жақтарын бағалауды жүргізуге нашар дайындалған. Бұл процестердің үстінен артық бакылауға экеліп соғады және мектептерге нәтиже үшін жауапкершілік жағдайы барысында сәйкес оку материалдары мен әдістерін таңдауға кедергі келтіреді. Осылайша, неліктен білім берудің баскарма органдарығының жарыстардың (олимпиадалардың) және үлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) нәтижелерін мектепті бағалау үшін пайдалануға ұмтылатыны түсінікті болады, олардың мектептерді, муниципалитеттер мен өнірлерді салыстыру, стратегияны сенімді түзетуді қамтамасыз ететін, күткен нәтижені олшеуге арналған басқа ұтымды құралы жоқ. Бірақ, ғылыми жарыстар да, үлттық бірыңғай тестілеу нәтижелері де мониторинг және сапаны бағалаудың сайма-сай құралы болып табылмайды. Кейір дамыған өнірлерде өнірлік бағалау материалдарын құру есебінен жұмысты жаксартуға әрекет жасалуда, бірақ өнірлерде қазіргі әдістемелік құралдар арқылы оқыту нәтижесін бағалау потенциалы дамымағандыктан олардың техникалық сапасы әлі де жаксартуды талап етеді.

Мұндай жағдай бірыңғайлы технологияға есептелген, бірақ Қазақстанда бар білім беру саласындағы зерттеу жұмыстарының жеткілік-сіз потенциалымен тек дәстүрлі оралымсыз және көртартпа баскару жүйесімен түсінірледі. Көптеген онжылдықтар бойында жүргізілген кенестік педагогикалық зерттеулер әлемдік талқылау мен тенденциялардан ала ботен дамыды. Бірақ, ғылыминың басқа саласынан (экономика, саясаттану, әлеуметтану) ерекшелігі бұл үзікті (отрыв) жену, казіргі әдістер мен дәрежеге өту, накты білім беру нәтижесіне жету проблемаларымен зерттеу жұмыстарының байланысын орнату бәсен жүрді. Білім беру саласындағы кенестік зерттеудердің нәтижесі жарын қүшті тәсілдердің катарапын әзірлеу болып табылғанына карамастан, зерттеулер мен өңдеулердің басым болігі казіргі таланттарға жауап береді алмайды. Олар білім беру саласындағы саясат туралы «әнгімете» тартады және сирек шынайы эмпирикалық деректерге құрылады, Қазақстандағы білім беру саласының алдында тұрган жаңа проблемаларды шешуде шектеулі пайдаланылады.

Қазақстанда білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасына сәйкес жалпы білім беруде мониторингтік зерттеулер жүйесін құру бағытында жылдам және накты қадам жасалды. Бұл негізінен куанарлық жайт, егер еске алатын болсак, 2005 жылға дейін Қазақстанда мұндай тәжірибе болмаған.

Сонымен бірге, бұл тетікті ойластыруға және дайындауға уақыттың аз болуы зерттеуді тек эксперимент ретінде қарастыруға экеліп тіреді. Женілдетілген тестілеу материалдары, толық емес іріктеме және акпараттың «негізгі» жиынтығының болмауы мұндай мониторингтің тиімділігін елеулі төмendetті.

Келесі шешілмеген айтарлыктай проблема білім беру процесін жетілдіруге арналған білім беруді басқару үшін алынған акпараттарды пайдалану тетігінің жоқтығы болып табылады. Бұл тетікіз жиналған акпарат білім беру саясатына әсер етпей, мұғалімдерге жұмыстарын жетілдіруге көмектеспей кажетсіз болып калады деген қауіп бар.

Сонымен катар, осы қунғі сапаны бағалау жүйесі білім беру сапасын бағалау үшін емтихандардың нәтижесі туралы мәліметтерді тиімді пайдалануға жарамсыз. Ұлттық бірынғай тестілеу нәтижесі негізінде пайдаланылып жүрген мектептер мен мұғалімдерді көтермелеу және жазалау тәжірибесінің байыптығының негізі жок.

Осылайша, мониторингтік зерттеу осы қунғі формасында білім беруді дамытуға, белгілі бір дәрежеде, аз мүмкіндік туғызытын формалдық процедура болып табылады.

Кәсіптік білім беру сатысында ұлттық көлемдегі білім беру сапасын бағалау мониторингі тәжірибеде жок.

Ақыр соңында, қазіргі мониторингтік зерттеу жүйесін қалыптастыру үшін халықаралық білім сапасын зерттеулерге қатысу тәжірибесінің жоқтығы басты проблема болып отыр.

Емтихандар жүйесін туралы айткан кезде, Қазақстан объективтік және әділетті емтихандар жүйесін күруда көптеген елдерден озық түрғандығын баса айткан жән.

Сонымен катар, Қазақстанның емтихандар саласындағы көпжылдық инновациялық тәжірибесі мынадай проблемаларды аныктады:

- барлық емтихандардың бақылау-өлшеуші материалдарының жетілдірілмегені, онын ішінде ҮБТ және МАБ;
- негізгі мектеп бойынша емтихандық процедураудардың әділсіздігі, бастауыш және орта кәсіптік білім беруде, магистратураға және аспирантураға түсү кезінде;
- білім беру процесін жетілдіру үшін емтихан нәтижесін шындалауда тетігінің жоқтығы;
- білім беру сапасын және онын тиімділігін бағалау үшін емтихан нәтижесін пайдалану үшін жинақталған акпараттың жетімсіздігі.

Емтихандар жүйесі мен мониторингтік зерттеу жүйесі көптеген елдерде ортак проблема кездесіп жатады. Олардың негізгісінің бірі – бақылау-өлшеуші (тестілеу) материалдарын әзірлеу саласында, оларды статистикалық (психометрикалық) ендеу саласында арнайы даярланған мамандардың жетіспеуі. Бұл проблема Қазақстанда аса өзекті болып тұр, себебі тестология мен психометристер даярлау бағдарламасы әзірше жок. Қазіргі білім беру сапасын бағалау мәселесі педагогикалық кадрларды даярлау, кайта даярлау бағдарламасына кірмейді. Бұл сапаны бағалаудың дәстүрлі мәдениеттің басынқы құйінде қалуына әкеледі.

Шын қындықтар жаңа емтихан формалары мен мониторингтік зерттеулердің қоғамның қабылдауына байланысты туындаиды. Олар белгілі бір ынталы топтардың саналы қарсылығына емес, көрініште, білім беру сапасын бағалау процесіне қатысушылардың (окушылар, олардың ата-аналары, туыстары, мұғалімдер және профессорлар, жұмыс берушілер, баскармалар) нашар мағлұмат беруге байланысты. Кең көлемді талқылау мен мағлұмат беру арқылы қоғамдық көлісімге жету шынайы емтихан мен мониторингтің тиімді жүйесінің қызмет істеуінін маңызды шарты болып табылады.

Басқа орта проблема (сыртқы емтихан жүйесі үшін ерекше маңызды) қазіргі акпараттық-коммуникациялық зерттеуді дәлме-дәл пайдалану болып табылады. Соңғы жылдары түрлі елдерде осы салыға арналған тиімді және технологиялық

бағдарламалық құралдар құрылды. Олардың біразы Қазақстанда пайдаланылады. Бірак, толықымен бұл технологиялар базау дамып келеді.

Бұл проблема басқа ортак қындықпен – қаржы қорының жетіспеуімен байланысты. Шындығында, жаңа технологиялар дәстүрлі технологиядан қымбат. Дегенмен, экономикалық талдау көрсеткендегі, сапаны бағалауға кеткен шығындар қаржылай актальы мүмкін, себебі сапаны арттыруға, демек, білімге қаржы салу үлкен қор тиімділігіне жеткізеді. Мұнда негізгі қаржы проблемасы алғашқы емтихандар мен мониторинг және қажетті инфрақұрылым жүйесін құру болып табылады. Бұл проблема Қазақстанда өз шешімін тапқан. Бірак та бұл жүйені одан әрі дамыту және жаңарту косымша корды қажет етеді.

Осылайша, біздін ойымызша, білім беру сапасын бағалау жүйесін жаңартудың негізгі бағыттары:

- мемлекеттік билікке, қоғамға, кәсіпкерлерге талдау акпараттарын беретін білім беру сапасын зерттеудің мониторингтік накты жүйесін құру;
- негізгі мектеп курсы үшін бітіруші емтихандардың сапасын және объективтігін арттыру;
- ҮБТ және МАБ үшін жана бақылау-өлшеуші материалдарын құру;
- жоғары оку орындарында мемлекеттік аралық бақылау үшін бақылау-өлшеуші материалдарын жетілдіру;
- білім беру жүйесінде сапаны зерттеудің мониторингтік жүйесін құру;
- Қазақстанның халықаралық білім беру сапасын зерттеуінс енгізу болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Конституция Республики Казахстан. 1995.
2. Закон Республики Казахстан «Об образовании», 1999.
3. Законодательство об образовании в Республике Казахстан. Алматы, Юрист, 2001, С.36.
4. Государственная программа развития образования в Республике Казахстан на 2005 - 2010 годы. Астана, 2004
5. Государственная программа «Образование» // Собрание актов Президента Республики Казахстан и Правительства Республики Казахстан. 2000. №40. С.78.
6. Алтыбасаров М. О некоторых проблемах высшего образования // Высшая школа Казахстана. 2002. №1. С.18–19.
7. Бегаилов Е. и Тулагенова Р. Введение стандартов – закономерный процесс // Высшая школа Казахстана. 2002. № 4. С.42
8. Глобализация и проблемы образования в Казахстане // Философия образования.– 2004.
9. Глобальная экономика и Казахстан // Казахстанская правда.– 2007.
10. Дамитов Б. и Мельников В. Интеграция в мировое образовательное пространство через повышение качества образования // Высшая школа Казахстана. 2002, №1. С.12.
11. Нурмагамбетов А.А. Образовательная политика Республики Казахстан в контексте трансформации системы высшего образования. – Алматы: ПД «Домино», 2002. – С.257.
12. Нуртазина Р.А. Глобальные тенденции и модернизация послевузовского профессионального образования Казахстана II Право: теория и практика. - Российская Федерация. – М., 2004. – 33.
13. Нуртазина Р.А. Интеграционные процессы в образовании Казахстана II Экономика и финансы. – Российская Федерация. – М., 2004.
14. Zhomart K. Medeuov. The Reform of Kazakhstan's Education System. The Problems of State Monopoly on Higher Education Quality. // The Challenges of Education in Central Asia, 2003. P. 360.

ҚР Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы шенберіндегі әлеуметтік саясаттың негізгі бағыттары

Ардақ МАСӘЛІМОВ,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың
саясаттану кафедрасының ізденушісі

Ә

кономикалық дағдарыс жағдайындағы мемлекет саясатының құрамадас болігі тиімді әлеуметтік саясат болып табылады.

Сарапшылар әлеуметтік саясатты нарыктық жаңарадың ілгерілеу критерийлеріне жатқызады. Олардың пікірінше, нақты саяси жүйенін стратегиялық орнықтылығы мен тұрактылығы көп жағдайда әлеуметтік саясаттың концептуалды бағыттарын дұрыс тандауға байланысты.

Жалпы алғанда, әлеуметтік саясат саяси жүйенін маңызды бейімделу механизмі болып табылады, сондыктан оны «саяси» мен «әлеуметтіктің» озара әрекеттесуі ретінде карастыру қажет. Сондай-ақ «әлеуметтік» жи «қоғамдықтың» синонимі ретінде алынады, сол себепті әлеуметтік саясат міндеттерінің бірі – ықпал ету және бақылау механизмдерін пайдалана отырып, қоғамдық омірде тере-теңдіктің белгілі дәрежесіне жету.

Қоғамдық омірде тере-теңдіктің белгілі дәрежесіне жету үшін әлеуметтік саясаттың негізгі бағыттары блоктар бойынша топталады: (1) кедейшілік-пен күрес; (2) адам капиталын сактау; (3) адам капиталының нарық сұраныстарына бейімделу.

Әлеуметтік саясат экономикалық және әлеуметтік үрдістердің тиімді өзара әрекеттесуіне бағытталуы тиіс, осы ретте экономикалық және әлеуметтік мақсаттардың едәуір дәрежеде жүзеге асырылуына сонғысына басымдық берген жағдайда кол жеткізіледі. Мемлекеттің экономикалық саясатымен өзара әрекеттескенде әлеуметтік саясат түркі максатка жетуге, яғни халықтың әл-аукатын және өмір сұру сапасын жан-жакты арттыруға бағытталуы керек. Қазақстан Президенті еліміздің 2030 жылға дейінгі даму Стратегиясында көрсетілгендей: «барлаша қазақстандықтардың оркендеуі, қауіпсіздігі мен әл-аукатының жақсаруы біздің мемлекеттің үшін аса маңызды уштұғырлы міндет болып қала береді» деп, мемлекет бағытының өзгеріссіз қалатындығын ерекше атап айтты. Осы міндеттің жүзеге асырылуына «Дағдарыстан жаңару мен дамуға» Жолдауында айтылған дағдарыстан шығу шаралары бағытталған.

Алайда азаматтардың әлеуметтік көңіл-күйі мен әл-аукатын тек табыс деңгейі мәселесі тұрғысынан ғана карастыруға болмайды. Әрине, тамакка, киімге және тұрғын үй мен басқа жағдайлардағы анықтайдыру мүмкіншіліктерін анықтайтын табыс деңгейі тұрғындар әл-аукатының басты көрсеткіші болып табылады. Бірақ шынайы әл-аукаттың өлшемі ретінде басқа көрсеткіш, яғни тұрлі мүмкіншіліктерге кол жетімділігі маңыздырак. Бұл өз кезегінде мемлекетке үлкен жауапкершілік

жүктелетіндігін білдіреді: бюджет қаржысы есебінен «қоғамдық тауарлар» өндірісі мен әлеуметтік бағдарламалардың қаржыландырылуын камтамасыз ету.

Әлеуметтік салаға мемлекеттік инвестициялар үкіметтің тек экономикалық емес, бірінші кезекте, әлеуметтік басымдықтарын және белгілі максат пен бағдарламаларды ұстанатындығын көрсетуі тиіс. Қазақстан азаматтарының деңсаулығы, білім алуы және ырыс-берекесі ел дамуының негізгі ұлттық басымдықтарына жатады. Бұл басымдықтар адам дамуына құйылған инвестиция көлемінің ұлғаюына ықпал етуі қажет. Алайда адам дамуына салынған қаржат өндірістік емес шығынға тенестірілмей, керісінше білім беруге, мәдениетке, деңсаулық сактауга жұмсалған қаржының жоғары рентабельділігімен тенестірілгені жөн.

Қазақстанда әлеуметтік саясат компенсаторлық, амортизациялық және мәселеге бағдарланғандық бағыттары бойынша жүзеге асырылады. Бірінші бағыт бойынша мемлекет тұрғындардың экономикалық әлсіз топтарының ағымдағы экономикалық ахуал дамуымен байланысты шығындарының орнын толтырады (зейнетакыға косымша төлем; азаматтардың белгілі санаттарына женілдіктер және т.б.).

Екінші бағытта әлеуметтік қауіп-кательдерді амортизациялау үшін мемлекеттік кепілдеме беру арқылы қоғамдық өмірде тере-тендіктің белгілі дәрежесіне кол жеткізіледі.

Үшінші бағытта мәселеге бағдарланған әлеуметтік саясат қоғамдық және экономикалық даму барысында пайда болған маңызды әлеуметтік мәселелерді шешуі қажет. Бұл – деңсаулық сактау, тұрғын үй, экологиялық және басқа да мәселелер.

Президенттің Қазақстан халқына Жолдауында әлеуметтік саясат үшін ішкі жүйе бірлігі ретінде карастырылған: табыс саясаты, әлеуметтік корғау саясаты, жұмыспен камту саясаты.

Табыс саясаты жалпы әл-аукат деңгейін көтеруге байланысты мемлекеттік шаралар жиынтығын көрсетеді, мысалы, бюджет саласы қызметкерлерінің жалақысын көтеру, т.б.

Тұрғындардың әлеуметтік корғау саясаты аз қамтылған топтарға колдау көрсетуге байланысты кешенді мемлекеттік іс-шаралардан тұрады: тұрғындардың белгілі санаттары үшін арнайы мемлекеттік жәрдемақы мөлшерін кобейту, зейнетакы мөлшерін осіру және т.б.

Жұмыспен қамту саясаты экономикалық жағдайын талаптарына сәйкес енбек ресурстарын болу және дамытуға байланысты мемлекеттік шаралардың жиынтығынан тұрады.

Әлеуметтік саясаттың жүзеге асу деңгейін аныктайтын жоғарыдағы ішкі жүйе көрсеткіштері ретінде тұрғындардың табысы, жұмыспен қамтылу деңгейі және т.б. алға тартылады. Бұл көрсеткіштер қоғамдық жүйе және оның болшектерінің карама-кайшылықтарын азайту мен тиімділігін молайту максатындағы әлеуметтік және экономикалық үрдістерге қоғамның тұракты және саналы әсерін көрсететін әлеуметтік саясаттың тікелей ықпал стүйнің орталығында орналасқан.

Әлеуметтік саясаттың басты мазмұны ретінде Елбасы Жолдауында тізбектелген басымдықтар жүйесін дұрыс менгеру кабылданады:

- тұрғындардың аз қамтылған топтарына колдау көрсету;
- енбек ресурстарын дамытудың тиімді жүйесін қалыптастыру.

Осы орайда екі максаттың аражігін дәл ажырату қажет:

Біріншіден, мемлекеттің әлеуметтік колдауының күн көре алмайтын әлеуметтік әлсіз топтарды нарыктың катаң әсерінен корғау; екіншіден, әлеуметтік саясаттың куралдары арқылы тұрғындардың әртүрлі топтарының экономикалық белсенділігіне ықпал ету.

Дәстүрлі калыптаскандай, адам үшін ең керемет әлем өзі, балалары, туғантыскандары жаксы тұратын жер. Біз үшін ең басты жалпыадамзаттық құндылық – өз үйімізде ырыс-береке болғандығы. Адамдардың ырыс-берекесі бірінші кезекте материалдық тұрғыдан қарастырылуы табиги заңдылық. Кез-келген қоғамдық қоңіл-күйдің әлеуметтік өлшемдері респонденттер үшін өмірлік манызды мәселелер катарында бірінші болып отбасынын материалдық ауқаттылық деңгейі тұратындығын көрсетеді.

Адамдар өмірінің материалдық деңгейі көп жағдайда олардың әл-ауқатын айқындайды. Сондыктan әлеуметтік саясатта кедейлену каупі басымырап аз қамтылған топтарды анықтау маңызды рол аткарады. Казакстандық сарапшылар мұндай топтарға бюджеттік үйімдар қызметкерлерін, көпбалалы отбасыларын, зейнеткерлерді, студенттерді жатқызды.

Бюджет саласының қызметкерлері ел экономикасының дамуына едәуір үлес коса алатын жоғары дәрежелі мамандар болып табылады. Дәл осы топ экономикалық өсіудің маңызды резерві, ері тұрғындардың салыстырмалы тұрдегі жоғары білім әлсуеті мемлекеттің бәсекеге кабілеттілік міндеттін шешуде айтартылған рол аткаруы мүмкін. Алайда бұл ресурс тек жоғары дәрежелі еңбекке лайыкты жалакы мәселесі шешілгенде ғана тиімді пайдаланыла алады.

Осы орайда, Елбасы Үкіметті бұрын жоспарланғандай әлеуметтік төлемдер мен бюджет саласы қызметкерлерінің жалақысын толық мөлшерде сактау және ары қарай ұлғайтуға кепілдік беруге міндеттеді. Атап айтканда, 2010 жылы *бюджеттік сала қызметкерлерінің жалақысы және шақіртақы* көлемі 25 пайызға, ал 2011 жылы тағы 30 пайызға ұлғайтылады. Бұл шаралар бюджеттік сала қызметкерлерінің тұғырын көтеруге, осы салаға кадр әлеуетін тартуға, ең бастысы, «осалдық» категорін азайтуға өз ықпалын тигізеді.

Студенттерге көмек ретінде мемлекет косымша 11 мың грант және 40 мың несие бөліп отыр.

Өз зейнетакысынан басқа табыс көзі жоқ зейнеткерлер кедейлену каупі жоғары адамдар катарына жатқызылады. Олар ең әлсіз әлеуметтік топ болып табылады, себебі экономикалық киыншылыктарды өз беттерімен еңсере алмайтын тұрғындардың белсенді емес тобы. Мемлекеттегі зейнеткерлер мен мүгедектердің жағдайы әлеуметтік саясат тиімділігінің айқын индикаторы болып табылады. Осыған орай, Президент атап көрсеткендей, *зейнетакының орташа мөлшері* 2010 жылы 25 пайызға, 2011 жылы тағы 30 пайызға ұлғайтылады. Бұл ретте 2011 жылы базальк зейнетакылық төлемдер мөлшері ең төменгі өмір сүру мөлшерінің 50 пайызына дейін өседі. Қарастырылған шаралар бойынша зейнетакы карт адамдар үшін тұрқыты табыс көзі және кедейшілікті женуте көмектесетін фактор ретінде ықпал етуі тиіс.

Жалпы алғанда, казіргі әлеуметтік саясат Казакстан азаматтарының кедейшілік камтыны мүмкіндігінше сирек киоін қамтамасыз етуге бағытталған.

Сондай-ақ, әлеуметтік саясаттың қорғаныш қызметі тек әлеуметтік әлсіз топтарға материалдық көмек берумен байланысты селкостықпен шектелмеуі көрек. Әлеуметтік көмекке зәру экономикалық белсенді емес тұрғындардың көбеюі қоғамдағы әлеуметтік байланыстардың бұзылуына және арамтамак топтардың пайда болуына алып келеді. Сондыктan әлеуметтік саясат тұрғындарды жұмыспен қамтудың өнімді мүмкіндіктерін және өмір сүрудін тұрқыты табыс көзін құруға бағытталуы тиіс. Тиісінше, Президент Жолдауындағы басты рол әрбір қазакстандық отбасына жана мүмкіндіктер беретін және дағдарыстан кейінгі уакытта экономиканың тиімді дамуын қамтамасыз ететін *еңбекпен қамтылу стратегиясына* берілген. Еңбекпен қамтылу стратегиясының негізі *еңбек мобилділігі* болуы

кажет, ол үшін жұмыссыз тұрғындар мен мамандарды кайта даярлауды және кәсіби оқытуды кеңейту керек. Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін Елбасы Үкіметке 140 миллиард теңге бөлуді тапсырды. Алайда жұмыспен қамту және жұмыссыздық мәселелерін шешудің басты шарты *ондіріс секторын дамытуға және жаңа жұмыс орындарын құруға бағытталған саясат* болып табылады. Елбасының пайымдауынша, біздін кем дегенде 350 мың жана жұмыс орын қамтамасыз етуге мүмкіндігіміз бар. *Бірнешіден*, бұл коммуналдық желилерді кайта жарактандыру және жаңғырту. *Екіншіден*, бұл жергілікті мәндегі автомобиль жолдарын салу, кайта жарактандыру және жөндеу. Сондай-ақ әлеуметтік инфрақұрылымды, ең алдымен мектептер мен ауруханаларды жаңарту. *Үшіншіден*, әрбір нақты елді мекендеңі жергілікті мәндегі нысандар. *Төртіншіден*, бұл әлеуметтік жұмыс орындарын кеңейту және жастар практикасын ұйымдастыру. Мұның бәрі, Н.Ә. Назарбаевтың айтуыша, жұмыспен қамтылу мәселесін шешіп қана коймай, сонымен бірге елімізде жаңа өндірістердін пайда болуы үшін ынталандыру жасау.

Жолдауда көрсетілген барлық міндеттерді тиімді шешу үшін әлеуметтік саланы тұрқыты қамтамасыз етудің басты шараларын экономикалық жүйені жаңартумен сәйкестендіру кажет. Бұл экономикалық саясаттың келесі бағыттарын нұсқайды: азық-тұлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, экспортты әртаратандыру, базалық инфрақұрылымды дамыту, колданыстағы перспективалық инвестициялық жобаларды іске асыру және т.б.

Сонымен, казіргі кезең дамуындағы әлеуметтік саясаттың негізгі міндеттері мынадай:

- тұрғындардың табысы мен әлеуметтік корғалу деңгейін көтеру;
- әлеуметтік-еңбек қатынастарын онтайландыру;
- әлеуметтік сала тармактарын жан-жакты дамыту.

Корыта айтканда, әлеуметтік саясат бүтінде айқындауыш саласына байланысты жүзеге асырылуы тиіс:

– *экономикалық салада* – өндірістің қуатын кеңейту және жаңа өнеркәсіп салаларын (косымша жұмыс орындары), өндірістік инфрақұрылымды дамыту, орта және шағын бизнеске жан-жакты көмек көрсету, орта топтың дамуына жағдай жасау және т.б.;

– *денсаулық сақтау саласында* – тегін медициналық көмектін кепілдендірілген колемін қамтамасыз ету, азamatтардың денсаулығын қорғау бойынша мемлекеттік бағдарламаларды жасау және жүзеге асыру, т.б.;

– *білім беру саласында* – халықтың жалпы білім алуға кол жетімділігін қамтамасыз ету, тегін орта білім алуға кепілдік беру, мемлекеттік білім беру стандарттарын жасау, еліміздің ғылыми және интеллектуалды әлсуетін қолдайтын мемлекеттік бағдарламаларды жасау және жүзеге асыру, т.б.;

– *әлеуметтік салада* – әлеуметтік кепілдік беру, тұрғындарды әлеуметтік корғау шараларын іске асыру, мемлекеттік әлеуметтік саясатты жасау және жүзеге асыру, т.б.

Біздін мемлекеттің әлеуметтік саланы ары қарай жаңартудың басым бағыттарын жүзеге асыруға барлық қажетті коры және мүмкіндіктері бар. Бұл бағыттардың жүзеге асырылуы түпкі мақсатка жету, яғни халықтың әл-ауқатын және өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Назарбаев Н.Ә. Дагдарыстан жаңару мен дамуға. ҚР Президенттің Қазақстан халқына Жолдауы // www.akorda.kz

Мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру: атқарушы билік басшыларын сайлау мәселесі

Гүлжан ҚАМЫРОВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың саясаттану кафедрасының
ізденушісі

Kазакстан Республикасы өз алдына әлемнің бәсекеге қабілетті елу елдің катарына кіру – биік максатын койды. Мемлекеттің бәсекеге қабілеті – оның халықаралық алаңындағы орны мен беделімен, тұрғындардың күнделікті мәселелерін шешуге қабілеттілігімен қамтамасыз етіледі. Алайда, бұл мемлекеттік басқару жүйесіне, қызметкерлердің саны мен сапасына, оларды дайындау жүйесінің тиімделігіне және де халықтың саяси-білік шешімдерді қабылдау үрдісіне қатысу дәрежесіне тікелей байланысты. Қазақстанның әлемдік экономикаға енуі, оның халықаралық алаңындағы орны мен беделін арттыруы, ал жаңа технологияларды енгізу мәселесі, басқару шешімдерді жүзеге асырудың дамыған практикасын талап етеді, ойткені, басты міндеттерді тиімді шешу, толығымен кәсіби және үйымдастырушылық қабілеттерінің даму деңгейіне байланысты.

Казіргі кезеңдегі халықаралық үрдістер каркынды өзгеруде. Осыған орай, ұлттық ерекшеліктерді сактап қалып, оларды әлеуметтік қайта құру кисынымен үндестіру жолында, модерн мен дәстүрлер талаптарын үйлестіру, жан-жакты демократиялық құндылыктарды жүзеге асыру мәселелерін шешу кажет. Жаһандану сатысында берілген қадамлардың маңызы зор.

Демократия көпжакты құбылыс ретінде, экономикалық, әлеуметтік, саяси және тағы да басқа қарым-қатынастар жүйесі, ягни, ол тек өз құрылымдарының және олардың қызметтерінің кимыл бірлігі жағдайында тиімді түрде іске асырылуы мүмкін. Үл, бір жағынан, жеке алғанда демократиялық биліктін белгілі институттарын талап етсе, екінші жағынан, аталған институттар, азаматтық коғамның, оның экономикалық негіздерінің және саяси мәдениеттің жетілуі жағдайындаған саяси жүйенің турақтылығын камтамасыз етеді.

Казакстан – геосаяси орналасуына, тұрғындардың поліэтникалық және поликонфессионалдық құрамына байланысты ерекшеліктері мол, унитарлы мемлекет болып табылады. Әлеуметтік-экономикалық дамудағы айырмашылыктарға, динамикалық ішкі және сыртқы миграцияға байланысты әр аймакқа тән ерекшеліктерін, мемлекет мүмкіндіктерін ескеретін басқарудың тиімді түрін айқындау – басты максаттардың бірі болып отыр. Мемлекеттік басқару жүйесі үшін, аймақтарда калыптасқан жағдайларды ескеру объективті қажеттілік.

Өтпелі кезенің басты жетістігі – тәуелсіздік, адам және азамат құқыктары мен бостандыктары идеясының жандануы. Алайда, Қазақстанда болашақ демократиялық азаматтық коғамның нұскалары тек анықталған, ал өкілдеп ор-гандар жүйесі, казіргі кезенде, алі де даму барысында.

Батыс елдерінде, биліктің жана институттары азаматтық көғам жетістіктерінің табиғи нәтижесі ретінде қалыптасқан болса, посттоталитарлық кеңістіктері демократизациялау үрдістері, ескі саяси курылымдарды таратып, күкістік мемлекет

принциптеріне барабар демократиялық билік институттарын құрумен басталған. Осы инверсияның нәтижесінде демократия бірінші кезеңдерде тұрақты иш-бай-

Бұғынгі күнде, республиканың басқару жүйесін жетілдіру және үйлестіру үрдісі іске асырылып жатыр. Оның негізгі мактасы «Қазақстан дамуының қазіргі және болашақ стратегиялық мәселелерін шешуге кабілетті, кәсіби үкіметті калыптастыру» [1].

Мемлекеттегі демократиялық институттарды өркендету және нығайту үрдісімен катар, әлеуметтік өмірдің кейбір салаларында әлі де шешуді талап етегін мәселелер жетерлік. Алайда, оларды өкілетті демократияның бастапкы кезеңдеріне сай, дәстүрлі киыншылдықтардың катарына жатқызыма болады.

Казіргі кезде, қайта құрудың жаңа талаптарына сай тексерілген әкімшілік жанартудың кажеттілігі байқалып отыр. Қызметкерлерді тікелей дайындаумен катар, мамандарға үздіксіз білім берудің кешенді жүргізілуінің де кажеттілігі артты.

Осыған байланысты мемлекеттің саясаты келесі маңызды міндеттерді жүзеге асыруға бағытталған:

- орталық және жергілікті билік органдарының өкілдіктерін қайта бөлу;
 - казіргі заманға сай, жоғары сапалы мамандардан құралған мемлекеттік аппаратты құру;
 - «электрондық үкімет» құру;
 - азаматтық көфам институттары арқылы атқарушы билікке ықпал келтіру үшін занды құралдарды пайдалану;
 - жемкорлықка және басқа да заң бұзушылыктарға карсы шарапарын катандандыру;
 - мемлекет азаматтарын басқару шешімдерді қабылдау үрдісіне барынша жақынлату.

Билік өкілдіктерін қайта бөлу тенденциясының ағымында, аймактарда болып жаткан жағдайлар үшін жауапкершіліктің басым бөлігі жергілікті билік органдарына жүктелген. Жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін калыптастыру қажеттілігі осы тенденцияға байланысты.

Казакстан дамуынын жана кезеңі басқарудың демократиялық жолына оттуди, ал тиімді әрі жауапкерлі билік, кәсіби және белсенді мемлекеттік қызметкерлерді талап етеді. Әлеуметтік дамудың барлық бағыттары бойынша жобаларды жүзеге асыруға дайын кәсіби басқарушылардың жаңылардың стратегиялық міндеттерін шешу шартына айналды. Саяси шешімдердің кабылдайтын адамдардың хабардарлық пен кәсіпшілдік деңгейі қоғам үшін өте маңызды. Сонымен катар, дамыған қоғамдағы басқару, атқарушы және өкілетті биліктердің өзара үйлесімді әрекеттенуін талап етеді. Сондыктан да, кен мәндегі саяси зиялды қауымды калыптастыру мәселесі әлеуметтік құрылышты ұйымдастырудың аса маңызды үрдісі болып табылады.

Казіргі заман әлемінде сайлау үрдісі – саяси жүйені тұрактандырудың саяси-құқықтық тәсілі ретінде және де азаматтық көзім институттары мен демократиялық негіздерінің дамуына ықпал жасайтын, сайлаулы өкілдегі және атқарушы органдардың іс-әрекеттерін кадағалаудағы азаматтардың құқықтары мен бостандықтар кепілін қорғайтын курал ретінде қарастырылады.

Саяси зиялы қауымның бәсекелестігінің тенденциясы – идеологиялық күрлімнін төмендеуі және саяси технологиялардың ұлғайуы болып отыр. Әсіресе, аталған жағдай екілетті билік органдарына сайлау кезеңдерінде байқалады. Бұл күбыльыс, демократиялық дамыған қоғамдарда бәсекелестік партиялардың ұқсас принциптерді ұстануына және олардың бағдарламаларында айтарлықтай

айырмашылықтардың жоктығына байланысты. Әлеуметтік мұдделердің айқындалуы барысында, белгіліген жағдай өтпелі қоғамдарда да, сонымен катар, постсоветтік кеңістіктегі қалыптасқан.

Казіргі замандағы мемлекеттік көптеген қызметтері және міндеттерімен сипатталады. Саяси жүйенін тиімділігі, түгелдей олардың нақты және қәсіби іске асырылуына байланысты. Мемлекеттік басқару саласының тиімділігі мен нәтижелігі, билік құрылымдарында өндөліп шығатын шешімдердің өтуін қамтамасыз ететін, белгілі тұлғаға тікелей байланысты. Бұл мәселені мемлекеттік басқару саласының субъективті факторына жатқызуға болады. Осы мағынада, басқару органдарын, берілген қызметтерді тиімді іске асыра білетін сенімді, ынталы, қәсіби мамандармен қамтамасыз ету, объективті қажеттілік болып отыр.

Жаңартудың табыстылығы шешуші дәрежеде саяси зиялды қауымның демократиялық құндылықтарына, идеялары мен мақсаттарына деген ұстамдылықтарымен, уақыт талаптарына барабар жауап кайтару қабілеттерімен, әлеуметтік, экономикалық және саяси құрылымдардың қайта құру жаһанды саяси және экономикалық үрдіске косылуға үмттылысымен айқындалады.

Зиялды қауымды қалыптастыру мәсслесі модернизация, әсірессе, постмодернизация сатысында аса маңызды мәнге ие болады. Соңғы кездері, постмодернизмнің құндылықтарын снгізу әрекеттері белгіленіп отыр. Алайда бұл мәселе, мемлекетке тән ерекшеліктерін ескеруді. Ұлттық және мәдени дәстүрлерін казіргі заман шындығымен ұштастыруды талап етеді. Осы мағынада постмодернизмнің ұстамдарына сәйкес келетін негіздерді анықтап, оларға сүйене отырып демократияның өзіндік үлгісін құру өте маңызды.

Экономикалық дамудың постмодернизм деңгейіне ету тәрізді жоғары саяси мақсаттарды жүзеге асыру барысында, жоғарғы басқару органдар мамандарының қәсіби дәрежесі шешуші рөл аткарады. Осыған орай, мемлекеттік басты міндеті – зиялды қауымның бәсекелестігін, плюрализм және қалың саяси өкілеттікіті қамтамасыз ету.

Басқарушы зиялды қауымның әлеуметтік өкілеттігі, сапалы құрамы, қәсіби хабардарлығы мен нәтижелігі толығымен оны қалыптастыру жүйесіне байланысты. Бұл, мемлекеттік басқарудың барлық дәрежедегі мамандарды іріктеу мен тағайдындауға байланысты. Зиялды қауымды қалыптастырудың бірнеше түрлері белгілі: сайлау, тағайындау және т.б. Әкімшілік бағыттарын тағайындау мәселесі курделі де өзекті болып келеді және бірнеше факторларды ескеруді қажет етеді. Біріншіден, ол орталық пен аймактар өкілдіктерінің ара катынастарын бұзұға әкеліп соғуы мүмкін емес; екіншіден, сепаратистік тенденцияларға карсы қажетті кепілдіктерді қамтамасыз етуі тиіс; үшіншіден, жергілікті өзін-өзі басқару институттарының қызметтері мен өкілдіктерін шектеулі болдырмауы тиіс. Басқарушы тоptы қалыптастыру формасын таңдау мәселесін, жоғарыда айтылған барлық шарттарды ескере отырып шешу қажет.

Біздің ойымызша, әкімдерді сайлауды аудандық деңгеймен шектесу жөн, бұл арада жергілікті бастамаларға жол беріледі. Облыстық деңгейдегі әкімшілдік басқармасына келетін болсак, сепаратистік тенденцияларға жол бермеу максатында оларды тағайындау тиімді.

Казіргі кезде, саяси теория және тәжірибеде өнірлер деңгейі дұрыс бағаланбайды, алайда, дәл осы деңгейде тұрғындардың қөптеген қажеттіліктері қамтамасыз етіледі. Сонымен катар, әкімдердін лауазымдары мен өкілдіктерін ұлғайту мәселесі, олардың қоғамдық құрылымдармен қарым-қатынастары қауымдастырың кадағалауында болуы тиіс.

Ауыл әкімдерін сайлаудың тәжірибелі түрде өткізуі мемлекеттік басқару негіздерін демократияландыру жолындағы шешуші қадам болып табылады. Ол

саяси жүйедегі өкілетті басқару органдарының орнын нығайтуға, өкілетті және аткарушы билік органдарының қарым-қатынастарының тиімділігін арттыруға жағдай жасап отыр. Сонымен катар, әр деңгейдегі қызыметкерлердің сапасын көтеруге мүмкіндік беретін бәсекелестік элементті пайда болады.

Қазақстанның дамыған елдер катарына кіру үшін, жас басқарушылардың өкілеттігін көтеру қажет, ал әкімдерді сайлау жүйесі осыған зор ықпалын тигізеді. Біздін пікіріміз бойынша, жергілікті әкімдер сайлауын жалғастыру қажет, осылайша, жергілікті басқарудың тиімді үлгісі қалыптасады. Өйткені, «процедуралық қарама-қайшылықтардың уақытымен басылуы сөзсіз, әрі аткарушы билік құрылымдарының төменгі деңгейлерін қалыптастырудың тиімді формасы болып табылады» [2]. Үміткерлерді ұсынуға саяси партиялар, қоғамдық ұйымдар және қәсіподактар кабілетті болулатын тиіс. Осы пайымдау демократиялық өзгерістер ағымына толығымен сый келеді.

Мемлекеттік басқару саласының дамуының казіргі кезеңінде, сапалы мемлекеттік қызыметтерді қөрсетуге, мемлекеттік құрылымдар деңгейлерінін есеп беруі мен ашықтығын көтеруге бағытталған әкімшілік жаңартуды ұқыпты жүзеге асыру негізгі міндет ретінде қабылданады. Ашық үлгі негізінде, демократияға және оның құндылықтарының талаптарына сай рекрутинг жүйесін жетілдіру мәселесі де алдыңғы қатарға шығып отыр.

Осылайша, мамандарды мемлекеттік басқару жүйесін дайындау мәссесін зерттеу, саяси ғылымның негізгі тақырыптарының бірі болып келеді. Қөптеген дамыған елдерде, мемлекеттік қызыметкерлердің қәсіби дайындығына аса маңызды қоңіл бөлінуден. Өйткені, мемлекеттік экономикалық, әлеуметтік, мәдени, саяси және тағы да басқа қоғамдағы мәселелерді шешуге қабілетті, қәсібік мемлекет қызыметкерлерін дайындау қажеттілігі мойындалып отыр.

Жоғары қәсібілік, хабардарлық және заңға бағынушылық принциптері, мемлекеттің осы саладағы саясатының негіздері болуы тиіс. Аткарушы билік органдарындағы мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру үшін, біріншіден, азаматтардың мемлекеттік қызыметке кол жетерлік тенденгіне бағытталған құқыктарын қамтамасыз ететін механизмдерді өндеу қажет. Екіншіден, аттестация, тестілер және тағы да басқа осы тәрізді заңды тіркеlegen, тенденкті орнататын мүмкіншіліктер арқылы бәсекелестік жағдайын қамтамасыз ету қажет. Үшіншіден, кайта білім алуға және мамандардың қәсіппшілдігін көтеруге бағытталған ұтымды жүйені ұйымдастырудың маңызы зор.

Осылайша, мемлекеттік қызымет жұмысқерлерінің қәсіби деңгейі мәселесі, осы саланың дамуының басты факторы болып табылады. Осыған орай, аймактардағы кадрлік қызыметтердің маңызын арттыру жөн, өйткені, берілген органдар, аймақ тұрғындарынан тығыз байланыста және де көпмөшерлі қызыметтерді іске асырады.

Мемлекет, жалпы ұлттық бірігудің, курделі әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешудің тиімді құралы болуы тиіс. Жауапкершілігі мол, тұрғындардың басым бөлігінің мұдделерін корғауға кабілетті үкімет – бұл тұрақтылық пен қауіпсіздіктің кепілі, мемлекет пен азаматтардың шынайы қарым-қатынастарының негізі.

ӘДЕБИЕТТЕР:

- Новый этап административной реформы Казахстана. – 2008г. // <http://www.gov.kz>
- С.Е. Жусупов. Политическая аналитика исследования. – Алматы, 2008г. – с.114.

Ұлттық қауіпсіздік аясындағы Ұлттық бірегейлену мәселесі

Айсұлу ХАЙРУЛДАЕВА,

С. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ-дың
философия, саясаттану және әлеуметтану
кафедрасының оқытушысы

Kауіпсіздік түсінігі мен халықаралық саясаттың кез-келген мәселесі өзара тығыз байланысты. Түрлі тайпалар, этникалық топтар, империялар мен мемлекеттер адамзат тарихында бір-біріне қатер төндіріп, соғыс ошактарының туындауына себеп болып отырған. Сондыктан мемлекет басшылары, саясаткерлер өздеріне қауіп төндіріп отырған көршілерінен қалай қорғану жолын іздеңдіру барысында маңызды стратегиялар жасай бастаған.

Мемлекет барда қауіпсіздік абсолютті сипатқа ие болмайды, ол жанама турде калып, әркашан саяси басшының кайратына тәуелді болады. Әлемдік саясат мемлекеттің сыртқы саяси әрекетіне эсер етеді дегенмен де, бүгінде мемлекеттің ұлттарды халықаралық ортаға бейімдеуі, әлемдік қауіпшен күресуді белсene атқаруы, құндылықтарды корғауы немесе ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі орнын бағаламау әділесіздік болар еді. Бұл әсіресе бүтінгі жаһандану, ақпараттық қоғам жағдайында ерекше маңызды. Өйткені жаһандану үрдісі бір жағынан мемлекеттердің дамуына жағдай туғызыса, екінші жағынан ұлттық қауіпсіздікке нұксан келтіруи мүмкін. Себебі: «Қазіргі әлемде сырттай қараганда сыйыспайтын, бірақ диалектикалық тұрғыда бір-бірімен байланысты үрдістер жүріп жатыр. Бір жағынан әлем одан сайын іштей тұтастана түсіп, саяси, экономикалық және мәдени өлшемдердің көшілікке тиімді көрінген, кейде өктемдікпен танылған ұлттері кеңінен тарап, жаһандану қанаты кенеңе түсude. Екінші жағынан, бұрын бостандықта болмаған халықтардың мемлекеттік тәуелсіздігін қалыптастыру мүмкіндігі күшіне түсті және оны жүзеге асыруға халықаралық құқық пен халықаралық ұйымдардың қызметі ігі ықпал етуде. Жана тәуелсіз мемлекеттердің пайда болуы өз кезегінде сол мемлекетті құрған халықтың толтумалылығын, мәдени-рухани табигатын бүкіл әлемге таратуға мүмкіндіктер ашады. Басқаша айтқанда, біз қазіргі кезеңде әр түрлі бағыттағы обьективті процесстердің қүәгерлері болып отырмыз. Әлемдегі бірлесу мен бірыңғайлану құбылыстары барысында әр түрлі мемлекеттер мен аймақтардағы халықтардың өзіндік мәдени-рухани болмысын сактап қалуға ұмтылу үрдісі ауқымды қөрініс табуда [1].

Ұлттық қауіпсіздік болса – бұл мемлекеттің ұлттық мұдделері корғалған, яғни саяси, әлеуметтік, әскери, экологиялық мұдделері және сыртқы экономикалық тәуекелдеріне катысты қызметтері жаппай қырып жоюдан, сонымен қатар рухани экспансия мен ақпараттық интеллектуалдық тұрғысынан қауіпсіздігі қамтамасыз етілген жағдайы. Ол елдін бостандығын, тәуелсіздігін, біртұтастығын және ұлттық мұддені қорғауды қамтамасыз етеді. Ұлттық қауіпсіздік қоғамдық өмірдің барсалалары мен денгейлерін камтитын көпқырлы құбылыс, саяси

ғылымның категорияларының бірі ретінде қауіпсіздіктің ұлтпен байланысы, яғни қоғамдық катынастар мен қоғамдық сананың, қоғамдық институтардың, олардың іс-әрекеттерінің біртұтас жүйесі ретінде сипатталып, тарихи накты кальпастсан жағдайда ұлттық мұдденің іске асырылуын қамтамасыз етеді. Қоріп отырғанымыздай ұлттық қауіпсіздік пен ұлттық мұдде бір-бірімен тығыз байланысты. Ұлттық мұдде әр ұлттың, мемлекеттің өзін-өзі сактау мен тілін, мәдениетін, өмір сүру калпын, дәстүрлерін, халқының санын, иглігін сактап қалудағы саналы тұрдегі қажеттіліктері. Ұлттық мұдденің мәні қоғам мен жеке адамның өмір сүруі мен дамуына кедегі тудыратын қоғамның ішіндегі және одан тыс орын алатын кез-келген деструктивті әрекеттерге карсы тұруда. Ұлттық қауіпсіздікте қауіпсіздіктің үш деңгейі қорсетіледі:

- жеке адам қауіпсіздігі;
- қоғам қауіпсіздігі;
- мемлекет қауіпсіздігі.

Олардың орны мен рөлі қоғамдық катынастардың сипатымен, саяси тұрактылықпен, ішкі және сыртқы катерлердің деңгейімен анықталады. Ұлт үшін сын сәттерінде мемлекеттің және қоғамның қауіпсіздігі үстемдікке ие болуы мүмкін. Авторитарлық және тоталитарлық тәртіп орнаған саяси жүйелерде жеке адам қауіпсіздігі есебінен мемлекет қауіпсіздігін бірінші орынға қояды. Демократиялық қоғам үшін мемлекет пен қоғам қауіпсіздігі жеке мақсат емес, жеке адам бостандығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Мемлекет қауіпсіздігіне саяси күштер мен қоғамдық топтардың іс-әрекетін, сондай-ақ, оларды корғау институттарының басқару мен үйлестірудің лайыкты механизмдері бар кездеғана қол жеткізіледі. Қоғам қауіпсіздігі қоғамдық институттар, нормалар, халықтың бар топтарының құқықтары мен бостандықтарының жүзеге асуына мүмкіндік беріп, жікке алып келетін әрекеттерге карсы тұратын қоғамдық сананың дамыған формалары бар болғанда қамтамасыз етіледі. Жеке адам қауіпсіздігіне мемлекет пен қоғам қарсылығына ұшырамай, әлеуметтік мәні бар кабілеттері мен сұраныстарын дамыту мен жүзеге асыруға мүмкіндік беретін құқықтық және адамгершілік нормаларын, қоғамдық институттар мен үйымдар кешенін қалыптастырығанда жетуге болады. Сонымен, ұлттық қауіпсіздік дегеніміз мемлекеттің тек сыртқы күштерден қорғану кабілеті ғана емес, ол ішкі тұрактылықтың сакталуына да тікелей байланысты. Өйткені, «қауіп, қауіпсіздік» біздің өз іс-әрекетіміздің сипаттамасы, ал қауіпсіздік туралы жүйелі қозқарас қауіптің қайнар көзі мен объектісін біріктіреді. Қауіпті әрқашанда ішкі деп пайымдау және оны қауіпсіз табиги үрдістер және жаулардың әрекшеліктерімен емес, өзіміздегі құралдар мен жұмыс әдістерінің жетімсіздігімен байланыстырыған пайдалы және өнімдірек. Басқаша айтсак, кез-келген қауіптің қайнар көзі өзіміз» [2].

«Мемлекеттің максаты – негізінен қауіпсіздікті қамтамасыз ету» [3], яғни, мемлекетті өз қауіпсіздігін қамтамасыз ете алғанда ғана күшті деп санауға болады. Атакты неміс философы Ф. Гегельдің қозқарасы бойынша: «Мемлекет азаматтардың жеке мұддесі мен мемлекеттің жалпы мұддесі біріккен жағдайда ғана жайлы және күшті бола алады, егер біреуінің қанағаттануы және жүзеге асуы екіншінде қөрініс тапса бұл принцип өте маңызды» [4].

Мемлекеттің өз ұлттық қауіпсіздігін сактаудағы басты міндеті – ұлттық бірегейлікте қалыптастыру. Етенелену (орыс тілінде – идентичность) «бірегейле-

ну» ұғымы, яғни біртұтастану дегенді білдіреді. Ғылыми айналымда да, саяси дискурста да «бірегейлену» түсінігіне түрлі аныктама береді, себебі оның бір жақты емес, көп жақты колданысында. Жалпы алып қарағанда, әлеуметтану және әлеуметтік психология тұрғысынан бірегейлену немесе етенелену үрдісінін қалыптасуы индивидтің өзін коршаған не басқа әлеуметтік топ, қауымдастықтан бөліп карамай, топта, қауымдастықта болып жаткан өзгерістер мен жаңалықтарды тек жеке өзіне көткесе деп карамай, бәрінен бұрын өзінің әлеуметтік оргасына көткесе деп қарастырған кездегі – дәстүрлерді, салттарды, нормаларды субъективті қабылдау деңгейі [5].

Етепеленудін айрықша социомәдениеттік феномен ретіндегі қазіргі түсінігі ең алдымен Э. Эриксон және М. Кастьельс еңбектерімен тығыз байланысты. Э. Эриксон бірегейлену ұғымының негізгі үш аспектің боліп көрсетеді:

1. бірегейлену сезімі;
 2. бірегейленудің калыптасу үрдісі;
 3. Осы үрдістің нәтижесі ретіндең бірегейлену конфигурациясы.

Эриксон бойынша бұл жерде тек жеке адамның етепеленуіға емес, ұжымдық етепелену туралы да сөз болады [6].

М. Кастельс бірегейлену деп: «кандай да бір мәдени белгі немесе индивидтік мөндердің баска, өздеріне құрмет көрсететін мәдени белгілердің байланысты жиынтығы негізіндегі индивидтік мәнді конструкциялау үрдісін» айтады. Әлеуметтік рөлдер әлеуметтік институттар мен үйымдар тарапынан құрылымданған нормалармен анықталады. Бірегейлену әлеуметтік акторлар үшін мән бастауы және индивидтеле арқылы конструкцияланады. Кастельс көфамдағы биліктік қатынастар контекстінде бірегейлснуді құрудың үш формасын ажыратып көрсетеді:

1. Легитимдеуши бірегейлену – әлеуметтік актордың үстемдік етуші әлеуметтік институтқа тікелей рационализациялануы;
 2. Карсыласу бірегейленуі – белгілі коғамда таралған принциптерден ажыраттын қарсыласу механизмдерін тузызуши немесе бұрынғы принциптерді сактап калуға ұмтылуши етепелену;
 3. Жобалаушы бірегейлену – әлеуметтік акторлар олардың коғамдағы рөлін кайтадан айқындаушы бірегейлікті құрады, әлеуметтік катынастардың бүкіл күрьздымын езгертуге ұмтылады [7].

Сондай-ак, бірегейленудін позитивті және негативті түрі де ажыратылады. Позитивті етепелену индивидтің өзін қандай да бір топ немесе қауымдастықпен оларға тән белгілі позитивті қасиеттер мен сипаттамалар негізінде салыстырыу, сол топка өзін жаткызуы. Позитивті бірегейлену негізінде мактаныш сезімі және өз тобы, қауымдастығына деген күрмет жатыр.

Ал, негативті бірегейленудің ерекшелігі басқа субъекттің деген қарама-карсылыктан және сол субъекттің қандай да бір сипаттарын жоққа шығару болып табылады.

Жоғарыда айтылғандардың барлығы да «бірегейлену» категориясының әлеуметтік қыры немесе әлеуметтік бірегейлену, бірақ, бұл оны ұлттық етеп-ленуден мұлдем өзгеше деген түсінік калыптастырмауы керек. Себебі, ұлттың өзі үлкен әлеуметтік топ, белгілі әлеуметтік позицияны иеленуші әлеуметтік катынастардың субъектісі тек индивид қана емес, тұтас әлеуметтік топтар да. Бұл жағдайда әлеуметтік топ – ұлт үшін де бірегейлену мәселесі өте өзекті.

Әлеуметтік бірегейлену идентификация үрдісімен тығыз байланысты. Идентификация түсінігі белгілі әлеуметтік позициядағы субъектің өзіндік рефлексия негізінде сәйкестендіруі, сондай-ақ, әлеуметтік катынастардың басқа субъектілері арқылы өзін-өзі тобына сәйкестендіруі. Саяси бірегейлену жайлы да осыған ұксас кортындылар жасауға болады. Яғни, субъектің саяси бірегейленуі саяси катынастардың басқа субъектілері оны өздері үшін манызды деп таныған және жариялаған етепелену мәнін байланыстыру арқылы кодификацияланғанда калыптасады [8].

Осылайша, саяси бірегейлену дегеніміз саяси үрдіс субъектісінің белгілі саяси позициядағы саяси катынастардың баска субъектілерімен өзін салыстыруы, оларға өзін танытуы. Саяси бірегейленуге де әлеуметтік сиякты топтық табиғат тән. Саяси бірегейлену және идентификация да легитимділікпен тығыз байланысты, ашып айтсак, саяси бірегейлену және идентификация – осы немесе баска позицияны иеленудің заңды екенін саяси катынастардың баска субъектілерінің мойындауы. Үлттық бірегейленуді де біз өз кезегінде саяси етепеленуге жаткызамыз, себебі үлт – саясаттың, саяси катынастардың субъектісі.

Саяси бірегейлену индивидтің «сыртқы мінез-құлығының» қалыптасуында маңызды рөл аткарады: саяси бірегейлену көмегімен индивид немесе топ саяси катынастардың және саяси үрдістердің субъектісіне айналады.

Элеуметтік бірегейленуде негіз болып табылатын өзіндік рефлексия субъективті және объективті бірлік пен айырмашылықта сүйснеді, яғни бұл бір жағынан әлеуметтік бірегейленудің психологиялық етепеленуден ерекшелігі оның объективті өмір сүруші әлеуметтік позицияларға қатыстырылғында және де «таза» субъективті тәжірибе бола алмайтындығында [8,112]. Ал екінші жағынан бірегейлену өз кезегінде өзін басқа әлеуметтік субъектілермен салыстырудын, ұксастық пен айырмашылықты айқындаудың итілгенес болып табылады.

Элеуметтік иерархияда белгілі бір орын иелену белгілі әлеуметтік топ құрамында болуга, кандай да бір әлеуметтік институт шенберінде әрекет етуге байланысты екені белгілі. Осындай тегінің негізінде индивид әлеуметтік коршаган ортадан өзіне «жакындарды» (әлеуметтік ұстанымда), «озінікілерді» және «өзгелерді» бөліп алады, яғни «біз» және «олар» бинарлық оппозицияның қалыптасуы жүреді. Бұл салыстыру бір жағынан өзінің бір топқа жататындығын сезінудің қалыптасуы мен пайда болуына қатысты болса, екінші жағынан индивидтің жақын коршаган әлеуметтік органдан «өзінікін» жақын қабылдауы. Осылайша біз әлеуметтік бірегейленуді басқа әлеуметтік топ өкілдеріне қатысты ұқсастықтар мен айырмашылыктарды айқындау негізінде өзінің белгілі әлеуметтік топқа жататындығын сезіну негізінде айқынраймыз.

Белгілі бір әлеуметтік ұстанымға ие, әлеуметтік қатынастар субъектісі тек жеке индивид кана смес, тұтас әлеуметтік топ та бола алады. Бұл жағдайда ол үшін де бірегейлену өзекті мәселеге айналады. Ал үлт жан-жакты категория болғандыктан әлеуметтік топ болып табылады, яғни әлеуметтік бірегейленудің калыптасуын түсіну үлттық етепеленуді зерттеуде ерекше мәнге ие болады.

Әлеуметтік бірегейлену идентификация үрдісімен тығыз байланысты. Идентификация түсінігі белгілі әлеуметтік ұстанымдағы субъекттің өзіндік рефлексия негізіндегі аракатынасын білдіреді. Яғни идентификация үрдісі белгілі бір әлеуметтік ұстанымдағы субъекттің коршаған ортада өзіндік орынға ие болуы, айналадағылардың оның осы ұстанымға сәйкестілігін бағалауы. Саяси бірегей-

ленуге катысты да осыған ұксас корытындылар жасауға болады. «Субъектінің саяси бірегейленуі саяси қатынастардың басқа субъектілері оны өздері таныған бірегейлену мәніне сай деп танығандаған орнайды» [8.113].

Сонымен, саяси бірегейлену дегеніміз – саяси үрдісте белгілі саяси ұстанымға ие субъектінің, саяси қатынастардың басқа субъекттері тараҧынан мойындалуы және өзін салыстыра отырып біртұтастануы, осы қатынастарға кіргізу.

Субъектінің өзінде немесе оны коршаған ортада пайда болатын «бірегейлену мәні» үш типтегі құбылыстар ықпалынан қалыптасады: субъектілердің психологиялық әрекеті, субъектілермен байланысты құндылықтар мен стереотиптер жүйесі, саяси ұстанымның өзіне тән ерекшеліктері.

Саяси бірегейлену де әлеуметтік сиякты топтық сипатқа ие. Саяси бірегейлену мен идентификация да легитимділікпен тығыз байланысты. Зерттеушілер саяси бірегейленудің түрлі типтерін бөліп көрсетеді. Кейбір зерттеушілер бірегейлену типтерін осы жағдайын ұзактығына байланысты сипаттаса, кейбірі оның индивидпен байланыс деңгейіне қарай сипаттайды. Осы өлшемдерге сүйене отырып, ситуациялық және трансверсалды (ситуациялықтан жоғары) саяси бірегейленуді бөліп көрсетеді. Ситуациялық бірегейлену қандай да бір ситуацияға байланысты, ол тікелей саяси тәжірибеге катысты және женіл өзгеріп отырады.

Ұлттық бірегейленудің өзіне тән белгілерінің бірі – оның уакыт ағымы мен әртүрлі жағдайларға байланысты өзгеріп отыратындығында. Ұлттық бірегейленудің қалыптасуын теориялық және методологиялық жағынан талдау көрсеткендегі, жаңа әлеуметтік-экономикалық жүйе, саяси қатынастардың өзгеруімен қатар коғамдық ой-пікір мен дүниетаным да трансформацияға ұшырап, жаңа жағдайларға бейімделеді. Ұлттық бірегейлену дегеніміз өзінді ұксас этникалық топтан шыққандармен қатар койып айқындау, «біз» деген түсініктің қалыптасуы. Ұлттық бірегейленудің қалыптасуын иерархиялық үрдіс десек, осы қатарлардың бірі этникалық бірегейлену, яғни ортак тіл, дін, салт-дәстүр, тарихтың т.б. болуы туралы түсініктің қалыптасуы. Этнос әлі ұлт емес, бірақ адамдар алдымен өз этникалық ерекшеліктерін басқалардан ажыратып және өздеріне ортак құндылықтарды бағалап, осы арқылы коғамдағы өз орындарын анықтап алған жағдайда, ұлттық бірегейлену үрдісі де нәтижелі болмак. Ұлттық бірегейленудің өзіне тән ерекшеліктерін танып білуде ерекше орын алатын категория – ұлттық идея. Ұлттық идея өз кезегінде ұлтты ұйытушы, рухани козғаушы күш рөлін аткаруушы, сондай-ак, ұлттың тағдыры мен болашағы үшін толғануға, түсінуге мәжбүр ететін мақсатты түсініктердің жиынтық кешені, ұлттың, қоғамның, мемлекеттің дамуындағы басты стратегия болып табылады. Осы мәнде ұлттық идея ұлттық қауіпсіздікпен де тығыз байланысты, ұлттық идея арқылы өзіне не кажет немесе қауіпті екендігін түсінген қауымдастықтың бірегейлену деңгейі де жоғарылай түседі. Ұлттық қауіпсіздік түсінігі көбінесе сыртқы күштерге катысты анықталады десек, мемлекеттің өз ұлттық қауіпсіздігін сактаудағы басты міндеті – ұлттық бірегейлік қалыптастыру, яғни мемлекет азаматтарының өздерін белгілі бір әлеуметтік-саяси топ мүшесі ретінде сезінүі.

Ал, халықаралық қатынастар тұрғысынан келсек, Ұлттық мемлекеттік бірегейліктің біздін қабылдауымызда үш түрлі қыры бар: бұл, біріншіден, біз тәуелсіз ел ретінде өзімізді әлемде қалай қабылдаймыз; екіншіден, біздің мемлекетімізді халықаралық қатынастар акторы ретінде қалай қабылдайды; үшіншіден,

біз шынайылық тұрғысында өзімізді қалай көрсетеміз. Осы үш қабылдаудың накты және қалыпты арасалмағы мемлекеттің шынайы және тұракты сыртқы саясатының кепілі.

Ұлт, мемлекет азаматтарының ұлттық идеясының болуы, ұлттық бірегейлігінің қалыптасуы мемлекеттің халықаралық саясаттағы қауіпсіздігін камтамасыз етеді, яғни ұлттық қауіпсіздік пен ұлттық бірегейлік бір-бірімен тығыз байланысты, өзара тәуелді категориялар. Сондыктан ұлттық қауіпсіздікі камтамасыз етуде ұлттық бірегейлену мәнін немесе ұлттық бірегейлікті қалыптастыру барысында ұлттық қауіпсіздік рөлін ұмытуға болмайды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Нысанбаев А. Глобализация и устойчивое развитие Казахстана. А., 2002. С.64
2. Кортунов С.В.Становление политики безопасности .М., «Наука» 2003. с.57.
3. Гоббс Т.Сочинения в 2-х томах. Т.2. М.,1991.с.109.
4. Гегель Ф.Сочинения. Т.7. Философия истории. М.,1935. с.25.
5. ГудковЛ. К проблеме негативной идентификации// Всероссийский центр изучения общественного мнения(ВЦИОМ). Мониторинг общественного мнения: экономические и социальные перемены.М., 2000. №5. с. 35–44.
6. Эриксон Э.Детство и общество. СПб., 2000.с.176.
7. Кастельс М. Информационная эпоха. Личность, общество, культура. М., 2000.с.6.
8. Качанов Ю.Л. Опыты о поле политики. М.,1994.с.113

Қазақстан Республикасының сыртқы экономикалық қызметінің талдауы

Айнагұл ИЗЕКЕНОВА,
«Тұран» университетінің аға оқытушысы

Казақстан Республикасының сыртқы-экономикалық қызметі (СЭК) – бұл республиканың экономикалық және әлеуметтік дамуының маңызды факторы болып табылады. СЭК мағынасын қайта бағалау ете күн болып келеді, себебі ол бюджеттің табысты бөлігін толықтырудың сенімді қайнары болып табылады.

Қазақстан Республикасының жүйесі түрде және максатка бағытталған белсенді сыртқы экономикалық қызметінің жүзеге асырылуы экономиканың ашықтығына, халықаралық сәбек бөлінісінде толық құқыкты қатысуына және әлемдік шаруашылық жүйесіндегі интеграциясына сүйенеді, тұракты экономикалық өсіүн камтамасыз ету стратегиялық жоспарының маңызды факторы ретінде шығады.

Қазақстанда оның сыртқы экономикалық байланыстарын табысты дамыту үшін қолайлы алғышарттарын жасайтын шарттары бар. Оларға саяси тұрактылық, үлкен табиғи байлыктар, дамыған өнеркәсіп, жеткілікті мамандырылған жұмыс күші, салыстырмалы түрде қолайлы геосаяси жағдай, сыртқы экономикалық байланыстарын дамуына шешуші факторы болып қалатын ТМД-ның қоғатеген елдерімен тармакталған шаруашылық байланыстары.

Республикада сыртқы экономикалық қызметін реттеу жүйесінің занды негізі пайда болған және тұракты жетілдіріліп жатыр. Ол халықаралық тағайындалған құқық нормалары мен құжаттардың (ТСБК – тарифтер және сауда бойынша басты келісім) нормалары мен ережелері және кедендей дамыту бойынша Кенесінің шектерінде әзірленген Басты келісімнің және ССҰ дамытуында қабылданған келісімдер базасында салынған.

Сыртқы экономикалық қызметті реттеу облысында Қазақстан мемлекет жағынан қатаң бақылаудан сыртқы сауданың айтарлыктай либерализациясына дейін жолын өтті.

Республикада сыртқы сауданың маңызды либерализациясы өткізілген болатын, ол бойынша:

- тауарлар экспортын квоталау күшін жойды;
- лицензияланған өнімнің тізімі қыскартылған;
- бидай, мұнай, газ және түрлі-түсті металдардан басқа барлық тауарларға койылатын экспорттық баждары күшін жойды;
- кеден және салық женілдіктерін беру тәжірибесі күшін жойды;
- әртүрлі тауарлар экспортының, арнайы экспортшылардың институты қыскартылған;
- еркін экономикалық аймактардың катары күрүлді;
- әлсіз дамыған және дамып жаткан елдер үшін преференцияларының сұлбасы әзірленген, ол бұл елдерден экелінетін өнімдердің импорттық кеден баждарын төлеуінен жартылай немесе толық босатылуын ұсынады;

– республикаға сапасыз тауарлар әкелуін қақпайлау үшін техникалық, санитарлық, фитосанитарлық және басқа да бақылау жүйесі жетілдіріліп жатыр;

– импорттық келісім-шарттардың тәуелсіз жүкті тиеп алу алдында жүргізілетін сараптама жүйесі енгізілген.

1-ші кесте. Қазақстан Республикасының сыртқы секторының негізгі корсеткіштері

	2003 ж.	2004 ж.	2005 ж.	2006 ж.	2007 ж.
Ағымдағы операциялар есебінің сальdosы (млрд. АҚШ долл.)	-0,3	0,3	-1,1	-1,9	-7,2
- ЖІӨ-ге %-бен	-0,9	0,8	-1,8	-2,4	-6,9
Тауарлардың және қызметтердің экспорты (кезең ішіндегі млрд. АҚШ долл.)	14,9	22,6	30,5	41,6	51,9
- ЖІӨ-ге %-бен	48,5	52,4	53,4	51,3	50
Тауарлардың және қызметтердің импортты (кезең ішіндегі млрд. АҚШ долл.)	13,3	18,9	25,5	32,8	44,7
- ЖІӨ-ге %-бен	43,2	43,9	44,6	40,5	43,1
Тура шетел инвестициялар (нетто-ағымы) (кезең ішіндегі млрд. АҚШ долл.)	2,2	5,4	2,1	6,6	7,1
- ЖІӨ-ге %-бен	7,2	12,6	3,7	8,2	6,8
КҰБ халықаралық резервтері (кезеңнің соңына млрд. АҚШ долл.)	5	9,3	7	19,1	17,4
Тауарлардың және қызметтердің импорттың айларында	4,48	5,88	3,33	6,99	4,67
ҚР Ұлттық Қоры (кезеңнің соңына млрд. АҚШ долл.)	3,7	5,1	8,1	14,1	21
Ағымдағы бағалардағы ЖІӨ (кезең ішіндегі млрд. АҚШ долл.)	30,8	43,2	57,1	81	103,8
- нақты өсуі (%)	9,3	9,6	9,7	10,7	8,5
Мұнайдың және газ конденсатының экспортты (млн. тонна)	44,3	52,4	52,4	54,6	60,8
Шикі мұнайдың әлемдік бағалар (жыныса орташа USD спот/барель)	28,9	37,7	53,4	64,4	71,1
Биржалық айырбас курсы KZT/USD (кезең ушін орташа)	149,45	135,92	132,94	125,96	122,58
Накты тиімлі айырбас курсының индексінің өзгеруі (алдындағы жылдың желтоксан айына %-бен)	-2,5	6,1	6,2	0,6	10,3

Кайнар көзі: Қазақстан Республикасының Статистика бойынша агенттігі

Әлемнің басқа елдерімен сауда катынастарында Казакстан, шикізат пен энергия тасушылары бола отырып, аймақтың шектерінен тыс өзінің экспортын жеткілікті жылдам түрде, тұрақты валютада табысты алу максатымен, бірінші кезекте экономикалары жаксы дамыған елдерге қайта бағдарлады.

Капитал нарықтарындағы ғаламдық дағдарыстың көрінуі 2007 жылдың тамыз айынан бастап қазақстандық банктер үшін сыртқы ресурстарын тарту шарттарының нашарлауына алып келді. Несие корларына бірінші жарты жылдықпен салыстыру бойынша мүмкіндіктің айтарлықтай қыскаруы банктердің алдында тарткан қарыздарды өтеуіндегі соңғы төлемедердің кезеңіне тұра келді. Қаржы ресурстарына жоғарғы ішкі сұранысын сактау кезіндегі болып тұрған сыртқы қарыздың қайта қаржыландыру кажеттілігінен тыс жаңа шеттен алып пайдалануын тарту мүмкіншілігінің болмауы шетел валютадағы өтімділігінің тапшылығына алып келді.

Нәтижесінде 2007 жылдың екінші жарты жылдығында банк секторының қарыз операциялары бойынша қаржыландырудың айтарлықтай ағымы елден ресурстардың қайтуымен алмасы. Сомада 2007 жылдың екінші жарты жылдығында банктердің резидент еместерден қарыздар алу және олармен айналысқа борышты құнды қағаздарын шығару операциялары бойынша ресурстардың нетто-қайтуы 1,1 млрд. АҚШ долларын құрады.

Қаржы шотының операциялары бойынша ресурстардың түсімінің қыскаруы кезінде және ағымдағы шотының тапшылығының артуы кезінде валюта ресурстарына деген сұранысы 2007 жылдың екінші жартысында олардың ұснысынан айтарлықтай асты. Өтімділік жетіспеген жағдайда және тенгенін айырбас курсының кенет қыска мерзімді тербелістерін болдыртпау, ішкі валюта нарығында жағдайларды тұрақтандыру максатында төлем балансының пайда болған тапшылық Ұлттық Банктің резервінің есебімен қаржыландырылды. 2006 жылдың сонында 19,1 млрд. АҚШ долларын, ал 2007 жылдың шілде айының сонында – 23,4 млрд. долларын құрған Ұлттық Банктің жалпы халықаралық резервтері – 2007 жылдың сонында 17,4 млрд. АҚШ долларға бағаланды.

Ұлттық кордың қаржыларының жиынтығында елдін жиналған ресми резервтері 2007 жылдың сонында 38,4 млрд. АҚШ долларын құрады. 1-ші кестеде өткен бесжылдық ішінде сыртқы сектордың дамуының негізгі көрсеткіштерінің динамикасы келтірілген.

2007 жылдың корытындылары бойынша ағымдағы операциялардың есебі 7,2 млрд. АҚШ долл. тапшылығымен құрады, ол 2006 жылмен салыстырғанда 3,7 есе үлкейіп, ЖІӨ катынасы бойынша 6,9 %-ын құрады.

2006 жылмен салыстырғанда ағымдағы төлемдердің көлемі 38,3 %-ға (17,5 млрд. АҚШ долларға) есті, сонын ішінде тауар импортына кететін шығындар – 37,7 %-ға, қызмет көрсету импорты – 32,1 %-ға, резидент еместердің табыстыры – 42,7 %-ға, ал трансферттік төлемдер – 47,4 %-ға есken.

Тауарлардың экспортынан түсімдерімен қалыптастыратын ағымдағы операциялардан түсітін табыстыры 27,9 %-ға немесе 12,3 млрд. АҚШ долларға көбейді, сонын ішінде 9,6 млрд. долларын тауар экспортының өсуі құрады (кесте № 2).

Кесте №2. Ағымдағы түсімдер мен ағымдағы төлемдердің құрылымы, млн. АҚШ долл.


	2004 ж.	2005 ж.	2006 ж.	2007 ж.
Ағымдағы түсімдер	23 387,8	32 019,3	43 904,4	56 168,7
Тауарлардың экспорты	20 603,1	28 300,6	38 762,1	48 349,1
Факторлы емес қызметтердің экспорты	2 009,2	2 228,4	2 807,6	3 552,1
Резидент еместерден алынған табыстар	422,5	680,3	1 430,6	3 363,7
Трансфертті түсімдер	353	810	904,2	903,8
Ағымдағы төлемдер	23 052,4	33 075,2	45 819,0	63 352,5
Тауарлардың импорты	13 817,7	17 978,8	24 120,4	33 208,4
Факторлы емес қызметтердің импорты	5 107,9	7 495,7	8 719,6	11 522,6
Резидент еместермен төленген табыстар	3 285,7	6 377,2	10 867,4	15 508,1
Трансфертті төлемдер	841,1	1 223,5	2 111,6	3 113,4
Ағымдағы есептің сальdosы	335,4	-1055,8	-1914,5	-7183,7

Кайнар көзі: *Қазақстан Республикасының Статистика бойынша агенттігі*

Сыртқы сауда айналымы төлем балансының жіктелуі бойынша 2006 жылдың тауар айналымын 18,7 млрд. АҚШ долларға (29,7 %-ға) асырып, 2007 жыл ішінде 81,6 млрд. АҚШ долларын құрады.

Тауарлардың экспорты 48,3 млрд. АҚШ долларын құрады, ал олардың импорты – 33,2 млрд. АҚШ долларын құрады, яғни базалық кезеңінен катысты сәйкесінше 24,7 %-ға және 37,7 %-ға кобейді.

1-ші суретте Қазақстан Республикасының экономикасының ашықтығының динамикасы бейнеленген.



Сурет № 1. Экономиканың ашықтығы, ЖІӨ-ге %-бен
Кайнар көзі: Салық статистикасының деректері

ЖІӨ-ге тауар айналымының катынасы ретінде есептелінетін экономиканың ашықтығының көрсеткіші экспорт үлесінің ЖІӨ (1,3 %-ға) кыскаруы кезінде және импорт үлесінің (2,2 %-ға) артуы кезінде карастырылып жатқан кезең ішінде 78,5 %-ға дейін (0,9 %-ға) өсті (сурет №1).

Салық статистикасымен тіркелген тауарлардың экспорты базалық кезеңнің үксас көретішін 9,5 млрд. АҚШ долларына асырып, есепті жыл ішінде 47,8 млрд. АҚШ долларын құрады. ТМД елдеріне және ТМД елдеріне жатпайтын Қазақстанның жиынтық экспорттың тауарлардың экспорттының үлес көлемдері 16,7 %-ын (8,0 млрд. АҚШ долларын) және 83,3 %-ын (39,8 млрд. АҚШ долларын) құрады, сәйкесінше 2006 жылға катысты бұл көрсеткіштердің өсуу каркындары кезінде – 42,9 %-ын және 21,8 %-ын құрады.

Тауарлардың реңми экспорттыңдағы минералды өнімдердің экспорттының үлес салмағының (2,24 %-ға) кыскаруы экспорттың тауар концентрациясының төмендеуіне алып келді, оның коэффициенті базалық кезеңнің корытындылары бойынша 73,9 %-бен салыстырғанда 72,0 %-ын құрады. Негізгі экспорттық номенклатурасының баска тауарлары бойынша тауар экспорттының жалпы көлемінде түрлі-түсті металдардың үлесінің 1,1 %-ға азауы болды және кара металдардың үлес салмағының 1,7 %-артуы болды (кесте № 3).

Кесте № 3. Қазақстан Республикасының экспорттың тауар құрылымы

Тауарлардың тобы	2006 ж.		2007 ж.	
	млн. АҚШ долл.	%	млн. АҚШ долл.	%
Барлық тауарлар	38 250,40	100,00	47 755,30	100,00
соның ішінде:				
минералды өнімдер	27 510,9	71,9	33 276,1	69,7
соның ішінде мұнай және газ конденсаты	23 612,0	61,7	28 125,9	58,9
Кара металдар	2 333,6	6,1	3 745,2	7,8
Түрлі-түсті металдар	4 429,3	11,6	4 989,6	10,4
Денди мәдениеттер	569	1,4	1295,9	2,7
Баска тауарлар	3407,6	9	4448,5	9,4

Кайнар козі: Салық статистикасының деректері

Есептік кезеңде мұнай мен газ конденсатының экспорттың минералды өнімдердің сомалық экспорттында 84,5 %-ын құрады. Әлемдік бағалардың динамикасына ере отырып, Қазақстан экспорттың барлық негізгі шикізат тауаларына деген келісімді бағалары өсті. Мұнайға орташа келісімді бағасы 7%-ға өсті, оның сомасы 463 АҚШ долларға жетті, ал 2006 ж. бір тоннаға оның сомасы 433 долларды құрады. Түрлі-түсті және кара металдардың топтары бойынша келісімді бағалардың өсуінің каркындары әлемдік бағалардың өсуу каркындарынан озды.

Сонымен түрлі-түсті металдар тобының негізгі экспорттық үстанимдардың кескінінде әлемдік және келісімді бағалардың ең үлкен өсу шегі айдалмаған корғасында тіркелген – сәйкесінше 2 және 2,2 есе, тазартылған мыска деген экспорттық баға 10,8 %-ға өсті, ал әлемдік бағасы 5,9 %-ға үлкейді, мырыш экспорттының орташа келісімді бағасы әлемдік бағалардың 1 %-ға төмендеген кезде 29,1 %-ға үлкейді.

Кара металдардың тобы бойынша кара металдар прокаты мен феррокорытпаларға әлемдік бағалардың мәрдымсыз өсуі кезінде (0,2 %-ға) осы өнімге деген орташа келісімді бағалар сәйкесінше 55,7 %-ға және 42,5 %-ға үлкейді. Есепті кезеңде негізгі экспорттың номенклатурасының тауарларына әлемдік нарыктың бағалары мен келісімді бағаларын жақындаудына тенденциясы жалғасты. Әлемдік бағалар 10,9 %-ға өскенде Қазақстан экспорттының орташа келісімді бағалары 13,5 %-ға өсті (кесте № 4).

Кесте №4. Экспорттық тауарларға әлемдік және орташа шартты бағалардың өзгеруі (пайызben, алдындағы жылдың үксас кезеңімен салыстырғанда)

	2006 ж.	2007 ж.
Әлемдік бағалар	22,2	10,9
Минералды өнімдер	18,9	11,4
соның ішінде мұнай және газ конденсаты	20,6	10,4
Кара металдар	2,3	4,8
Түрлі-түсті металдар	7,7	8,1
Экспорттық орташа келісімді бағалары	26,4	13,5
Минералды өнімдер	26,4	8,2
соның ішінде мұнай және газ конденсаты	28,7	7,7
Кара металдар	7,4	46,2
Түрлі-түсті металдар	65,8	14,5

Кайнар козі: Салық статистикасының деректері

Талданып жатқан кезеңдегі қазақстандық экспорт құнының өсуіне бірдей ықпалын бағалардың өсуі және баға факторының белгілі бір артықшылығы кезінде экспортталынатын тауарлардың сандық жеткізілімдері жасады. Базалық кезеңмен салыстырғандағы құнды экспорттының 25 %-ға артуы келісімді бағалардың 12 %-ға өсуінің есебімен болды және физикалық көлемдерінің 11 %-ға өсуінің есебімен болды.

Кара металдардың құнды экспорттының маңызды өсуі (60 %-ға) негізінен бағалардың өсуінің есебімен болды (49 %-ға), ал түрлі-түсті металдардың экспорт құнының өсуі (13 %-ға) келісімді бағалардың артуымен (16 %-ға) түгелімен камсыздылған (кесте № 5).

2007 жылы мұнайдың сандық жеткізілімдері 12,1 %-ға өсті, барлығы мұнайдың 58 млн. тоннасы экспортталған, бұл 2006 жылмен салыстырғанда 6,3 млн. тоннаға көбірек. Сонымен мұнайдың физикалық көлемінің 26,3 %-ы Швейцарияға, одан кейін Италияға (19,9 %), Францияға (12,1 %), Қытайға (9,4%) және Иранға (5,2 %) жіберілді.

Кесте №5. Бағалар өзгерүнін және физикалық жеткізілімдер көлемдерінің экспорт құнына әсері (салық статистикасының деректері бойынша 2007 жылдын 2006 жылмен салыстырмасы)

Тауар тобы	Экспорт, млн. АҚШ долл.		Өзгерүі (осын (+), томендеу (-))	Сонын ішінде өзгерістердің есебінде	
	2007 ж.	2006 ж.		бағалардың	физикалық көлемдерінің
Ресми экспорт, барлығы	47 755,3	38 250,4	25%	12%	11%
Экспорттың негізгі номенклатурасы	45 301,3	36 386,8	24%	12%	11%
Минералды өнімдер	33 276,1	27 510,9	21%	7%	13%
Сонын ішінде мұнай және газ конденсаты	28 125,9	23 612,0	19%	7%	11%
Кара металдар	3 745,2	2 333,6	60%	52%	5%
Тұрлі-тұсті металдар	4 989,6	4 429,3	13%	10%	2%
Дәнді мәдениеттер	1 295,9	569	128%	53%	49%
Баска тауарлар	2 454,1	1 863,5	32%	12%	18%

Кайнар козі: Салық статистикасының деректері

Тұрлі-тұсті және кара металдардың топтары бойынша сандық экспорты феррокорытпалар (4,8 %-ға), қара металдардың прокаты (10,3 %-ға) және корғасын (5,8 %-ға) бойынша өсті, ал мыс пен мырыш бойынша экспорттың физикалық көлемдерінің сәйкесінше 2,2 %-ға және 4,6 %-ға қыскаруы белгіленген.

Негізгі экспорттың номенклатура құрылымында экспорттың ең үлкен өсу шегі, табиғи, тұра солай құнды өлпетінде дәнді өнімдері бойынша байкалды. 2007 жылы дәнді мәдениеттер өнімінің кезекті рекордына жетті – 20,1 млн. тонна, дәндердің сандық экспорты 49 %-ға өсті. Қазақстан дәндерінің негізгі тұтынушылары болып Әзірбайжан саналады, оның үлесіне дәндер экспорттың физикалық көлемінің 13,1 % келді, Ресей Федерациясы – 7,5 %, Мысыр және Қырғызстан – 5,2 %-дан және Тәжікстан – 4,8% тиеді. Келісімді бағалардың 1,5 есе өсуінің тіркесімінде дәннің сомалы экспорты есепті жылдың корытындылары бойынша скі еседен аса үлкейді.

Салық статистикасымен тіркелетін тауарлардың импорты 2007 жылы 32,8 млрд. АҚШ долларын құрады, бұл 2006 жылдың деңгейінен 38,3 %-ға асады. ТМД елдерінен 14,6 млрд. АҚШ доллар сомасына (базалық кезеңге қарағанда 32 %-ға көбірек) тауарлар әкелінген, қалған елдерден – 18,2 млрд. АҚШ доллары сомасына (44 %-ға көбірек) тасылған.

Өсідің жоғарғы карқындары импорттың бүкіл номенклатурасына катысты. Осылайша, есепті кезеңінде импортталған аралық өнеркәсіп тұтыну тауарлары мен инвестициялық тауарлардың құны базалық кезеңнің деңгейін 36,3 %-ға асырып 25 млрд. АҚШ долларын құрады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Статистика бойынша Қазақстан Республикасының Агенттігі
2. Салық статистикасының деректері

Кен өндіру саласындағы кәсіпорындардың қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету: ашықтық Бастамасын жүзеге асырудың шетелдік тәжірибесі

Жанат ЕРНИЯЗОВА,

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің аспиранты

Үгінгі таңда әлем бойынша табиғи ресурстарға бай елдердің кен өндіру саласында ашықтықтың жоқтығынан келесідей қоittеген мәселелер туындаиды: экономикалық өсідің төмен көрсеткіштері, жемкорлық, тиімсіз саясат, табиғи байлықтың ысырап етілуі, саяси тұрақсыздық, табыстарының мақсатсыз жұмсалуы.

Кен өндіру саласындағы туындаған мәселелерді шеше отырып, болашакта олардың алдын алу мақсатында әлем бойынша қоittеген үйімдар бағдарламалар мен жобаларды колға алып, олардың жүзеге асырылуын қадағалауда. Солардың ішінен 2002 жылы Йоханнесбургте откен тұракты даму бойынша дүниежүзілік саммитте Ұлыбританияның бұрынғы премьер-министрі Тони Блердің бастауымен колға алынған өнеркәсіптің кен өндіру саласындағы

Кәсіпорындардың ашықтығын жоғарылату бойынша бастамасына (EITI) ерекше токтап кетуге болады. Бастаманың басты мақсаты – өнеркәсіптің кен өндіру саласындағы табыстар мен төлемдердің ашықтығын жоғарылату [1].

EITI Бастамасының мақсаты негізінде үкіметтің компаниялардан алатын табыстары, ал компаниялардың үкіметке жасайтын төлемдері жөнінде мәліметтердің жариялануына қол жеткізуге болады. Осылайша, үкімет пен компаниялардың беретін есептерінің негізінде үкіметтің алатын табысы мен компаниялардың төлемдері арасындағы айырмашылықты аныктап, кен өндіру саласындағы қәсіпорындардың қызметінен түсетін табыстың орынсыз жұмсалуына жол бермей, елдін экономикалық жағдайын жаксартуға болады.

Әрине, алғашында табиғи ресурстарға бай елдер үкіметі мен табиғи ресурстарды игерумен айналысатын компанияларды табыстары туралы есеп беруге міндеттеу оңайға сокпады. Өйткені Бастаманың өзі ерікті шара болып табылады. Бастаманың әлеуетті катысушылары – табиғи ресурстарға бай 56 елдің ішінен шамамен тек жартысы ғана ашықтық Бастамасына катысада [2]. 2006 жылғы мәліметтерге бойынша жобаны жүзеге асырудың төрт жылы ішінде Бастаманы табиғи ресурстарға бай 21 ел колдаған болса, 2009 жылғы мәліметтерге сүйенетін болсак, бүгінгі таңда ашықтық

Бастамасын 25 мемлекет колдаған. Алайда Бастаманы жүзеге асыру бойынша накты шараптар колдаған елдердің барлығының үкіметімен қолға алынбаған.

Ашықтықты қамтамасыз ету бастамасының қашалықтың қажет екендігін және маңыздылығын түсіну үшін онын күшті және әлсіз жақтарын, мүмкіндіктері мен қауіп-көтерлерін карастырайык.

Кесте №1. EITI Бастамасының күшті және әлсіз жақтарын, онын мүмкіндіктері мен қауіп-көтерлерін бағалау

<p>Күшті жақтары</p> <ul style="list-style-type: none"> • Бастама талаптары мен критерийлерінін орындалуының кадағалануы • Бастама талаптары мен критерийлерінін орында колдаған елдерге міндеттеуі • Бастаманың әлемнің ірі экономикалық және каржы институттарымен тығыз байланыста жүзеге асырылуы • Бастаманы жүзеге асыруши дамушы елдердің каржылық және басқалай колдаулар табуы 	<p>Мүмкіндіктері</p> <ul style="list-style-type: none"> • түсken табыстың елдін экономикалық дамуына қызымет етуін қамтамасыз етеді • әлеуметтік бағдарламалардың жүзеге асырылуы • пайдалы казбаларға бай өнірлерді дамыту • жұмысшылардың жағдайын жаксарту • азаматтық қоғамның жергілікті билік органдары мен басшыларының жұмысын бакылай алуы • компаниялардың әлемдік капитал нарығына шығу мүмкіндігі • еліміздің инвестиациялық ахуалын жаксартуы • кен өндіру саласын әділ басқару мүмкіндігі • әрбір сомага деген жауапкершілікті жоғарылатады • экономикасының денгейінен тәуелсіз барлық елде табиғи ресурстарды игерудегі ашықтықтың кеңінен насиҳаттау мүмкіндігі • табиғи ресурстарды игеруден түsken табысты қоғамдық бакылау
<p>Әлсіз жақтары</p> <ul style="list-style-type: none"> • компаниялардың еркіті түрде косылуы • жалпы бағдарламаның еркіті қадам болуы • баяу жүзеге асырылуы 	<p>Қауіп-көтерлерлері</p> <ul style="list-style-type: none"> • үкімет пен компаниялар арасында жасалған келісім-шарттарды ашу барысында ортак мүдденін болмауы; • экономикалық тұрғызыздық • әлеуметтік тұрғызыздық • саяси тұрғыда мәліметтердің ашықтығы қауіп тудыруы мүмкін • слердін ішкі істеріне араласу

Бастаманы жүзеге асыру алғашкы жылдары 21 елдін арасынан тек Әзербайжан мен Нигерия елдерінде жақсы бастау алды. Бұл екі ел Бастама бойынша койылған талаптар мен принциптерге сәйкес толығымен салыстырыла тексеріліп, келісілген есептерін де алғашқылардың бірі болып жариялады. Бұл екі елдің ашықтықты жоғарылату әрекеті алғашында EITI бастамасын жүзеге асырудан 19 сліді артқа калдырып, оларға үлгі ретінде ұсынылып келді.

Каспий шельфіне ие елдердің бірі Әзербайжанда 2006 жылғы мәліметтер бойынша мұнай-газ операциялары бойынша түсімдер экспорт көлемінің шамамен 70 %-н құраса, ал мұнай бойынша жасалған операциялардан түсетін пайда бюджет табысының 50 % құрайды [3]. Бұл мәліметтер Әзербайжанның мұнай саласында ашықтықты қамтамасыз ету қажеттілігін көрсетеді. Осы максатта мұнайдан түсken табысты оңтайлы пайдалану, мұнай корының қызметіне, оның жұмысының ашық жүргізуіне, сонымен катар мұнайдан түsken табыстың жұмсалуын қоғамдық бакылауды үйімдастыруға едәуір қоңіл бөлініп жатыр. Осы орайда Әзербайжан елі кен өндіру саласының қызметінін ашықтығын жоғарылату бойынша Бастаманы колдағандардың алғашкылары болып, Әзербайжанның Мемлекеттік мұнай корының бөлімшесі болып табылатын EITI Ұлттық комитетін құрып [3], 2003 жылдың 17 шілдесінде жобага косылғандарын жариялады. Артынша 2003 жылдың 13 қарашасында мемлекеттік комиссияның құрылғаны жөнінде Министрлер Кабинетінің Каулысы шығып, 2004 жылдың 13 мамырында Әзербайжан елінің үкіметтік емес үйімдарының Одағы құрылды. 2004 жылдың 24 қарашасында кол қойылған өзара түсіністік туралы меморандумда аудиторлық тексерістерді жүргізу үшін EITI бойынша жұмыстарды каржыландыру шарттары ескертілмей, жұмысты жүзеге асыру шығындары бюджетке кіргізілмегеннің өзінде Бастама талаптарына сай көлжектес-тік комитетін құрып, осы процесске жетекшілік жасау үшін үкімет құрамынан накты бір адамды тағайындаپ, жұмыстың ұлттық жоспарларының жобаларын әзірлеп, аудиторларды тандап, нәтижесінде 2006 жылы толыктай салыстыра тексеріліп, келісілген есептерін жариялады [4].

Бастама Әзербайжан елінде қоғамның жылына екі рет елдін Мұнай корына түсетін төлемдер жөнінде үнемі акпарат алуына, сонымен катар азаматтық қоғам өкілдері, яғни үкіметтік емес үйімдардан тұратын Коалиция Бастамаға тікелей катысып, оның орындалу барысына ықпал ету мүмкіндігіне кол жеткізді. Әзербайжан Бастаманы басынан толыктай орындауға тырысып жаткан ел. Меморандумға кол қойып, оны талқылаушы жақтар: Мемлекеттік Комиссия мен жергілікті және шетелдік компаниялар жылына екі рет жарты жылдық және жылдық есеп береді. Ұсынылған бұл есепке тексеріс Әзербайжанның халықаралық денгейде мойындалған аудиторлық компаниясымен жүзеге асырылады. Ал осы Бастама төнірегіндегі жағдай «Әзербайжанның кен өндіру саласында ашықтықты жоғарылату» үкіметтік емес үйімінің Одағы ретінде құрылған Әзербайжанның үкіметтік емес үйімдарымен бакыланып, жүзеге асырылу барысы жөнінде баға беріледі [5]. Әзербайжанда өнімді бөлісу туралы келісім жөнінде мәлімет бүкарага ашық ұсынылады, себебі бұл келісімдерді компаниялар зан жүзінде жариялаулаты керек. Бірак келісімнің бұл түрі туралы мәліметтер көптеген елдерде құпия болып есептелінеді.

EITI Бастамасын жүзеге асыру бойынша Әзербайжанды баска елдермен салыстыратын болсак, бұл ел 2008 жылдың 12 желтоқсанында өндіруші сала ашықтығы бойынша тоғызыншы есебін жариялады [6]. Бүгінгі күнге дейін тоғыз рет есеп беріп үлгерген Әзербайжан елінің есебіне жасалған сындар да аз емес. Бастаманың бұл берілген есепте компаниялардың әркайсысы бойынша көрсеткіштердің жеке емес, жалпылама берілуі. Әрине, мұндай есеп накты және толық болмауы мүмкін. Бірак уақыт өте Әзербайжан елінің есебі жетілдіріліп, компаниялары бойынша накты, әрі толықканды мәліметтер беріле бастауы мүмкін.

Әзербайжан елінен кейін ашыктық Бастамасын жүзеге асыру процесі жақсы бастау алған екінші ел Нигерия болатын. 2003 жылдың күрнешінде Нигерияның бұрынғы Президенті Обасанджо елінің бюджетіне мұнай саласындағы кәсіпорындардың кызметінен түсетін барлық төлемдерді жариялайтындығы және бұл компаниялардан бюджетке төленетін төлемдері жөнінде накты мәліметтер беруін талап ететіндігін айтқан болатын. Ол компаниялардың әркайсысының жасайтын барлық төлемдері жөнінде жалпыланған көрсеткіштерге емес, төлемдер түрлері бойынша накты акпараттарға қоғамның кол жеткізуіне барлық жағдай жасайтындығын айтқан.

Осылайша, Нигерия елі 2007 жылдың басында кен өндіру саласындағы кәсіпорындарының бюджетке жасаған төлемдері жөнінде есебін жариялаған болатын [7]. Алайда, Нигерия EITI бастамасын жүзеге асырудан жетекші елдердің бірі болғанымен де, көптеген шараларды жүзеге асыру барысында кедергілер де аз болмады. Мысалы, мұдделі жактардың Ұлттық жұмыс тобына (NSWG) азаматтық қоғамның өкілдерін сайлауға үкімет араласкан болатын. Ал бұл өз кезегінде азаматтық қоғамға деген сенімнің жоғалуына алып келеді. Нигерияда азаматтық қоғамнан, бұқаралық акпарат құралдарынан, ұлттық жиналыстан, жергілікті зандық жиналыстардан, отандық және көпұлттық мұнай компаниялардан, үйымдастырылған жеке сектордан және федералды үкіметтеген тұратын Ұлттық жұмысшы тобының 28 мұдделі жактары ашықтық Бастамасының жүзеге асырылуына өз үлестерін косуда [8].

Негізінен Нигерия елінің Бастамаға косылуы кеш болған процесс ретінде бағаланады. Себебі, мұнайға бай Нигерия әлемнің өте кедей елдерінің бірі болып табылады. Мұнайдан түскен каражаттар халық иглігіне жұмсалмай, жоғалып, ұрланаپ біткен. Нигерияның мұнай өндірісімен айналысқан уақыт аралығында шамамен 100 миллиард доллар табыс табуы керек еді. Алайда, осы уақыт ішінде елдің не әлеуметтік жағдайын жаксартуға, не инвестиция ретінде жұмсалмаған, не қорға салынбаған. Кен өндіру саласынан түскен табыс елдін экономикалық жағдайын жаксартудың орнына керісінше көптеген мәселелердің, кактығыстардың туындауына алып келді [9].

Дегенмен, Нигерияның Бастама бойынша есепті алғашқылардың бірі болып беруі осындай үшінші әлем елдерінің киын жағдайға душар болмай, табиғи ресурстардың «карғыс аткан ресурстарға» айналуын болдырмай, есеп беру арқылы табыстың козғалысын бакылауына мүмкіндік береді. Үшінші әлем елдерінің Бастамаға косылып, колдауларының себептері де Нигерияның осы жағдайын қайталамау. Бастама шенберінде өз есептерін ұсынып отырған көптеген елдердің ішінен тек осы Нигерияның жариялатын есептері накты болып табылады. Әрбір компания бойынша мәліметтерді бөліп жариялау Бастаманың міндетті талаптарына жатпайды, бірақ Нигериядан басқа Монголия, Гана сиякты көптеген елдер кен өндіру компаниялары жөнінде накты мәліметтерді жариялауды қолға алған. Әрбір компания бойынша мәліметтерді жариялау Қазақстанның Үкіметтік емес үйымдар коалициясының төрағасы Мәлік Исабеков мырзаның айтуынша, «акпараттарды ашуудың мұндай формасының неғұрлым дамыған түрі болып табылатындығын және ашықтықтың жаңа сапалы стандарттарын белгілейді», – деп мәлімдеді [10]. Бірақ Нигерияда басшылықтың өзгеруі Бастаманың жүзеге асырылу процесіне өз әсерін тигізбей коймады. Қазіргі таңда Нигерияда ашықтықты қамтамасыз ету процесі баяу журуде. Бұл Бастаманың басшылықтың колдауын кажет ететіндігінін дәлелі [2].

Қырғызстан минералды ресурстарға бай елдердің катарына кіреді. Қырғызстанның басты минералды ресурсы алтын болып табылады. Мемлекеттік табыс немесе экспорт көлемінің 50 %-дан аса мөлшерін минералды ресурстардан түсетін табыс құрайды. Қырғыз Республикасының үкіметі 2004 жылдың мамыр айында кен өндіру саласының кызметінің ашықтығын жоғарылатуды қамтамасыз ету шаралары туралы қаулыны қабылдады. Қаулыға сәйкес EITI Бастамасының катысушы елдерінде колға алынған шаралар Қырғызстанда да колға алынып, мемлекеттік шенеуніктерден тұратын Бастама принциптерін жүзеге асыру Комитеті, мемлекеттік қызметкерлерден, ғылыми институттар, компаниялар, халықаралық үйымдар мен азаматтық қоғам өкілдерін тұратын консультациялық көмек көрсету Кенесі құрылды. Қырғызстан үкіметі жарты жыл сайын кен өндіру компанияларынан түскен табыстары мен төлемдері туралы есептерін жариялайтын болды. Алайда Бастама талаптарына сай есеп беру үшін есеп беру формалары бекітіліп, есеп беруі керек кәсіпорындар тізімі анықталып, кәсіпорын қызметінің жиынтық қаржылық есебін тексеру Қырғыз Республикасының Есентік палатасына жүктелген болатын. Үкімет пен елдегі кәсіпорындардың қызметтері туралы акпарттарды ашуы бойынша міндетті турде есеп беру талабы қойылғанымен, есепті жариялауға көптеген кедергілер болды [11]. Дегенмен Қырғызстан 2004 жылдың казанында алтын өндіру өнеркәсібі бойынша 2004 жылдың бірінші жартысына ресми есептерін жарияладап, кейін 2005 жылы 2004 жылға толык есеп берді [12].

Африка құрлығындағы табиғи ресурстарға бай елдерге келетін болсақ, Сан-Томе және Принципи жаңа мұнай өндіруші елдердің бірі болып табылады. Африкадағы табиғи ресурстарға бай елдер сиякты Сан-Томе және Принципи елінде де халқының едәуір бөлігінің кедейшілікте өмір сүруі мәселеге айналып отыр. Бұл мәселе мұнай өндірісінен түскен табыстың ашықтығын қамтамасыз ету арқылы шешімін табуы мүмкін. 2004 жылдың желтоқсанында Сан-Томе және Принципи елінің президенті Фрадике де Менезес мұнайдан түскен табыстардың корға аударылуы туралы акпарттарға жүртшылықтың кол жетімділігін білдіретін заңға кол койды [8]. Сан-Томе және Принципе Бастаманы қамтамасыз етудін шетелдік тәжірибелерін арқау ете отырып, Бастаманың жүзеге асырылуын бакылауға азаматтық қоғамды тартып, олардың үкімет шенеуніктерімен, мұнай компанияларымен және халықаралық эксперттермен бірге отырып жұмыс жасауға тырысты. Сан-Томе және Принципе еліне Бастаманы сәтті жүзеге асыру үшін ұсыныстар жасалды [13].

Перу елінде 2005 жылдың 15 мамырында өнеркәсіптің кен өндіру саласының ашықтығын қамтамасыз ету бастамасының жүргізілетіндігі туралы Декларация шығарды. Перуде бағдарлама мұнай-газ, тау-кен өнеркәсібінен түскен табыстарды толыктай ашық стүге бағытталған [13].

Бастаманы колдаушы елдердің жобаны жүзеге асыруда өз киындықтары мен кедергілері бар болып отыр. Кен өндіру саласының ашықтығын қамтамасыз ету Бастамасын колдаган 21 елдің сегізі, яғни Боливия, Чад, Экваторлық Гвинея, Нигер, Сьерра-Леоне, Сан-Томе және Принципи, Шығыс Тимор, Тринидад және Тобаго елдерінде 2006 жылдың өзінде EITI процесі бойынша накты қадамдар жасалмаған болатын. Бұл елдер тіптен Бастаманы жүзеге асыру процесінің жауптты жетекшісін тағайындаған, көпжакты серіктестік комитетін құрмадан, ал жұмыс жоспарын әзірлеп, бекітпеген болып шықты.

Мысалы, Монголия елінің өкілдері Бастаманы жүзеге асырудан артта калуын келесідей түсіндіреді: «Үкіметтегілердің көбі EITI артықшылығын біледі. Алайда жүзеге асыруға келгенде үлкен проблема туындаиды. Үкімет бұл процесті саяси дұрыс әрекетті қолдаудың тағы бір мүмкіндігі ретінде карастырады» [4]. Монголияда 2000–2003 жылдары минералды ресурстарды игеруден түскен табыс экспорттың жалпы көлемінің 46 %-н, жалпы ішкі өнімнің 24 %-н құраған. Табиғи ресурстарды игеруде ашықтықтың қажет екендігін түсінген Монголия үкіметі 2006 жылдың 4 қантарында Бастаманы жүзеге асырумен айналысады EITI бойынша Ұлттық кеңесті құрды [3]. Осылайша Монголия кен өндіру саласындағы 25 ірі компанияларының мәліметтері негізінде салық төлемдері жөнінде алғашқы есебін дайындағы [14].

EITI шенберінде қандай мәліметтер туралы ашылып, жарияланатындығы маңызды рөл атқарады. Ашықтық Бастамасы негізінде жариялануы керек есеп ашылатын мәліметтерден тәуелді. Гана да табыстары туралы мәліметтерді ашатын компаниялар жылына екі рет осы мәліметтерін жариялада отырады. Жариялануы керек мәліметтер катарында жер койнауын пайдаланғаны үшін төлемдер, корпорацияға салынатын салық, табыс салығы, қалыпка келтіруге салынатын салықтар мен басқа да алымдар бар [8].

Әрине, Бастаманы критерийлері мен принциптеріне сәйкес жүзеге асыру үшін бұл жобаның артықшылығын біліп кана қою аз болады. Бастаманы жүзеге асыру бойынша накты нәтижелерге кол жеткізу үшін Үкімет елдегі қасіпорандармен, сонымен катар Коалициямен тығыз жұмыс жасауы керек. Үкімет халықаралық үйімдардың табиғи ресурстарға бай елдердің өз байлыктарын тиімді пайдалануына жасап отырған мүмкіндіктерін көнінен пайдаланулары қажет.

Африка құрлығында орналаскан табиғи ресурстарға бай елдердің ішінен Либерия 2009 жылдың акпанында Бастама шенберінде алғашкы есебін ұсынды. Есепті дайындау барысындағы кедергілерге:

- өндіруші саласында, сонымен катар ағаш дайындау саласында жұмыс жасайтын компаниялардың толық тізімінің болмауы;
- компаниялардың реквизиттерінің тізімінің толық болмауы жатады.

Либерия үкіметі кедергілердің болуына қарамастан Бастаманы халық арасында көнінен үтіттеу үшін акпараттық ресурстардың барлық тұрларін колдануда [2].

Алғашында Әзербайжан мен Нигериядан басқа Бастаманы қолдап, енгізіп жаткан елдерде көптеген кедергілердің салдарынан үкіметтік емес үйімдардың Одағымен берілген ұсыныстар мен кеңестер толыктай орындалмаған болатын. Көптеген елдерде үкімет азаматтық қоғамның жұмысына тікелей әсер етіп, тіптен көпжакты серіктестік комитетінің өкілдерін өздері тағайындаған жәйттар да аз болмады. Қазақстан, Мавритания, Камерун мен Монголия, сонымен коса Перу елдерінде үкіметтен басқа саяси партиялар мен компаниялар сиякты басқа мұддені корғайтын топ өкілдерінің Бастаманы жүзеге асырылу процесіне қатысуына көптеген сындар да айтылған болатын. Бастаманың жүзеге асырылу процесін талқылауда кей елдерде еш жарнамасыз болып откен. Кейбір елдерде көпжакты серіктестік Комитетінің отырыстары үкіметтік емес үйімдардың қатысуының өтіп жатса, ал кейбір елдерде отырыс уәде берілген уақытта болмай, ал кейде азаматтық қоғам өкілдері алдын ала хабарландырылмай калған. Бастаманы жүзеге асыру процесіне тежеу жасайтын кедергілердің бірі-қаржылық қолдаудың қажетті

денгейде болмауы. Мұндай мәселелер EITI бастамасының іс жүзінде жүзеге асырылуына кедергі болып, оның қағаз түрінде калуына алып келеді.

Шет мемлекеттерде ашықтық Бастамасының жүзеге асырылуын негізге ала отырып, олардың барлық талаптарының орындалуарына төмендегілер кедергі екендігін көруге болады:

- Қатысушы елдердің каржыларының жеткіліксіздігі;
- Кен өндіру компанияларының немікүрайлылық танытуы;
- Компаниялармен Бастаманың принциптері мен талаптарының дәл орындалмауы;
- Бастаманың үйімдастырылуының төмендігі;
- Бюрократиялық процедуралар;
- Ел үкіметінің кен өндіру саласының ашықтығын қамтамасыз ету қажеттілігін сезінбеуі.

Ашықтық Бастамасын қолдаған елдерде Бастама өз нәтижелерін беруі үшін EITI критерийлері мен принциптерін жүзеге асыру дәрежесінен тәуелді елдерді қатысушы-елдер мен үміткер-елдерге ажыратты. Үкіметі Бастаманы енгізуге міндеттеннे отырып, азаматтық қоғаммен және компаниялармен біріге отырып тұрақты жұмысшы жоспарын дайындаған елдер үміткерлер болып табылады. Ал қатысушы елдер катарына ашықтық Бастамасын жүзеге асыру процесін EITI-дің барлық критерийлері мен принциптеріне толықымен сай жүзеге асыруши елдер жатады [15]. Ашықтық Бастамасына қатысушы елдерге қатысушы-елдер мен үміткер-елдер дәрежесі EITI-ді жүзеге асыру процесін бағалау, яғни валидация корытындысы негізінде аныкталады. Бұл алдымен елдердің имиджі мен абыройна сәдәуір әсер етуі мүмкін. Бастама үйімдастырушыларымен мұндай шараның колға алынудына:

- Мемлекеттердің күжат негізінде қосылып, бірақ Бастама талаптарын орындауы;
- Бастама критерийлері мен принциптерінің жүзеге асырылмауы немесе жүзеге асыру процесінің тым ұзакқа созылуы;
- Бастаманы жүзеге асыру мақсатында накты шаралардың колға алынбауы себеп болды.

Әр елде ашықтықты қамтамасыз ету немесе ашықтықтың денгейін жогарылату Бастамасының нәтижесі сол елдерде бұл жұмыстарды жүзеге асыру процесіне көніл болу дәрежесінен тәуелді болып отыр. Көбіне ел басшылары тараپынан қолдау тауып, олардың бақылауымен жүзеге асырылып жатқан Бастама нәтижелі болып отыр.

Ашықтық Бастамасының баяу жүзеге асырылуын келесілерден байқауға болады:

- Халықтың Бастама жөнінде хабардар болмауы немесе жеткіліксіз хабардар болуы;
- Кейбір елдерде Бастама шенберінде маңызды шаралардың жүзеге асырылмауынан немесе уақытылы орындалмауынан.

Табиғи ресурстарға бай дамыған елдер ішінен Норвегия EITI-дің үміткер-елдерінің катарында. Норвегияның Халықаралық даму министрі Эрик Сульхейм Норвегия Үкіметі кен өндіру саласында ашықтықты қамтамасыз ету Бастамасын жүзеге асыруға ниетті екендігін мәлімдеді. Бұл Норвегияның донор-ел ретінде

EITI бастамасының баска елдерде де жүзеге асырылуын колдап кана коймай, сонымен катар өзі де жүзеге асыратын бірінші өнеркәсіптік дамыған ел болып табылатындығын білдіреді. Бастаманы жүзеге асыру мүмкіндігіне ие елдердің EITI бастамасына тарту процесін женілдетеді деген сенім де бар [16].

Шындығында Норвегия мұнай-газ өндірісінен түскен табысты халық игілігіне сауатты пайдаланатын ел болып табылады. «СтатойлХидро» компаниясының Қазақстан бойынша бас директоры Пер Эйнар Реттедалдың «Новое поколение» газетіне берген сұхбатынан Норвегия елінің кен өндіріу саласының каншалыкты ашық екендігін байқауға болады. Реттедал мырзаның айтудынша, Норвегияның кез келген азаматы мұнайдан түскен табысты пайдалана алады. Мұнай өндірісіне катысты кез келген мәліметтер ашық болып келеді және ұдайы жарияланып отырады. Ел халкы мұнай компанияларының төлеген салықтарының көлемін, олардың қызметтерінен бюджетке түсетін табыстын көлемін ашық көре алады. Тіптен, мұнай компанияларымен катар, олардың топ-менеджерлерінің табыс салықтары, сонымен қоса мұнай компанияларының басшыларының жалақы денгейлері жөнінде мәліметтер жарияланып, кез келген түргын үшін кол жетімді болып келеді [17]. Норвегия елінің кен өндіріу саласында ашықтыкты камтамасыз ету мақсатында жүргізіп жатқан саясаты EITI бастамасын колдаушы елдер үшін үлгі болып келеді.

Дамыған елдер катарынан Катар елі де кен өндіріу саласының кәсіпорындарының қызметінің ашықтығын камтамасыз ету бастамасының толықканды мүшесі болуға ниет білдіріп отыр. Катар ашықтыкты камтамасыз ету жолында акшаны жымқырылуына қарсы заң қабылдан, мемлекеттік қызметкерлердің ашықтығын камтамасыз ету хартиясын қабылдаған және жемқорлықпен құресу бойынша арнайы орган құрған [18]. Өркениетті дамыған елдердің ашықтык Бастамасын колдап, оны жүзеге асыруға катысуы дамушы елдер мен экономикасы нашар елдерге үлгі болып, оларды Бастаманы жүзеге асыруға ынталандыратын болады.

Ашықтыкты камтамасыз ету Бастамасының жүзеге асырылуы казіргі таңда Әзербайжанның валидациядан өтімен және баска 23 елге кандидат-елдер мәртебесінің берілуімен алға жылжыған. Жобаны жүзеге асыруши елдердің EITI-дің толықканды мүшесін өтүлерін 2010 жылы валидациядан өткізу арқылы бағалау жоспарланған. Жалпы Бастама бойынша алғашкы накты қадамдар жасалып, жүргізілген қыруар жұмыстың нәтижесі ретінде Әзіrbайжан белгіленген мерзімнен бір жыл бүрүн валидациядан өту процесін аяктады. Бұл алдымен EITI жобасының үйімдастырушылары мен ашықтык Бастамасын жүзеге асыру барысындағы Әзербайжан елінің ен үлкен жетістігі. Өйткені Әзербайжан мұнда да алғашқылардың бірі болып EITI-дің үміткер-елдері катарынан толықканды мүшесіне айналды [18]. Дегенмен, Әзербайжанның ашықтык Бастамасын жүзеге асыру процесін бағалау тәжірибесі мінсіз емес. Жоғарыда айтып кеткендей Әзербайжанның кен өндіріу компанияларының қарсы болуы салдарынан есептері бойынша мәліметтері жалпылама берілген. Бұл валидация принциптері мен критерийлеріне сай келмейді.

Барлық елдердің табиғи ресурстарды халық игілігіне пайдалануында ашықтыкты камтамасыз ету үшін EITI бастамасының критерийлері мен принциптерін жүзеге асырып қана қоюы жеткіліксіз болып келеді. Сондықтан бұл Баставамен катар дүние жүзі бойынша ашықтыкты камтамасыз ету бағдарламаларын

да жүзеге асыру керек. Ашықтыкты камтамасыз ету шаралары бір-бірімен тығыз байланыста жүзеге асырылуы кажет.

Әлемдік деңгейде ашықтык Бастамасын дамыту үшін:

- Бастамасын үйімдастырушылық құрылымын жетілдіру керек;
- Бастама қатысушыларының өзара әрекеттің жетілдіру керек;
- Рейтингтік агенттіктердің кен өндіріу компанияларын бағалау жүйелерінің түсініксіздігін жою;
- Ашықтык жобасының барлық қатысушыларының арасындағы байланысты ретке келтіру және бақылау керек;

• Экономикасы дамыған АКШ ж.т.б. дамыған елдер Бастамаға косылып, талаптары мен принциптерін орындаудың үздік модельдерін көрсуге көрсүлдері керек, яғни Норвегия ісін қайталашы мемлекеттер қатары көп болуы керек;

• Бастаманы жүзеге асыру үшін донор-мемлекеттердің колдауы кажет.

Әлемдік деңгейде Бастаманың нәтижелі жүзеге асырылуы үшін:

- Ашықтыкты камтамасыз ету бойынша барлық бағдарламаларды біріктіру;
- Әлемдік деңгейде компанияларды Меморандумды колдауға міндеттеу;
- Корпоративтік басқару принциптеріне сәйкес табыстары туралы мәліметтерді ашатын компаниялар жылына екі рет осы мәліметтерін жариялап отыру керек;
- Бастама негізінде берілетін есептің талаптарын қайта карастыру керек.

Ашықтык Бастамасы барлық елде сәтті жүзеге асырылып жатыр деп айту киын. Бір елде сәтті бастау алып, кейін киындықтар мен кедергілер салдарынан жүзеге асыру процесі токтап калып жатыр. Сондықтан бұл процестің токтап калмасы үшін, Бастаманы жүзеге асыруға кедергі болатын жәйттарды да ескеру керек.

• Ашықтыкты камтамасыз ету үшін арнайы заң шығару керек. Мысалы, жоғарыда айтып кеткендей Нигерияда үкімет басшысының ауысуы Бастаманы жүзеге асыру процесінде баяу жүруіне алып келді.

• Өндіруші салада жұмыс жасайтын барлық компаниялардың өз табыстары мен Үкімет бюджетіне жасалған толемдер туралы белгілі мерзімде жариялап отыруларын талап ету керек.

• EITI арнайы сайтында елде жүргізіліп жаткан жұмыстар жөнінде мәліметтерді, Үкімет пен кен өндіріу компанияларының есебін жариялау керек.

EITI Бастамасы колға алынып, үкімет пен кәсіпорындардың ашық қызмет етуіне талаптар койылғанин бері көптеген елдерде ашықтыкты қатысты көптеген мәселелер шешілді:

• Алдымен көптеген елдер мен компаниялардың Бастаманы қолдауы, яғни ашықтыкты камтамасыз мен жоғарылату мақсатындағы алғашкы қадамдарының жасалуы;

• Үкіметтің табысы мен компаниялардың толемдері жөнінде мәліметтерді мемлекеттің немесе компанияның арнайы веб-сайттарында орналастыруы;

• Құпиялылық туралы заңдар мен кейір келісім-шарттарға қажеттілігінше өзгерістердің енгізілуі;

• Кейір келісім-шарттардың кайта қаралуы;

• Мұнайдан түсетін табысты бақылау мақсатында резервтік немесе тұрақтандыру корларының құрылуды;

• Үкімет пен компаниялардың қаржылық есептіліктің халықаралық стандартына сәйкес есеп беруі;

- Үкімет пен кәсіпорындар арасындағы жұмысқа азаматтық қоғамның арасындағы мәселесінің бұқаралық акпарат құралдарының ашық тақырыбына айналуы.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Инициатива по повышению прозрачности деятельности добывающих отраслей промышленности (EITI). Лондонская конференция. – 17 июня 2003. – 1 с.
2. Т. Аскarov. Валидация секвестру не подлежит? // Республика 27 февраля 2009. – 14 с.
3. Инициатива прозрачности в добывающих отраслях промышленности: улучшение доступа к информации в нефтегазовой и горнодобывающей отраслях. // Новости CAREC Ежеквартальный информационный бюллетень Программы Центрально-Азиатского регионального экономического сотрудничества апрель. – 2006. – 7 с.
4. В центре внимания – EITI. Концепция и рекомендации открытого общества по Инициативе прозрачности добывающих отраслей промышленности. – 2006. – С. 5–27.
5. Губад Байрамов, Инициатива Прозрачности в добывающих отраслях Азербайджана. – 2007. – 11 с.
6. Қараныз: <http://www.eitransparency.org>
7. 2005-2007 два года реализации EITI в Казахстане. Подведение итогов и рекомендации. Отчет подготовлен при финансовой поддержке Фонда Сорос-Казахстан, Алматы. – 2007. – 24 с.
8. Инициатива прозрачности добывающей промышленности. Сборник документов. – 2008. – март.
9. Н.Ибадильдин. Нефтяной фонд как противоядие от «голландской болезни» //Поиск 2002. – №1. – 153 с.
10. Е.Браун. Отчет под огнем критики // Деловой Казахстан 14.03.08. – 7 с. Институт экономической политики
11. <http://www.eitransparency.org>
12. EITI новости. Последнее от Инициативы Прозрачности Добывающих Отраслей Промышленности июль. – 2005.
13. Злобина А. Первый блин – комом? // Республика 7 марта 2008. – 14 с.
14. 2005-2007 два года реализации EITI в Казахстане. Подведение итогов и рекомендации. – Алматы. – 2007
15. Реферат Третьего заседания Правления международной инициативы по обеспечению прозрачности в добывающих отраслях, Норвегия. – 2007.
16. Прозрачная нефть. Норвежский опыт. // Новое поколение 2008. – №39 (538). – 8 с.
17. Т.Аскarov. Под белым солнцем пустыни // Республика 20 февраля 2009. – С. 14–15.

XX ғасырдың әстетикалық теориялары және философиялық дискурстың өнердегі айшықтары

Қабыл ХАЛЫҚОВ,

Т. Жүргенов атындағы ҚазҰФА-ның доценті, философия ғылымдарының кандидаты

XX

ғасыр өнер, ғылым, мифология мен философияның әлем бейнесін құрайтын жаңаша көзқарастарын әкелді. Бұл кезеңнің ерекшелігі ретінде көркемдік, ғылым және философиялық тұрғыдан әлемді тануда олардың жақындасуын, бірлесуін айтуға болады. Философияны ең жалпы түрде алғанда әлемді рухани игеру теориясы, оны адами пайымдау теориясы ретінде, яғни, адам мен әлемді өзін-өзі тану теориялық формасы – тек әлем жайындағы ілімді ғана қалыптастырып коймайды, сонымен катар, адами мағына, мәндер мен құндылықтарды да қалыптастыруши. Өйткені, бүтін постклассикалық философия болмыс статикалы емес, тұракты да емес, ол ұдайы қалыптасуда дейтін болса, онда әлем жаратылысында бастапқы мәндердің жоқ екенін мойындаиды. Демек, мәндердің туындау үдерісінде (мұндай әлем жаратылысын онтологиялық негіздердің бірі ретінде) мойындауға тұра келеді. Бұл байланыста кенейтілген рационалдылық міндеті саналы түрде өзін объектиге «қөндігуді», «сезінуді» қосатындығы түсінікті болады. Дискурс термині постструктуралызм мен деконструкциядағы танымал ұғым – философияда, социологияда, когнитивтік талдауларда, семиотикада қолданылады. Кең мағынада дискурс ерекше әрекетті білдіруші ретінде философиялық тұрғыда онтологиялық релятивизммен байланысты. Бұл ұғым М. Фуконың (1926–1984) философиялық тұжырымдамасында негізделген – «тілде бекітілетін кандай да бір мәндеңі әртүрлі көзқарастардың бірін гүйін білдіреді» [1;140 б.].

XX ғасырдың әстетикалық мәселелері арнағы ғылымдар зерттеулерінде ғана емес, психология, социология, семиотика, лингвистика тәрізді басқа ғылымдардың контекстінде жасалғаны белгілі. Олардың ішінде едәуір ықпалды әстетикалық тұжырымдамалардың бірі Эдмунд Гуссерльдің философиялық іліміне сүйенетін феноменологиялық эстетика ерекше. Феноменологиялық эстетиканың негізін калаушы поляк философы Роман Ингарденді (1893–1970) атауға болады. Феноменологияның түйін ұғымы болып интенционалдылық (латынның *intention* ұмтылу, ниеттілік, бағыттылық) таным объектиін санамен құру ретінде түсініледі. Феноменология жалпы өнер шығармасын өзіндік жеткілікті интенционалды түйінуге болатын феномен ретінде қарастырады. Шығарма туралы айқындауға болатынның барлығы оның өзінен табылады, ол өзіндік құндылықтық, автономды өмір сүруге ие және өзінің заңдылықтарына құрылған. Феноменологиялық

тұрғыдан Николай Гартман (1882–1950) эстетиканың басты категориясы – әсемдіктің экстаз күйі мен армандауда танылатындығын, ал акыл, көрініш, әсемдік аймағына жақын карым-катьнас жасауға мүмкіндік бермейді, соңдықтан, танымдық акт эстетикалық аңдаумен сиынды емес деп табады.

Мишель Дюфрен (1910–1995) адамды табиғаттан, болмыстық өзіндік мәні мен жоғарғы құндылыктардан жаттандыратын қазіргі заманғы батыс өркениетін сыйнайды. Ол адам мен әлем арасындағы үйлесімді байланысты қалыптастыратын мәдениеттің іргелі негіздерін айқындауға үмтывлады. «Болмыс ақиқаты» атты хайдеггерлік өнер тұжырымдамасын пафос ретінде қабылдап, Дюфрен феноменологиялық онтология тұрғысынан қарастырылатын оның негіздерін эстетикалық тәжірибе байлығынан іздеген. Зерттеудің феноменологиялық тәсілі орыс формализмі, француз структурализмі мен позитивизмге оппозиция ретінде шыккан ағылшын-американдық «жаңаша сыйнау» негізінде жатыр. Дж.К. Рэнсом (*Жаңаша сыйнау, 1914*), А. Тейт (*Реакциялық очерктер, 1936*), К. Брукс пен Р.П. Уоррен (*Поэзияның түсіні, 1938; Прозаның түсіні, 1943*) атты еңбектерінде неокритикалық теорияның басты принциптері салынған: зерттеу негізінде суретші-жасаушыдан тәуелсіз объект ретінде өмір суретін оқшауланған мәтін алынады. Бұл мәтін образдар мен рәміздердің, мифтердің ерекше үйымдастырылуы ретінде өмір сүре алғын органикалық және біртұтас структурага ие. Мұндай органикалық форманың көмегімен шындықты тану іске асырылады («білім ретінде поэзия» неокритикалық тұжырымдама).

ХХ ғасырдың басқа да маңызды эстетикалық бағыттарына З. Фрейд пен Г. Юнгтің психоаналитикалық тұжырымдамалары, экзистенциализм эстетикасы (Ж.П. Сартр, А. Камью, М. Хайдеггер), персонализм эстетикасы (Ш. Пеги, Э. Мунье, П. Рикер), структурализм мен постструктуралық эстетикасы (К. Леви Стросс, Р. Барт, Ж. Деррида), социологиялық эстетикалық тұжырымдамаларға Т. Адорно мен Г. Маркузе жатады.

Қазіргі заманғы эстетикалық ой постмодернизм арнасымен де (И.Хассан, Ж.Ф. Лиотар) дамыды. Постмодернизм эстетикасына алдыңғы мәдени дәстүрде жасалған қандай болмасын ережелер мен шектеулерді саналы тұрғыда жокка шыгару, осы тәрізді мұндай дәстүрге әжуалық катынас сипатты тән.

Көркем шығармашылық феномені белгілі объективті әлемді түйсінуді ұсынады. Ал, суретшінің әлемді түйсінің нені білдіреді? Әдеттегі «ортада» индивидумның әлемді жай түйсінің бола ма? Егер әңгіме әдебиетке немесе өнерге белгілі бір үлес коскан нағызғы суретші жөнінде болатын болса, онда бұл мәселе басқаша көрініс табады; оның өмір құбылыстарын көруі жоғары деңгейдегі айқындылықпен, жаңалығымен, айтартылтай терендігімен және құрделілігімен сипатталады. Бұл сипаттамалардың кейбіреуі тек ерекше дарындылықтың нәтижесінде ғана емес, сондай-ақ, бай омірлік тәжірибе арқылы пайда болуы мүмкін; ал басқалары сәйкес философиялық идеялардың әсерінен талпының алалы. Көрнекі суретшілердің шығармашылығының нағызғы философиялық түсіндірмесі, мысалы, фрейдтік, неліктен бұрыннан келе жаткан психологиялық коллизиялар барлық даралық ерекшелігі бар көркем шығармалардың құрылуына тұртқи болғанын түсіндіре алмайды. Әрине, егер оған қазіргі болып табылатын суретшінің тек тікелей ғана қабылдауын ескеретін болса, әлемді түйсінудің байлығын төтенше түсіндіру киын.

Философия тек ғылыми таным мен қоғамдық практикаға ғана емес, сонымен бірге, көркем шығармашылық таным мен қабылдауда дүниетанымдық

және методологиялық бағдар беруге бағытталады. Егер философияның ғылыми шығармашылықтағы ролі жалпы танылған және оның ғылымға әсер ету механизмі салыстырмалы түрде жақсы зерттелген болса, ал көркемдік шығармашылық процестерінің өзін зерттеудегі философияның ролі туралы айту әлі ерте. Алғашкы философиялық болжамдардың жалғандығы барлық уақытта кате ұғымдармен мұндай зерттеудегі сәтсіздікке әкелді. Мысалы, шығармашылық әрекеттің идеалистік түсіндірілуи мистикалық ашылыс ретінде таза иррационалдылық, ал суретшінің тұлғалылығы уақыт пен органың әсерінен азат етілген, «жердегі тіршіліктен» босатылған болып қарастырылады. Суретшінің «шығармашылық лабораториясының» эмпирикалық сипаттамасы жайлы айтартылтай құнды талқылаулар жасалғанымен терен шығармашылық процестерді зерттеуде табыс әкеле қойған жок.

«Техникалық даму» дәүірі (Ясперс хронологиясы бойынша төртінші адамзат тарихы) философты бүкіл планетарлық болмысты адамның бір сәттік қажеттілігін өтеш кызметіне қоюға үмтывлады ойсыздық екені мазасыздандырады. Бұл бір жағынан, осында міндеттімен аныктап, әлемді көшірме кальп бойынша өзгертуге үмтывыс; екінші жағынан, әлем осында тар мағыналы прагматикалық оны өзгерту тәсілін қаламайтын шарасыздық сезімі. Ясперс: «Қазіргі әмбебапты танымның мактандыши мен адам әлемнің кожайыны ретінде өз еркімен оның құрылымын шындығында едөір жаксартады деген өр көкіректік сенім барлық санада ашылатын шекараларының басым көпшілігінде дәрменсіздік танытады» – деп жазады [2; 5,6 б].

ХХ ғасыр көркемдік санасы, біріншіден, шексіздік пен қазіргі шындықты (реалдылық) көрсетуге мүмкін емесітігін, оны камтитын бұрыннан бар поэтикалық формулалардың жарамсыз екенін сезінеді. Екіншіден, суретшінің хаости реттілікке айналдыруға үмтывысының шектеулілігі, тын терен де ауқымды көркем шығармашылық формалары мен жолсызда жол таба білуі, дәүірінен асып түсүі, «бәссекеде жоғары» көріні, ақырзамандық психологияны жеңе білуі мұнын бәрі камтылуы мүмкін еместігі. Бұл дилемма көркем шығармашылықта модернизм мен постмодернизм ауқымында көрініс тапқан тенденциялар.

Ғылымда мұндай құбылыстардың түсіндірілуі әртекті: жалпы тұрғы түсіндіруге үмтывысақ модернизм көркем практика (кубизм, футуризм, абстракционизм, сюрреализм және т.с.) ретінде ХХ ғасырдың басынан Екінші дүние жүзілік соғысқа дейінгі уақытты қамтиды. Постмодернизм өнері Екінші дүние жүзілік соғыстан бүтінгі күнге дейінгі барлық көркем бағыттардың жиынтығын қамтиды. Модернизм мен постмодернизм көркем шығармашылығының мәні принципті айырмашылықты. Олардың ортақ түстары модернизмнің жасампаздық табигатын постмодернизмнің өлі формалармен ойынына қарама-карсы қойылуы.

Модернизмге бұрынғы өнерді қатты терістеу пафосы тән болғанмен, ол өзінше шығармашылық жұмыспен айналысты. Модильяни, Пикассо, Шенберг, Джойс, Шагал және т.с. авторлар қуаты классикалық өнер формаларын мирас етіп қабылдағанмен, дәүірдің өзіндік көркем бара-бара келбетін қалыптастыруға үмтывлды, ол болашакка секіріс болды. Модернизм өзінің көркем рәмізін шындыққа катынас жасап емес, ішкі көркемдік қорларын жинақтай отырып, тікелей құрады; қыруар, бірақ бұл түсініп жасалған талпыныстар нәтижесінде адам мен әлем арасындағы қатынастарға әкелді. Постмодернизм мұндай максат коймайды. Постмодернизмнің көркем практикасы жана әлемді жасау емес, қазіргі заманғы жүйесінде тозған жүрек айны қайталау, ауру қүйді жүрін-

тұрғыдан Николай Гартман (1882–1950) эстетиканың басты категориясы – әсемдікті экстаз қүйі мен армандарда танылатындығын, ал акыл, керісінше, әсемдік аймағына жакын карым-қатынас жасауға мүмкіндік бермейді, сондыктan, танымдық акт эстетикалық андаумен сиымды емес деп табады.

Мишель Диофрен (1910–1995) адамды табигаттан, болмыстық өзіндік мәні мен жоғарғы құндылықтардан жаттандыратын қазіргі заманғы батыс өркенистін сыйнайды. Ол адам мен әлем арасындағы үйлесімді байланысты қалыптастыратын мәдениеттің іргелі негіздерін айқындауға ұмтылады. «Болмыс ақиқаты» атты хайдеггерлік өнер тұжырымдамасын пафос ретінде қабылдалап, Диофрен феноменологиялық онтология тұрғысынан қарастырылатын оның негіздерін эстетикалық тәжірибе байлығынан іздейен. Зерттеудін феноменологиялық тәсілі орыс формализмі, француз структуралізмі мен позитивизмге оппозиция ретінде шыққан ағылшын-американдық «жанаша синау» негізінде жатыр. Дж.К. Рэнсом (*Жанаша синау, 1914*), А. Тейт (*Реакциялық очерктер, 1936*), К. Брукс пен Р.П. Уоррен (*Поэзияны түсіну, 1938; Прозаны түсіну, 1943*) атты еңбектерінде неокритикалық теорияның басты принциптері салынған: зерттеу негізінде суретші-жасаушыдан тәуелсіз объект ретінде өмір сүретін оқшауланған мәтін алынады. Бұл мәтін образдар мен рәміздердің, мифтердің ерекше ұйымдастырылуы ретінде өмір сүре алатын органикалық және біртұтас структураға ие. Мұндай органикалық форманың көмегімен шындықты тану іске асырылады («білім ретіндегі поэзия» неокритикалық тұжырымдама).

XX ғасырдың басқа да маңызды эстетикалық бағыттарына З. Фрейд пен Г. Юнгтің психоаналитикалық тұжырымдамалары, экзистенциализм эстетикасы (Ж.П. Сартр, А. Камью, М. Хайдеггер), персонализм эстетикасы (Ш. Пеги, Э. Мунье, П. Рикер), структуралізм мен постструктуралізм эстетикасы (К. Леви Стросс, Р. Барт, Ж. Деррида), социологиялық эстетикалық тұжырымдамаларға Т. Адорно мен Г. Маркузе жатады.

Казіргі заманғы эстетикалық ой постмодернизм арнасымен де (И.Хассан, Ж.Ф. Лиотар) дамыды. Постмодернизм эстетикасына алдынғы мәдени дәстүрде жасалған қандай болмасын ережелер мен шектеулерді саналы түрде жокқа шығару, осы тәрізді мұндай дәстүрге әжуалық катынас сипаты тән.

Көркем шығармашылық феномені белгілі объективті әлемді түйсінуді ұсынады. Ал, суретшінің әлемді түйсінүі нені білдіреді? Әдеттегі «орта» индивидумның әлемді жай түйсінү бола ма? Егер әңгіме әдебиетке немесе өнерге белгілі бір үлес косқан нағызғы суретші жөнінде болатын болса, онда бұл мәселе басқаша көрініс табады; оның өмір құбылыстарын көруі жоғары дәнгейдегі айқындылықпен, жаңалығымен, айтартықтай терендігімен және күрделілігімен сипатталады. Бұл сипаттамалардың кейбіреуі тек ерекше дарындылықтың нәтижесінде ғана емес, сондай-ақ, бай өмірлік тәжірибе арқылы пайда болуы мүмкін; ал басқалары сәйкес философиялық идеялардың әсерінен талпыныс алады. Көрнекі суретшілердің шығармашылығының нағызғы философиялық түсіндірмесі, мысалы, фрейдтік, неліктен бұрыннан келе жаткан психологиялық коллизиялар барлық даралық ерекшелігі бар көркем шығармалардың құрылуына тұртқи болғанын түсіндіре алмайды. Әрине, егер оған қазіргі болып табылатын суретшінің тек тікелей ғана қабылдауын ескеретін болса, әлемді түйсінудің байлығын төтенше түсіндіру киын.

Философия тек ғылыми таным мен қоғамдық практикаға ғана емес, сонымен бірге, көркем шығармашылық таным мен қабылдауда дүниетанымдық

және методологиялық бағдар беруге бағытталады. Егер философияның ғылыми шығармашылықтағы ролі жалпы танылған және оның ғылымға әсер ету механизмі салыстырмалы түрде жаксы зерттелген болса, ал көркемдік шығармашылық процестерінің өзін зерттеудегі философияның ролі туралы айту әлі ерте. Алғашкы философиялық болжамдардың жалғандығы барлық уақытта кате ұғымдармен мұндай зерттеудегі сәтсіздікке әкелді. Мысалы, шығармашылық әрекеттің идеалистік түсіндірілуі мистикалық ашылыс ретінде таза иррационалдылық, ал суретшінің тұлғалылығы уақыт пен ортасын әсерінен азат етілген, «жердегі тіршіліктен» босатылған болып қарастырылады. Суретшінің «шығармашылық лабораториясының» эмпирикалық сипаттамасы жайлы айтартықтай құнды талқылаулар жасалғанымен терең шығармашылық процестерді зерттеуде табыс әкеле қойған жок.

«Техникалық даму» дәүірі (Ясперс хронологиясы бойынша төргінші адамзат тарихы) философты бүкіл планетарлық болмысты адамның бір сәттік қажеттілігін өтөу қызметіне қоюға ұмтылған ойсыздық екені мазасыздандырады. Бұл бір жағынан, осындағы міндеттімен аныктап, әлемді қөшірме калып бойынша өзгертуге ұмтылыс; екінші жағынан, әлем осындағы тар мағыналы прагматикалық оны өзгерту тәсілін қаламайтын шарасыздық сезімі. Ясперс: «Казіргі әмбебапты танымның мактандыши мен адам әлемнің қожайыны ретінде өз еркімен оның құрылымын шындығында едәуір жаксартады деген өр көкіректік сенім барлық санада ашылатын шекараларының басым көпшілігінде дәрменсіздік танытады» – деп жазады [2; 5,6].

XX ғасыр көркемдік санасы, біріншіден, шексіздік пен қазіргі шындықты (реалдылық) көрсетуге мүмкін емесітігін, оны қамтитын бұрыннан бар поэтикалық формулалардың жарамсыз екенін сезінеді. Екіншіден, суретшінің хаости реттілікке айналдыруға ұмтылысының шектеулілігі, тың терең де ауқымды көркем шығармашылық формалары мен жолсызда жол таба білуі, дәүірінен асып түсіу, «бәсекеде жоғары» көріні, ақырзамандық психологияны жеңе білуі мұның бәрі қамтылуы мүмкін еместігі. Бұл дилемма көркем шығармашылықта модернизм мен постмодернизм ауқымында көрініс тапқан тенденциялар.

Ғылымда мұндай құбылыстардың түсіндірілуі әртекті: жалпы түрде түсіндіруге ұмтылсақ модернизм көркем практика (кубизм, футуризм, абстракционизм, сюрреализм және т.с.) ретінде XX ғасырдың басынан Екінші дүниес жүзілік соғысқа дейінгі уақытты қамтиды. Постмодернизм өнері Екінші дүниес жүзілік соғыстан бүтінгі күнгө дейінгі барлық көркем бағыттардың жынытығын қамтиды. Модернизм мен постмодернизм көркем шығармашылығының мәні принципті айырмашылықты. Олардың ортақ тұстары модернизмнің жасампаздық табигатын постмодернизмнің өлі формалармен ойынына қарама-карсы қойылуы.

Модернизмге бұрынғы өнерді қатты терістеу пафосы тән болғанмен, ол өзінше шығармашылық жұмыспен айналысты. Модильяни, Пикассо, Шенберг, Джойс, Шагал және т.с. авторлар қуаты классикалық өнер формаларын мираж етіп кабылдағанмен, дәүірдің өзіндік көркем бара-бара келбетін қалыптастыруға ұмтылды, ол болашакка секіріс болды. Модернизм өзінің көркем рәмізін шындықка катынас жасап емес, ішкі көркемдік корларын жинактай отырып, тікелей құрады; қыруар, бірақ бұл түсініп жасалған талпыныстар нәтижесінде адам мен әлем арасындағы катынастарға әкелді. Постмодернизм мұндай максат коймайды. Постмодернизмнің көркем практикасы жаңа әлемді жасау емес, қазіргі заманғы жүйкесі тозған жүрек айны қайталау, ауру күйді жүрін-

жұрқа, сынған, жұлынды формаларда көрсетеді. Модернизм тын және белгілі мөлшерде эпотажды жолдармен кандай да бір аяқталған және тұтас көркем формаларды іздеді және жүзеге асыруға ұмтылды, ал постмодернизм болса керісінше жүрді. Постмодернизм феномені – бұл ойын феномені, өзін жокка шығару, парадокстылық [3].

Модернизм мен постмодернизмнің мұндай диспозициясы бірката теоретиктерге XX ғасыр жарқын болашағы сәулетті шеру модернизммен ашылып, барлық өткен кезеңдерге пародиямен аяқталды деуге негіз болды. Салтанатты босаға үміттерді сактауды білдірсе, ол модернизм көркем шығармашылығына білдірілген сенім – ештеңеге карамастан адам мен әлем арасын байланыстыруға ұмтылуышылық, уақытка бара-бар бағдарды жасаушы. Барлық өткен кезеңдерге постмодернизммен пародия болып ену барлық шығармашылықтың ізденістеріндегі ойды ойын аясы деп қабылдау, әлем картинасы мен көркемдік әрекет арасында түйісу нүктесі бар ма жоқ па деген сауалдарға мән бермеу, өзін бекітуді абсолюттендіруде, өзіне деген аутентикалық күлтті көрінді [4].

Постмодернизмнің мәнгө берген сипаттамалары бойынша Лиотар пікіріне сәйкес, «тілдер ойыны» жиынтығының ортасында өзіндік статустар легитимациясының ұмтылысы «метадискурстардың» пайда болуына әкеледі. Модернизм төмөндеңгідей екі наррацияның үкімдігімен: Ағарту нарративі мен Рух нарративі сипатталады. Ағарту нарративінің өкілі ретінде Лиотар Кантты атайды, ол «философ әмбебап шындық пен адамдықтың» атынан сөйлейді. Ағарту деңгейіне жеткен қоғам адамдардың ағартуы мен еркіндігін ақиқатты тану арқылы камтамасыз етеді. Лиотар Рух нарративінің өкілі ретінде Гегельді атайды. Бұл нарративте философия бірлікке білім арқылы жетеді, ал жеке ғылымдар рухтың қалыптасуындағы сәттер арқылы дамиды [5; 4-б.].

Бейнелеу өнерінің философиялық мәселелерін терен зерттеген ғалым Б.К. Байжігітов: «...бейнелеу өнері рационалды критерийлермен ғана анықталса, оған берілетін баға сынаржакты болар еді. Сондыктан да ғылым, негізінен, рационалды ұғымдарға, өнер иррационалды бастауларға бағынады деп айта аламыз» [6; 71-б.] деп көрсеткен. Уақыттың жаңа өнерде реализмнен кейін жаңа ағымдар әсерін бойынан өткізуінің жоғарыда аталған айшықтармен жаңа көзқарастар туыннатканы белгілі. Оны ғалым: «Әрине, иррационалды бастаулардың негізінде рационалдылық, интуициялық мәдениет, тәжірибе, білім тәрбиелері жататыны сөзсіз. Ол иррационалды шығармашылық серпіліске тұрткі бола алады. Себебі такыр жерге шөп өспейтіні секілді, ішкі мәдениет те тәрбиеленетін процесс. Сол секілді ішкі рухани бастаулармен, эмоцияның, темпераменттің, екпінді күшімен қуаттанбаған өнер ешқандай адамның жүргегіне жетіп, сезіміне әсер ете алмайды, өнер үшін алдын-ала дайындалған рецепт жоқ. Сондыктан өнердің құндылықтарын анықтайтын белгілердің субъективті сипаттың ескеруге тиіспіз. Ол уақыттың, заманның, қоғамның әлеуметтік және мәдени талап-тілектері мен сұраныстары, әрі жеке адамның рухани деңгейі мен тәжірибесіне байланысты анықталатынын» дәл тауып айтқан [6; 71-б.].

1990 жылдардан бастап казіргі тарихи кезеңге дейінгі уақыттағы қазіргі заманғы қазақ бейнелеу өнеріндегі адам мәнінің көрінісі төмөндеңгідей факторлармен анықталады:

1. Суретшілердің жаппай көшпенделер мәдениетінің рухани жүйесі мен көркемдік категориялары уақыт пен кеңістік катынасындағы шешілген

композициялық ізденістерінен, эстетикалық талаптарды пайымдауынан байкалады.

2. Казіргі заманғы суретші – тек өзінің отбасы, туған жері мен мемлекеттің азаматы ғана емес, әлемнің бөлігі, планетаның жауапкершілікі адамы, парасатты тұлға, бүкіл ғаламның шығармашылық нұсқасы; өзінің шығармашылығында ол белгілі құбылыстар шекарасынан шығуға тырысып, олардың жасырын метафизикалық болмысын зерделеуге тырысады; ол ерекше мәнді іздеуіш.

3. Символизм, бейсаналалық, астарлылық, мәнді ұғыну, адам болмысын тану, кескін козғалысын философиялық түрғыда пайымдау, тұлғаның гарыштық заңдылықтар ортасында сезін тәрізді қасиеттер бүтінгі көркемдік шындыққа тән ортак белгілер болып саналады.

4. Суретшілердің рухани, адамгершіліктік құндылықтарды сактаушы, жасам-паз жеке тұлға ретінде өзін басты рольге коя білуі ен жоғарғы жетістік болып есептеледі.

5. Бейнелеу өнерінің сурет, мүсін, сәулет және театр сахнасын безендіру өнері салаларында сырттан алынған көркемдік идеяны органдың тақырыптық кеңістігіне енгізу мәселесінде өріс алып, жана үрдістердің пайда болуы.

6. Постмодернизм тұжырымдамаларына сәйкес субстанцияның техногендік реалдылыққа құрылуы мен жаһандану процестерінде адамдарды мәдени өмірінен ажыратуы, субстанционалды мен концептуалды агрессияның, жасанды техногенді-виртуалды органдың алдында адамзаттың болмысымен өмір сүруінің киындауы адамның өркениетке катынасындағы кайшылығын туыннатады.

7. Қазіргі заман өнеріне тән көркем шығармашылықтағы максаттан құралды бұрын кою үрдісінің адам мәнінің қазіргі қазақ бейнелеу өнеріндегі көрінісіне өз әсерін тигізуі.

Қазақстан суретшілерінің бейнелеу өнеріндегі адам образдары жайлы өзіндік ойы мен мәсселелері дәстүрлі дүниетаным призмасынан өткізіле, реалистік бейнелеу дәстүрінен жаңа – бейнелеу тіліне өте, жеке стильдік, бояулық-нақыштық ерекшеліктерінен ізденістерінен көрініс табуы – әртүрлі сипатта деп түсінеміз. Ата-бабалардың адам мәні мен әлем жаратылысы туралы түсініктерінде қалыптаскан бастанкы образдарға, архетиптерге жүргіні, суретшілер ұлттық дүниетанымдық көзқарастардың мән-мағынаны бейнелеуде әмпирикалық берілулерге философиялық түрғыдан сұрыптау жасай білуімен ерекшеленеді [7].

Ал, сонымен қатар қазіргі заман суретшісінің шығармашылық аясынан адам әлемінің табылмауы, көрініше, «адамның ішкі жан дүниесінен сыр шерту, өзінің адами болмысын ұтынуы, өмір мен әлемнің рухани негізінің көрінісін беру» максаттарынан тыс қалуы, оның өркениет талаптарына сай кәсіптік деңгейін жоғалтатын шығармалармен шектелуі постмодернизм үрдісіне сай адамның рухани-мәдени өмірінен алыстаганын елестетеді. Қазіргі таңда бұл аланда тарлық жәй. Сондай-ак, тұлғаның шығармашылықта мәнге кол жеткізуіне құралдың мақсаттан бұрын қойылуының кедергі жасайтындығы анықталған.

Бейнелеу өнерінің ересіне тән құндылықтар жүйесінің қолданылу аясы қазіргі заманғы материалдық технологиялардың дамуына сай тарыла, табиғи және адам колы еңбегінің азауына әкеліп сокты. Аталған келенсіздік жағдай постмодернизм, т.с.с. ағымдардан келе жаткан үрдіс деп атап көрсетеді Г.Г. Соловьев. «Постмодернизм – корқынышты, темір-құрсаулы тізбекте тұр. Бұл ен алдымен жаһандану, мәдениеттегі постиндустриалды өркениеттің қалыптасуымен байла-

нысты жана заман акпаратты технологиялары, «симулякрлар» идеологиясы: атап – білдірушінің дербестікке ұмтыла отырып, білдіретінен айрылуы; сондай-ақ, күтпеген әрекеттер мен сол сияқты «еркін» псевдобелгілермен катынаска түсіу» [8, 26-б.] бар екенін айта алымыз.

Қазіргі заман өнерінің бағыттарына: перформанс, акция, энвайронмент, видео арт, авангард, абстракционизм және т.б. түрлери жатады. Бейресми көрмеде өткізілген акциялар өнер шығармасында нақты көрініс аясын салудан, сезім пайдасыз кайталануларын еске түсіреді. Бұл да мағынасыз адамға ермек ретінде пайдасыз кайталануларын еске түсіреді. Бұл да мағынасыз адамға ермек ретінде пайдасыз кайталануларын еске түсіреді. Себебі, шұғылданылып жүрген симулякрдан басқа ештеңе емес деп түсінеміз. Себебі, адамзат игілігінің қол жеткізген озық ойлары мен рухани мәдениетін аттап өтіп, жасалған тәжірибелер адамның мәнін аштын мақсатка жеткізеді деген сенім ұяллатпайды.

Казіргі заман өнеріндегі барлық авангардтық бағыттар (алдыңғы модернизм, модернизм, неомодернизм, постмодернизм) көркем образдың әртүрлі қырларына мән бере отырып окушының, көрмерменнің, тыңдаушының рецептивті белсенен ділігін арттырады, сонымен катар, оларды авторға бара-бар көркем мәтінді жасауши етеді. Сөйтіп, мәтін интерпретациясы процесінде рецепентті көркем мағынаны жасаған автордан да едәүір маңызды құқыкка иелендіруі мүмкін. Барлық авангардтық бағыттарда автормен жасалған көркем мәтін – ол полуфабрикатты тек рецепенттің интерпретаторлық белсенділігімен шығарманы көркем өнімге айналдырылатынын білдіреді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Словарь философских терминов / Научная редакция профессора В.Г. Кузнецова, М., ИНФРА-М, 2004, ХVI, - 731 с.
2. Призрак толпы / Карл Ясперс, Жан Бодийар. – М.: Алгоритм, 2007. – 272 с. – (Философский бестселлер).
3. Козловский П. Культура постмодерна. М.1997.
4. На грани тысячелетий. Мир и человек в искусстве XX века. М. 1994.
5. Лиотар Ж. Ф. Состояние постмодерна / Пер., с фр. Н.А. Шматко, М., СПб., 1998, - 215 с.
6. Байжітов Б.К. Бейнелеу өнерінің философиялық мәселелері: Кеңістік пен үақыт ыргағындағы тұрақты сурет үлгілері. – Алматы: Ғылым-өлкө, 1998. – 192 б.
7. Халықов Қ.З. Адам мәнінің бейнелеу өнеріндегі көрінісі: Монография, Алматы, 2006. – 188 бет.
8. Соловьев Г. Постмодернизм: философия глобализации // Мир человека. Философский и общественно-гуманитарный журнал. №1, 2002. 26-27 с.

Консерватизмді зерттеудің теориялық-әдістемелік аспектілері

Балташ ҚАРІПОВ,

М. Ломоносов атындағы ММУ-дің әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдары оқытушыларының белгілілігін арттыру және қайта даярлау институтының докторанты

ылыми зерттеулерде қандай да бір құбылысты тек кана оның анықтамасының әмпиріалдық көпқырлығын суреттеумен ғана шектелмей, оның алдағы уакытта пайда болу, даму және өзгеруін қадағалау үшін осы құбылыстың таза, «идеалдық» типін құрастыру, сонымен катар нақтылы үлттық моделге сәйкестендірілуі кажет. Бұл жерде әңгіме «консерватизм» ұғымы жөнінде болып отыр. Оның мазмұны көпқырлы және ол өзіне бірқатар аспектілерді сингізеді. Ал ол өз кезегінде консерватизм мағынасын сипаттауда түрлі оқуларға экеп соктырады (Либералдық консерватизм, 2001; Консерватизм қоғамдық ойдың ағымы сипаттас..., 1995; Минаков, 2006; Попов, 2005; Орыс консерватизмі: проблемалары, көзқарастары, пікірлері, 2001). Оларды өткеру үшін тікелей феноменге назар аудару кажет.

Саяси ұғым түріндегі «консерватизм» терминін алғашкы рет Француз революциясының кезеңінде, революциялық жетістіктерді сактап калушылардың да, сондай-ақ өткен кезеңді саяси құрылыштың түрғысынан қорғаушыларға тиесілі болған саяси құбылыстардың сипаттамасы үшін колданылды. Аталған термин ағылшын-американдық саяси лексиконда XIX ғасырдың 30-шы жылдары белгілі бір саяси нағымға сипаттама беру түрінде көнінен тарады (Молчанова, 1994, 4-б.). Осы кезеңнен бастап қөптеген радикалды теориялардың ықпалымен осы анықтаманың жағымсыз-эмоционалдық кіші мәтіні қалыптасты және ол тек кана түрмистық лексикаға ғана емес, сонымен катар ғылыми тілге де тиесілі болды. Аталған тенденция, әсіресе кеңестік тарихнамада аса бір жарқын көрініс берді. Отандық анықтамалық басылымдар консерватизмді «социалистік дамудың прогрессивтік дамуына карсы тұратын идеялық-саяси ағым» деп атады. Ал оның өзгеше ерекшелігі: «прогрессе жаулы және қарсы тұратын, дәстүрлі және ескіргенді ұстанатын» (Философиялық энциклопедиялық сөздік, 1983, 273-б), «барлық жаңа, алдыңғы катардағы қарсы» (Кеңестік энциклопедиялық сөздік, 1980, 628-б) деп суреттелді. Терен мағыналы түрде мұны ғылыми ұғым деп тануға, әрине болмайды. Кеңестік ғылымда ұстемдік құрган тұжырымдамалық койылымға сәйкес олардың авторлары «дәстүрлі» және «уақыты өткен», «жана» және «прогрессивтік» деген ұғымдардың арасында тепе-тендік белгісін қояды. Мұндай талқылаудың барысы дүниe жүзілік дамудың жолактық-кезеңдік сипаттамасы жөніндегі ұғымга жақын және әрдайым нақтылы өмірде колдау табады.

«Консерватизм» деген ұғымның өзі (латын сөзі – Conservare) «сактау, қорғау, тұтас күйінде калдыру» деген ұғымды білдіреді (Сокольская, 1998, 50-б), яғни

ондағы кандай да бір бас тартудың болмауы, сондай-ақ оның жаңаға немесе ескіге емес, колда бар, тексерілген, белгілі бір құндылыққа ие болуындағы сөзүйінүү деңгейінің өзіндегі көрсетілген терминнің он сипаттамасы көрініс берсе бастайды, (Ермашов, Ширияниң, 1999, 17-б).

Бұл феноменнің дұрыс ұғымына қоғам қызметін реттейтін, дүние жүзілік өркениетті сактау мен корғауды камтамасыз ететін маңызды тетік түріндегі консерватизм ұғымын қоғамдық ой, ағым ретінде қарастырып, оған идеология мен консерватизмді әлеуметтік-психологиялық құбылыс ретінде шектеу жолымен ғана жетуге болады. Н.А. Бердяев бұл екінші ұғымды «адамзат қоғамының мәнгілік және онтологиялық бастамасының бірі» деп сипаттама берді (Бердяев, 1990, 109-б). Қазіргі заманғы анықтамалық әдебиетте консерватизмнің бұл қыры «кең қоғамдық топтарға, ресімделген саяси құштерге, сондай-ақ белгілі бір индивидтерге тән ой-толғамы» деп белгіленеді. Ол дәстүрлерді, ұқыптылықты, тұрактылықты ұстануымен сипатталады, әрі революциялық қөнілге карсы шығады және реформалық импульстарға күмәнмен қарайды. Мұндай ой-толғамға белгіленген жоспар бойынша ақылды әлеуметтік тәртіпті орнатуға қағидалы түрде кол жеткізуғе болмайды; қоғам құрылышының «шектеулі» және «жасанды дамуы» жақеттілігіне жіктелуі деп есептейді (Политология, 1993, 197).

Алайда, консерватизм ұғымындағы мұндай шектеулер барлық дерлік зерттеушілермен жүргізілмейді және оны мазмұндау көптеген дәйексіздіктерге әкеп соктырады. Оның салдарынан консерватизмнің пайда болу уақытына қатысты мәселелер бойынша түрлі қарата-қайшы келетін шілдеслерге орын береді. Олар оны әртүрлі тарихи кезеңдерге, атап айтқанда: XVI ғасырға (Реформалау және Контрреформалау) (Галкин, 1995), XVII ғасырдың ортасындағы Ағылшын революциясының дәуіріне (Федорова, 1995) немесе кең тараған XVIII ғасырдың сонындағы Ұлы Француз буржуазиялық революциясының уақыттарына (Перегузов, 1991; Репников, 2000) жаткызады. Көрсетілген тұжырымдамалардың авторлары консерватизмді қоғамдық-саяси ойдан бағыты ретінде қарастырды. Дегенмен, біздің ойымызша, оны ойлау стилі түрінде де, және әлеуметтік мәдени қонырғы кешені түрінде де саяси идеология туғызатын консерватизмді кең құлашты мазмұндау шындыққа жақындау. Қазіргі замандағы неміс саясаткері және философы Г.К. Кальтенброннер консерватизмді дін, этика, мәдениет сиякты жалпы адами санаттардың деңгейінен тұратын «әмбебаб құндылактардың уақытша колданысты жүйесі» деп аныктайды (Kaltenbrunner, 1973, 25-б). Сонымен, консерватизмнің пайда болу кезеңін оның теориялық қалыптасу дәуіріне жаткызу дұрыс болмас еди.

Консерватизм «коршаған ортаға қатысты көзкарас, сезім типі мен саяси-идеологиялық бағдарлау және мазмұнтың» маңызды жүйесі (Қазіргі заманғы консерватизм, 1992, 66-б), сондай-ақ мұндағы сез козғалып отырған консервативтік сипаттағы саяси практика сез жок тарихтын ерте кезең дәуірінде де болған. Консерватизм құндылығының көрсетілген тараптың неміс социологы және философы К. Манхейм «әмбебаб консерватизм» деп атаған (Манхейм, 1994, 593-б). Бұл құбылысты консерватизмдік инстинкт немесе қарапайым тұрмыстық сезім ерекшелігі деп айтуда болмайды (Қазіргі заманғы консерватизм, 1992, 42-б., Пустарнаков, 2001, 16-б). Консервативтік феноменнің бұл қырына былай түсініктеме беру, оның мағыналық мәнін үгінуға және консерватизмді «өзінің тас балғасына риза болатын үнгір адамының бойында немесе тайпа дәстүрінің сонынан соқыр адамша еріп жүретін жабайының бойында болатын инстинкт» сиякты тұрлі айлакерлікке жол ашады (Ермашов, Ширияниң, 1999, 17-б). Әмбебаб

консерватизмі құрделі механизм. Оның көмегімен адамзат өткениеті қоғамның барлық жетістіктерін өзіне қызметке қояды және нығайта алады. Сонымен катар, біз «дамитын, алайда өзінің типологиялық сипатында және архитипінде рухани, әлеуметтік-мәдени және шаруашылық этнодіни кешенде тұрғыда тұракты» деп түсінетін өркениет (Патракова, 1998, 431-б) консервативтік қағидаларды бойына шынайы сінірген түрінде ұсынылады немесе ол белгілі бір әлеуметтік, саяси және рухани қарым-қатынастардың қарым-қатынасын қоятын және сактайтын, қоғамды «бәрінің бір-бірімен карсы соғысынан» корғайтын жүйені қояды және сактайтын. Осы мақсаттар үшін де қалыптасып жатқан өркенистте құқық, мемлекет, дін жүйеслерін түрінде «шектеулер» құрыла бастады. Консерватизм осы «шектеулердің» рухани-психологиялық негізі болып табылады. Қазіргі заманғы отандық зерттеушілердің бірі М.Б. Смолин осы проблематика жөнінде: «Консерватизм кез келген мемлекеттің психологиялық элементі болып табылады және оны жоғалту мемлекеттік үйімінің карусыздандына әкеледі, сондай-ақ ол құриды және өледі» деп атап көрсеткен (Смолин, 2000, 201-б).

Дегенмен, консерватизмді құрылымдық өркениет қолда бар институттарды сактап қалумен ғана шектелмей, сонымен катар қазіргі қоғамдағы діни-рухани көзкарастарда, құндылықтардың жүйесінде, мемлекеттік және құқықтық қарым-қатынастардың формасында дамып келеді. Даму осындай қарқынмен жүзеге асырылған кезде, консерватизм латенттік формада болады. Алайда, қоғамда үйреншікті емір салтына каяп төндіретін түбекейлі өзгерістер басталған уақытта жағдай өзгереді. К. Манхейм: «оппозициялық таптын козғалысы және сезімге әсер етеді, оны өзінің тарихи ролін ойластыруға итермелейді...» деп жазған (Манхейм, 1994, 194-б), яғни, консервативтік көзқарастың идеологиялық жүйеге ауысу, қоғамдық-саяси ойлауға бағытталған рефлексия орын алады. Бұл үдерістін дамуы жана буржуазиялық-индустриалдық қоғамға ауысумен байланысты Батыс-Еуропадағы жаһандану өзгерістерінің кезеңі болған Жаңа тарих дәуірінде болды (XVI–XVIII ғғ). Зерттеуші Ю. Хабермас бұл дәуірде «дәстүрлі «жасанды» континуумдарды» үзетін, сондай-ақ «кез келген саяси үстемдіктің легитимазациялау үдерісінде негіз болатын «акылды дискурса деген сенімге» артықшылық беретін «тарихи сана-сезімдік» қасиет үстемдік етеді деп жазған (Хабермас, 1995, 62-б). Консерватизмді теориялық тұрғыдан рәсемдеу әлдекайда ертерек басталды.

Консервативтік идеялардың алдыңғы тарихы антикалық дәуірдегі философтар Платон мен Аристотельдің енбектерінде көрсетілген мемлекет және саясат жөніндегі жүйелік рефлексияға келеді. Оларды шын мәнінде консерваторлар деп атауга болмайды, олармен әзірленген көптеген мемлекеттік-құқықтық идеялар консерваторлық идеология үшін негіз құраушы болып табылады. Консерваторлық идеялар тек қана Батыс Еуропа елдерінде ғана қалыптасып коймады. Консервативтік идеологияның негізін қалаған жекелеген тезистер мен постулаттар кейір авторлармен Киев Иларионның енбектерінде (XI ғасыр) және орыстын басқа да ортағасырлық ойшылдарының шығармаларында табылады (Орыс консерватизмі, 1993, 44-б).

Жаңа уақытта консервативтік идеялар классикалық саяси консерватизмнің отаны ағылшын философтары мен мемлекет кайраткерлерінің енбектерінде жарық көрді. Дәстүрлер мен белгілентен зандарды катап түрде қадағалау жақеттілігін ағылшының философы Р. Хукер «Шіркеу саясатының зандары» атты еңбегінде көрсетті. Ол жаратылыстану құқығының идеяларын жактаушылармен

сөзқағыстыра отырып, одан бас тартпайды. Ол: «оның кең мағыналығы соншалық, одан ешкандай саяси шешімдер шыкпайды», деп атап өткен. Сонымен, философ әлеуметтік тәртіп күрделі тарихи білім туралы идея екендігін қалыптастырды. Д. Юм дәстүрлерге мағына берді. Өйткені, адамдардың басым көшпілігі үшін олар жоғарғы бедел және сол үшін ғана ешкандай дәлелдерді кажет етпейді (Макаренко, 2000, 47, 49-б). «Моральдық философия» атты шотланд мектебінің өкілдері – А. Смит, У. Робертсон, А. Фергюсон және басқалары қоғамдың тәріздегі индивидтердің арифметикалық жиынтығы түрінде қарастыратын француз ағартушыларымен сөзқағыстыра отырып, қоғамдағы жаратылыстану тарихи тұргыда болып жатқан тенсіздікті жанғыртуға тырысты (Қазіргі заманғы консерватизм, 1992, 43-б).

XVIII ғасырдағы француз революциясы «тарихи белгісіздік» немесе «бағдарлы дағдарыс» жағдайын қалыптастырды. Бұл дәуір консерватизмді теориялық ресімдеу және оны саяси идеологияға айналдыруды аяқтаудың кезеңі болды. Революция консерватизмнің пайда болуына басты әсер еткен негіз деп қарастыру дұрыс емес (Философия және тарихи ғылым, 1988, 18-б.; Галкин, Рахшмир, 1987; Қазіргі заманғы консерватизм, 1992). Жаңа замандағы Еуропаның саяси және экономикалық өмірінде көп ғасырлық тәртіп пен тұрақтылықка қауіп төндіретін дәстүрлі өмірлік тұғырды бұзатын көптеген үдерістер болып жатты. Олар, алғашқы өнеркәсіптік революция, оның әлеуметтік өзгерістерді туғызуы, өмірді секуляризациялау, бастапқы рухани құндылықтарды шаоя.

Э. Берк «Франциядағы революция туралы талқылау» атты еңбегінде (1790 ж.) үтінгі күнге дейін консерватизм ретінде сипатталатын көптеген ойлар мен қафидаттарды енгізген. Э. Берктін пікірі оның шығармашылығын зерттеушілер тарапынан дәйекті талданған (Абрамов, 1988; Неоконсерватизм, 1992; Галкин, Рахшмир, 1987; Қазіргі заманғы консерватизм, 1992). Біз тек қана, ағылшын ойшылдарымен алға тартылған маңызды консервативтік тезистерді қарастырамыз.

Қоғамдық құрылымның тиімді құралатын абстрактілік жобаларына және сана-сезімге скептикалық көзкарас ең маңызды ережелердің бірі болды. Автор қафидадағы ақылдың ролінен бас тартпастаң, ол дербес сана-сезімге емес, жүз жылдық тарихының тәжірибесіне енеді деп көрсетті (Красин, 1995, 52-б). Ағылшын консерваторы ағартушыларға тән қоғамды ойткітамды-рационалдық түсінікке социум идеясының шектеулігіне және күрделілігіне кары койды және олармен жекелеген адам призмасы арқылы емес, тұтастай организм ретінде қарастырады. Өзінің замандас либералдарына қарағанда Э. Берк қоғамға функциялардың иерархиясы, беделділер, жеке мәртебе ретінде қарайды. Қоғамдық тәртіп қараптайым еркін импровизация түрінде ғана емес, сонымен катар баяу тарихи даму нәтижесі болып табылады (Орыс консерватизмі, 1993, 48-49 б). Э. Берктін осы мәселе бойынша айткан консервативтік тұғыры – оның әлеуметтік деңгөнірленуін түсінбейтін индивидтің табиги қабілеттілігі ретінде либералдық интерпретациялық сана-сезімге ықпал жасауы.

Негізгі социум даму зандарының танымындағы ақылдың шектелу идеясынан басқа маңызды қағида – дәстүрлік қафидасы шығады. Э. Берк ақылға дәстүрді кары кояды, оны ұстануды ол негізгі саяси қызмет деп есептеді. Саясаттағы дәстүрліліктің мәні қоғамның дәстүрлі өміріне нұксан келтірмesten «сактау және сонымен катар реформалау» мүмкіндігіне жатқызады (Берк, 1993, 120-б).

Э. Берктін шығармасымен бір уақытта континентальдық Еуропа елдерінде консерватизм теориясы мен идеологиясының негізі салынған басқа да еңбектер пайда болды. Француздар Ж. де Местр, Л. де Бональд, олардың неміс пікірлесі

А. Мюллер өздерінің еңбектерінде қоғамдық құрылымдағы корпоративтік қағиданы ұстанды. Ол еңбектерде жеке мүдделер «жалпы байлыққа» бағынышты болды, биліктің тәуселсіздігі, жариялышы, бедел сиякты мағына талқыланды. Консервативтік теорияның қалыптасуына А. Токвиль, Б. Диразли, Ф. фон Баадер сиякты ойшылдар мен қоғамдық-саяси кайраткерлер зор үлес косты, олар консервативтік саясаттың негізгі қағидаларын және мемлекет пен қоғам дамуының 1987; Дягтерева, 2001; Пикуль, 2005).

Сонымен катар, XIX ғасырдың басында Еуропада адами өркениеттің даму сипаты мен жолдарына жаңа көзқарасты көрсететін қоғамдық ойға консервативтік бағыт құрылды. Бұл көзқарас әлеуметтік-психологиялық феномен түріндегі консерватизмнің көпгасырлық дамуының нәтижесі болып табылады. Ол мәнгілік адами тұрмыстың әволюциялық дамуын және сакталуындағы қоғамның маңызды кажеттілігін көрсетті.

Консерватизмді қоғамдық феномен түрінде зерттеу үшін оның негізгі мәнін құрайтын мәнді санаттарын көрсету кажет. Жалпы адами талпының пен мүдделер белгілі бір иерархияда сап түзеген кездегі белгілі бір құндылықтарды жинақтау немесе олардың өзгешеліктерін акцентировкалау кез келген ойдың негізі болып табылады. Консерватизмнің құндылығының анықтаудың бірінші кезекті мәні бар. Консерватизмді түсінудің қазіргі замандағы кең тараған зерттеулерге сыйкес ол белгілі бір қоғамдық топтың мүддесін көрсететін саяси идеология ұғымындаға емес, сонымен катар қоғамда орнықкан құндылықтармен де анықталады (Павленко, 1994, 31-б).

Консерватизмнің идеялық негізін талдауға кірісе отырып, консервативтік идеологиялық доктрина мен нактылың әзірленген құндылық жоқ екендігін көрсету кажет. Сонымен катар, тұрлі теорияларға, идеологияларға, бағдарламаларға скептикалық көзкарас консервативтік ойлаудың маңыздылық ерекшеліктерінің бірі болып саналады. Консерватизмнің бұл ұстанымын американдық тарихшы Р. Вирек «теориялық қарсы» деп атады (Гаджиев, 1999, 139-б). Консерваторлардың өздері өздерінің дүниетанымдық көзқарастарын анықтау барысында «консервативтік темперамент», «идеология емес, ойлы көніл-күй» «қағидалардың жүйесі» және т.б. сиякты дефиницияларды таңдайды (Қазіргі заманғы консерватизм, 1992, 50-б). Қазіргі заманғы консерваторлық ағымдағы американдық социолог К. Россiter «радикализмнен және либерализмнен өзгешеленетін шынайы консерватор теориялық алып-сатарлыққа ниетсіз беріледі... Консерватизмнің теориясын таңдап алушың өзі жалпы алғанда консерваторлық тұжырымға сай келмейді» (Ресейлік консерваторлар, 1997, 8-б) деп көрсетті. Басқа қоғамдық-саяси бағыттарда орын алған постулаттардың, теориялық құрылымдардың, сызбалардың катаң жүйесі консерватизмде барынша осал берілген. Көрсетілген ерекшелік көзге тез ұшырайды және көптеген зерттеушілерге консерватизм идеологиясын емес, онда кандай да бір теория жоқ, оны қарапайым пікірлерден, мән-мағыналардан, тәртіп стериотиптерінен ажыратуға мүмкіндік беретін негіз қалаушы идеялар мен тезистерге не болмайды деп пайылдауға желеу болды. Ол туралы XIX және XX ғасырлардың кезеңінде П.Б. Струве жазған болатын. Дәл осындай пікірді белгілі консерватор зерттеуші С. Хантингтон да қолдады. Ол консерватизм белгісіз, өзінің аяқталған идеологиясы жоқ және ғылыми талдауға берілмейтін деп көрсетті (Галкин, Рахшмир, 1987, 7-б).

Алайда, консерватизмнің «теориялық қарсылығы» идеялар мен теориялардың толық жоқ екендігін көрсетпейді, ол кандай да бір логикалық

былып көрінсе де, нактылы тұрмыстан шығатын практикалық қызметті ұстанады. Консерваторлар кандай да болмасын идеялар мен теорияларды абсолютизациялауға карсы шықты. С. Хантингтон консерваторлар үшін ақиқат жалпылама көзқарастардың пішінінде емес, барлық жасанды «таза» ақылдағы – логика, абстрактілі, метафизика сияқты емес, үлкен мағынаға ие болатын нактылы тәжірибе болады деп атап көрсетті (Шацкий, 1990, 399-б). XX ғасырдың ірі консерваторлық ойшылдардың бірі М. Оукшотт консерватизмді практикалық қылышпен және белгілі бір уақиғаларға катынасымен байланысты онын «өнеге» ұғымы арқылы ғана мүмкін болатын көрсетілген құбылыстың рефлексиясындағы идеялардың жиынтығы ретінде карастыру мүмкін емес деп есептеді (Григоров, 2000, 34-б). Кез келген аяқталған рационалдық тұжырымдамаға диалог, қызу пікір талас, консерватизм үшін бірінші кезектегі маңызы бар практикалық қызмет нәтижелері жатпайды. Мұндай теория діни нағымды ығыстары отырып, өзі нағым мәртебесіне ие болады. Ол өзінің барлық көп қырлы ақиқатын өз лексикасы арқылы түсіндіруге тырысады, сондай-ақ оны өзінің бакылауына кояды. Кез келген идеологияға жалпыламалы түрде сипаттама бере отырып, американдық консерватор Р. Кирк ол «априорлық секулярлық доктриналы барынша дәріптеуші жиынтық, олардың максаты – жер жұмағына қол жеткізу... Ойшыл консерватор идеологияға карсы шығушы, себебі ол адамды сол күйінде кабылдайды және қоғамның табиғи тобын бір-бірімен татуластыруға тырысады» деп атап көрсетті (Кирк, 2001, 145-б).

Ұзак уақыт бойы консерватизмнің «теориялық қарсылыбы» оның еркін жағынан өзгеше бір қыры ретінде қарастырылмай келді. Зерттеушілер оның мәнін бұрмалау арқылы консервативтік тұжырымдаманы баска саяси ағымдармен параллельдықтың оң жағында оның дәстүрлілігі

Консерватизмің маңызды мағына күрастырушы құндылыбы оның дәстүрлілігі болып табылады. Ал оның мәні рухани нағымның объективті заңына жатады. Бұл заңдылық тарихты әркайсысы материалдарды пайдаланатын жекелеген ұрпақтардың алмасуы деп түсінді. Екінші жағынан барынша өзгермелі жағдайлар барысында қызыметті мұра етіп алуға талпынады. Поляктың ғалымы Е. Шацкий кез келген халық, кез келген қоғам – бұл кеңістіктегі ғана емес, сонымен катар уақыттағы адамдардың кенесі, яғни бірде бір ұрпак социумды біріктіретін маңызды фактор болып табылатын өзінің өткен тарихынан, өзінің дәстүрінен еркін бола алмайды деп көрсетті (Шацкий, 1990, 230-б).

Казіргі заманғы ғылымда дәстүрді бірынғай түсіну деген ұғым жок. Тарихи-социалогиялық тұжырымдамаларға сәйкес, дәстүр – бұл кез келген ерікті түрде алынған қоғамның мүшелерімен онтайлы немесе жағымсыз бағаланатын әлеуметтік мұраға нактылы турде немесе құмәнді бағыныштылық қозқарасының тұрғысынан сезіну стериотиптерінің мінезд-қылық пен ойлау кешені (Лаптева, 1994, 103-б). Е. Шацкий дәстүрді түсінуде үш негізгі мағынаны айрықша көрсетеді: біріншіден, аталған қоғамның белгілі бір құндылықты ұрпактан ұрпакка беру үдерісінің өзі; екіншіден, дәстүр деп қабылданатын нактылы ойлау формасы, саяси және құқықтық институттар, этикалық және эстетикалық қозқарастар, әдеттер: үшіншіден, осы ұрпактың берілетін дәстүрге катынасы (Шацкий, 1990, 232-б). Біздін пікіріміз бойынша, дәстүр дегендеге тек қана ескірген немесе тұрып қалған деп карамай, ұрпактан ұрпакка берілетін, ғасырлар бойы калыптаскан, жинақталған әдеттер, құндылықтар, қазіргі ұрпак үшін осы құнғе дейін маңыздылық деп қабылдауымыз қажет. М. Вебер дәстүрде сөзсіз құндылық деп қабылдауымыз керек деп көрсеткен (Лаптева, 1994, 103-б).

Консерваторлардың пікірі бойынша дәстүрлі институттар мен қатынастар коғамды өзіндік ұйымдастыруна және өзіндік реттелуіне, жекелеген топтар мен индивидтердің мүдделері мен тілектерінің өзара үйлесіміне септігін тигізді де, социумның дағдарыстардан аулак кетіп, дамуына ықпал етеді. Француз социологы Г. Лебон жазғандай, дәстүрсіз ұлттық жан-дуниенің, ешбір өркениеттің болуы мүмкін емес (Лебон, 1998, 169-б). Дәстүр бойынша саясат уақытпен тексерілген, әрі сұрыпталған дәстүрге тікелей арқа сүйсіу; колданыстағы институттар мен тәжірибелі түрлері сакталуы керек; әлеуметтік және саяси өзгерістер (ен алдымен революциялық сипаттағы) сенімге ие бола алмайды. Басқа созбен айтканда, консерваторлардың пікірінше барлық жана құбылыс кінәлілік қасиетке, ал қолда бар және қызмет етегін барлық дәстүрлілік, керісінше, кінәсіздік қасиетке ие боллады. Яғни, жана дегеніміз ескіден сөзсіз артық екендігі жонінде дәйекті дәлел кажет (Сигал, 1992, 10-б).

Дәстүр консерваторлар үшін мәдениеттің ажырамас касиетті болғі. Н. Бердяев: «Мәдениет сабактастықсыз, дәстүрсіз бола алмайды. Мәдениет табынушылықтан пайда болған, табынушылықта әрдайым тірілер мен өлілердің, осы кез бен еткеннің арасында касиетті байланыс бар...» (Бердяев, 1990, 117-б). Олардың пікірі бойынша, адамдардың мінезі осы кездің бұрыштамасымен ғана реттеліп коймай, әлеуметтік тәжірибемен де, тарихи практикамен де, өнегелі ісімен де реттеледі.

Алайда, дәстүрлі консерватизм абсолюттік емес. Дәстүрлі қоғамның көптеген институттары мен құрылымдары жаңғыру жағдайында түгелімен дерлік өздерінің тәжірибелік және құндылық мәндерін жоғалтады. Консерваторлар түгелімен тарағанды жаңғыруға және сактауға тырыспайды. Консерваторлық көзқарас бойынша казіргі кездегі сананың өткен кездегіге қарағанда зор мәні бар. Ол ешқашан да тарихтың табиғи барысын бұзылуынан кашу үшін ескірген дәстүрді жаңғыруға талпынбайды. Бұл ерекшелік консерватизмиң берілгенді кабылдау және болашаққа дайын еместік кабілетін ретроградтықпен салыстарғандағы басты өзгешелігі болып табылады.

Консерваторлық ойлау бағынысты. Кез келген бағыныстылық шектеу жүйесін білдіреді. М. Оукшott сезімнің бұл типін былай суреттеді: «Консерватор болу таныссызға үйренішкілік, шынайылықтың мүмкіншілікке, шектеулінің шекізге, жақынның алыстағыға, карапайымдылықтың жетілгендікке, бүгінгі куаныштың утопиялық шаттықка есептеуі тән» (Oakeshott, 1991, 408-б). Консерваторлар өлшем, шектеу, шенбер – оны ретсіздіктен айыратын ғарыштың құрамдағас болігі деген ұғымды ұстанады. Мәдениет дүниесі – бұл шектеу дүниесі. Консерватизмнің бағыныстылығы ен алдымен оның коғамдық құрылымға деген катынасынан көрініс береді. Консерваторлар адамдар арасында тендік, тен құқылық болмайды және болуы мүмкін емес деп есептейді. Бұл утопиялық пікір, сонымен катар оғе қауіпті ұран. Әлеуметтік бағыныстылықтың қажеттілігін отандық ойшыл консерваторлармен катар, шет елдік консерваторлар да ұстанады. Н. Бердяев «Тенсіздік философиясы» атты еңбегінде: «Жаңа құштердің тарихи ғарышқа және тарихи жарыққа шығуы шектеулі үдеріс... және ол бағыныстылық бастау, бағыныстылы өмірлік құрылым» деп жазды (Бердяев, 1990, 120-б). Қатан түрде орнатылған бағыныстылық құрылым коғамының әрбір мүшесі өзінің шекарасы мен мүмкіншіліктерін жақсы біледі. Бұл тұжырым алғашкы европалық консерватизмиң идеологтары Э. Берк, Ж. де Местра, Л. де Бональдо үшін де идеал болды. Олар мұндай тәртіп шектеулі, сондыктan жалғыз мүмкіншілік деп есептеді. Қазіргі заманғы неміс консерваторы Г.К. Кальтенброннер: «Табиғатқа

байланысты ешкандай теңдік жоқ, бұл белгілі бір саламен немесе идеологиялық жалғанмен шектелген әлеуметтік ұғым» деп жазды (Kaltenbrunner, 20-б).

Консерватизмнің әлеуметтік философиясы қоғамның барлық мүшсеперіне бірдей арналмаған. Ол, алдымен кез келген әлеуметтік организмінің құрамас боліті болып табылатын ең әлді, кабілеттілігі мен білімі жеткілікті тұлғаларға ариалған. Бұл «данышпан тұлғалар» өмірдің өзімен «басшылық етуге және ариалған адамдар үшін моральдық үлгі боларлық тұрғыдан қызмет етеді» деп калған.

Консерваторлық ойлаудың элитаризмі оның танылғандар (Кирк, 2001, 143-б). Консерваторлар оппоненттерінің тарапынан қызу карсылықта тап болды. Алайда, консерваторлар бағыныстырылтық жақтайты. Оның болмауы аралықка, қоғамның өмірін сапалы жаксаруына карсы тұрады және адами өркениеттің дамуын тежейді деп есептейді. Соңғыларының шығармашылық әлеуеті сөніп келеді, ішкі катынас қыскарады, ол дағдарыс кезеңіне енеді. Бағыныстырылтық индивидтің отбасы, құқық, мемлекет сиякты қалыптаскан қоғамдық институттарға бағыныштырылып ұсынады. Қоғамның әрбір мүшесі үшін бедел бола алатын осы атрибуттар тұрактылықтың, зандылықтың және дамудағы сабактастықтың кепілі болады.

Консерваторлық ойлау типі қоғамда қайта құрулардағы қажеттіліктің болуынан бас тартпайды. Э. Берк: «Өзіндік өзгеріс енгізуге кабілеті жоқ мемлекет, өзіндік сақтануы үшін мүмкіндіктен де құр қалады» деп жазды (Берк, 1993, 120-б). Консерваторлар өткен кезеңдегі орныкты қоғамдық катынастарды көрсө де, оларды осы кезеңге ауыстыруға тырыспады. Консервативтік қозқараста өткен шак осы шаққа карсы койылмайды. Нактылы консерватизм қандай да бір қайтып оралуға карсы деп айткан Е. Шацкиймен келіспеуге болмайды. Мұндай ракидалдық қайта өндеу консерваторларға тән емес, өйткені мұндай жолмен «сауыктандырылған» құбылыс нактылы кабылдауға және дербес осы кезеңде өмір сүрге кабілетті болмайды.

Консерваторлар қоғамдағы өзгерістердің қажеттілігі мен мүмкіндігін түсіне отырып, оларға бірката талаптарды қояды: біріншіден, мемлекет жағдайының обьективтік өзгерістеріне жауап беруі керек (халық есімі, мемлекетаралық қатынас және т.б.); екіншіден, олар адамдардың басым көшілік массасының тұтынушылығына ықпал етуі керек; үшіншіден, олар теріс сипаттағы құбылыстардың алдын алуға және болдырмаяға жеткілікті деңгейде дайын болуы керек.

Консерватизм барлық қайта құруларды екі түрге жіктейді: біріншіден, бұзушылық, яғни жаксару мүмкіндігін әкеледі. М. Оукшott: «Алғашкы түрінің жақтаушылары оларды болашактағы тиімділігін ешнәрсемен бекіте алмайды» деп атап көрсетті (Oukshott, 1991, 412-б). Мұндай жаңалыктар комакты сараптамаға айналады, ондағы қоғам, оның құрылымы, институттары, қызметтері олардың авторлары үшін қажетті компоненттер болып табылады. Тарихи кезең мұндай сараптамалардың барысында социумға ұшырайтын серпіліс олар қол жеткізген онтайлы нәтижелерге қарастыра айтартылған маңыздырақ болады.

Қайта құрудың басқа түрі, консерваторлар үшін барынша жакынырак. Ол қандай да бір қындықтарға немесе нактылы өмірдің кемшиліктеріне жауап ретінде қарастырылады. Жаңадан енгізілген жаңалық бұзылғанның орнына қандай да бір жасанды форманы құру арқылы ешнәрсені бұзбауы тиіс; олардың қызметтері уақыты өткеннің орнына көрсетілген өркениеттің койнауынан шыққан жаңаны жайғастыру. Консерваторлар тенгерімсіздікті, даулы жағдайларды, карсы құруларды жаңғырту барысында сөзсіз пайда болатын жайғастыруды өзінің басты міндеті деп қарастырады. Қайта құрулардың барысында жаңа қоғамдық катынаска барынша ауыртпалықсыз өтуді жүзеге асырылуы үшін кез келген

реформалауда «кво-мәртебеге» қайтып оралу емес, осы шактан немесе саяси тәжірибелін жалқылық формасынан радикалды түрде бас тартуда «консервативтік құрастырушы» болуы қажет (Гаджиев, 1999, 353-б). Сонымен, консерваторлық қайта құрулардың ерекше түрі «консервативтік реформалауды» ұстануын айта кету керек. Барлық шарттарды сактау қоғамдық жаңғыртудағы консерваторлардың басты міндеті болып саналады.

Консерватизмге ариалған әдебиеттерде колданыстағы дәстүрлі өмір салтына қауіп төндіретін өзгерістерге әсері түрінде пайда болатын эпизоттық жағдайлар түрінде сипатталады. Жоғарыда аты аталып кеткен, С. Хантингтонның пікірі бойынша: «Консерватизм эпизоттық феномен. Ол сәулес немесе толқын сиякты пайда болады». Бұл тұжырымдаманы жақтайдындар консерватизм қандай да бір идеологияны жақтайты, себебі ол қоғамның белгілі бір элементтерінің уақыт талабы бойынша өткір ұрандарға әсер етуі және соның нәтижесінде консервативтік теорияның көптеген элементтері жағдайлық сипат алады, яғни жау жақтың идеологиялық табиғатына және оның тұжырымдамасының мазмұнына тәуелді болады (Филиппова, 1993, 35-б). Әлеуметтік-саяси дүмпүлер консервативтік дәстүрлердің өсуіне және нығаюына итермелегенін жокка шығаруға болмайды. Бұл зандылық бірнеше рет тарихи үдерістермен дәлелденді. Алайда, тек консерватизм ғана уақыт талабының ұранына реакция болады деп тұра айту дұрыс болмас. Мұндай реакциялық немесе рефлексия көптеген қоғамдық-саяси ағымдарға тән нәрсе.

Консерватизмнің мағыналы қыры оппоненттерге байланысты болады және ол «өзіндік идеологиялық хамелион, себебі оның бет-пердесі, оның жауының табиғатына тәуелді болады» деген ұстаныммен келіспеуге де болмас. Мұны консерватизмнің негізін қалаушылардың бірі Б. Гудвин де айткан болатын (Трансформация кезеңіндегі Ресей, 2000, 83-б). Консерватизмге белгілі бір тарихнама тән, оның ұрандары өмір ағымына қарай өзгереді, ол өзгермелі жағдайларға бейімделе бастайды, алайда бұл нәзіктілік өзіндік бет-пердесі җогалтпайды, идеологиядағы, саясаттағы, ойлаудағы консерватизм көріністерін анықтайтын негіз құрастырушы құндылықтарды жоюға әкелмейді. Бұл құндылықтар тұракты түрде және әрдайым, бір дәүірде алдынғы қатарға, кей кезеңде сонғы қатарға ығысып өмір сүре береді.

Консерватизм сиякты кен құлашты құбылыс монолиттік болуы мүмкін емес. Онда бір-бірімен тығыз байланыста болатын бірнеше мағыналық деңгейлерді белгілеуге болады. Жоғарғы деңгей екі маңызды қызметті атқарады: біріншіден, алынған ақпаратты жинақтау және тапсыру; екіншіден, жаңа ақпаратты кабылдау және оған бейімделу. Бұл көрсетілген қызметтер консервативтік деп бағалануы мүмкін (Галкин, 1995, 36-б). Бұл деңгейдегі консерватизм адамзат өркениетіне уақыт талаптарына жауап береді алатын, барабар механизм құратын әмбебап механизм түрінде көрініс береді. Бұдан кейін үйреншікті консерватизм ілеседі. Ол әлеуметтік психология саласына жатады. Ол ойшыл қондырылғылардың және әрекеттердің жиынтығынан құрастырылған және үйреншікті табиғатка, ортаға, ережеге, нормаларға және т.б. талпынады. Ұзақ қызмет барысында алынған практикалық тәжірибе үйреншікті консерватизмнің негізі болып табылады. Бұл феномен әдет, сенімділік сиякты адамға тән касиеттермен үйлесетін сатыда тұр. Бұл жағдайдағы консерватизм адамзат табиғи болмысының әмбебабтық касиеті болып табылады. Көрсетілген адамзаттық касиет уақыттан тыс сипатта болады, ол адамға әрдайым ықпал жасайды. Бұл касиет негізгі ережелері жоғарыда қарастырылған құндылықтардың жүйесі ретінде консерватизмнің әлеуметтік-

психологиялық базасы болып табылады. Белгілі бір қоғамдық топтардың немесе саяси ұйымдардың (партиялардың) мүдделерін коргайтын саяси тезистердің, бағдарламалық ережелердің, ұрандардың жиынтығын көрсететін консервативтік идеология көп кырлы феноменнің ең тәменгі деңгейі. Бірката ғалымдардың пікірі бойынша, кез келген идеологиялық немесе саяси ағымдардың ішінде өмір пайда болып табылады. Бұл феноменді «позициялық» консерватизм деп атауға болады, өйткені ол белгілі бір идеологияның ішінен өзінің орнын көрсетеді (Толстых, 1995, 38-б). Көрсетілген күбылыс консервативтік феноменнің көптеген көріністерінің, сондай-ақ түрлі саяси, әлеуметтік, мәдени бағыттарда пайдаланылатын және солардың эсерінен пайда болған әдістердің бірі ретінде көрініс береді (Kaltenbrunner, 1973, 35-б).

Сонымен, консерватизм адамзат өркениетінің барысында өмір сүрген не месе нактылы тарихи себептердің эсерінен пайда болған көптеген мағыналы денгейлерді өзіне қамтиды. Бұл феноменнің барынша жоғарғы деңгейі белгілі бір акпаратты жинақтау тәжірибесінің, оны казіргі кездегісін келешек үрпакка табыстау, сондай-ақ консервативтік етіл сипатталатын жана акпаратты кабылдау және оған бейімделу кез келген өркениетте бар әмбебаб мезанизмі болып табылады. Консервативтік феноменнің келесі деңгейі үйреншікті норманы, ортаны, ережені, қоғамдық өмірді сактап қалуга тырысады адамзат натурасының әмбебабтық касиеті болып табылады. Маңызды құндылықтар дүниетанымдылық, әмбебабтық касиеті болып табылады. Консервативтік феноменнің барынша көрініс идеология калыптасады және ол консервативтік феноменнің барынша көрініс беретін күбылысы болып табылады. Бұдан басқа консерватизм түрлі қоғамдық саяси бағыттар мен идеологиялардың аясында ұстаушы және тұрактандыруышы түрінде анықталады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Абрамов В.Н. Политическая философия Э. Берка. Автореф. дис... канд. фил. наук. М., 1988.
2. Бердяев Н.А. Философия неравенства. М., 1990.
3. Берк Э. Размышления о революции во Франции. М., 1993.
4. Гаджиев К.С. Политическая философия. М., 1999.
5. Галкин А.А. Консерватизм в ценностно-идеологической системе координат // Полис. 1995. № 4. С. 35–36.
6. Галкин А.А., Рахмир П.Ю. Консерватизм в прошлом и настоящем. М., 1987.
7. Григоров С.Г. Преодоление заданности // Полис. 2000. № 4. С. 1–39.
8. Дягтерева М.И. Понятие суверенитета в политической философии Ж. де Местра // Полис. 2001. № 3. С. 113–122.
9. Ермашов Д.В., Ширинянц А.А. У истоков российского консерватизма: Н.М. Карапазин. М., 1999.
10. Кир Р. Какая форма правления является наилучшей для счастья человека // Полис. 2001. № 3. С. 139–148.
11. Консерватизм как течение общественной мысли и фактор общественного развития: Материалы круглого стола // Полис. 1995. № 4. С. 33–60.
12. Красин Ю.А. Историческое противоборство течений общественной мысли в аспекте критики разума и его интерпретации // Полис. 1995. № 4. С. 1–54.
13. Лаптева М.П. Консервативная традиция и М. Вебер // Консерватизм: история и современность. Пермь, 1994. С. 100–103.

14. Лебон Г. Психология толпы. М., 1998.
15. Либеральный консерватизм: история и современность. М., 2001.
16. Макаренко В.П. Главные идеологии современности. Ростов-на-Дону, 2000.
17. Манхейм К. Диагноз нашего времени. М., 1994.
18. Минаков А.Ю. Русский консерватизм в современной русской историографии. Новые подходы и тенденции изучения // Отечественная история. 2006. № 6. С. 133–141.
19. Молчанова Е.Б. Проблема определения понятия "консерватизм" и "неоконсерватизм" в западной и отечественной политологической литературе. М., 1994.
20. Неоконсерватизм: философия, идеология, политика. М., 1992.
21. Павленко В.М. К вопросу о наступлении консервативного поворота на Западе // Консерватизм: история и современность. Пермь, 1994. С. 31–33.
22. Патракова В.Ф. Русская цивилизация // Российская историческая политология. Ростов-на-Дону, 1998. С. 431–439.
23. Перегузов С.П. Современный консерватизм: сущность и общественно-политическая роль // Коммунист. 1991. № 8. С. 87–97.
24. Пикуль Д.Л. Теория политики Жозефа де Местра. Дис. канд. полит. наук. М., 2005.
25. Политология. Энциклопедический словарь. М., 1993.
26. Попов Э.А. Русский консерватизм: идеология и социально-политическая практика. Ростов-на-Дону, 2005.
27. Пустарнаков В.Ф. Либеральный консерватизм и либерализм в России // Либеральный консерватизм: история и современность. М., 2001. С. 1–29.
28. Репников А.В. Консервативная модель переустройства России // Россия в условиях трансформаций. Вып. 2. М., 2000. С. 5–19.
29. Российские консерваторы. М., 1997.
30. Россия в условиях трансформаций. М., 2000.
31. Русский консерватизм: материалы круглого стола // Социс. 1993. № 1. С. 43–61.
32. Русский консерватизм: проблемы, подходы, мнения // Отечественная история. 2001. № 3. С. 103–133.
33. Сигал Л. Совесть консерватора // Век XX и мир. 1992. № 2. С. 10–17.
34. Смолин Б.М. Очерки имперского пути. М., 2000.
35. Советский энциклопедический словарь. М., 1980.
36. Современный консерватизм. М., 1992.
37. Сокольская Н.Б. Консерватизм: идея или метод // Полис. 1998. № 5. С. 48–58.
38. Сокольская И.Б. Консервативна ли консервативная революция // Полис. 1999. № 6. С. 119–128.
39. Толстых В.И. Портрет консерватора: мировоззренческое противостояние на уровне абсолютов // Полис. 1995. № 4. С. 38–40.
40. Федорова М.Н. Традиционализм как суть общественно-политического проекта консерватизма и обращенность его к проблемам истории // Полис. 1995. № 4. С. 40–42.
41. Филиппова Т. Предчувствие ностальгии // Свободная мысль. 1993. № 9. С. 4–42.
42. Философия и историческая наука: Материалы круглого стола // Вопросы философии. 1988. № 10. С. 18–64.
43. Философский энциклопедический словарь. М., 1983.
44. Хабермас Ю. Демократия. Разум. Нравственность. Московские лекции и интервью. М., 1995.
45. Шацкий Е. Утопия и традиция. М., 1990.
46. Kaltenbrunner G.-K. Der schwierige Konservatismus // Aus Politik und Zeitgeschichte. N 49. Bonn, 1973. S. 25–39.
47. Oakeshott M. On Being Conservative // Oakeshott M. Rationalism in Politics and Essays. Indianapolis, 1991. P. 408–417.

Қазақ қоғамындағы
рұлық жер иелену мен
пайдаланудың ерекшеліктері

Нұрбек ШАЯХМЕТОВ,
Абай атындағы ҚазҰПУ-дың доценті, тарих ғылымдарының
кандидаты

Жер кай халыктын болмасын өміріндегі ең басты құпидайлық. Қазак халкының дүниетанымында «Жер – Ана» деген ұғымның қалыптасуы, оның терең мәнін айқындан тұрса керек. Сонымен бірге, «...Көшіп-конып көрмеген, Жер қадірін не білсін!» [1] деген дала философи Асан Қайғының сезімен айтканда, көшпелі өмір салтында болған қазак халкы жер қадірін ерекше бағалаған, табиғи ортасымен үйлесімде өмір сүрген халық.

Көшпендейлер қазак жерінің ұлан-байтак далалық аймактарының мындаған жылдар бойы табиғи жайылымдар ретінде игеріп, оны белгілі бір уақыт мерзімі откеннен кейін кайта пайдалану үшін өсімдік әлемінің қайта қалпына келу заңдылығын катап қадағалаپ, сактап отырған [2]. Бұл далалық жайылымдар бүгінгі күнге дейін мал шаруашылығы үшін қолданылып келеді. Көшпелі мал шаруашылығын жүргізуін тарихи тәжірибесі осы аймакта мекендерген халықтардың тұрмыстіршілігі мен дүниетанымының, экологиялық мәдениетінің ерекшеліктерін айқындады.

Казак қоғамында рұлық жер иелену мен пайдаланудың негізі, ең алдымен географиялық орта ерекшеліктеріне байланысты қалыптасты. Казак жерінің географиялық жағдайы мен табиғи-климаттық ерекшеліктері казак халқының көшпелі мал шаруашылығымен айналысуына алғышарт жасады. Табиғи-географиялық факторға байланысты Қазакстанның далалы аймактарында көшпелі мал шаруашылығынан басқа материалдық өндіріспен айналысуга экономикалық алғышартастырылған тиімділігі ете томен болатын. Мәселен, Қазак жері мәселе сінің тарихын зерттеп-зерделеуге ерекше қоніл бөлген Телжан Шонанұлы: «Қазақ жаратылысында көшпелі деуші терен ойлы философтар, казак ... жерсіздіктен іә жері жамандығынан көшпей, тек көшу үшін көшіп жүр деуші бұрынғы арамза переселен мекемесінің чиновниктері, мәдениеті ілгерілеп, гүлдену үшін қалай да, казак отыра калуы керек деуші ақылгөй, жанашырлар, көшпелі казакты жоғарғы табиғат жағдайы, тұрмыс шыбыртқысы айдан, көшіріп жүргенін ескерді ме екен!» деп, казак қоғамының дамуында табиғи фактордың шешуші роль аткаргандығын атап көрсетеді [3].

Дәстүрлі казак коғамындағы рулық жер иелену және оны пайдалану тарихы табиғат пен коғамның өзара ықпалы контекстінде зерттеу үшін синхронды, кешенді зерттеу әдістерін қолану тиімді б.т. Соған сәйкес рулық жер иелену мен пайдаланудың басты ұстанымдарын казак коғамының дәстүрлі құқық жүйесінің

материалдары мен этнографиялық деректер де кеңінен айқындаиды. Рұлық жер иелену мен пайдаланудың эволюциясына талдау жасағанда синхронды және кешенді зерттеу әдістерін колдану аркылы толыққанды акпарат алуға мүмкіндік туады. Себебі қошпелі мал шаруашылығы негізінде қалыптасқан қазак қоғамындағы рұлық жер пайдалану ерекшеліктері бірінші кезекте табиғи-климаттық және географиялық орта факторларына тәуелді болған еді.

Қазак жерінің табиғи-климаттық жағдайының каталдығы коршаған ортаға бейімделудің әртүрлі жолдарын іздеуге мәжбүр етті. Осы тұрғыдан келгенде кеңістікті, оның ландшафттық ерекшеліктерін және сол кеңістікті мекендейтін халықтың шаруашылығын зерттеу барысында өткен дәүірлердегі шаруашылықты құргызу тәсілдерін және оның қазіргі аграрлық келбетіне (пейзажына) тигізген әсерін айқындауға мүмкіндік береді.

Казак қоғамының құрылымы рулық бөлініс жүйесіне негізделгендіктен, жер иелену мен пайдаланудың ерекшеліктері де рулық-қауымдық жүйеге сай қалыптасуы занды еді. Ал жер иелену мен пайдалану рулық әдет-ғурып зандарына сай реттегіліп отырды. Көшпелі казак қоғамында рулық жер иелену мен пайдаланудың құйесі шаруашылық жүргізудің ғасырлар бойы жинақталған тәжірибесі негізінде қалыптаскан еді. Алайда, Қазак жерін оның халқының көшпелі өмір-салты мен шаруашылық жүргізу ерекшеліктеріне XVIII–XIX ғғ. зерттеу жүргізген орыс ғалымдары мен әскери қызметшілерінің көвшілігі көшпелі казак қоғамының ғабигатын терен түсініп, оның қыр-сырын сезіне алмағандығына көз жеткіземіз. Сол себепті де казак қоғамындағы дәстүрлі рулық жер иелену мен пайдалану мәселелері бойынша тарихнамада қайшылықты пікірлер қалыптаскан. Мәселен, казак қоғамын зерттеуші А. Левшин өзінің әйгілі еңбегінде казактардың жазғы және қыскы коныстары мен көштерін дәл анықтау мүмкін емес, ойткені олар барлық уақытта сактала бермейді деген корытынды жасаған [4]. Ал, әскери қызметкер, капитан И. Андреев өз зерттеуінде казактардың көші-конында ешбір қүйелілік жоқ, сол себепті ол казактарды «кезбे әрі адасып жүретін халық» деп түсінгенге ұксайды [5]. Қазақтың көшпелі шаруашылығын зерттеу барысында И. Румянцев көшпелі мал шаруашылығы жетекші орын алған және казактар налдарын қысы-жазы бір жерден екінші жерге айдалап көшіп-қонып жүрген, ондықтанда оларда жер иелену мен пайдалану белгілері қалыптаспаған деп үзілік жасаған [6].

Жоғарыда аталған зерттеушілердің тұжырымдары бойынша қазактардың өші-кон жүйесі бей-берекет жүзеге асырылып, белгілі бір аумаққа коныстану емесе мекен етудің ретті жүйесі болмады деген пікірге сайып келеді. Дегенмен, рыс зерттеушілерінің ғылыми тұрғыда толық негізделмеген тұжырымдарына арсы қозқарастар мен пікірлер де жеткілікті. Бұл тұрғыда казак халқының этнографиясын жан-жакты зерттесуге көп қоюл болған А. Алекторовтың ғылыми ұжырымы негізді деп есептейміз. Ол көшпелі қазак қоғамындағы жер иелегі мәселесіне токтала келе, қазактардың көші-конының реттілігін және бұл өштердің барлық бағыттарда тоғызып жататыны бір қарағанда жүйесіз болып өрінгенімен, ешбір ауыл ешқашан көш жолынан жаңылмайды немесе бұл колға басқалардың түсүіне жол бермейтіндігін ерекше атап көрсетеді [7]. Казак уларының жер иелену мен пайдаланудагы жүйелілік пен реттілік жөніндегі ... Алекторовтың пікірімен сабактас ойды зерттеуші И. Завалишин де өз еңбегінде ылай жеткізеді: «Далалық заңдар мен әдет-ғурыптарға сәйкес көші-кон жолы

мен жайылымдарды пайдалануда әрбір ру үшін қатаң шек койылған және айқындалған: олай болмайынша мал шаруашылығының осынау зор көлемімен көшіп-конудын өзі мүмкін емес еді» [8].

Қазак қоғамында жер иелену мен пайдалану жүйесіндегі аумактық катынастардағы басты реттегіш тетік – ру болды. Әрбір рудың өзінің айқындалған көші-кон жолы, осы жолдың бойындағы коныс тебетін орындары және пайдаланатын құдықтары, шабындықтары, жайылымдары айқындалып қалыптасты. Бірақ та белгіленген осы жолдан қазак рулары мұлде ауытқымады деген түсінік тумауы керек. Эскери қақтығыстар кезінде немесе куанышылық болған жылдары көші-кон жолынан ауытқуға мәжбүр болған жағдайлар да кездесіп отырған. Ондай жағдайда бір рудың екінші румен мұddeлере тоғыспауы керек. Егер екі рудың көші бір мезгілде тоғысып, жайылым үшін екі рудың арасында дау туа калған болса, онда мұндай даулы жағдайлар казактың әдет-тұрып заңдары негізінде реттеліп, шешілетін болған.

Далалық заңдар бойынша аумактық даулар немесе жер дауы әрбір ру көсемінің әлеуметтік статусына қарай және ру аталарының үлкендігіне, әйгілілігіне, ықпалына қарай шешілетін болған. Кейбір жағдайда рудың ауқаттылығына қарай «күштінің сөзі жүретін» жағдайлар да орын алғып отырған. Бұл ретте мына бір дерекке зер сала қарайтын болсак, қазак қоғамындағы дәстүрлі құқықтық нормаларында әлеуметтік иерархия жүйесінің талаптары қатаң сакталғандығына көз жеткізуге болады: «Егер бір жерге бір уақытта келіп, екі ру көсемі дауласкан жағдайда мынандай шешімдер кабылданады: егер дауласушы тарағтардың бірі сұлтан, екіншісі қарапайым казак болса, онда ол жерге сұлтан ие болады; егер дауласушылардың бірі – би, екіншісі белгілі ру аксакалы болған жағдайда даулы жер аксакалдың пайдасына шешіледі; егер бірі – би, екіншісі қарапайым казак болса, онда бидің құқығы жоғары болады; егер екі тарап өкілдері де қарапайым казактар болса, онда олардың жасы жағынан үлкеніне беріледі. Ал егер екі тараптың өкілдері де сұлтан немесе би болған жағдайда дау калай шешіледі дегенге келсек, мұндайда көп жағдайда ру аталарының үлкендігі есепке алынады» [9].

Қазактардың көші-кон жолдары белгілі бір рудың иелігіне тиесілі болғанымен, ол ру бұл жерлерді жеке дара иелене алмады. Қазактардың дәстүрлі құқығы бойынша жинакталған материалдардың көрсетуіне караганда: «Көшпелі мал шаруашылығының талаптарына сәйкес көшу аумағы құнделікті ауысып отырғандықтан, оларда жерге жеке меншік болған жок және болуы да мүмкін емес еді. Қыстаулардан басқа, олар пайдаланатын жерлер ешкімнің жесе дара иелігінде емес, олардың ортақ пайдалануында болды» [10].

Қазактардың жерге иелік ету жағдайында бір рудың жайылымынан екінші бір рудың жайылымы арасында нақты айқындалған шекаралық белгілердің койылмауы осы мәселеге катысты зерттеушілердің арасында пікір кайшылығының туындауына себепші болды. Ресейлік зерттеушілер көбінесе, қазактардың рулық жер иелену және пайдалану жүйесін отырықшы халықтардағы жер иелену түрлері мен олардағы шекаралық белгілердің дәл айқындалуы тұрғысында карастырады.

Қазак руларының жерге иелік етуде тарихи-құқықтық алғышарт ретінде біріншіден, белгілі бір аумакты иеленіп отырған рудың ата-бабаларының ертеден сол жерді мекен етуі; екіншіден, жерге иелік етуші рудың аталарының

зираттары сол аумакта орналасуы тиіс; үшіншіден, қазылған құдықтардың сол руға тиесілі болуы басшылыққа алынады. Жайлау маусымы кезінде қазак рулары арасында жайылымдарды пайдалануда қатаң шек койылған жок. Ал қыстау мен оның маңындағы жайылымдарды пайдалануда нақты шекаралар калаптасып, ол қатаң сакталатын болды. Дегенмен әрбір аумактың табиғи-климаттық және географиялық ерекшелігіне байланысты қыстауға иелік етуде тұрақсыздықты да кездестіруге болады. Мәселен, Қазақстанның солтүстігіндегі орманды-далалық және далалық белдеулерде қар қалын түсетіндіктен (40–60 см дейін) және қысада нақтылыштың жайылымдары да тұракты болды. Ал шөлейтті-шөлді белдеулерде қысада нақтылыштың жайылымдары да тұрақты болатын. Бұл аймактарда қазактар қыстау жағдайда тұрақты болатын. Ә. Бекейханов өзінің зерттеу енбегінде, Бетпак дала мен Балқаш көлінің солтүстігінде, Сарысу өзенінің төмөнгі, орта ағысын мекендейтін қазактар қысада нақтылыштың жайылымы іздел көшіп-конып жүреді және киіз үйлерде тұрады дейді [11].

Жер иелену мен пайдалану ерекшеліктері кай қоғамда болмасын бірінші кезекте оның коршаған табиғи ортасы мен климаттық ерекшеліктерімен тығыз байланысты қалыптасады. Мәселен, орта ғасырлық еуропалық қоғамның тарихында коршаған табиғи орта элементтерінің ішінде маңызды рольді орман алкаптары атқарса, [12] көшпелі казак қоғамының дамуы үшін далалық аймактар басты роль аткарды.

Көшпелі казак қоғамындағы жерге меншік мәселесі бойынша нақты ғылыми тұжырымдар орнықпаған. Бұл оте күрделі ұғым бойынша зерттеуші галымдар арасында пікір кайшылығының қалыптасуы заңды. Себебі көшпелі казак қоғамындағы жерге меншік түрлерін анықтағанда негізінен еуропалық қоғамдағы меншік түрлерінен қатысты қалыптасқан тұжырымдық қалыпка салып карастырылады.

Теориялық тұрғыда, казак қоғамындағы жер катынастары меншік ұғымының күрделілігімен, яғни малға катысты меншік пен жерге меншік түрлерінің ара жігінің ажыратылмауымен түсіндіріледі [13]. Көшпелі казак қоғамындағы жерді иелену мәселесіне катысты И. Златкин, С. Зиманов, З. Еренов сыныды галымдар казак қоғамында жерге феодалдық меншік түрі қалыптасты деген тұжырымға токталады. Мәселен, С. Зиманов өз енбегінде қоғамдық өндірістегі басты айқындауши негіз жер болғандығын атап көрсете келе, малға жеке меншік феодализмін табигатын ашып көрсете алмайды дейді. Сондыктанда «жайылым жерлер феодалдардың жеке дара меншігінде болды», ал малға отбасылық жеке меншік түрі қалыптасты деген қорытынды жасаған [14].

Зерттеуші С. Толыбеков көшпелі казак қоғамына саяси-экономикалық тұрғыда жан-жакты талдау жасай келе, қазактарда жеке меншік жерге емес, тек малға ғана орныкты деген пікірін дәлелдей отырып, малға алғашкы кезде рулық меншік орнады, ол кейін жеке меншікке ұласты деген қорытынды жасаған. Оның пікірі бойынша, көшпелі мал шаруашылығының заңдылықтары жерге жеке меншіктің калыптасуына мүмкіндік бермеді, яғни жер меншік нысанына айналған жок. Сондыктанда қазак қоғамында маусымдық кезеңдер бойынша жерді уақытша иелену түрі қалыптасты. Қазактар үшін шектелген аумактағы жерге жеке меншік орнатқаннан гөрі, малын кең-байтак далалық жайылымдарда еркін бағып

жүрү тиімдірек болды, ал жерге жеке меншік институтының көшпелі қоғам үшін шаруашылық тұрғыда тиімсіз болды деген тұжырым жасаған [15].

Көшпенділер өмірін зерттеуші Г. Марковтың пікірі бойынша да, жайылымдарға жеке дара иелік ету болмағанын атап көрсетеді. Бірақ та оны пайдалану ретсіз жүргізілмегендігіне және әрбір жүздің, тайпалардың белгілі бір айқындалған жайылым жерлері болғандығына ерекше назар аудартады [16].

Кеңестік дәуірде қазақтардың рулық жер иеленуіне қатысты ғылыми тұжырымдар негізінен таптық көзкарасқа, қоғамдағы таптар арасындағы қуреске негізделіп зерттелгені белгілі. Мысалы, F. Тогжановтың «Казахский колониальный аул» атты зерттеу еңбегінде: «Байлардың жеке шаруашылыктарының үстемдігі кезінде, рулық қауым мүшелерінің мүліктік теңсіздігінің терендігі жағдайында біркелкі жер пайдаланудың болуы мүмкін емес еди. Егер кім де кім экономикалық және саяси билікке ие болса, сол адам қауым шенберінде ең жаксы жайылымдарға, егістіктерге, шабындықтарға және қыстауларға иелік етті...» деп, қоғам мүшелері арасындағы таптық жағдайын казак қоғамындағы жер иелену мен пайдалану жүйесінде маңызды фактор болғандығын атап көрсетеді [17].

Бұл тұжырымды толық жокка шығаруға болмайды. Өйткені, қоғамда экономикалық және саяси ықпалға ие болған малы көп ру көсемдері мен байлардың жайылымдарды немесе қыстауларды пайдалануда жетекші рольге ие болғандығы заңды еди. Малға бай шаруашылыктардың қажеттілігі соны талап етеді. Алайда, біздің пікірімізше, жайылымдарды малы көп байлар жеке дара меншіктеп иеленді деген тұжырым мәселенің мәнін толық ашып бере коймайды. Өйткені, қазақтың көшпелі қоғамында бір бай өзі жеке дара көшіп жүруі мүмкін емес еди. Көші-конды жүзеге асыруда бай өзінің жақын туыстарына, руластарына және қызметшілеріне арқа сүйеді. Бір байдың ауыларда бірнеше орташа және кедей отбасылары болды. Сондыктанда олар үнемі бірге көшіп жүрді. Екіншіден, казак қоғамында малға жеке меншік емес, отбасылық меншік орнағанын еске-реттің болсак, жерге иелік етуді де жеке дара меншікке айналдырудың құқықтық негізі жок болатын. Ушиншіден, қыстаудағы ауылдарға қараганда жайлаудағы ауылдар бірнеше есе үлкен болғандығы және бірнеше шаруашылық ауылдардан ауылдарда жайлаудағы жайылымдарды жеке меншікке иелену мүмкін емес еди.

Дегенмен қазақтардың шаруашылығы көшпенділік негізге сүйенгендіктен, бірінші кезекте малға деген меншік тұрларінің қалыптасуы жер мен су көздеріне қатысты меншіктік қатынастарды айқындалап отырды деп ойлаймыз. Қазак қоғамында малға қатысты меншік түріне байланысты да қарама-қайшы пікірлер айтылып келді. Қайсы бір ғалымдар малға рулық немесе қауымдық меншік болды десе, екінші зерттеушілер малға жеке меншік орнады деген корытынды жасайды. Біздің пікірімізше, қазақтардың әдет-ғұрып заңдылыктарына сәйкес малға абсолютті жеке меншік орнауы мүмкін емес еди. Қазак қоғамында бұрынғы қошпелі заманда да, жеке меншік атаулыға карсы болған қеңестік дәуірде де және қазіргі кезеңде де малға отбасылық жеке меншік қалыптасып, дамып келеді. Қеңестік дәуірге дейінгі дәстүрлі қазак қоғамында малға отбасылық жеке меншіктің қалыптасқандығын қазақтың әдет-ғұрып заңдары мен дәстүрлі құқықтық жүйесінің ерекшеліктеріне сүйене отырып, патшалық Ресей тұсында қазақтарда малға абсолютті жеке меншіктің болуы мүмкін емес дейтін себебіміз, қазақтарда малға абсолютті жеке меншіктің болуы мүмкін емес дейтін себебіміз,

казақ халқының әдет-ғұрпындағы үйленетін баласының қалындығына қалыпталған мал беру және той жасау, одан кейін жеке отау болып шыққаннан кейін оған енші бөліп беру, ұзатылатын қыздың жасауын жасау сиякты т.б. дәстүрлер бір адамның шаруашылығында жинақталған мaldың отбасылық меншікке тиістілігін негіздеді.

Қазақтардың дәстүрлі құқық жүйесі бойынша жайлау мен көші-кон жолдарына ұжымдық меншік, ал қыстау мен оның маңындағы жерлерге қауымдық меншік танылады. Жалпы қазақтардың жерді пайдалану тәртібі бойынша жинақталған материалдарға қарағанда, қыстау – табиғи-географиялық колайлылығы тұрғысында айқындалып, әрбір ауылдың ұрпактан ұрпакқа мұраға қалатын құндылығы болып есептеледі. Қыстауды ауыстыру аса қажеттілік тудырған жағдайдаған жүзеге асырылған.

Қазақтардағы жерді пайдалану тәртібі бойынша жинақталған материалдарда қыстауды бір немесе бірнеше шаруа қожалықтарын біркітірген «шаруашылық ауыл» деп санаган. Таулы аумактарда қыстаулардағы шаруашылық ауылдардың саны салыстырмалы түрде далалық жерлердегі қыстауларға қарағанда аздау болған. Қазақтардың жерді иелену мен пайдалануындағы тағы бір ерекшелік қыстау маңындағы «корық», «қой белік» ұғымдарына қатысты қалыптасты. Олар қыстын қатал жағдайында қойды жаю үшін ерекше корғалатын қыскы жайылым ретінде пайдаланылды. Мұндай жерге иелік ету қауымдық меншік ішіндегі жеке меншіктік түрге айналмаса да, жеке дара иелік ету нысанына айналды. «Қой белікке», «корыққа» иелік ету тәртібі дәстүрлі құқық бойынша қауымның өз ішінде реттеліп отырды [18].

Қазақтардың жерді пайдалану тәртібі бойынша жинақталған материалдарда рулық қоғамды шаруашылық тұрғыда қауымдық-ауылдық топтар ретінде қарастырған. Ал Н. Масановтың зерттеу еңбегінде қазак қоғамындағы рулық қауымдарды екі топқа бөліп қарастырады. Бірі – кіші қауымдық топтар, екіншісі – үлкен қауымдық топтар. Бұл екі қауым біргін келгенде ассоциативтік қауымдық топты құрайды. Ассоциативтік топтар жайылымдардың барлық түрлеріне қауымдық меншік орнатты. Олардың ішіндегі кіші қауымдар қыстау маңындағы жерлерге, сонымен бірге ерте көктемгі және күздің сонында пайдаланатын жайылымдарға иелік етсе, үлкен қауымдар жайлау кезіндегі жайылымдар мен көктемгі және күзгі көші-кон жолдарына қауымдық меншік тұрғысында иелік еткен. Сол себепті де қауым мүшелерінің болсын, ассоциативтік топ мүшелерінің болсын жайылым жерлерге ортак меншіктік құқықтары болды. Алайда жайылым жерлерге деген құқығын қауым мүшелерінің ешкайсысы жеке дара пайдалана алмағандығын атап көрсетеді [19].

Жайлауға көшкен мерзімде рулар арасындағы жерге деген ұжымдық меншік қатынастары «алғашқы болып иелену құқығы» (право первозахвата) арқылы реттеліп отырған. Мұндай құқықтың қыскы жайылымдарға, колдан қазылған құдықтарға қүші жүрмеді. Жалпы, колдан қазылған құдықтар мен су көздеріне белгілі бір ру аталағының немесе қауым мүшелерінің белгілі бір тобының меншігі орнады. Мұндай құқық егер олар сол құдықты қазуға еңбек сінірген жағдайда, ол құдық сол қауым мүшелерінің аталағына тиесілі болған болса немесе сол құдықты бұрыннан бері колданып келген болсаға берілетін болған. Жалпы, колдан қазылған құдыққа кім еңбек сінірді, соның иелігі мойындалды. Алайда, мұндай су көздері толығымен жеке меншіктің болды дегенді білдірмей-

ді. Бұл жерде бірінші кезекте судың молдығы немесе аздығы есепке алынады. Және де оны пайдалану тәртібі әр жылда, әр мезгілде өзгеріске ұшырап отырады [20]. Шындығында, жазғы алтап ыстықтарда судың талышылығы айқын сезілетін мезгілдерде бұл құдыкты казуға қай ру енбек сінірді сонын құқығы бірінші кезекте корғалды. Ал құз немесе ерте көктемде, қыс айларында бұл су көзін басқа да қауым мүшелері еркін пайдалана алатын болған. Ал табиғи су көздерін, яғни өзен-көлдер мен бұлактарды пайдалану тәртібі сол аумакта көшіп-конып жүрген қауым мүшелері үшін «алғашқы болып иелену құқығы» арқылы реттеліп отырды. Егер белгілі бір шаруашылық ауыл табиғи су көзіне кешігіп жеткен жағдайда, осы тәртіпке бағына отырып басқа су көзін іздеуге немесе кезегін құтуге мәжбүр болған.

Жоғарыда берілген мәліметтер мен деректерге караганда, казак халқының көшпелі өмірге негізделген дәстүрлі құқық жүйесінің реттегіш тетіктері жерге де, су көздеріне де ешбір рудың немесе қауымның жеке дара иелік етуіне мүмкіндік бермегенін көрсетеді. Біздің ойымызша, казак қогамында жерге қауымдық меншіктің орнауына бірінші кезекте, көштегі мал шаруашылығының талаптары кедергі болса, екіншіден, казак даласының су ресурстарына деген зәрулігі елеулі ықпал етті. Әсіресе, шөлешті-шөлді аумактарда су көзеріне деген сұранысты колдан казылған құдық арқылы ғана қанағаттандыру қоғамдық еңбекті кажет етті. Ал өндірістік қатынастарда қоғамдық еңбектің пайдаланылуы қауымдық меншіктің орнауына алғышарт болатыны белгілі. Мәселен, зерттеуші А. Хазановтың тұжырымы бойынша: «Көшпелі қоғамдағы манызды ресурстарға корпоративтік меншік түрлерінің әркелкі болуы бірката факторлар әрекетімен түсіндіріледі. Солардың бірі – ең алдымен қоршаған орта ерекшеліктерімен тығыз байланысты (жауын-шашын жілілігінің бірқалыптылығы және соған сәйкес көшік кон жүйесінің тұрақтылығы, жайылым аумағының біркелкілігі немесе әркелкілігі, маусымдық ерекшеліктер), екінші – шаруашылық факторларымен байланысты (төрт түлік түрлерінің құрамы мен оларды жаю ерекшеліктері, экологиялық ортаны пайдалану сипаттына караі), үшіншіден, тікелей немесе жанама түрде көшпелі қоғамдағы халық саны мен оның әлеуметтік құрылымына тығыз байланысты болды» [21].

Сол себепті де табиғи-географиялық ерекшелігіне караі Қазақстанның солтүстік аймактарында, яғни орманды-далалық және далалық зоналарда табиғи су көздерін пайдалану көң тарады. Бұл салыстырмалы түрде алғанда едәуір колайлы табиғи жағдай казактар өсіретін төрт түлік майдың құрылымының калыптасуына да елеулі әсер етті. Солтүстік уездерде судың сапасына ете сезімтал жылқы малы мен ұзак көшке шыдай алмайтын ірі караңың саны анағұрлым көп болды. Тиісінше, онтүстік уездерде судың ашылығына шыдамды кой мен шөлге төзімдірек түйсінің саны басым болды [22]. Бұл ретте Ә. Бекіхановтың зерттеу енбегінен де осы мәліметтерді негіздей түссетін деректер назар аудартады. Онда төрт түліктің 100 басына шаққанда келетін мал саны төменидегідей кестемен берілген [23].

Облыстар	Шаруашылық саны	Жылды	Ірі кара	Түйе	Қой	Ешкі
Оңтүстік	88383	18,55	10,86	1,81	62,97	5,81
Солтүстік	104058	28,21	24,73	1,31	39,16	6,59

Сондыктанда көшпелі мал шаруашылығы жерге иелік етуде қауымдық-ұжымдық меншіктің қалыптасуына себепкер болды. Көшпелі мал шаруашылығы басым дамыған аграрлық жүйеде жерге жеке меншіктің қалыптасуы да мүмкін емес еді. Өйткені, жүздеген шакырымға созылатын көші-қон жүйесі жер иеленуде қоғамдық меншіктің онтайлылығын негізdedі. Енді егіншілікпен айналысатын аудандарда неге жерге жеке меншік институты қалыптаспады деген заңды сұралк туу мүмкін. Алайда, Қазақ жеріндегі егіншілік географиялық органдын ерекшеліктеріне байланысты негізінен суармалы егіншілік түрінде дамығаны белгілі. Ал суармалы егіншілікпен айналысу, арық өткізу, оны үнемі кадағалау және тазартып отыру бір адамның немесе бір отбасының ғана колынан келмейтін іс. Суармалы егіншілік қауымдық еңбек пен ортак күшті жұмылдыруды кажет етті. Және де арықка алынатын су бастаулары мен өзендерді жеке иелікке алу казак халқының да, Түркістан халықтарының да дүниетанымында жок ұғым. Жалпы, жартылай көшпелі және отырыкши түркі халықтарында жерге иелік ету екі бағытта дамыды: бірінші – өндіреуге жатпайтын қолайсыз жерлер қауымдық иелікте болды. Екінші – құнарлы әрі өндіреуге қолайлы жерлер үшін меншік құқығы негізделді. Меншік құқығының негізгі шартына сәйкес ол жерге ие болған адам міндетті түрде оны өндеді, өнім алуға тиісті. Дегенмен жерге иелік етудің мұндай түрі оның жерге жеке меншік құқығын танымайды. Егер бұндай жерлерді иемденіп алып, оны өн демеген жағдайда қауым мүшелерінің шешімімен жерге иелік етушіден ол жер тартып алынып, өндіреуге ниет білдірген басқа адамға беріледі [24].

Сондай-ақ, XIX ғ. соны мен XX ғ. басында экспедициялық зерттеулер нәтижесінде казактардың жерді пайдалану тәртібі бойынша жинақталған материалдарында да: «...бір жайылымды екінші жайылымға жиі ауыстыру жағдайында және ол жүздеген шакырымға дейін созылғандығын ескерсек, ол жайылымдарды жыл бойы өз бакылауында ұстап, жеке дара иелік етуі мүмкін емсесс еді. Сол себепті ірі рулар арасында да жайылымдарды пайдалануда катан шектер койылмаған болатын» деп атап көрсетіледі [25].

Сондыктанда казак қогамындағы аграрлық жер иелену мен оны пайдалану заңдылықтарын, жерге қатысты меншік институттарының дамуын, ең алдымен географиялық орта мен табиғи-климаттық ерекшеліктерінен іздең жөн. Өйткені, жер иелену формалары мен жерді пайдалану эволюциясы табиғи-климаттық алғышарттар мен дәстүрлі қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі белгілері арқылы айқындалады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Бес ғасыр жырлайды: 2 томдық.- Алматы: Жазушы, 1989.- Т.1.-384 бет (26-6.)
2. Златкин И.Я. К вопросу о сущности патриархально-феодальных отношений у кочевых народов // Вопросы истории.– 1955, № 4
3. Шонанұлы Т. Жер тағдыры - ел тағдыры.- Алматы: «Санат», 1995. – 224 бет (113–114 бб.)
4. Левшин А. Описание киргиз - казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. – Алматы, 1996. – 656 с. (С. 297)
5. Андреев И.Г. Описание Средней Орды киргиз-кайсаков. – Алматы, 1998. – 280 с.(С. 24)
6. Румянцев П.П. Киргизский народ в прошлом и настоящем. – СПб., 1910. – 66 с. (С. 52)

7. Алекторов А.Е. Материалы для изучения страны, истории и быта киргизов. – СПб., 1892. – С. 240
8. Завалишин И.И. Описание Западной Сибири // Сибирско-киргизская степь. – СПб., 1867. – Т. 3. – С. 37
9. Материалы по казахскому обычному праву. – Алматы, 1998. – С. 214-299 (С.288)
10. Сонда. 287 б.
11. Букейханов А. Овцеводство в Степном крае // Бекейхан Ө. Таңдамалы. – Алматы, 1995, 174 б.
12. Серовайский Я.Д. Развитие прав феодальной собственности на леса и пастбища на территории Франции (VI-IX вв.). – Алма-Ата: КазГУ им. С.Кирова, 1978. – 53 стр. (С. 5)
13. Хазанов А. Кочевники и внешний мир. – Алматы, 2002. – 604 с. (С. 224)
14. Зиманов С.З. Общественный строй казахов первой половины XIX века. – Алма-Ата, 1958. – 296 с. (С. 179)
15. Толыбеков С.Е. Кочевое общество казахов в XVIII - в начале XX вв.(политико-экономический анализ). – Алма-Ата, 1971. – 634 стр. (С. 116, 232, 371)
16. Марков Г.Е. Кочевники Азии. Структура хозяйства и общественной организации. – М., 1976. – 316 с. (С. 185)
17. Тогжанов Г. Казахский колониальный аул. – М., 1934. – Ч. 1. – 110 стр. (С. 23-24)
18. Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные экспедицией по исследованию степных областей. Семипалатинская область, Устькаменогорский уезд. – Т. IX, СПб. – 1905, С.
19. Масанов Н. Кочевая цивилизация казахов: основы жизнедеятельности nomadного общества. – А.: «Социнвест» – М.: «Горизонт», 1995. – 320с. (С.166)
20. Материалы по киргизскому землепользованию... Семипалатинская область, Устькаменогорский уезд. – Т. IX, СПб. – 1905, С. 30
21. Хазанов А. Кочевники и внешний мир. – Алматы, 2002. – 604 с. (С. 226)
22. Материалы по киргизскому землепользованию... Акмолинская область, Атбасарский уезд. – Т. II, Воронеж. – 1902, С. XX
23. Букейханов А. Овцеводство в Степном крае // Бекейхан Ө. Таңдамалы. – Алматы, 1995, 190 б.
24. ҚР ОММ 318-қор, 1-тізбе, 72-іс, 27-37 пл
25. Материалы по киргизскому землепользованию... Акмолинская область, Атбасарский уезд. – Воронеж, 1902. – Т. 3. – 908стр. (С. 54)

Ақын-жыраулар шығармашылығындағы адам мәселесі: гендерлік қырлары

Гүлнэр АДАЕВА,
ҚазҰАУ-дың доценті, философия ғылымдарының
кандидаты

Kазіргі кезде қоғамдағы әйел мен ердің орны туралы түсініктер мен құндылықтар, осымен байланысты әлеуметтік үрдістер ерекше өзекті мәселеге айналған. Себебі, қазіргі дүниеде жер бетіндегі бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін зорлықсыз өмір сүрудің идеалдарын, барлық адамзатка ортақ құндылықтың негіздерін іздеу қажеттігі туып отыр. Осында жағдайда үлттық философиямындағы антропологиялық мәселердің гендерлік қырларын зерделеудің мәні зор. Кай кезде болмасын қоғам дамуын түсіну үшін оның өткеніне үңілу қажет. Сондыктан бүгінгі қоғам қажеттіліктерін білу үшін казак халқының рухани мұрасын терең зерттең, оның тәлімдік қырын көрсете білуіміз керек.

Откен ғасырдың 70-ші жылдарында жыныстың әлеуметтік теориясы калыптасты. «Гендер» сөзі (ағылш. граматикалық (тек) жынысты биологиялықтан өзгеше, мәдени және әлеуметтік конструкция ретінде қарастырады. Американдық антрополог М. Мидтің мәдениеттерді салыстыру арқылы зерттеулері, барлық қоғам үшін бірдей әйел мен еркектің әлеуметтік рольдері мен биологиялық жынысының арасында қатаң байланыс болмағанын көрсітті. «Гендер» ұғымы жыныстардың әлеуметтік ерекшелігі олардың биологиялық ерекшеліктерімен анықталмайтынын, оның әлеуметтік құрастырылым екендігін, сондыктан «әйел», «ерек» екі биологиялық жыныс және «әйел», «ерек» екі әлеуметтік құрастырылым бар екендігін білдіреді.

Жыныс, жыныстық катынастар мәселесі философия тарихында бұрыннан орын алғып келе жатыр. Жалпы «әйел» және «ерек» категориялары философиялық сөздік құрамына кірмейді. Бұл әүел бастаң шындықты игерудің әспаналық деңгейі ретінде мифологиялық дүниетаным үлесі болып саналады. Гендер мәселесі философияда антропология саласында адамның біртұастық концепциясын жасауда көрініс табады деген пікірдеміз.

Т. Рыскалиев философияның бір қырының даналық екенін, казак философиясының басты сипаттықтары – оның даналық, түсінік түрінде дамығанын айта келіп: «Философияны сипаттайтын тағы бір қасиет – оның рационалдық-теориялық білімдер жүйесі болып келуі. Философиялық қозқарас негізінде категориялар жүйесі арқылы паш етіледі: материя-сана, болмыс-субстанция, объект-субъект, форма-мазмұн, мән-құбылыс, себеп-салдар т.б. Батыс Еуропа дәстүрінде тәрбиеленген маман философтар мұндай категорияларсыз фило-

софия болуы мүмкін емес деп шыға келеді. Қазак философиясында (әңгіме кенес дәуіріне дейінгі философия жөнінде болып отырғаны белгілі болар) материя, қозғалыс, субстанция, болмыс, субъект, объект, себептілік сияқты дәстүрлі философиялық категориялар жөнінде сөз болмайды, бірақ бұдан онда категориялар, ұғымдар кездеспейді деген пікір тумаса керек» [1, 161] деп, ақын-жыраулар шығармашылығында, Абай, Үбырай, Ғұмар Қараш сияқты ойшылдардың туындыларында жи кездесетін ел, жер, адам, «Мен», дүние, жалған, тағдыр, заман, уақыт, өмір, өлім, жаксылық, жамандық, жан, көңіл, ниет, қанағат, ар, ұят, намыс, жігер, шек және т.т. сияқты ұғымдар бар екенін айтады [1, 162-165].

Казак философиясы ақын-жыраулық, шешендік сөздер, түрінде көріністі болса, осы сөз өнерінің өзі тұлғалық еркіндік пең белсенділік көрінісі болып табылады. Ақын «Мен» деп тұлғалық даралығын пашетсе, еракындар өз басының күндылығын, дербестігін топ бастаған, шаршы топ алдында сөз бастаған, ару сүйген, жау қайтарған ерлігі түрінде жырласа, қыз ақындар өзінің елінің еркесі екенін, жолының кез келген ерден үлкендігін, өзін ешкімнің мырзасынан төмен саналмайтынын, білім, ақыл, өнер жағынан өзіне ешкім тен келмейтінін, қандай ерлін болса да қутын қашыратындығын өлеңмен өрнектейді.

Дәстүрлі казак дүниетанымында тұлғалықты, даралыкты білдірестің төл категориялары бар. Осындай ұғымға «тектілік» жатады. Тектілік ерге де әйелге де, байға да, кедейге де тән касиет. Ол кез келген адамда болмайды. Осы мәселе Ж. Молдабековтың «Тектіліктің тұрағы-тұлғалыққа тірек» атты макаласында, Т. Бұрбаевтың жоғарыда «Ұлт менталитеті» енбегінде көзғалған. Ж. Молдабеков тектілік деңгейлерін былай бөледі: тұкым мен қан тектілігі, азаматтың өз басының тектілігі, хаддының тектілігі.

Осы түкүм мен қан тектілігі туралы казак түсінігі ерте заманнан оастау алғаның және бұл касиетке атасы мен анасының бірдей жауапты екенін, көбіне әкесінен де көрі анасының тегіне қатты мән берілетін бұған дейін де айтканбыз. Казак түсінігіндегі елді текті адам билеуі керек.

XV ғасырда жана құрылған Қазак ордасының ұраншысы (идеяның Кайғырын) Жәнібек ханға айтқан мына сөздерінен соны көр

Қатын алдың қарадан,
Айырылдың хандық жорадан,
Ел ұстайтын ұл таппас,
Айрылар ата-мұрадан!
Мұны неге білмейсін? [2,11]

Букар жырау да осы ойды былай өрнектейді:

Жал күйрығы каба деп,
Жабыдан айғыр салмаңыз!
Қалың малы арзан деп,
Жаман катын алмаңыз!
Жабыдан айғыр салсаңыз,
Жауға мінер ат тумас.
Жаман катын алсаңыз,
Топқа кірер ұл тумас

Жаманнан жаксы туса да,
Жаксыдан жаман туса да,
Тартпай бір коймас негізге [2,90].

Жыраудың Абылай ханға бір көнілі толмағанда айтқаны:

Абылай-ау, Абылай,
Момынға келіп бек болдың,
Атаңды білмес құл едін

三

Шешенді және сұрасан,
Кайда алтынның буы еді?
Оны да мен білуші ем,
Түркпениң төрінде
Қашып жүріп күнелткен кара күн еді [2,92].

Бұл жолдар арқылы тағы бір көретініміз рулық қауымдасуда «сәнжар, еркітілігі шектелген адамдар» ғана емес, ақын-жыраулардың өте белсенді, жеке-даралық дискурсы жоғары деңгейде болғанын көреміз.

Оз басының, адамның белсенділігін, еркін білдіретін ұғым. Дулат Бабатайұлы:

Ту ұстап, тұлпар жаратпай,
Алдынан көпті таратпай,
Елді аузына қаратпай,
Жай отындей ок аттай,
Анадан тудым дегенмен,
Бастамаса ел, улан ба? [3.202]

Халқының тектілігі жеке адамның, кісі болып қалыптасуында маңызды роль атқарады. Жеке адам халықтың рухани құндылықтарын игеріп, жақсы касиеттерді бойына кондыра алып, жақсы мен жаманды айыра білсе, жақсының «қадірін біле алса» ғана тектілікке жетеді. Онлайда казак

Өзі болған кісінің
Тегін сурал нетесін? – дейді

Тектілік-жаксылық өлшемі де, тексіздік, жаксының кадірін білмеу, керісінше жаманнаның өлшемі. Досбөл шешенін Нұрғызыбай бойынша айтканы:

Көлде жүрген коңыр каз
Шөл кадірін не білсін.
Шөлде тұрған дуадақ
Көл кадірін не білсін.
Атасы билік құрмаяған,
Анасы ұлғі кормеген,
Сен сиякты зәнталақ
Ел кадірін не білсін [4.74]

Қазақ халкының рухани құндылықтар жүйесінде жаксының, адамдағы даралықтың тағы бір өлшемі кіслік ұғымы. Және ол да адамның жынысына, материалдық байлығының деңгейіне тәуелсіз нәрсе. Кыз Жібек жырында:

Жібектің жайын сұрасан,
Асып тұған атадан
Шаһизада кісі еді.

Кісі сөзінің мағынасы тұлға ұғымымен тен екендігі айтылып жур.

Кісі болар баланың
Кісіменен ісі бар.
Кісі болмас баланың
Кісіменен несі бар?

Яғни, кез келген адам кісі бола алмайды. Кіслік адамдағы руханилық пен әлеуметтіктің жоғары деңгейін көрсетеді. Қазақтың дәстүрлі дүниетанымында бұл түсінік ұғым деңгейіне дейін көтерілген деуге болады.

Қазак дәстүрлі дүниетанымында әйелге катысты колданылатын «ару» деген сөз бар. А.Д. Мейірманов «Кодекс Куманикустегі» түсініктер мен ұғымдар деген енбегінде «Кодексте «арувлық» – таза деген сөз бар, ар сөз «таза», бейкүнә мағынасын береді. Қыпшакта сонымен қатар «Әулие», қасиетті деген мағынада да колданылады. ...қазак тілінде ару кыз сөзі бүгін де колданылады» – дей келе, бұл сөзді «Тонықек» ескерткішінен «арығ обуты иіч (таза ұят иігі)» түрінде кездескенін, «Құтадғу біліктө» де арығ түрінде колданылғанын айта келіп: «Қазак тіліндегі – ар-ұят, арман сөздері – таза ниет, ардагер, арыс сөздері – арлы азамат деп ұғынсақ, тазалықты айқындайтын мағыналық, іліктестік көреміз» дейді [5,98].

Ару сөзі тек әйел жыныска катысты Адалдық, Сұлұлық, Ақыл сиякты қасиеттердің жиынтығын білдіретін категория деп санауга болады. Ер адамға катысты жаксы қасиеттердің жиынтығы Арыс деген сөзben беріледі.

Даналық пен түсінік түріндегі қазак философиясын калыптастырган ақын-жыраулар шығармашылығының негізгі мәселесі адам болып табылады. Осы адам ұғымын ақындар жаксы-жаман, ер-әйел категорияларымен аныктайды. Адамның жаксыға жататынын білдіретін ен негізгі қасиеті – сөз кадірін білу, аталы сөзге токтау.

Бір сөз айтсан жаксыға,
Атала сөзге токтайды.
Бір сөз айтсан жаманға,
Өмірінде ұқпайды.

Жаксыменен сөйлессен,
Құмарынды қандырап.
Жаманменен сөйлессен,
Көnlінді қалдыrap [2, 86-87].

Бұл қасиет жалпы адамның жаксы не жаман екенін білдірсе, бұдан баска жаксы әйел мен жаксы ерді қандай болу керек, керісінше жаман әйел мен жаман ерді қалай тануға болатыны былай сипатталады.

Сүйінбай:
Жақсы жігіт ел - жұртының қаласында,
Жақсы әйел ел – жұртының анасында
Жақсыға ешкімнің де жаттығы жок,
Көреді бәрін де өз баласында [2,319].

Айналып келгенде жаксы әйелдің ең басты қасиеті ер кадірін білу болса, жаман әйелдің көрісінше ерін сыйламау, кадіріне жетпеу. Бұл туралы Шал ақын былай дейді:

Жаксы қатын алсаңыз
Жаксылығын білдірер,
Ерін жөнге қөндірер,
Анық осы, бозбала,
Жұмактан шықкан хормен тен.

Алғаның жаман жолықса,
Жамандығын білдірер,
Ер қадірін кетірер,
Оның өзі бозбала,
Маңдайға біткен сормен тен [2,137].

Ал жаксы ер «қара қазан, сары баланың» камын ойлап, табыс табумен айналасы керек те, оны жарататын, іске асыратын, келген мейманды дұрыс күтіп ерінің жаксы атын шығаратын, үй шаруашылығын өзі шешіп, күйеуінің ақылына ақыл косып, дұрыс шешім кабылдауға итермелейтін жаксы әйел.

Кайткен күнде де ер адам тұз адамы, өзінің отбасынан аспау ердің жамандығын білдіреді.

Абыл ақын:
Ол жігіт отын алар, ошак қазар,
Отырып от басында болар мазар.
Сөйлесіп азаматпен ақыл қоспас,
Сөйлесіп қатынымен дертін жазар [3,175].

Ердің жаксылығын көрсететін басты қасиеті өзінің отбасы, одан да бұрын, елдің камын ойлау, тұган жерді қорғау.

Жаксының үйі мен тұзі бірдей.

Бұның бәрі әйел қоғам өміріне араласпаған, ошактың үш бұтына байланып, тіршілік еткен деген ой туғызбаса керек. Қазак:

Асыл әйел әрі еркек, әрі қатын, – дейді.

Бұл әйелді канau да емес, корлаu да емес, бұл әйелді жоғары бағалау, әйел алдында бас ию. Қазак тарихынды елді аузына қаратып, шаршы топтың алдында сөз бастаған, ел билеп, көш бастаған, ел басына киын-кыстау заман туғанда, қолына найза ұстап жауға шапкан ақын, би, батыр қыздары көп болған. Жоғарыдағы мақал

осынын бәрінін бір ауыз сөзбен тұжырымдалуы. Бұл әрине ұғым түрінде емес, образдық бейнелеу. Қазак философиясының өзі даналық түрінде қалыптасса, сол даналық макал-мәтеддер, ақын-жыраулардың айшыкты өлеңдері арқылы көрінеді. Т.И. Ойзерман былай дейді: «Пословицы, поговорки являются классическими, отшлифованными временем выражениями обыденного сознания, в которых пульсирует мудрость народа ...» [6,119].

Ақын-жыраулар шығармашылығы сопылық поэзиясынан көрі көне түркі жазбаларының дәстүріне көп ұксайды. Қалалары ойран болып, негізгі бөлігі көшпелі өмір кешкен казак халқының ақын-жыраулары сонау көк түрітер заманындағыдан «жаксы» мен «жаманың» айырмашылығын іздейді.

Осы кезеңдегі ақын-жыраулар философиясының айтылу формасы туралы О. Сегізбаев былай дейді: «Қазак ақындарының ойын айту формасы бар заманда кейінгі ұрпактарға көп кайталап есте сактау арқылы берілген, аяқталған өлең мәтіні сипатын алды. Бірақ олардың өлең шығармашылығы классикалық мағынасындағы түркі жазбаларының дәстүріне қарастырылады. Қазак ақындарының поэзиясында образдан тән шығармашылық әдісіне жатпайды. Қазак ақындарының поэзиясында образдан көрі ой басымырак, және бұл ой кейде образдық параллельге жүгірмей айтылды, көбінесе, мысалы, Бұхар жырау мен Шал ақындағыдан, ойды ұғым түрінде тұжырымдауға ұмтылу басым» [7,156-157]. Қазак ақындық философиясы дүние, заман (заман ұғымының уақытқа қарағанда кенірек, терсірек екенін ескерейік), касиет, қымбат, арзан, кісі, тектілік, жақсы, жаман, ару, арыс және т.б. таза казакы ұғымдармен өрнектеліп отырды. Сондыктан да, ақын-жыраулар философиясын дәстүрлі казак философиясы деп батыл айтуда болады.

Осылардың бәрін корыта келгенде, даналық пен түсінік түріндегі қазак философиясын қалыптастырыған ақын-жыраулар шығармашылығында гендер мәселесінің антропологиялық мағынамен толығып, аксиологиялық бағамдармен көмкөрілгенін көреміз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Рысқалиев Т. Даналық пен түсініктің үлгілері. Философия тарихына шолу. /Жауапты редактор: Ж.М.Әбділдин-Алматы: Ақыл кітабы, 1999. 239 б.
2. Бес ғасыр жырлайды: XV ғасырдан XX ғасырдың бас кезіне дейінгі қазак ақын-жырауларының шығармалары. Екі томдық. Т.1 /Құраст.: М.Байділдаев, М.Магаун. –Алматы: Жазушы, 1989.-252 б.
3. Бес ғасыр жырлайды. XV ғасырдан XX ғасырдың бас кезіне дейінгі қазак ақын жырауларының шығармалары. Екі томдық Т.2 /Құраст.: М.Байділдаев, М.Магаун –Алматы: Жазушы, 1989.-247 б.
4. Ел аузынан: Шешендік сөздер, ақындық толғамдар, аңыз әңгімелер. Құраст. Б.Адамбаев, Т.Жарқынбекова. –Алматы: Жазушы, 1989. – 368 б.
5. Қазақдаласының ойшылдары (XIII-XV ғ.ғ.) 2-кітап. /Жауапты ред.: Ә.Ниссанбаев –Алматы: Философия және саясаттану институтының ком.-баспа орталығы, 2001. –196 б.
6. Ойзерман Т.И. Философия и обыденное сознание //Вопросы философии, 1967. № 4.
7. Сегізбаев О.А. Казахская философия XV-начала XX века. – Алматы: Ғылым, 1996.-472 с.

Ә.Х. Марғұлан зерттеулеріндегі хундардың қала мәдениеті

Самат ӘТЕНИЯЗОВ,

Каспий технологиялар мен инжиниринг университетінің профессоры, тарих ғылымдарының кандидаты

Aкадемик Ә.Х. Марғұланың аса көп көніл болған бір мәселесі хундар тарихы мен мәдениеті болса, соның ішінде олардың қала мәдениетіне ерекше зер салған еді. «Хундар кен байтак Сахараны ең ескі заманнан қоныс етіп, талай ғажайып белгілердің сілемін қалдырган» – дейді Әлекен. «Олар қалдырган байтак мәдениет белгілері тізбек-тізбек жойқын түрде кездесіп, топталған оба, корым, ел басқарушылардың жойқын қабыры түрінде (Алматы, Есік, Қапал, Алтын-Асар), не топталған ескі қалалардың жойқын үйіндісі түрінде бір ғажайып дүние көрініп өзінің мәдениетіне, ескі дәуірде жасалған өнер түріне адамның ойын ерекше тартады. Бұл бай мәдениет түрі тек жақын араде зерттеле бастады, бірақ жойқын зерттелуі әлі ілгеріде сияқты. Олардың ең негізгі топтасқан жерлері Жетісу, Шу, Талас өзенінің бойы, Сырдария, Қаратай, Орталық Қазакстан, Алтай, Араг тенізінің маңы» – деп көрсетіп, Қазакстанның басқа да жерлеріндегі археологиялық қазбаларды атайды. «Бұлардан басқа хун мен үйсіндердің көп кала, атақты сарайлар тұрғызған өлкелері Шығыс Түркістан, Тарым, Лобнор өзенінің бойы, Дун-Хуан, Кокунар, Ордос, Алтай, Қанғай тауларының іші» [1] – деп көрсетеді.

Осынау хундардың мәдени ошактарына зер салып қараған Әлекен хун мен үйсіндер тек кана су іздел, өріс іздел көшіп қана жүрген ел емес, олардың байтак қалалары, қысқы қыстаулары, терсің қазған құдықтары да өтсे көп болғанын айтады. Олардың атақты шеберлері ағаштан әдемі құйме, жазғы киіз үйлерді көркем түрде жасап оларды «орда» деп атағанын көрсетіп Бичурин кітабына сілтеме береді.

Әлекен жалпы хундардың Шығыстағы мәдени орталықтарын төрт ордаға бөліп қараған:

Біріншісі Орхон өзені бойында, Қанғай тауының етегінде (хунну-хә), екіншісі Шығыс Түркістанда Теріскей Тянь-Шань тауында, атақты Хоян ордасы. Үшіншісі Хюйбу ордасы деп аталауды. Төртіншісі Сюйбу ордасы – Ордос алқабындағы осынау қалаларды Бичурин: «Сюйбу знаменитый хунский Дом в Ордосе» – деп көрсеткен, ал оны басқарушы хундардың атақты бегін Сюйбудан (Субелен) – деп көрсеткен.

Хундар мен үйсіндер үйлерін көбінесе тастан, кірпіштен, ағаштан жасап, әдемі ғимаралттар тұрғызған. Олардың мәдениетінің аса жоғары болғанын айта келіп, К. Ақишевтің археологиялық қазбалар негізінде Талас, Қызыл Қайнар, Шөлтөбе, сыр бойында Актобе-2, Жетіасар және басқа елді мекендерді көрсеткен [2].

Ертеде аса көп қала тұрғызған елдер хундар мен қаңлылар екенін Әлекен ерекше атап көрсетеді. Хундардың қала мен қыстауды көп тұрғызған жерлері Ордос, Кокунор, Дун-Хуан, Шан-Шан (Лобнор), Тарим өзенінің алаптары, Хами, Теіскей Алатау, Тұрған өлкесі және Жонғария Сахарасы. Осы өлкені қоныс еткендер хундардың екінші тайпасы. Б.э.д. 177 жылға дейін хундар империясы күшеген кезде оларға үйсіндер мен ғұздар түгелдей бағынған еді. Сол кездегі хундардың күшегінде саяси тарихында ер Коянның аты көп аталады.

Сол кездегі Қытай елшіренін жазбаларына қарағанда хундар Тарим мен Алатау өлкесінде барлық жерге қала тұрғызууды ойластырған. Калаларды және көптеген камалдарды, әсіресе, Ордос аймағында көбірек құрган. Ордостағы хундардың атақты корғанының бірі Лун-Гуан (Ұлы корған) әлде Аңжун-Гуан деп атайды. Осы корғанды б.э.д. 140 жылы Қытай әскері өртке алдырған еді.

Ордостағы хундардың есkeи қорғанының бірі б.э.д. 223 жылы Хун патшасы Тұман салдырған болатын. Шеу-Сян Сары өзеннің күншығыс жағасында, Тохты-Хота қаласына жакын жерде тұрған Ордостағы мықты корған еді. Тұн-Гуан (Тұн корған) Шань-Си өзені бойында және басқалары Қытайға карсы құрылған әйгілі камалдар еді. Бичурин еңбектерінде осы корғандар туралы: «Хунны строили землянки на границе для наблюдения китайцев. Строение для пограничного караула называется эуто. Там жили военные пограничных караулов» [3] – деп жазған. Қытайларға карсы тұрғызылған көптеген хун корғандары мен камалдары б.э.б. III–I ғасырларда Ордос аймағында Кокунорда, Дун-Хуанда, Лобнорда, Кун-Лунь тауының ішінде Тарим аймағында, Теріскей Алатауда, Алтайда өте көп болды.

«Сондай жойқын, мықты корғандардың бірі Гао-Кюс биік қамалы Мәденің кезінде тұрғызылған үлкен бекініс болатын. Соған ұксас алып құрылыстар Ордос бойында Лин-Жун (Ин-Шань) тауының биік асуында, Сары өзеннің (Хуан-Хә) Тәнірі көлден күншығыска карай бұрылатын жеріне карсы салынған үлкен мұнара» [4] – деп көрсетеді Ә.Х. Марғұлан. Сондай-ақ Әлекен осы алып құрылыстардың көбі Мәде тұсында құрылғанын айтады. Б.э.д. 121 жылы Қытай әскері жұмындаған әскерімен келіп, өртеп, қиратып кеткен екен. Сонда хундардың бір тобы Гао-Кюстен қашып Лобнор, Кун-Лунь тауына ығысады. Алайда, сол қытайлардың баса көктеп кірген жойқын шабуылынан соңғы кезде де көптеген хундардың корғандары құрылған екен.

Ә.Х. Марғұлан көрсеткендегі Ордос (Ортос), (Өр төс) – хун тілінде биік, алаң деген мағына береді. Ал, қытай тілінде Хә – нан... Сол Ордос өлкесі, яғни Сары өзен жағасындағы биік корғандар құрылған алаң Оңтүстік жағында Шанси өлкесімен шектеседі. Осы екі өлкенің екеуінде де хундардың есkeи тайпасы Хя – мекендерген болатын. Хундардың әйгілі патшасы Мәденін (б.э.д. 209-177 патша болған) шықкан елі осы Хя тайпасы болатын. Сол Ордостағы бір таудың аты Хя-Шан, яғни Хя-Тау (қытайша шан-тау) болса, әйгілі ел басқарушылардың бірі Хялян (Қыран) деп қытай деректерінде жазылады [4].

Хундардың жерінің аттары және қалаларының аттары әрқашан өзінің елінің атымен, яғни белгілі тайпалардың атымен аталып отырды.

Хундардың үлкен қалаларын өз бетімен басқаратын жеке ханы, билері болды. Олардың Шанси өлкесінде Шангун деген бір қаласы б.э. 3 ғасыр бұрын дәуірлеп тұрды. Онда тұратын хун тайпалары қытай тілінде: «Байди, Чиди, Жунди» – деп атап болғанын көрсетеді Ә.Х. Марғұлан [5].

Бабаларымыз хундар сол өлкеде ұзак жылдар бойы жасаған және мәдениесті жан-жақты дамыған. Жазда жайлайға көшетін, қыста қалада тұратын. Елдердің негізгі бағатын малы жылқы, сиыр, кой болса, егетін егіндерінің негізі дәнді-

дакылдар болатын. Бұл жерлерде тізбектелген қалалардың орындары өте көп. Сонау Лобнордан Памирге дейін созылады. Лобнор көлінің жағалауындағы қөп қалалардың орындары әлі күнге дейін сакталған. Солардың тарихта жиі айтыла-тыны – Уйни деп аталағын – Хун басшыларының әйгілі ордасы...

Лобнордан Батыска, Даван (Ферғана), Қанлыға, Шуға дейін ағылып жаткан үлкен жолдардың көзір «Жібек Жолы» болған жолдар деп атайды... Оңтүстікте Кун-Лунь тауарының ішінде Жохян деген бір ұлыс бар, оның камалының аты Ян-Гуан, оны басқарушы хундардың бір бегі Кюй-Хулай кейінрек Қытайға бағынған еді [6].

Хундардың Екей тайпасы қөп қалалар құрган және сол айтылған өлкенлерде көп жылдар бойы үстемдік жүргізгенін Ә.Х. Марғұлан жан-жақты көрсетеді. Қытайша екейлерді Икюй деп аталаған. Қытай деректерін орыс тіліне аударған Бичурин кітабында екейлердің қала мәдениеті туралы: «... Икюйские жуны для ограждения себя построили города, которые богдахан покорил себя. Китай завоеовал у икюйцев 25 городов, коварно убил владетеля икюйских жунов в дворце, вселд за них отправлено войско в икую ит его царство уничтожено. Китай приобрел икюйские города Лун-си, Бэйди и Шанюн и для ограждения от хунов построил долгую стену...» [7] деп жазған еді.

Ә.Х. Марғұлан «... Екейлердің Ордос (Хан су) бойындағы орталық қаласы «Далай» деп аталаған, кейде «Юсба» (Чуба) деп те аталаған, екейлердің салты Жетісуда жасаған Юсбан (Чубандарға) өте ұксас. Мүмкін олармен аталаған болуы керек. Екейлер тарихта Тұрік қағанаты дәуіріне дейін кездесіп отырады. Батыс Тұрік қағанатының бір ханы екейлерден шықкан. Екей – Жебе хан деп көрсетілген. Кейін екейлер Ұлы Жұз казағының бір атақты тайпасына айналды. Атақты халық ақыны Жамбыл Жабаев осы екей (икюй) тайпасынан.

Екейлердің бір тайпасы Деле Дун-Хуан мен Лобнордың арасын коныстады. 4 ғасырдың сонында олардың орталығы Гао-Гүй деп аталаған, мәнісі «биік күйме, канка» – деп екейлердің Хун Ордасындағы және қазак халқындағы алатын орнын көрсеткен еді.

Екейлермен көрші Ордоста отырған Хун тайпаларының біреуі – Қыны Ләуфанд (Лаупан, Лапан, Алпан), Байлан, Аланку және басқалар. Олар Ин-Шан тауындағы Гао-Кюе бекінісінде жасаған тайпалар. Олардың атымен аталаған Ордостағы бір астана қаланы Ләуфанд деп атайдынын Бичурин де [8] көрсеткен еді.

Олардың мықты тірек қылған Гао-Кюе қорғанын б.э. дейінгі 128 жылғы Қытай әскері жаулап алды. Содан кейін қытайлардың иелігінде калды... Хундардың ұлы ордаларының бірі – Коян (Дом Хояна), кейінрек хун ордасы ыдырағанда Сюйбі деген атпен сәнбілерге мұра болып калды....

Хундардың арасында көп уақыт жүрген және Арап тенізінде дейін барып қайткан қытай елшілері Чжан Кян мен Ган-Иннің баяндауынша, Хун ұлыстарында қалалар өте көп болған. Олар Шығыс Түркістанда, Жонғария, Алтай, Тарбағатай, Тянь-Шань тауарында, Жетісуда, Сырдарияда, Арап тенізінің жағасында көп кездеседі. Сондай қалалардың көп жері Хатар – Дария, Тарим өзенінің бойы, Лобнор, Құмыл, Тұрған, Қашғар өлкесі, теріскей күншығыс Тянь-Шань тауарының ойпаттары... Құмыл өлкесіндегі б.э. үш ғасыр бұрын жасаған есkeи қаланың бірі – «Нәжіхан», қытай тілінде И-Чжеу «Жеухан». Сол Нәжіхан қаласының батыс жағында тұрған «Юн-жун», есkeи кала «Лун» (казакша «Ұлу»), кейін сәнбілердің астанасы болды. Онда әдемі сарайлар мен әсем гимараттар көп болған [9].

Хундардың Тұрған өлкесінде Гао-Чан (Қаңқалы) деген қаласы болды. Жалпы бұл өлкеде жиырмадан астам қалалар болды... Орталық қаласы Жоха-Хота, оған жақын жерде есkeи астана Каражоха, Лукчак, Пичан қалары болған.

Карашибар (Янки) қаласы Лобнор көлінен 200 ли теріскейде. Тарим өзенінің жағасында орналаскан. Оның теріскей Шығысында 190 ли жерде орналаскан ескі кала «Чаган-Тұнгे», екінші кала Халғаман (Калқаман) тау ішіндегі кыстак Карашибардың күнгей батысында 90 ли жерде орналаскан.

Карашибар өлкесіндегі хундардың ескі қаласының бірі – Улунтай (Лунтай), Карашибардың батысында 350 шақырым жерде. Осы қаланы б.э.д. 103 жылы Қытай әскери кираган еді.

Сол өлкедегі хундардың ескі қалаларының бірі – Ғұма қаласы болатын. Ол ұлыстың орталығы еді. Ғұманың елі темір өндіріп, жез корытқан және мәдениеті карыштап дамыған ел еді. Оған көрші тұрған үлкен қала Ақсу, үйсіндердің астанасы Чигудін күнгей жағында 300 км жерде орналаскан. Аксудан 100 км жерде күнгей батыста Үш-Тұрған қаласы болды.

Жонғария өлкесіндегі хундардың әсем қалалардың бірі Аныши (Аңшы), Тарбағатай жағында орналаскан, оның күнгейінде Гян-Ин қаласы, ал Уту қаласы Ертіс жағасында еді. Осы өлкедегі хундардың орталық қаласы – Гин-Ман (Орда) болса, онымен катар Дан-Куан қаласы казіргі Үрімші қаласының батысында орналаскан еді. Сол жердегі атакты тау Қара-Маңлай, онда Уто деген белгілі бір қала болды... Осы айтылған қалалардағы үйлер мен ғимараттар тек тастан салынған еді. Тарбағатай тауының теріскей бетінде «Аркан Керген» деп аталағын, яғни тастан құрылған мұнаралар (дінгектер) болған. Бұл мұнаралардың аты бүтіндегі сол қалпында қазак елінің есінде сакталған [10] – дейді Ә.Х. Марғұлан. Сол сиякты Әлекен Н.А. Абрамовтың жазуынша Тарбағатай тауымен Саксан өзенінің бас жағында ерте заманда тастан салынған қалалардың ірге тасы сакталғанын айтады. Онда арасын таспен керген екі камалдың орны жатыр. Қазактар оны «Керген тас» деп атайды. Бір корғаның ұзындығы 8 шақырымға созылады [11].

Хундар мен үйсіндердің тұрмыс салты және қала мәдениеті өте ұксас болған. Олар сонша ғасырлар мекендеген ұлыстар Жетісу, Тарбағатай, Алтай-Пазырық, Котанды, Шибе, Нойн-ұлы (Монголия) және басқа жерлерде солардың өскелен қала мәдениетінің өшіпес іздері калды. Осынау қарыштап дамыған мәдениет ошактарын б.э.д. 36 жылға дейін Қытай әскери талқандап кираган еді...

Бабаларымыз хундардың аса мәдениетті ел болғанын олардың сауда ісін дамытқанынан-ак көруге болады. Қала мәдениеті дамыған жерде сауда ісі карыштап дамитыны белгілі. Сол бабаларымыздың аскаралы жұмыстарының бірі Шығыс пен Батыс арасында отырған елдерде сауда ісін күшешту болған. Ол үшін үлкен керуен жолдарын жасаған. Казіргі «Жібек-Жолы» деп жүрген үлкен сауда жолының дамуы түгелдей хундардың атына байланысты. Бұл мәселе хун империясының ен күшеген тұсы Мөде (б.э.д. 209–177) заманында аса биік сатыға жеткен еді. Оның баласы Лао-Шан б.э.д. 177 жылы Каспий теңізіне дейін барып кайтты.

Орта Азия мен Қазақстандағы хундардың мәдени орталығы болған жерлер Жетісу, Іле, Шу, Талас өзендерінің бойы және Сыр бойы мен Арал теңізі өнірі. Әсіресе Талас қаласы олардың өте үлкен мәдени орталығы болды. Ал, үйсіндердің көп уақыт мәдени орталығы болған Іле өзені бойындағы Чигу қаласы еді... Хундардың және бір үлкен астанасы Шу өзені бойындағы үлкен Шу қаласы еді. Қытайдың атакты тарихшысы Сымя Цянь деректерінде: «...Шу бір үлкен мемлекет. Құнбатыста Қытайдан көп алыс жерде орналаскан, айналасы шөллейт дала. Онда тұрушылар өзінің әдеті, заны бойынша мал өсіретін хундар...» [12] – деп жазған болатын.

Шу өзені бойында Александр Македонский (б.э.д. 356–323) заманында үлкен Шу қаласы тұрғанын М. Қашғар да жазады: «Ескендір Зұлкарнай кезінен бұрын жасалған ескі кала – Шу. Оны салдырган Шу деген ел баскарушысы». Бұл сөздің күрылсының мән берген ғалым В.В. Радлов: «Древнейшая крепость Шу, построена в такие времена, когда городов Сайрама, Таласа и Баласагуна еще не было. У казахов вместе звука Ч заменился звук ш и река Чу называется Шу. Очень вероятно, такое же произношение было у тех тюрок, которое жили на берегах Чу» – деп жазған болатын... Ертедегі Шу қаласының тарихына үйсін, хун және қанлы тайпаларының тікелей катысы бар, олар Қазакстан жерінде ескі заманнан бері қала мәдениктің жасаған ұлыстар [13] – деп көрсетеді Ә.Х. Марғұлан.

Хундардың жубан (губан) тайпасы үстемдік құрған жерлердегі қалалардың калдығы Талас өзені бойында көп кездеседі. Сонын бірі атакты Тұймекент қаласы. Бұл сонау хун дәүірінен калған ескі қаланың бірі, көзінде Тараз қаласынан 45 шақырым теріскей шығыста. Оған жақын жерде Тас-Ақыр сарайы бар.

Тұймекент қаласының сыртын берік камалмен бекітіп, оның сыртын тағы да терен ормен қоршап, сумен толтырып қоятын болған. Қамалдың мықты кабырғасын күйдірмеген, ені 45 сантиметр жалпак кірпіштермен калап шығарған. Іргесіне мықты тас төсеген. Қаланың диаметрі жарты шақырым шамасында, корғанның осы күнгі сакталған биіктігі 20 дан 35 метрге дейін жетеді.

Тұймекент қаласын корғайтын төрт кабырғасы тегісімен биік мұнаралармен тізбектелген. Эрбір кабырғасының өзінде жеті биік бағана бар. Ен керемет екі бағана (фортификация) қаланың кіре беріс аузына құрылған. Бұл қаланың ерекшелігі – мал өсіретін және егін жеткен жартылай көшпелі елден калған мұра екендігінде...

Сондай-ақ Тұймекент қаласының архитектурасы, мөлшері тегісімен Сыр бойында тұрған Жетіасар қалаларының құрылсысымен бірдей... Кірпіштерінің колемі (40x30x9) де, формасы да бірдей... Осынау хундардың қала мәдениетінің ерекше үлгісі болған Жетіасар қалаларының комплексі Сырдарияның сол жағында, Жусалы қаласының тұсында 30 шақырым жерде басталады. Осынау комплексте үш үлкен қаланың және 17 камал мен сарайлардың калдығы сакталған [14].

«Тұймекент қаласы Тас-Ақыр сарайына жақын жерде тұрғызылған. Демек, бұл Тас-Ақырдың өзін жасаған хун тайласы жубандар. Оның бітпей калуы б.э.д. 36 жылы Қытай әскери Талас қаласына шабуыл жасап, хундардың патшасы Чжичжені (Шижы) өлтіріп кетуімен байланысты» екенін көсітеді Ә.Х. Марғұлан [15].

Тас-Ақырға көршілес Қызыл-Кайнар камалының орны Тараздан 25 шақырым жерде жатыр. Осы камалдардың бәрі Қытайға карсы құрылған корғандар. Оның кірпіштен жасалған керемет кабырғаларының мықтылығы соншалық, қалыңдығы 3,15 метр, сакталған биіктігі бір жарым метр. Бір кабырғаның өзінде 20-дай ок ататын тесіктер болған.

Корған қабырғасына койылған 50 жастагы бір адамның кабірі табылған. Осы батыр кісі б.э.д. 36 жылы Қытай әскерімен соғыста кaza болған болуы керек, басында қанжардың ұшы тиген тесік калған.

Ол кісімен бірге хун өнерінің үлкен өнерпазы болған болу керек, мойнына сүйектен жасалған сыйбызы асынған адамның мәйіті табылған. Сыйбызының бір беті шығынды, бір беті қуыс, ортасында үлкенірек тесігі бар, онымен катар екі жағында екі кішірек тесігі бар. Формасы Болат Сарыбаев архивінде тұрған белдік, киімді әлемілеп орнектейтін алтын алқа, алтын аттың мұсіні, алтын жаға

(мойнында жаткан). Бұлардың барлығында үш бұрышты не тік тарткан алтын бұршактармен көмкерген, кейбіреулеріне асыл тастар тақкан. Ең қызықтыларының бірі – хундардың ұзын селебесі (74 см), қанжары, тағы басқалар... – деп Ә.Х. Марғұлан археологиялық табылған бұйымдарды көрсетеді.

Хундардың Қазақстандағы екінші бір мәдениет орталығы Арап тенізінің жағасы. Сол бір шұрайлы жерлерді ескі дәүірден қоныстаған хун тайпалары Абдал (әфталит), Кердари (Кердери), Дай (Адай), жұбандар деп казақ руларындағы хун ұрпактарын көрсеткен [16].

Әлекең одан ары карай хундардың мындаған жылдар бойы кен байтақ сахара-ны қоныстал, өздерінен көп ұрпақ, бай мәдениет калдырганын айтады. Олардан ұрпақ болып калған елдер: үйсіндер, қанлылар, оғыздар, қыпшактар, арғындар, қонырат кияттар, наймандар, керейлер, уак-ұнгіттер, латтар. Олар мирас етіп калдырган калалар Сыр бойында, Жетісуда, Батыс Қазақстанда, Манғыстауда өте көп. Олардың ішіндегі ең ірілері Сайрам, Сұткент, Отыра, Түркістан, Сауран, Сығанак, Кауған-Ата, Артық-Ата, Баршынкент, Жент, Оғыз-Дабан, Хорасан-Ата, тағы одан басқа Сыр бойы мен Қаратауда толып жаткан өзге калалардың үйінділері (Субанкент, Яғакент, Баба-Ата, Құмкент, Кенжек) ...

Жетісуга болған атакты калалар Шу, Баласағұн, Талас, Барсхан, Атлах, Шелжі, Шегіл, Құлан, Мерке, Аспара, Ілебалық, Құяш, Екі-Оғыз, Қаялық, Кіші-Талас, Талхиз (Талғар) ж.б. Осы аталған калалардың бәрі бір кезде хундардың белгілі мәдени ошактары еді... [17].

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Марғұлан Ә.Х. Ежелгі жыр аңыздар. А. 1985, 30-бет.
2. Акишев К.А. Зимовки-поселения и жилища древних усуней. А. 1969., О возникновении оседлости и земледелия у древних усуней Семиречья. А. 1970.
3. Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии вдрение времени. А. 1998.
4. Марғұлан Ә.Х. Қер. шығ. 32-бет.
5. Сонда...
6. Бичурин Н.Я. Қер.шығ.
7. Сонда.
8. Бичурин Н.Я. I-том. 43-бет. 111-том. 37-бет.
9. Марғұлан Ә.Х. Қер.шығ. 34-бет
10. Сонда 35-бет.
11. Абрамов Н.А. Река Иртыш. Архив Геогр. общ. разряд 69.оп.1
12. Сымя Цянь. Избранные. М. 1956. 124-бет.
13. Марғұлан Ә.Х. Қерсөтілген шығ. 39-бет
14. Толстов С.П. По следам древнекорейской цивилизации. М. 1948, 125–136 беттер.
15. Марғұлан Ә.Х. сонда 39–40 беттер.
16. Сонда. 41-бет.
17. Көмеков Б.Е. Өтениязов С.К. Ә.Х. Марғұлан зерттеулеріндегі хундардың қала мәдениеті. //Мәдени мұра: Қазақтың тарих айту, сақтау дәстүрі және оны жаңғыру жолдары. Қошқарата конференцияның материалдары. /2005 жылғы 26-27 мамыр/. А. 2005. 122–131 беттер.

Діндегі саясат немесе саяси ислам

Айбек БЕЙСЕБАЕВ,

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың магистранты, дінтанушы

XX

ғасырдың екінші жартысындағы саяси-әлеуметтік жағдайлар ғалымдарды, саяси, әскери, діни және қоғам кайраткерлерін қоғамдық өмірдің белгілі кезеңдерінде исламдық жобаны жүзеге асыруды көзделген, нәтижесі антиәлеуметтік салдарларға алып келетін ислам радикализмі, ислам экстремизмі, ислам терроризмі құбылыстарының немесе терминдерін пайда болу себептерін іздеуге алып келді. Бұл процесстерді біз исламизм шенберінде қарастыратын боламыз. Себебі XX ғасырдың соңғы онжылдығында исламдық жобаны жүзеге асыру әрекеттері іс жүзінде әлемнің барлық елдерінде – Шешенстан мен Дағыстан, Шыңжан мен Ферғана алкaby, Косово мен Қырым тубегі, Британия мен Солтүстік Америка, Латын Америкасы мен Онтүстік Африка да көрініс талты десек артық айтпаймыз. Яғни, ағымдағы қоғамдық және саяси жүйені исламның белгілі ережелерін басшылыққа алып (немесе сонын атын жамылған), әрі радикалды және күштеу методтарын колдану арқылы өзгертуге тырысатын топтар бар елдердің бәрі аталған процесстен айналып ете алмады.

Кенестік кезеңнің өзінде және одан бергі уақыттарда отандық және шетелдік ғалымдар радикалды исламның пайда болуының экзогенді (ішкі) қоғамдық-саяси алғышарттары мен оған қатысты әндогенді (сыртқы) себептерін қарастырған болатын. Бұлар көбінесе исламдық емес дәстүрлер мен нормаларға негізделген Батыстың тарапынан тақылған өмір сүру принциптеріне көніл калушылықпен, Таяу Шығыс пен Африка елдерінде 1980 жж. ортасына дейін орын алып келген социалистік жүйе орнату тәжірибесінің сәтсіздікке ұшырауымен, Батыстың, КСРО мен Ресейдің саяси элиталарының исламға қатысты «сауатсыз» болуымен, халықаралық енбек бөлінісінің исламның пайдаына шешілмеуі және жаһандану процесінің жеделдеуімен байланысты болып келді.

Бізді қызықтыратын ең бастысы ол – жоғарыда көрсетілген факторлардан бөлек исламды радикалданыратын, оның өзінің жеке ішкі даму логикасына негізделген және өзіне тән әндогенді факторлары бар ма деген сұрақ болып отыр. Сұрақты басқалай койсак, аталған топтар өздерін исламдық деп жариялайтын және әлемдік қауымдастықтың сондай бір болшегі ретінде танитын бірақ исламға ешқандай қатысы жок қозғалыстар ма әлде діннің жаңа талаптарға бейімделу үрдісінен шығып отырған заңды құбылыс па?

Ислам сенім бойынша құдайылық ашылумен аяқталған дін ретінде қалыптасты. Олай болса, бұл Мұхаммед пайғамбар өмірі кезінде оған құдай тарапынан Құранның жіберілгенін көрсетеді. Мұхаммед пайғамбардың істеген істері мен айткан сөздерін баяндайтын жинақ түрінде бекітілген хадистер пайғамбардың сұннетін құрайды. Мұхаммед пайғамбар өлімінен кейін (632 ж.)

аянның түсүі аяқталды және кайта жаналанбайды. Мұхаммед осылайша ақиқат біркүдайлыктың, яғни исламның соңғы ақиқат пайғамбары болып табылады. Сөйтіп, ислам пайда болуының бастапқы кезеңіндегі мұсылмандардың нормалары мен ережелерді тек кана Құран мен суннадан, яғни сенуші үшін тек абсолютті және бұлжымас міндетті деп саналған тексттерден алуына мүмкіндік болды. Құран мен суннадан алынған бұл ережелер шариғат («сөзбе-сөз – «дұрыс жол») деп аталады.

Алайда Құран мен сунна – нормалардың, ережелер мен жазбалардың жүйеленбеген жинағы. Мінез-кулыққа байланысты ережелерді Құранның 300-дай аятынан және 500-дей хадистен табуға болады. Құран мен суннадағы таза құқықтық сипаттағы ережелер (негізінен жанұялық-некелік катынастар мен мұрагерлік мәселелері бойынша) тіптен аз. Мұхаммед пайғамбардың олімінен кейін ислам қауымында алғаш пайда болған проблема – пайғамбардың қауым басшылығы функциясына мұрагер тағайындауы – даулы мәселеге айналып, аяғы мұсылмандардың сунниттер мен шииттерге бөлінуіне әкеліп сокты. Жана туындал келе жаткан сұраптарға жауап табу қажеттілігі кейін иджтихад деп аталған жекелеген проблемаларға байланысты нормалар, ережелер мен пайымдауларды бекітіп шығару процедурасы қалыптасуына әкелді. Бұл процедурамен дін қызметкерлері емес (исламда олар болған жок), ғалымдар айналысты. Осылайша шариғатқа косымша Құран мен суннаны көп жағдайда адам іс-әрекетінің нәтижесін ретінде түсіндіретін ережелер жинағы косылды. Бұл «ислам зандары эволюциялық даму түрғысынан ешқашан біртекtes болған жок» деген түсініктің себебі болды.

Құран мен сунна негізінде норма мен ереже бекітіп шығару ретінде иджтихад жүйесі исламда бұлжымас және нақтыланған түрде емес. Яғни кез-келген мұсылманның иджтихад жүйесінде кабылданған кандай да бір нормаларға күмәнмен қарап, кандай да бір ғалымдардың сәтті шығарған шешімі болса да оларды адамның Құдайылық ақиқатты өзінше түсіндірген түсіндірмесі ретінде тіпті, кабылдамауға да құқығы бар. Осы жерде исламда интеллектуалды және саяси қозғалыс пайда болады, бұған сырттан карауышылар бұл қозғалыстарды діннің алғашкы негіздеріне қайта оралу деп түсініл, оған «фундаментализм» деген мұлдем баска анықтама береді. Мұсылмандардың өздері бұл қозғалысты ас-салаф ас-салих сөзінен шығатын («алдыңғы өткендер») салафизм немесе жайғана ас-салаф («бұрынғылар») деп атаганды дұрыс көреді. Салафизмнің жактастары мұсылмандардың өздерінің бар істерімен және сенімдерімен исламның алғашкы уақытындағы ережелер мен қағидаларды басшылыққа алуға үндейді.

Исламдагы фундаментализмнің мұндай анықтамасы – жаңа құбылыс емес, мысалы, профессор А.А. Игнатенко фундаментализм циклі түрде кайталанып отырады деп үйіраады. Оның пікірінше, мұсылмандардың өздері бұл циклдің бар екенін әлдекашан байқаған, бұл суннит дін ғалымдарының арасында исламның әрбір жұз жыл сайын жаңаланып отыратыны жайлы концепциямен сайкес келеді (жұз жыл мөлшеріндегі цикл мұсылмандардың түсінігінде басқаша). Бұған коса бірқатар уақыттан бері мұсылмандар арасында Пайғамбардың «әрбір жаңа ғасырдың басында Құдай мұсылман қауымының сенімін жаңартып отыратын адам жіберіп отырады» деген хадисі бар. Бұл хадис бірегей емес, мәселен, «әрбір ғасырдың соңында мұсылмандардың қауымы сыйнакқа (михна) немесе адасушылыққа (фитна) үшінрайды» делінетін де хадис бар. Бұған дәлел ислам өзінің даму барысында оны жаңартушылардың біраз талпынысына үшінрайған.

Келтірілген хадисте қолданылған «жанғырту» терминінің өзі исламды түбімен жаналау, реформалау, өзгерту дегенді білдірмейді. Аталған контексте «жанғырту» термині «қайта тудыру», яғни бастапқы қалпына қайта келтіру дегенді білдіреді. Бұл мағынада мұсылмандардың қауымының өмірі тарих бойына белгілі бір шиклге бағынған: ақиқат сеніммен журу – біртіндеп одан кері кету – қауымының дағдарыска үшінрай – ақиқат сенімді қалпына келтірушінің пайда болуы – қауымының қайта жанғыруы. Сонын цикл тағы қайталанады. Осылайша, адамның кате түсіндіруінен жиналып қалған (иджтихадтың нәтижесінде) жүктен арылумен қатар бастапқы қайнар көздерге қайта оралу ретінде жүзеге асатын мұндай өзгерістер исламда үнемі болып отырған.

Мұндай қайнар көздерге қайта оралу практикасы ислам нормаларын түсіндірудің жиналып қалған қағидаларынан толыктай бас тартуға ешқашан алып бармайды. Бұған дәлел салафиттердің басым көшшілігі казіргі заманғы өркениеттің жетістіктерінен, мәселен Мұхаммед пайғамбар заманында болмаған телефон, спутниктік байланыс құралдары, зенитті-ракета кондырғылары сияқты технологияларды пайдаланудан бас тартпайды.

Салафизмнің көбінесе таза ислам деп аталаудың (әсіресе БАҚ-та) негізі бар. Атаудың өзі исламды оның тарихи жиналып қалған жаңашылдықтарынан тазалау процесін білдіреді. Исламның алғашкы кездегі теориясы мен практикасына, нормалары мен ережелеріне фундаменталді түрде қайта оралу туралы сөз болғанда да осы атаяу мензеледі.

Салафиттік мұралар казіргі заманғы салафиттік қозғалыстардың саяси курсы мен идеологиясына кәдімгідей ықпал етеді, тіпті радикализм мен экстремизмнің дамуы үшін әлеуметтік-экономикалық және саяси алғышарттары жок елдерде де үйимдаскан түрде көрініс табады. Осынысымен исламизм ұлтшылдық, либерализм, глобализм идеологиялары сияқты саяси идеологиялардың біріне айналып отыр. Исламистік жобаны жүзеге асры (исламдық жобадан ерекшелігі) терең әлеуметтік трансформацияның болуын талап етеді, себебі әлемде қоғамның барлық сферасы тек ислам нормаларымен (шариғат) баскаралатын ешкандай мемлекет жок. Осылайша, исламизм әлемнің әр түкпіріндегі түрлі қозғалыстардың концептуалды түрде біріктіреді. Сондай-ак ислам мен исламизм арасында да байланыс бар.

Әлемдегі слердің көбі зайдылы мемлекет болып табылатындықтан исламизм әлемдегі катынастарды исламизм-секуляризм қарама-карсылығы бойынша шиленістіреді. Исламдағы дәстүрлі және модернистік ағымдарға қарсы шыға отырып, исламизм бірінші кезекте ислам слеріндегі саяси режимдермен куреседі, себебі олардағы билік жүйесінің көбінесе не басым болған, не толыктай зайдылы болып келеді.

Исламизмді жактаушылар құрамына елде исламдық билік формасының сакталуына немесе орнығына және сондай билік жүйесін баска елдерге экспансиялауға тиісті жағдайлар туғызуға мүдделі әлеуметтік топтар кіреді. Мысалы, профессор А.А. Игнатенконың пікірінше, бұндай топ сөзсіз антимодернистік ислам дінбасылары болып табылады. Себебі бұл ислам тараған елдердің секуляризациялау, модернизациялау барысында дінбасылардың қоғамдық биліктен ығысуына және оның біртіндеп жоғалуына алып келеді.

Модернизация қашанда секуляризациямен байланысты болғандықтан ол діни билік пен оның иелерінің дәстүрлі қоғамда үстем тап ретінде перспективасынан

айрылуына алып келеді. Модернизацияланған қоғамда ислам дінбасылығы тек өте төменгі деңгейдегі қызметтерді аткарып қалуы мүмкін. Исламизм таратушылары ретіндегі антимодернистік бағыттагы діншілдер ислам тараған елдерде кашанда болған, бірак олар не ағымдағы қоғам таланттарына сініп кететін не болмаса жойылып кететін. Осылайша, нақты тарихи жағдайларда антимодернизм – кашанда антибатыстық сипатта болып отырған, ейткені Батыс – қоғамдық өмірді түбірімен өзгеріске ұшырататын либерализм немесе демократия, коммунизм немесе ұлтшылдық түріндегі саяси секуляризациялық процестер бастау алып отыратын исламның жауы болып саналды.

Көптеген зерттеушілер XX ғ. 70–80 жж. ислам дінбасылығына тарихи сәт – араб мемлекеттеріне, әсіреле сунниттік (Сауд Арабиясы) және шииттік ислам (Иран) орталықтары болып табылатын елдерге Парсы шығанағы аймағынан табылған табиғи көмірсүтектің (мұнай мен газ) мол көзін пайдалану мүмкіндігі туды деп есептейді. Ғалымдар мен саясаттанушылар дәл осы уақытта ұлт мен шілдіне алынған мұнайдан түсken пайданың өсуімен сәйкес келген исламизм позициясының күштегінің айтады. Сірә, «артық ақшаның» пайда болуы мен коғамдық өнімді қайта бөліске салу дін иелері табының өсуіне алып келген секілді. Осы уақытта Сауд Арабиясында муфтиекратия мен Иранда муллакратия деп аталған екі теократиялық режим пайда болды.

Соңғы уақытта ислам елдерінде екі күш арасындағы құрес жи байкалады. Бір жақ ішкі-сырткы саяси сарынның ары қарай қүшінен жактаса, екіншілері – саяси процестердің либерализациялануын, модернизациялануын қалайды. Алғашқы бағыттың жактаушылары саяси элитаны Батыс елдерімен ауыз жаласты деп айып-тап, ол мораль мен адамгершіліктің құлдырауына алып келеді, ислам елдеріне осы заманғы өркениеттің «жетістіктері» – нашакорлық пен жезекшеліктің тараулуына жол береді деп санайды. Дегенмен, осы тақырып айналасындағы талас-тартыстар жогарыда аталған екінші бағыттың ислам мемлекеттері саясатында белсенді жұмыс жүргізіп отырғанын көрсетеді.

ХХ ғ. соңғы отыз жылдығындағы жағдайлар исламизмнің ортіндегі террориялық экспансияны жүзеге асырып келе жатканының дәлелі болып табылады. Зерттеушілер аталған экспансияның негізгі төрт ұйымдастырушылық функциясын көрсетеді:

Біріншіден, мұсылман субъектілерін ауыстыру формасында, яғни әріп ғарышта ислам тараған аймакта исламдық дінбасылар бірлестіктерін енгізу және модернизацияланған зайырлы режимге лояльді ислам дінбасылығымен ауыстыру.

Екіншіден, ислам тараган аймакта жаппай ислам базаларын құру формасы ретінде.

Ушіншіден, жергілікті саяси жүйеге және жергілікті ислам дінбасылығына катысты оппозициялық бағыттағы исламдық сипаттағы діни-саяси үйым (қозғалыс, партия) күру формасында. Мұндай саясиланған үйымның жұмыс істептікінде идеологиялық базасы салафизм механизмі болып табылады.

Төртіншіден, ұлттық территория мемлекет тарапынан әлсіз бақыланатын зоналарда ислам плацдармын құру формасында. Бұл аудандар (зоналар) әлемнің әр түкпірінде белгілі бір уақытта пайда болып, жоғалып немесе әмір сүруін жалғастыра береді. Ондай аудандарға Ливанның онтүстігі (Ирандық тараптан қаржыландырылатын «Хезболла» партиясы бақылау жасайды), Ауғанстанның

әртүрлі аудандары, Тәжікстандағы Тавильдария аймағы, Филиппиннің оңтүстігі (Мороны азат етуші Ислам майданы мен «Абу-Сайяф» тобының жауынгерлері), Суматра аралының солтүстік бөлігі (исламдық «Еркін Аяех» қозғалысы), Индонезиялық Молукк аралы («Жиһад жауынгерлері» исламдық корпусы), Босния мен Герцеговина, Алжир, Судан, Нигерия мен Сомали, Оңтүстік Африканың түрлі аудандары кіреді. БАҚ-тағы мәліметтер бойынша аталған тізімге Грузиядағы Панк шатқалының (шешен бас көтерушілері «өзін-өзі басқаратын исламдық территория» деп жариялаған), Дағыстан мен Шешенстандағы Қадар аймағын жатқызуға болады.

Территориялық плацдармнан бөлек, сондай-ак виртуалды ислам плацдармдары – исламистер тарапынан баскарылатын көфамдық-саяси зоналар қалыптасып келеді. Ол сырттан исламистер тарапынан баскарылғанымен ислам мемлекеттерімен территориялық байланыста болмайды. Жергілікті және сырт елдердегі мұсылмандарға әсер етуідің мұндай ошактарының пайда болуы казіргі уақытта АҚШ, Ұлыбритания, Германия, Францияда байқалып отыр. Олардың әрекет стуферасы мен масштабының кеңеюіне акпараттық технологиялар: интернет желісі, ұялы телебайланыстар, электронды БАК және т.б. жағдай жасап отыр.

Біртінде халықаралық денгейде заңды түрде жұмыс істейтін исламның үйлестіру орталығы құрылып келе жатыр. Мысалға, Ислам елдері Лигасы, ислам революциясын корғаушылар корпусына кіретін ирандық «Кодс құштері» ұйымы, Халықтық ислам конференциясы (ирандық және саудтық құштер мен солшыл бағыттағы ұлтшыл араб топтарының ынтымактастығының итіжесінде құрылған), Ливия бүкіләлемдік ислам халықтық басшылығы. Алайда, көптеген зерттеушілер қазіргі уақытта исламизмнің галамдық үйлестіру орталығының әлі жок екенін айтады. Бұған ислам елдерінің өзінде ішкі бірліктің жоқтығы, кейбір мемлекеттердің өз сыртқы саяси бағдарын исламдық түрғыдан жүзеге асыруға тырысуы, немесе исламизмнің кей жағдайларда жекелеген елдердің ұлтшылдық бағыттағы идеологиясымен астасып кетуі себеп болып отыр. Қорытындылай келе, ислам таралуының атап-табап төрт бағыты жекелей алғанда ғана іске асып отыр деп айтуга болады.

ХХ ғ. соңындағы Қазақстандағы көші-қон процестерінің ерекшеліктері

Гүлжанат НИЯЗХАНҚЫзы,
Ш.Уалиханов атындағы Тарих және этнология институтының
ізденушісі

Осыдан жиырма жыл бұрын КСРО-ның соңғы санағы өтті. Халық санақтары елдегі халық саны кала, село, аймак бойынша саны мен үлесі, ұлттық құрамы, тілі, жыныстық-жастық жағдайы, еңбекпен камтамасыз ету және тағы баска корсеткіштер бойынша мәліметтер беріледі. БҰҰ-ның ұйғарымы бойынша әрбір он жылда өтілуге тиісті халық санақтары елдегі халық құрамындағы өзгерістерді жинактайды.

Осы 1989 жылы санак Қазақстанның КСРО деп аталатын мемлекеттің құрамында болған кездегі соңғы санақ еді. Сондыктан, КСРО ыдырағанинан кейін тәуелсіз елдер құрылған кездегі республика халқының құрамындағы өзгерістерді анықтау үшін сол санак жүрген 1989 жыл мен тәуелсіздік алған 1991 жыл аралығын бір нақтылап алып, тәуелсіз мемлекет кездегі үрдістерді анықтаған жөн.

Көші-қонның елдің, жекелеген аймақ, не қала халқының саны мен сапалық құрылымының динамикасындағы негізгі факторы екені белгілі. Қалаларға халықтын белсенді түрде орын ауыстырулары жекелеген ауылдар мен тіпті кіші қалалардың халқының азауына әкелетін рас. Ал, көшіп-конуға бейім жастағылардың, есіресе еңбек жасындағылардың көші-коны олардың келген жеріндегі неке, туу мен өлім-жітімге, жыныстық-жастық құрылымға, кала халқының орта жасының жасаруына немесе кеткен жеріндегі демографиялық өзгерістерге тигізер әсері зор екені белгілі. Мысалы, ірі қалалардағы халықтың картауына сырттан келушілердің екпіні кедегі келтіреді.

Көші-коны олардың келген немесе шықкан жерлеріндегі этникалық құрылым, халықтын білім деңгейі мен жастық-жыныстық құрылымындағы, некеге тұру деңгейінің өзгерістеріне немесе табиғи өсім үрдістеріне де әсер етеді. Өз кезегінде халықтың жастық құрылымы көшіп-конушылардың белсенділігін айқындауы мүмкін.

Қазақстан Республикасындағы көші-қон процестерін анықтау үшін, алдымен 1989 ж. мен 1999 ж. санақтар мәліметтерін салыстырумен катар 1991 ж. тәуелсіздік жариялаған кездегі корсеткіштермен де салыстыру кажет. Сонда біз соңғы одактық санактан кейінгі кезендегі, кенес дәүірінің соңғы кездеріндегі Қазақстанда жүрген көші-қон процесінің халықтың этнодемографиялық дамудағы әсерін, салдарын бір аныктап аламыз. Содан соң таза тәуелсіздік жылдарындағы республикамыздағы өзгерістерді айқындауга көшеміз.

Соңғы кенестік санақтан тәуелсіздік алған кездегі аралықта халықтың әлеуметтік және демографиялық құрылымында бірқатар өзгерістер болды. Бұл республикадағы көші-қон процестеріне де қатысты. 1980 жж. екінші жартысынан бастап-ак сырттан келушілер легінің Қазақстанға бұрынғыдай екпінді бағытталуының орнына көрініше көрі кайтуы орын ала бастады. Оған бір себеп ретінде елдегі саяси ахуалды да (1986 ж. желтоксан оқиғасынан кейін елде калыптаскан) айтуымызға болады.

ХХ ғасырда Қазақстанда жүрген көші-қон ұлттық құрамын үlestік арасалмағын әрдайым реттеп отырды. Қазақ жеріндегі казактардың азының құрамындағы үлесін 1959 ж. санақта 29,8 %-ға дейін төмендеткен де көші-қоншылар легі екені рас.

1991 ж. КСРО-ның ыдырауы белгілі-бір уақытка дейін жинакталып тұрған көші-кондық әлуесті бір-ак төкті: Қазақстанның сыртқа кетушілер республика халқының санын 1989–1999 жж. санақтары арасында 1,2 млн., ал 1993–2000 жж. тіпті 1530,4 мың адамға бірден кемітті. Әрине, оның себептері көп. Соның ішінде, ең бастысы этникалық топтардың тарихи отанына оралуының объективтік зандылығында жатыр. 90-жж. көші-қон 30-жылдардың, одан кейінгі кезендегі күштеп жер аударулар мен жаппай көші-кондардың кайтарылған жаңғырығы болды. Осы жылдары республикадағы кала халқының жалпы саны да 805,3 мыңға азайды.

Халықтың жалпы санындағы өзгеріс екі факторға: халықтың табиғи козғалыстағы (туылғандар мен өлім-жітімнің арасындағы айырмашылыққа) және көші-кондық процестердегі айырмама (оң – келушілердің көп болуы, теріс – кетушілердің көп болуы) немесе елге тұракты тұруға келушілер мен елден шетке тұракты тұру үшін кетушілер арасындағы айырмашылыққа байланысты екендігі белгілі. Сондыктан, Қазақстан халқының жалпы санындағы өзгерістердің себептерін осы факторлардан іздейміз.

Көші-коншылардың елдегі демографиялық ахуалға тигізген әсері ерекше болады. Оны былайша түсіндірейік: некелік карым-катынастардың табиғи өсімге ықпалы бар. Адамның 20–34 жас аралығы бала туу үшін ынғайлы деп есептелінеді. Ал, көшіп-конушылардың негізгі болігі де осы жастағылар. Яғни, фертильді жастағылар көші-қонда да белсенділік көрсетеді. Сонда некені кейінгі шегерген неке жасындағылар негізгі деңі болып табылатын көші-коншылар мөлшері өсken сайын туу азайып, табиғи өсімнің төмендегені байкалды.

Көші-коны 1980 жылдардың соңында көрі айырмама көрсетті және осы үрдіс 2000 жылдардың басына дейін басым болды. Ал, көші-коншылардың козғалыска түсіу белсендірілген сайын, табиғи козғалыс көрсеткішінің де кемі бастағанын байқаймыз. Әрине көші-коншылардың сыртқа кеткен эмиграциялық тобының басым боумен катар елдегі экономикалық және әлеуметтік жағдайдың да халық өсіміне көрі әсері тиетіндегі дағдарысты жылдарының осы кездерде болғанының салдары да табиғи козғалыстағы құлдыраулардан көрінеді.

Сәл алға кетіп айттар болсақ, 1989–1999 жж. арасындағы 10 жыл ішінде табиғи өсім 1551 мың адамды құрады. Алайда, бұл табиғи өсім Қазақстанның сыртқа кеткендердің орнын толтыра алмады. Он жыл ішінде елден 3108,4 мың адам шетке жағын табиғи өсім көрі көші-коннан 412 мың адамға аз болды.

**1-ші кесте. 1989–1992 жж. Қазақстандағы табиғи өсім мен көші-кон
көзғалысының динамикасы (мын адам) [1].**

	1989 ж.		1990 ж.		1991 ж.		1992 ж.		
	абс.	%	абс.	%	абс.	%	абс.	%	
Табиғи өсім	тылғандар	382,3	23,0	363,3	22,1	354,1	21,0	338,5	19,9
	олім-жітім	126,4	7,6	128,8	7,8	134,6	8,0	137,7	8,1
	салындар	255,9	15,4	234,5	14,3	219,5	13,0	200,8	11,8
Көші-кон	келгендер	189,4	X	174,9	X	206,1	X	190,0	X
	кеткендер	283,0	X	305,8	X	254,0	X	369,3	X
	салындар	- 93,6	X	- 130,9	X	- 47,9	X	- 179,3	X
Өсім (+, -)		162,3	X	103,6	X	171,6	X	21,5	X
Барлық халық		16361,5	X	16465,1	X	16636,7	X	16658,2	X

1989 ж. бастап туу азайғаны (1989 ж. 382,3 мын болса, 1990 ж. 363,3 мын, 1991 ж. 354,1 мын, 1992 ж. 338,5 мын адам, 2000 ж. 218,5 мын адам туылған), өлім-жітімнің өскені (1989 ж. 126,4 мын, 1990 ж. 128,8 мын, 1991 ж. 134,6 мын, 1992 ж. 137,7 мын адам, 2000 ж. 149,4 мын адам) байкалады. Мын адамға шакқандағы табиғи өсім айырымы да жылдар бойынша төмендеп отырған. Бұдан кейінгі жылдары да бұл үрдіс 2003 ж. дейін жалғасады. 2003 ж. бастап республика халкының құрамында жағымды құбылыс байкалады. Халық саны өссе бастайды, табиғи өсімде де, көші-конда да он айырмамен көрінеді.

Басымдық көрсеткен сыртқа көшіп кетушілер ішінде де, шетелден келушілер ішінде де еш уақытта некеге тұрмағандар саны 2004 жылға дейін өсті. Мысалы, 2000–2005 жж. аралығында Алматы қаласына келгендер саны 28162 адам болса, сол жылдары кеткендер саны 43177 адам болып, айырмамен 18 667 адамдық көрсеткішті құрады. Кеткендердің ішінде 19 564 адам некедегілер. Ал, олардың бала тууды кейінгі шегеретіндігін ескерсек, онда туу көрсеткішіндегі көрінісінде көші-конда да он айырмамен көрінеді.

Көші-кон тербелісі 1990 жылдары Қазақстаннан «акыл-ойдың» сыртқа кету үрдісін туғызғаны белгілі. 2000–2005 жж. білім деңгейіне карай халықаралық көші-кон бойынша 6655 жоғары білімділер келген, бірақ 14488 адам кеткен, айырмамен 7833 адамға кемігенін көрсетеді. Арнаулы орта білімді 2944 адам келгенімен, 6158 кеткен, айырмамен 3214 адамға кемігенін көрсетеді. Бұкіл Қазақстанға секілді Алматыға келушілердің ішінде жоғары білімділердің саны өсіп келе жатканымен, айырмамен әлі күнге дейін көрсеткішті көрсетіп отыр. Орта білімділердің көші-конындағы үрдіс осы бағытта, бірақ, 2005 жылдан бастап бұл саладағы мамандар санында келгендерден 26 адамға артып жағымды үрдістің басталғанын көрсетті.

Сонымен, 1991 жылы КСРО-ның ыдырауы, тәуелсіз Қазақстанның құрылуы, елдегі экономикалық дағдарыс, одан кейінгі жағдайдағы тұракталуы мен 2000 жылдардың басындағы Қазақстан Республикасындағы экономикалық даму мен тұрактылық көші-конға, Қазақстан халкының құрамындағы өзгерістерге сындарлы әсерін тигізді.

Енді көші-конындағы елдегі демографиялық ахуалға тигізген тағы бір әсерін байкайык. Некелік карым-катастыардың табиғи өсімдегі ерекше ықпалы бар. 20–34 жас аралығы бала туу үшін ынгайлы деп есептелінеді. Фертильді жастағылар көші-конда да белсенділік көрсетеді. Сонда көші-конындағы мөлшері өскен сайын табиғи өсімнің төмендегені байкалады.

Басымдық көрсеткен сыртқа көшіп кетушілер ішінде де, шетелден келушілер ішінде де еш уақытта некеге тұрмағандар саны 2004 жылға дейін өсті. Мысалы, 2000–2005 жж. аралығында Алматы қаласына келгендер саны 28162 адам болса, сол жылдары кеткендер саны 43177 адам болып, айырмамен 18 667 адамдық көрсеткішті құрады. Кеткендердің ішінде 19 564 адам некедегілер. Ал, олардың бала тууды кейінгі шегеретіндігін ескерсек, онда туу көрсеткішіндегі көрінісінде көші-конда да он айырмамен көрінеді.

Көші-кон тербелісі 1990 жылдары Қазақстаннан «акыл-ойдың» сыртқа кету үрдісін туғызғаны белгілі.

Көші-кон елдің, жекелеген аймак не кала халкының саны мен сапалық құрылымының динамикасындағы негізгі фактордың бірі. Қалаларға халықтың белсенді түрде орын ауыстырулары жекелеген ауылдар мен тіпті кіші қалалардың халкының азаюына әкелуі мүмкін. Ал, көшіп-конуға бейім жастағылардың, әсіресе еңбек жасындағылардың көші-коны олардың келген жеріндегі неке, туу мен өлім-жітімге, жыныстық-жастық құрылымға, кала халкының орта жасының жасаруына немесе кеткен жеріндегі демографиялық өзгерістерге елеулі әсер тигізеді.

Көші-кон процесінің ауқымдылығы жастық-жыныстық құрылымға да ықпал етеді. Мысалы, көшіп-конуға ынгайлы жастағылар, негізінен еңбек жастағылар болғандыктан, ірі қалалардағы халықтың қартауына сырттан келушілердің екпіні кедергі келтіреді.

Көші-кон олардың келген немесе шыккан жерлеріндегі этникалық құрылым, халықтың білім деңгейі мен жастық-жыныстық құрылымындағы, некеге түрде деңгейінің өзгерістеріне немесе табиғи өсім үрдістеріне де әсер етеді. Өз кезегінде халықтың жастық құрылымы көшіп-конындағы белсенділігін айқындауды мүмкін.

ХХ ғ. соны туудың шұғыл азаюымен, жалпы өлімнің, әсіресе, балалар өлімнің көбеюімен, халықтың табиғи өсімі қарқының төмендеуімен есте калды. Сонымен катар, некеге түрде оның ажырасу деңгейі де төмендеді. Туудың ұзак уақыт төмендеуі, өмір сүру жасының ұзактығының артуы халықтың қартауына, орта және үлкен жастағылардың ара салмағының артуына әкелді. Отбасының өзгеруінін (ауысуының) жана сипаттамасы белгіленді: бірінші және екінші кезектегі балалардың басым болуы, өлімнің азаюы нәтижесінде тууды үнемдеудің артуы; көп үрпакты отбасының орнына ата-әжесі бөлек тұратын, ата-анасы есейген балаларынан бөлек тұратын отбасылардың артуына байланысты отбасылардың нуклеаризациялануы; толық емес отбасылардың ара салмағының артуы, кайта некелесу санының, паллиативтік (уақытша) некелердің артуы; көші-конындағы теріс айырмасының тууға, өлім-жітімге, табиғи өсімдегі, сондай-ақ некелесу мен ажырасуға әсері айтартылған сезілді. Мысалы, Ресейге, Германияға, Украинаға т.б. елдерге еуропалық этностардың жас жігіттерінің (басым көпшілігі шығыс славян және немістердің) (бірінші неке), басымырақ қалалардан кетуі, казак халкының ара салмағының артуы (56 % аса), сондай-ақ

түркі-мұсылмандық этноконфессионалдық артыкшылыктар (қазактармен бірге есептегендеге 60 %).

БҮҮ демографтарының жіктеуі бойынша, 65 және одан жоғары жастағылардың үлес салмағы 4 пайыздан асса көрілік каупі төніп тұр, 7 пайыздан асса көрі болып есептеледі. Қазақстанда халықтың картаю үрдісі анық байқалды. 1999 ж. соғыстан кейінгі кезеңдегі ең тәменгі туу коэффициенті анықталды – 14 %. Некелесу саны да 2 есе кыскарды. 1990 ж. 164 мың некелесу жасалса, 1999 ж. 85 некелесу болған. Ажырасу саны жоғары болып калуда: халықтың табиғи өсімі соңғы 10 жылдықта 4 есе тәмендеген. Бұл сипаттамалар XX ғ. әлемдегі көптеген елдерге тән картаю процесін бейнелейді. 10 жыл ішінде 60-тан асқан халықтың үлесі 9,2 %-дан 10,5 %-га өсті, 30–59 жас аралығындағылар 32,5 %-дан 35,1 %-га артты. Сонымен катар балалар, жасөспірімдер мен жастардың үлесі азайды. 65 жас және одан жоғары жастағылардың үлесі 1989 ж. бүкіл халық санының 5,5 % болса, 1999 ж. 6,7 %-га өсті. Халықаралық жіктеу бойынша, Қазақстан демографиялық картаудың бастанқы сатысында тұр.

Алайда, Қазақстанның демографиялық дамуы тәменгі дәрежедегі елдер катарына өтіп кетпеудің мүмкіндігі бізде әлі де болса бар деге болады. Ол үшін бірката факторларды пайдаланып, елдің тұракты демографиялық дамуын камтамасыз етуге болады деп есептейміз.

Сонымен, табиғи қозғалыс пен көші-конның өзара детерминистік байланыста боатындығына тағы бір мысал келтірейік. Қазақстанға сырттан енбек жасындағы көші-коншылардың 2 миллиондық тобы енген тың және тыңайған жерлерді игеру акциясының истижесінде 1960–1962 жж. Қазақстан халқының 22–25 %-дық өсімін берген «демографиялық дүмпу» болды. Осы жылдары 10–12 балалы отбасылар да көп болды. Осы кездегі туудың жынтық коэффициенті 4,2 промильге дейін жетіп калды. Ал, халықтың ұдайы өсіп-өнүі үшін ең тәменгі туудың жынтық коэффициенті 2,1 промиль екені белгілі. Одан тәмендеген жағдайда ол халық демографиялық жағдайы тәмендеп, «демографиялық дагдарыска» ұшырайды немесе кемуге бет алады деген сөз. Ал, республикадан 1,5 міндердің халықтың сыртка көші-коны орын алған 1990 жж. сонына карай, Қазақстандағы бұл көрсеткіш, яғни туу жасындағы әйелдердің (15–49 жас аралығы) орташа туу көрсеткіші тәмендегідей болды:

2-ші кесте. Қазақстандағы туудың жынтық көрсеткіші

1990	1991	1999	2003	2004	2005	2006	<u>2008</u>
2,7	2,5	1,8	2,03	2,21	2,28	2,5	<u>2,52</u>

2-ші кестеден көретініміз, 1990 жылдардың басында туудың жынтық көрсеткіші 2,5–2,7 деңгейінде болса, 1999 ж. 1,8 адамға түсіп кеткен. Бұндай үрдіске себеп болған негізгі фактор – көші-кондағы көрі айрымы.

Сонымен катар, нақ осы кездегі табиғи қозғалыста да кему үрдісі үстем болды. Елдегі туудың ортақ жынтығы халық санын бір деңгейде сактап тұруға да шамасы жетпей, 1990 жж. күрт тәмендеген. Халықтың ұдайы өсіп-өнүі үшін ең тәменгі туудың жынтық коэффициенті 2,1 промиль болса, Қазақстан бұл шамадан 2004 ж.ғана асты.

Отбасын бір-екі баламен шектеуге көшкен аз балалық принциптен айрылуымыз керек. Жамбыл облысындағы көп балалы аналардың республиканың барлық әйелдеріне (Егеменді Қазақстан, 5 мамыр 2003 ж.) үндеуінде көрсетілгендей, төрт немесе одан да көп бала тәрбиелеудің сл, мемлекет мұддесі үшін қаншалыкты қымбат екенін түсінү керек. Бұл үшін, ең алдымен мемлекет тарағынан әйел мен баланы, искені, отбасын, жана үйленгендердің әлеуметтік жағдайын жақсартатын шаралары керек.

Қазақстандағы коші-қон 1991-2000 жж [2].

Жылдар	Барлығы			Сонын ішінде	
	айрым	иммигранттар	эмигранттар	иммигранттар	эмигранттар
1991	-57686	170887	228473	161738	150781
1992	-156261	161499	317760	148165	216906
1993	-219025	111082	331007	100075	229643
1994	-406679	70389	477068	63863	372053
1995	-238495	71137	309632	67861	208215
1996	-175538	53874	229412	51236	155672
1997	-261388	38067	299455	35530	239318
1998	-203039	40624	243663	383440	193866
1999	-128355	37102	165457	35366	120724
2000	-123195	33621	156816	31575	117426

*1991-1994 жж. Балтық елдерін қоса есептегендеге

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. 1989 -1992 жж. Мемлекеттік статистикалық комитеттің статистикалық мәліметтері бойынша есептелінді.
2. Народонаселение Казахстана . 2000, Астана, 2000, С. 54

Түйінде

Консолидация и согласие в условиях мирового кризиса в свете Послания Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева народу Казахстана

Тимур Козырев – старший научный сотрудник КИСИ при Президенте РК

В настоящей статье рассматривается ряд положений Послания Президента Н.А. Назарбаева «Через кризис к обновлению и развитию», касающихся вопросов гражданского сознания, межэтнического согласия и национального строительства в Казахстане.

Consolidation and Consents in the condition of the world crisis in the light of the Addressing of the President of the Republic of Kazakhstan

Timur Kozirev – Senior research fellow of KazISS under the President of the RK

The article examines a number of positions of Addressing of the President N. Nazarbayev «Through Crisis to Renovation and Development», concerning issues of civil consciousness, interethnic consents and national building in Kazakhstan.

Теоретико-методологические аспекты обеспечения международной безопасности

Динара Нуран – магистрант кафедры политологии КазНУ им. аль-Фараби

Обеспечение международной безопасности является одной из важнейших проблем деятельности любого государства и объектом научных исследований. Данная статья посвящена теоретико-методологическим аспектам обеспечения международной безопасности. В статье рассматриваются: понятие международной безопасности; основные теоретические школы и методы обеспечения международной безопасности.

Theoretical-Methodical aspects ensuring of international security

Dinara Nuran – Master student of political science department, al-Farabi Kazakh National University

The article is devoted to the theoretical-methodological aspects in maintenance of international security. The maintenance of international security is one of the main problems for state's activities and scientific researches. This article is considered conception of international security, the main theoretical schools and methods in maintenance of international security.

Японско-китайские отношения в контексте обеспечения безопасности Азиатско-Тихоокеанского региона

Алиби Арипов – магистрант факультета востоковедения КазНУ им. аль-Фараби

В статье рассматриваются взаимоотношения двух «гигантов» Азии – Китая и Японии – в сфере обеспечения безопасности Азиатско-Тихоокеанского региона, как основных акторов развития и стабильности данного региона. В данное время отношения двух государств развиваются только в сфере торгово-экономического сотрудничества, конкуренция в котором может привести к политическим противоречиям.

Japan–China relations in the context ensuring of safety of Asia-Pacific region

Alibi Aripov – Master student of oriental studies faculty, al-Farabi Kazakh National University

The article examines relationships of two “giants” of Asia – China and Japan – in the sphere of ensuring of safety of Asia-Pacific region, as the main factors of development and stability of this region. At the present day relations of two countries developing only in the sphere of the trade – economic cooperation, competition in which can be led towards political contradictions.

Влияние процессов глобализации на массовое сознание казахстанцев

Зулфухар Гаипов – доцент кафедры политологии КазНУ им. аль-Фараби, кандидат политических наук

В эпоху глобализации мир постепенно становится однотипным в отношении политico-культурных различий. Казахстанское общество в процессе трансформации требует пересмотреть политическую систему, а также переосмыслить духовные ценности. Статья посвящена влиянию процессов глобализации на массовое сознание казахстанцев.

The influence of process globalization to the massive consciousness of the Kazakhstanis

Zulfuhar Gaipov – professor of political science, al-Farabi Kazakh National University, Candidate of political science

The article is devoted to the influence of the process of globalization to the massive consciousness of the Kazakhstanis. The world step by step becoming one type concerning political and cultural differences. Kazakhstan society during the process of transformation required review the political system, and also rethink spiritual values.

Роль президентско-парламентской формы правления в легитимации политической власти в Республике Казахстан

Ляззат Матақбайева – доцент КазНПУ им. Абая, кандидат политических наук

Легитимность государственной власти зависит от совершенства форм правления. В настоящей статье рассматриваются конституционные изменения и дополнения, как один из факторов легитимности политической власти в Республике Казахстан.

The president – governmental forms of governance in the ligimitation of political power in Kazakhstan

Lyazzat Matakbayeva – Senior lecturer of KazNPU named after Abay, Candidate of Political Sciences

The author analyses the role of constitutional changes as one of the legitimacy factors of the state power of the Republic of Kazakhstan.

Обеспечение качества образования как одно из основных направлений государственной политики

Абдигаппар Жаксыбеков – директор Республиканского учебно-методического центра дополнительного образования МОН РК



Республика Казахстан признана мировым сообществом как государство с рыночной экономикой. В этом контексте возрастают роль и значение системы образования, человеческих ресурсов – как критериев уровня общественного развития, экономической мощи и национальной безопасности страны. Статья посвящена проблемам и анализу обеспечения качества образования, как одного из основных направлений государственной политики.

The quality education as one of the main priority of the state policy

Abdigappar Zhaksybekov – Director of Republic of educational-methodical of adult educational centre MES RK

The article is devoted to the problems and analyze of maintenance of the quality education as one of the main priority of the state policy. The world community recognizes our country as the state with market economy.

Основные направления социальной политики в контексте Послания Президента РК народу Казахстана

Ardak Masalimov – соискатель кафедры политологии КазНУ им. аль-Фараби

В состоянии экономического кризиса социальная политика является рациональным составным элементом государственной политики. Республика Казахстан имеет все возможности и предпосылки для реализации основных направлений социальной сферы и ее трансформации. Статья посвящена основным направлениям социальной политики и их представлению в Послании Президента РК народу Казахстана.

The main priority of social policy in the context of Addressing of the President of the Republic of Kazakhstan

Ardak Masalimov – candidate of political science department, al-Farabi Kazakh National University

The article is devoted to the main priority of the social policy and their considers in Addressing by the President of the Republic of Kazakhstan to the people of Kazakhstan. In the condition of the economical crisis social policy as one of the main element of the state policy. The Republic of Kazakhstan has the opportunity for realization of the main social issues and its transformation.

Усовершенствование системы государственного управления: проблемы выбора глав исполнительной власти

Gulyjzhan Kamyrova – соискатель кафедры политологии КазНУ им. аль-Фараби

В настоящее время идет процесс совершенствования и урегулирования республиканской системы управления. Его цель – формирование профессиональных органов власти, способных решить стратегические проблемы современного развития Казахстана. В статье рассматриваются проблемы и методы выбора глав местной исполнительной власти.

Improvement of the state governance system: problems of elected of the local authorities

Gulzhan Kamyrova – candidate of political science department, al-Farabi Kazakh National University

The article examines problems and election methods of the local authorities. At the present day republic's governance system is improved. Its goal – forming of professional local authorities, who are ability to solve the strategic problems of the contemporary developed of Kazakhstan.

Проблема национальной идентификации в контексте национальной безопасности

Aйсулу Хайрулдаева – преподаватель кафедры философии, политологии и социологии КазНМУ им. С. Асфендиярова

Проблема национальной идентификации – одна из важнейших проблем современности. В статье рассматривается понятие национальной идентичности в контексте национальной безопасности.

Problems of national identification in the context of national security

Aisulu Hairuldaeva – Lecturer of philosophy, political and social sciences chair of KazNSU named after S. Asfendiyarov

Problems of the national identification as one of the key problems of modernity.

The article considers understanding of the national identity in the context of the national security.

Анализ внешнеэкономической деятельности Республики Казахстан

Айнагуль Изекенова – старший преподаватель университета «Турган»

В статье достаточно подробно проведен анализ внешнеэкономической деятельности Республики Казахстан. Приведено пять таблиц и 1 рисунок, на которых можно проследить основные показатели внешнего сектора Казахстана, структуру текущих поступлений и текущих выплат, товарную структуру экспорта Республики Казахстан, а также изменение мировых и средних контрактных цен на экспортные товары.

Analyze of the Foreign-Economic Activity of the Republic of Kazakhstan

Ainagul Izekenova – Senior lecturer, Turan University

The author in detail shows the analyze of the foreign economic activity of the Republic of Kazakhstan. Describes five tables and 1 picture where we can see the main factors of external sector of Kazakhstan, structure of the current incomes and the current payments, export of the goods structure of the Republic of Kazakhstan, changing of the world and contract prices relating to the export goods.

Обеспечение прозрачности деятельности предприятий в сфере разработки месторождений: зарубежный опыт реализации Инициативы прозрачности

Жанат Ерниязова – аспирантка Академии государственного управления им. К. Жубанова

В статье рассмотрен зарубежный опыт реализации Инициативы по повышению прозрачности, выявлены актуальные проблемы и предложены пути их решения. Отсутствие механизмов прозрачности в сфере добычи полезных ископаемых приводит к таким последствиям, как низкий показатель роста экономики, неэффективная политика, растрата природных богатств, политическая нестабильность и нецелевое использование доходов.

The article examines question about urban culture and Hun's ancient architecture in researches of A.H. Margulan.

A.H. Margulan differs main centers of the Hun's urban culture: East Turkestan, Semirechie, region, including river basin Chu and Talas, Otrar oasis, Syr-dary river basin near the Aral sea.

Политика в религии, или политический ислам

Айбек Бейсебаев – магистрант КазНУ им. аль-Фараби

В статье рассматриваются роль и место политики в религии. В данное время религия перестала быть просто духовным учением того или иного народа. Если политика может вмешиваться в дела религии, то почему бы религии не заниматься политикой? Сегодня многие религиозно-духовные организации стремятся прийти к власти.

Politics in Religion or Political Islam

Aibek Beisebayev – Master student, al-Farabi Kazakh National University

The article examines role and place of politics in the religion. At present time, religion is not only spiritual doctrine of these or those people. If politics can interfere with religion affairs, why religion does not itself take part in policy? Today many religious-spiritual organisations aspire to come to power.

Особенности миграционных процессов конца XX в. в Казахстане

Гулжанат Нязханкызы – соискатель Института истории и этнологии им. Ч. Валиханова

В статье анализируются последствия и основные тенденции миграционных процессов конца XX в. в Казахстане. На основе статистических данных прослеживается детерминистское взаимовлияние естественного движения и миграционных процессов, происходивших в стране в конце 80-х и в 90-е гг. ХХ в.

Features of the migration process in the end of the XXth century in Kazakhstan

Guljanat Nyazkhankyz – candidate of Institute of History and Ethnology named after Ch. Valihanov

The article analyses consequences and the basic tendencies of migration process at the end of the XXth century in Kazakhstan. According to statistics are shown mutual influence between natural evolution and migration processes, which took place in 80th and 90th of the XXth century in the country.



КИСИ
КАЗАКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕЗИДЕНТИНІҢ ЖАНЫНДАРЫ
КАЗАКСТАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ
ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ

Астана